

ҚАБІРДЕ ҚОЙЫЛАТЫН
ҮШ НЕГІЗГІ СҰРАҚ
және олардың жауабы

> كازاخى қазақ тілі – Kazakh –<



Шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усайминнің
шейхуль-Ислам Мухаммад әт-Тамимидің
«Үш негіз және оның дәлелдері» кітабына
жасаған түсіндірмесі



Қазақ тіліне орыс тілінен аударған
«Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы

شرح ثلاثة الأصول



شيخ محمد بن صالح العثيمين



ترجمة: من اللغة الروسية إلى اللغة الكازاخية

إدارة الموقع "ميراث أبي حنيفة"

مراجعة: إدارة الموقع "ميراث أبي حنيفة"

ҚАБІРДЕ ҚОЙЫЛАТЫН

ҮШ НЕГІЗГІ СҰРАҚ

және олардың жауабы

**Шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усайминнің
шейхуль-Ислам Мухаммад әт-Тамимидің
«Үш негіз және оның дәлелдері» кітабына
жасаған түсіндірмесі**

Қазақ тіліне орыс тілінен аударған
«Абу Ханифа мирасы» сайтының
редакциясы

1436/2015 ж.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Бұл кітап өзінің шағын көлеміне және қарапайым баяндалу тәсіліне қарамастан, әрбір мұсылманға қажетті болып табылады, өйткені онда Ислам дінінің ең маңызды сұрақтары және негіздері туралы баяндайды. Ол дінді үйренуге кіріскендерге жүректерінде дұрыс сенімдердің бекемделуі үшін қажетті, сондай-ақ балаларын Ислам сенімінің (*ақидасының*) басты негіздеріне оқытып-үйреткісі келген ата-аналарға да қажетті. Оны діни оқу орындарында және қазақ тілді мұсылмандарды оқытуға арналған бағдарламаларда оқу құралы ретінде қолдану өте орынды болмақ. Кітаптың өзі де, оған қоса берілетін түсіндірме де толығымен Құранның аяттарына және көп бөлігі орыс тіліне аударылған, басып шығарылған және кең таралған әл-Бухари мен Муслимнің жинақтарынан алынған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімді түрде жеткен (*сахих*) хадистеріне сүйенеді.

Автордың¹ сөзі:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

«Аса Мейірімді, ерекше Рахымды
Аллаһтың атымен»

Шарх²:

(«Атымен»). Автор (Аллаһ Тағала оны рахым етсін) аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың Кітабының өнегесіне ілесіп, - өйткені ол да осы сөздермен басталады, - әрі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *“«Аллаһтың атымен!» - деп басталмаған кез-келген іс толыққанды болмайды”,* - деп айтқан хадисіне сай, сондай-ақ өз жолдауларын осы сөздерімен бастайтын Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне сәйкес, өзінің кітабын «Аса Мейірімді, ерекше

¹ Яғни «Үш негіз және оның дәлелдері» кітабының авторы Мухаммад әл-Тамимидің сөздері, әрі бұл сөздер кітапта көк түспен беріледі.

² Яғни шейх Мухаммад Салих әл-Усайминнің осы сөздерге жасаған түсіндірмесі.

Рахымды Аллаһтың атымен» деген сөздермен бастады.

(«Аллаһтың»). Аллаһ – бұл аса Ұлы және өте Жоғары Жаратушының жалқы есімі, әрі Оның осы есіміне басқа есімдерінің барлығы бағынады.

(«Аса Мейірімді»). «Мейірімді» («Рахман») деген есім тек Ұлы және Құдіретті Аллаһқа ғана тиесілі және басқа ешкімге қатысты қолданылмайтын есімдердің бірі болып табылады. «Аса Мейірімді» («әр-Рахман») «мейірімінің кеңдігімен ерекшеленетін» дегенді білдіреді.

(«Ерекше Рахымды»). «Рахымды» («Рахим») деген есім Аллаһқа қатысты да, басқаларға қатысты да қолданыла алады, әрі ол «басқаларға тарайтын рахымның иесі» дегенді білдіреді. Сонымен, «Рахман» – бұл Өзінің мейірімінің кеңдігімен ерекшеленетін, ал «Рахим» – бұл басқаларға тарайтын рахымның Иесі, әрі егер бірі екіншісімен біріксе, онда мұндай сөз тіркесінің

мағынасы «Өз рахымын қалаған құлдарына таратушы» дегенді білдіреді. Бұл туралы Аллаһ Тағала:

يُعَذِّبُ مَنْ يَشَاءُ وَيَرْحَمُ مَنْ يَشَاءُ وَإِلَيْهِ تُقْلَبُونَ (۲۱)

«Ол қалағанын азаптайды, әрі қалағанын рахымына бөлейді, әрі Оған ораласыңдар», - деп айтқан («әл-Анкабут» сүресі, 21-аят).

Автордың сөздері:

اعْلَمْ رَحْمَتَكَ اللَّهُ أَنَّهُ يَجِبُ عَلَيْنَا تَعَلُّمُ أَرْبَعِ مَسَائِلٍ:

«Біл, сені Аллаһ Өз рахымына бөлесін, біздің әрбірімізге төрт мәселені білу міндетті (уәжіп) болады...»

Шарх:

(«Біл»). Білім - бұл қандай да бір нәрсенің шынайы мәнін күмәнға орын қалмайтындай етіп түсіну.

Түсінудің алты дәрежесі бар:

БІРІНШІСІ: қандай да бір нәрсенің шынайы мәнін күмәнға орын қалмайтындай етіп түсіну;

ЕКІНШІСІ: жай білместік немесе толық түсінбеу;

ҮШІНШІСІ: толық білместік, (яғни) қандай да бір нәрсені оның шынайы мәніне ешбір нәрседе сәйкес келмейтіндей етіп түсіну;

ТӨРТІНШІСІ: белгілі бір нәрсені оның шынайы мәніне қайшы келу ықтималдығы басым болатындай етіп түсіну деңгейіне сәйкес келетін болжау;

БЕСІНШІСІ: белгілі бір нәрсені оның шынайы мәніне қайшы келу де (келмеу де) ықтимал болатындай етіп түсіну деңгейіне сәйкес келетін күмән;

АЛТЫНШЫСЫ: белгілі бір нәрсені оның шынайы мәніне қайшы келу ықтималдығы аз-ақ болатындай етіп түсіну деңгейіне сәйкес келетін болжау.

Білім екі түрге жіктеледі: қажетті (білім) және теориялық (білім).

Қажетті білім бұл оның объектісін (яғни білуге тиісті нәрсені) танып-білу мәжбүрлі түрде қажетті болатын және қарап шығуды да, ойланып-пікір етуді де қажет етпейтін білім болып табылады. Бұған оттың ыстық екендігі туралы білім мысал бола алады.

Ал теориялық білім – бұл қарап шығуды және ойланып-пікір етуді талап ететін білім. Мысалы, дәрет алғанда белгілі ниеттің болуы міндетті (уәжіп) екендігі туралы білім.

(«Сені Аллаһ рахымына бөлесін»). Яғни: Ол саған Өзінің рахымынан, сен соның арқасында іздегеніңне жететіндей және бәлекеттерден аман қалатындай бір бөлігін үлестірсін. Бұл «Аллаһ сенің бұрыңғы істеген күнәларыңды кешірсін, әрі саған көмектессін және олардан (күнәлардан) сақтасын» дегенді білдіреді. Мұның барлығы рахымға қатысты, ал егер рахым туралы кешірумен біріктірілген түрде сөз етілсе, онда мұнымен өткен күнәларды кешіру меңзеледі. Ал рахым дегеніміз бұл игілікке болысу (көмектесу) және күнәлардан сақтау болып табылады.

Автордың (Аллаһ Тағала оны рахым етсін) бұл сөздері оның өз жолдауын арнап жатқан адамға деген қамқоршылығына және жанашырлығына, сондай-ақ оны игілікке келтіруге деген ұмтылысына айғақ болады.

(«Төрт мәселені»). Автор (Аллаһ Тағала оны рахым етсін) атап кеткен бұл мәселелер өзінің құрамына дінге қатысты болған барлық нәрселерді қамтиды, әрі оларға зейін қою қажет, өйткені бұл үлкен пайда алып келеді.

Автордың сөзі:

الأولى: العِلْمُ، وَهُوَ مَعْرِفَةُ اللَّهِ، وَمَعْرِفَةُ نَبِيِّهِ، وَمَعْرِفَةُ دِينِ الْإِسْلَامِ بِالْأَدِلَّةِ.

«Біріншісі – білім. Ол өзіне Аллаһты, Оның пайғамбарын және Ислам дінін дәлелдермен тануды қамтиды».

Шарх:

(«Аллаһты тану»). Яғни аса Құдіретті және Ұлы Аллаһты жүреппен тану, Оның заң етіп бекіткен нәрселерін қабылдауды және Оның елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын) алып келген шарифатты амалға асыруды талап ететін тану. Пенде өзінің Раббысы туралы аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың Кітабындағы Оның заңдарының үкім-ережелері қамтылған аяттарға зейін салу арқылы, Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетімен танысу арқылы және адамдардың бойында көрініс табатын болмыстағы аят-белгілерді байқау арқылы біледі, әрі, ақиқатында, адам осы аят-белгілерге әр сәт назар салған сайын оның Жаратушысы әрі құлшылық ететін Құдайы туралы білімі арта береді, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

وَفِي الْأَرْضِ آيَاتٌ لِلْمُوقِنِينَ (۲۰) وَفِي أَنْفُسِكُمْ أَفَلَا تُبْصِرُونَ (۲۱)

«Жер жүзінде нық сенушілер үшін дәлелдер бар. Сондай-ақ өздеріңде де бар. Көрмейсіңдер ме?» («әз-Зәрият» сүресі, 20-21 аяттар).

(«Оның Пайғамбарын тану») Яғни Оның Елшісі Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тану, ол алып келген басшылық пен хақ дінді қабылдауды, ол хабарлаған

нәрселердің шындық екенін растауды, ол бұйырған нәрселерді орындауды, ол тыйым салған және қайтарған нәрселерден аулақ болуды, оның заңына жүгінуді және оның шешіміне разы болуды талап ететін тану. Аллаһ Тағала былай деді:

فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّىٰ يُحَكِّمُوكَ فِي مَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا يَجِدُوا فِي
أَنفُسِهِمْ حَرَجًا مِّمَّا قَضَيْتَ وَيُسَلِّمُوا تَسْلِيمًا (٦٥)

«Жоқ! Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би етіп, сонсоң берген үкіміңе көңілдерінде ақау таппай, толық бой ұсынғанға дейін мүмин бола алмайды» («ән-Ниса» сүресі, 65-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

إِنَّمَا كَانَ قَوْلَ الْمُؤْمِنِينَ إِذَا دُعُوا إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ لِيَحْكُمَ بَيْنَهُمْ أَنْ
يَقُولُوا سَمِعْنَا وَأَطَعْنَا وَأُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ (٥١)

“Расында, мүминдерді, араларына үкім беру үшін Аллаһ пен Оның Елшісіне шақырғанда, олардың сөздері: «Естідік және бой ұсындық», - деу болады. Міне, осылар құтылушылар” («ән-Нур» сүресі, 51-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

فَإِنْ تَنَازَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ إِنْ كُنْتُمْ تُؤْمِنُونَ
بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا (۵۹)

«Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа және Елшіге ұсыныңдар; егер Аллаһқа, Ақырет Күніне иман келтірген болсаңдар. Міне, осы хайырлы әрі нәтижеде жақсы» («ән-Ниса» сүресі, 59-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

فَلْيَحْذَرِ الَّذِينَ يُخَالِفُونَ عَنْ أَمْرِهِ أَنْ تُصِيبَهُمْ فِتْنَةٌ أَوْ يُصِيبَهُمْ عَذَابٌ
أَلِيمٌ (۶۳)

«Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер өздеріне бір бүлік (фитна) жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын» («ән-Нур» сүресі, 63-аят).

Имам Ахмад (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: «Сен бүліктің (фитнаның) не екенін білесің бе? Бүлік (фитна) – бұл көпқұдайшылық (ширк), өйткені оның (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі босын) айтқандарының бір бөлігін қабылдамаған

адамның жүрегінде ауытқушылықтар пайда болады да, сөйтіп ол опат болады».

(«Ислам дінін тану»). Ислам жалпы мағынада Аллаһқа Ол адамдарға Өзінің елшілерін жібере бастағаннан бері заңды етіп бекіткен және сонау Қиямет Күніне дейін заң күшіне ие болған нәрселердің көмегімен құлшылық ету болып табылады. Бұл туралы аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ барлық бұрынғы заң-ережелер адамдарға аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа мойынсұнуды (Исламды) міндеттегеніне нұсқайтын көптеген аяттарда атап айтқан. Аллаһ Тағала Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) былай деп айтқанын хабарлаған:

رَبَّنَا وَاجْعَلْنَا مُسْلِمِينَ لَكَ وَمِنْ ذُرِّيَّتِنَا أُمَّةً مُسْلِمَةً لَكَ

«Раббымыз, екеумізді де Өзіңе бой ұсынушы ет, ұрпақтарымыздан да Өзіңе бой ұсынушы бір үммет ете көр!» («әл-Бақара» сүресі, 128-аят).

Ал Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлығының басталуынан

кейін бұл сөз (яғни Ислам – ауд.) өзінің ерекше мағынасына ие болды, әрі сол кезден бастап ол Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға не нәрсемен жіберілген болса, сонымен байланысты болды, өйткені ол өзімен барлық алдыңғы діндердің күшін жойды, әрі кім оған ілескен болса, сол мұсылман (яғни Аллаһтың қалауына мойынсұнған) болды. Ал кім оған қарсы болса, сол мұсылман емес, өйткені мұсылмандар деп өз кезіндегі пайғамбарларға ілескендерді ғана айтуға болады. Мысалы, яһудилер Мусаның кезінде мұсылман еді, ал христиандар Исаның кезінде мұсылман болды, олардың екеуіне де Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Бірақ адамдарға Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберілгеннен кейін олар оған иман келтірмеді, әрі сондықтан да қазір олар мұсылман емес.

Алайда тек осы Ислам діні ғана Аллаһ тарапынан қабыл болады әрі оны ұстанушыларға пайда әкеледі, өйткені аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деп айтты:

إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ

«Ақиқатында, Аллаһтың алдындағы дін – бұл Ислам» («Әли Имран» сүресі, 19-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

وَمَنْ يَبْتَغِ غَيْرَ الْإِسْلَامِ دِينًا فَلَنْ يُقْبَلَ مِنْهُ وَهُوَ فِي الْآخِرَةِ مِنَ الْخَاسِرِينَ (٨٥)

«Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де, Ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады» («Әли Имран» сүресі, 85-аят).

Әрі бұл – Аллаһ Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның үмметіне сыйлаған дін. Аллаһ Тағала былай деді:

الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتَمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيْتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا

«Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тәмамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым» («әл-Мәида» сүресі, 3-аят).

(«Дәлелдерімен»). Дәлел – бұл адамды іздеген нәрсесіне бағыттайтын нәрсе. Ислам дінін тану

жолындағы дәлелдерге келер болсақ, олар есту арқылы қабылданатын дәлелдер және ақыл-ой дәлелдері болып табылады. Есту арқылы қабылданған дәлелдер деп біз уахи арқылы бекітілгенді, яғни Құран мен Сүннетті атаймыз. Ал ақыл-ой дәлелдеріне келер болсақ, оларға назар салу және ойлану арқылы бекітілген нәрселер жатады. Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ мұндай дәлелдер туралы Өзінің Кітабында жиі ескертеді, өйткені көптеген аяттарда Ол Өзінің аяттарының қатарына пәлен және пәлен нәрселер жатады деп айтады, басқаша айтқанда, Аллаһ Тағала Өзі туралы куәлік ететін ақыл-ой дәлелдерін келтіреді.

Есту арқылы қабылданған және Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тануға мүмкіндік беретін дәлелдерге келер болсақ, оларға Аллаһ Тағаланың мына сөздері мысал бола алады:

مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ ...

«Мухаммад – Аллаһтың елшісі, онымен бірге болғандар...» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят), - немесе Оның:

وَمَا مُحَمَّدٌ إِلَّا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهِ الرُّسُلُ

«Мухаммад – тек елші ғана, оған дейін де елшілер болған», - деген басқа сөздері де («Әли Имран» сүресі, 144-аят).

Ал оны (яғни Пайғамбарды – ауд.) ақыл-ой дәлелдері арқылы тануды оның алып келген айқын аят-белгілеріне назар салу және олар туралы ой-пікір құру арқылы іске асыруға болады. Олардың ең ұлысы – өзіне шыншыл және игілікке бастаушы хабарларды, сондай-ақ әділетті үкімдерді қамтыған Аллаһтың Кітабы. Алайда бұл аят-белгілердің қатарына оның көрсеткен муғжизалары және оның ғайып туралы айтқан хабарлары да жатады, ал олар туралы білім тек уахи арқылы ғана алынуы мүмкін еді, әрі олар шындығында орын алған фактілер арқылы расталды.

Автордың сөзі:

الثَّانِيَّةُ: الْعَمَلُ بِهِ.

«Екіншісі – соған сәйкес амал ету».

Шарх:

(«Соған сәйкес амал ету»). Яғни осы тану (білу) талап ететін нәрселерге сай амал ету, ал ол Аллаһқа иман келтіруді және Оған мойынсұнуды талап етеді, әрі бұл жеке ғибадат саласында да, қоғамдық ғибадат саласында да Оның әмір-бұйрықтарын орындауда көрініс табуға тиіс. Жеке ғибадат саласына, мысалы, намаз, ораза және қажылық жатады, ал қоғамдық ғибадат жақсылыққа шақырып жамандықтан қайтаруды, Аллаһтың жолындағы күресті т.с.с. меңзейді.

Іс жүзінде амал білімнің жемісі болып табылады, сондықтан да білімсіз амал жасаушы христиандарға ұқсайды, ал біліп, бірақ амал жасамайтын адам яһудилерге ұқсайды.

Автордың сөзі:

الثَّالِثَةُ: الدَّعْوَةُ إِلَيْهِ.

«Үшіншісі – оған шақыру (дағуат ету)».

Шарх:

(«Оған шақыру (дағуат ету)»). Яғни Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген Аллаһ Тағаланың заңына (шариғатына) шақыру. Осы орайда осы шақыруды, Аллаһ Тағала бұл туралы («ән-Нәхл» сүресінің 125-аятында):

ادْعُ إِلَى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحُكْمَةِ وَالْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ وَجَادِلْهُمْ بِالَّتِي هِيَ
أَحْسَنُ إِنَّ رَبَّكَ هُوَ أَعْلَمُ بِمَنْ ضَلَّ عَنْ سَبِيلِهِ وَهُوَ أَعْلَمُ بِالْمُهْتَدِينَ (۱۲۵)

«Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде айтыс», - деп айтқан, оның үш немесе төрт сатысына сәйкес іске асыру қажет.

Ал төртінші сатыға келер болсақ, ол туралы Аллаһ Тағала былай деді:

وَلَا تُجَادِلُوا أَهْلَ الْكِتَابِ إِلَّا بِالَّتِي هِيَ أَحْسَنُ إِلَّا الَّذِينَ ظَلَمُوا مِنْهُمْ

«Іштеріндегі зұлымдық еткендерінен басқа Кітап иелерімен көркем түрде сөз таластырындар» («әл-Анкабут» сүресі, 46-аят).

Мұндай шақыруды іске асыру үшін, әрі бұл дағуат білім мен айқын түсінікке ие болуы үшін, аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың заңы туралы білімге ие болу қажет, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

قُلْ هَذِهِ سَبِيلِي أَدْعُو إِلَى اللَّهِ عَلَىٰ بَصِيرَةٍ أَنَا وَمَنِ اتَّبَعَنِي وَسُبْحَانَ اللَّهِ وَمَا أَنَا مِنَ الْمُشْرِكِينَ (۱۰۸)

«“Менің жолым осы. Мен және маған ергендер Аллаһқа ашық дәлел үстінде шақырамыз. Аллаһты пәктеймін. Сондай-ақ мен серік қосушылардан емеспін”, - де» («Юсуф» сүресі, 108-аят).

Осылайша, (дінге) шақырушы (адам) өзі үгіт-насихат жасап жатқан нәрсесі туралы айқын түсінікке ие болуы қажет, ал бұл шарифаттың үкім-ережелерін білуді, өз шақыруын іске асырудың тәсілі туралы білуді, сондай-ақ осы үгіт-

насихат кімге бағытталған болса, соның жағдайын білуді меңзейді.

Ал осы шақыруды (дағуатты) іске асырудың мүмкіндіктеріне қатысты айтар болсақ, олар көп, соның ішінде – оны құтпалар (уағыздар) арқылы, немесе лекциялар өткізу арқылы, немесе мақалалар жазу арқылы, немесе білімге ұмтылушылар үшін үйірмелер ұйымдастыру арқылы, немесе Аллаһқа шақыратын кітаптар жазу арқылы іске асыру (сияқты жолдары) бар, әрі Ислам дінін осылайша таратуға да, немесе Ислам дағуатын жеке кездесулер кезінде іске асыруға (да болады). Мысалы, егер кісі әлдебір кездесуге адамдарды аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа шақыру мақсатында қатысса, онда бұл оны (яғни Ислам дағуатын – ауд.) тарату тәсілдерінің біріне айналады, алайда ол мұнымен адамдарды жалықтырмайтындай және оларға ауыр тиметіндей етіп айналуы қажет. Аллаһқа шақырушы кісі бұған адамдарға әлдебір теориялық мәселені талқылауды ұсынуы арқылы қол жеткізе алады, өйткені осындай сұрақ-

жауаппен байланысты талқылаулар көп жағдайда Аллаһ Өзінің Елшісіне түсірген (дінін) түсінуге, әрі осыны өзгелерге түсіндіруге мүмкіндік береді (септігін тигізеді), әрі, бұл көпке мәлім болғандай, радио арқылы уағыз бен лекциялар жеткізуден де тиімдірек бола алады.

Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа шақыру елшілердің (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) міндеті әрі оларға таза жүректерімен ілескендердің жолы болатын, өйткені егер Аллаһ адамға өзінің құлшылық ететін объектісін (Құдайын), Пайғамбарын және дінін тануға мүмкіндік берген болса, онда ол өзінің бауырларын да аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа шақыру арқылы құтқаруға және адамдарға игіліктің жаршысы болуға ұмтылуы керек.

Хайбар алынған күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Али ибн Абу Талибке (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны туралы хабарланады: *«[Олармен кездескеніңше] бірте-бірте жылжып отыр, ал содан кейін оларды Исламға шақырып, Аллаһ*

Тағала алдындағы міндеттеріне не жататыны туралы хабарла, [өйткені] Аллаһпен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы бір адамды [болса да] хақ жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге [ие болудан] жақсырақ болады!» (Бұл хадисті әл-Бухари «Сахих» жинағында (№ 2410, 3009, 3701) және Муслим «Сахих» жинағында (№ 2406) келтіреді).

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай дегені хабарланады: *«Кім [басқаларды] тура жолға шақырған болса, сол оған ілескен [барлық адамның] сауабындай сауап алады, әрі бұл олардың сауаптарын еш азайтпайды, ал кім [өзгелерді] адасушылыққа шақырған болса, сол оған ілескен [барлық адамдардың] күнәсының [салмағына] тең күнәның [ауыртпашылығын көтереді], әрі бұл олардың күнәларының [ауыртпашылығын еш жеңілдетпейді]»* («Мухтасар «Сахих» Муслим», №1880).

Сондай-ақ оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Қандай да бір жақсылыққа*

нұсқаған адамға, жақсылықты істеген адамның сауабындай сауап [беріледі]», - дегені жеткізіледі (бұл хадисті Муслим келтіреді, № 1893).

Автордың сөзі:

الرَّابِعَةُ: الصَّبْرُ عَلَى الْأَذَى فِيهِ.

«Төртіншісі – осы (жолдағы) қиыншылықтарға сабыр ету».

Шарх:

(«Сабыр»). Сабыр дегенде нәпсінді Аллаһқа мойынсұну шеңберінде ұстау, оны Аллаһқа мойынсұнбаушылықтан тосу және оны Аллаһтың тағдырға жазған нәрселеріне ашуланудан тосу меңзеледі. Сондай-ақ нәпсіні кею мен зерігуден де ұстау керек. Сөйтіп, Аллаһтың дініне шақыру ісінде адам тұрақты белсенділік танытуы қажет, тіпті ол (осы жолда) қиыншылықтар кешсе де, өйткені игілікке шақырушылардың қиындықтарға шалынуы – адамның табиғи сипатынан, әрі мұны Аллаһ хақ жолға салып қойғандардан бөлек барша адам бастан кешіреді.

Міне, сондықтан да Аллаһ Тағала Өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:

وَلَقَدْ كُذِّبَتْ رُسُلٌ مِنْ قَبْلِكَ فَصَبَرُوا عَلَىٰ مَا كُذِّبُوا وَأَوْدُوا حَتَّىٰ آتَاهُمْ نَصْرُنَا

«Расында, сенен бұрынғы елшілер де өтірікші атанған болатын. Сонда олар жалғаншы саналғандықтарына және көрген жапаларына жәрдемiмiз келгенге дейiн сабыр еткен болатын» («әл-Әнғам» сүресi, 34-аят). Әрi осы орайда, жәбiрлеу қаншалықты күшейген сайың, соншалықты осы көмек те жақын бола беретiн, бiрақ ол әлдебiр адамға ол өзiнiң дағуатының жемiсiн көзi тiрiсiнде-ақ көретiндей етiп мiндеттi түрде келе бермеген. Бұл көмек ол қайтыс болғаннан кейiн де, Аллаһ адамдардың жүректерiн ол шақырған нәрселерге келiсуiне алып келгендiгiнде көрiнiс тауып, осының нәтижесiнде олар осыны ұстанатын болып келген болуы мүмкiн. Мұны да оған берiлген көмек деп санау керек, тiптi оның өзi сол кезге дейiн дүниеден өтiп кеткен болса да. Міне,

сол үшін Ислам дағуатымен айналысатын адам үнемі сабырлық танытуы керек. Ол өзгелерге насихаттап жатқан Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың дінінде сабырлы болуы керек, өзінің шақыруына кедергі болып жатқан нәрселерге сабырлық танытуы қажет, әрі өзіне бөгет жасап жатқан (адамдардың) ренжітулерін сабырлықпен көтере білуі керек, өйткені Аллаһтың елшілеріне де сөзбен және іспен реніштер тигізілетін, әрі сондықтан да Аллаһ Тағала былай деген:

كَذَلِكَ مَا أَتَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِهِمْ مِنْ رَسُولٍ إِلَّا قَالُوا سَاحِرٌ أَوْ مُجْنُونٌ
(۵۲)

«Міне, осылайша, олардан бұрыңғылар да елшілер келгенде, оларды міндетті түрде жады (сиқыршы) немесе жынды деген» («әз-Зәрият» сүресі, 52-аят).

Аса Құдіретті Аллаһ сондай-ақ былай деген:

وَكَذَلِكَ جَعَلْنَا لِكُلِّ نَبِيٍّ عَدُوًّا مِنَ الْمُجْرِمِينَ

«Біз әрбір пайғамбар үшін күнәхарлардан дұшпандар жасадық...» («әл-Фурқан» сүресі, 31-аят).

Алайда адамдамдарға дағуат жасайтын кісі осындай нәрселерге өзінің сабырлығын қарсы қоюы қажет. Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ Өзінің Елішісіне не деп айтқанына назар бұрыңыз:

إِنَّا نَحْنُ نَزَّلْنَا عَلَيْكَ الْقُرْآنَ تَنْزِيلًا

«Ақиқатында, Біз саған Құранды бөлік-бөліктерімен түсірдік...». Әрі қарай «...ендеше, Раббыңа, Оның жасаған игілігі үшін, шүкіршілік айт!» деген сияқты сөздерді күтуге болар еді, алайда аса Құдіретті және Ұлы (Аллаһ):

فَاصْبِرْ لِحُكْمِ رَبِّكَ

«Ендеше, Раббыңның үкіміне дейін сабыр ет...», - деп айтты («Әл-Инсан» сүресі, 23-24 аяттар). Бұл сөздерде Құран аяттарын адамдарға жеткізетін әрбір адамның басына одан сабырлық танытуды талап ететін нәрселер келіп түсетініне нұсқау бар. Ендеше, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) руластары оны ұрып-соққан кезінде, ол бетінен қанын сүртіп: *«Я Аллаһ, руластарымды кешіре гөр, өйткені олар білмейді!»*, - деп айтқан өнегесіне қарашы

(«Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», № 1386)! Әрі сондықтан да ислам дағуатымен айналысатын адам Аллаһтың сый-сауабынан үміт еткен күйде сабырлық танытуы керек.

Сабырлықтың үш құрамдас бөліктері (келесідей):

- 1 – Аллаһқа мойынсұнуда сабырлық таныту;
- 2 – Аллаһ тыйым салған нәрселерден ұдайы қалыс қалу;
- 3 – Аллаһ тағдырға жазған нәрселерге қатысты: бұл Оның пенделерінің қатысуынсыз жасаған нәрсесі болады ма, немесе Ол пенделері арқылы жасаған әлдебір нәрселер, соның ішінде олардың режітулері мен дұшпандық танытуы болады ма – осыған сабырлық таныту.

Автордың сөзі:

وَالدَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ: ﴿وَالْعَصْرُ * إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ *
إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَاصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ﴾ سورة العصر كاملة.

“Бұған дәлел – Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَالْعَصْرِ * إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ * إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ
وَتَوَاصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ﴾

«Кештен алдыңғы уақытпен (немесе уақытпен) ант етемін! Ақиқатында, бүкіл адам – зиянда. Тек иман келтіргендерден, ізгі амал жасағандардан, бір-біріне хақты үгіттескендерден және бір-біріне сабырды үгіттескендерден басқа» («әл-Аср» сүресі, 1-3 аяттар)».

Шарх:

(«Дәлел»). Яғни жоғарыда аталған төрт сатыға дәлел Аллаһ Тағаланың: «Кештен алдыңғы уақытпен (немесе уақытпен) ант етемін!...», - деген сөздері дәлел болады. Бұл сүреде аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ осы төрт сипат, яғни иман, игі амалдар, бір-біріне хақты үгіттесуге деген әзірлік және бір-біріне сабырлық танытуды үгіттесуге деген әзірлік тән болған адамдардан өзге бүкіл адамның, яғни әрбір адамның зиян шегетіні туралы уақытпен (заманамен), яғни оның игілікті

де, жамандықты да қамтитын ұлы кезеңімен ант етті.

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: «Өз нәпсіңмен күрес жасауда төрт сатыдан өту керек:

БІРІНШІСІ: адам тура жол (һуда) мен хақ дінді (динул-хаққ) танып білу мақсатында онымен (яғни өз нәпсісімен – ауд.) күресуі қажет, өйткені нәпсі тек осы арқылы ғана екі дүниеде де жетістік пен бақытқа жете алады;

ЕКІНШІСІ: адам білген нәрсесін амалға асыру мақсатында онымен (нәпсісімен) күрес жүргізуі керек;

ҮШІНШІСІ: адам өзгелерді осы дінге шақыру және одан бейхабар кісілерге оны үйрету мақсатында онымен (нәпсісімен) күрес жүргізуі қажет;

ТӨРТІНШІСІ: ол Аллаһқа шақырумен байланысты қиыншылықтарды және адамдар (дінге) шақырушыға тигізетін реніштерді сабырлықпен көтеру мақсатында онымен (нәпсісімен) күресуі қажет. Осының барлығына адам Аллаһ үшін шыдап-

төзуі керек, әрі егер ол төрт сатының барлығын өте алса, онда Раббысына ықыласты құлшылық ететіндердің біріне айналады».

Бұл сүреде аса Құдіретті Аллаһ әрбір адам, оның қаншалықты бай болуына да, қаншама балалары болуына да, көзі тірі кезінде қандай сый-құрметке ие болуына да қарамастан, сәтсіздікке ұшырайтынына, әрі бұл өз бойына төменде келтірілген төрт сипатты біріктірген адамдардан басқа баршаға тиетіні туралы ант етеді:

БІРІНШІСІ: өзінің құрамына адамды Аллаһ Тағалаға жақындататын дұрыс сенім-көзқарастар мен пайдалы білімдерді қамтитын иман;

ЕКІНШІСІ: адамды Аллаһқа шынайы ықыласпен құлшылық етуге алып келетіндей және бүкіл нәрседе Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесетіндей етіп Аллаһқа жақындататын кез-келген істер мен сөздерді қамтитын игі амалдар;

ҮШІНШІСІ: адамдарға ақиқатты ұстануды насихаттауға, яғни оларға игіліктер жасауды

насихаттауға, оларды осыған ынталандыруға және игілік жасауға құлшындыруға деген әзірлік;

ТӨРТІНШІСІ: басқаларға адамдардың бір-біріне Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындауда, Аллаһ тыйым салған нәрселерден бас тартуда және Аллаһтың тағдырына сабырлықпен төзім етуде сабырлық танытуды насихат етуінде көрініс табатын сабырлық сақтауды насихат етуге деген әзірлік.

Ақиқатты ұстануды және сабыр сақтауды насихат ету өзінің құрамына жақсылыққа үндеп, жамандықтан қайтаруды қамтиды, әрі сол арқылы үммет өміршеңдік қайсарлыққа ие болады, игілікке қол жеткізіп, жеңіске жетеді, әрі өз абырой-мәртебесіне ие болады. Аллаһ Тағала былай деген:

كُنْتُمْ خَيْرَ أُمَّةٍ أُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ وَتَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ

«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, жамандықтан тыятын ең қайырлы

үммет болып шығарылдыңдар...» («Әли Имран» сүресі, 110-аят).

Автордың сөзі:

قَالَ الشَّافِعِيُّ . رَحِمَهُ اللهُ تَعَالَى . : لَوْ مَا أَنْزَلَ اللهُ حُجَّةً عَلَى خَلْقِهِ إِلَّا هَذِهِ السُّورَةَ لَكَفَّتْهُمْ.

وَقَالَ الْبُخَارِيُّ . رَحِمَهُ اللهُ تَعَالَى . : بَابُ : الْعِلْمُ قَبْلَ الْقَوْلِ وَالْعَمَلُ ؛ وَالدَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى : ﴿فَاعْلَمْ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ وَاسْتَغْفِرْ لِذَنْبِكَ﴾ [محمد:19]،

«(Имам) әш-Шәфиғи (Аллаһ Тағала оны рахым етсін): *«Егер Аллаһ адамдар үшін бұл сүреден өзге ешбір дәлел түсірмегенде, осының өзі жеткілікті болар еді»*, - деген.

Ал имам әл-Бухари (Аллаһ Тағала оны рахым етсін) былай деп айтқан: *««Білім – сөздер мен амалдардан бұрын!» тарауы. Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:*

﴿فَاعْلَمْ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ وَاسْتَغْفِرْ لِذَنْبِكَ﴾

«Біл, расында, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты құдай жоқ, сосын күнәларың үшін кешірім сұра!» («Мухаммад»

сүресі, 19-аят)» (әл-Бухари, «әс-Сахих», 1-т., 24-бет)».

Шарх:

(«(Имам) әш-Шәфиғи»). Абу Абдуллаһ Мухаммад бин Идрис бин әл-Аббас бин Усман бин Шәфи әл-Хашими әл-Қураши, хижраның 150 жылы Ғаззада туылған және хижраның 204 жылы Мысырда қайтыс болған. Ол (Аллаһ оны рахым етсін) ең атақты төрт имамның бірі.

(«Осының өзі жеткілікті болар еді»). Осыменен ол «әл-Аср» сүресінің өзі-ақ адамдарды иманның, игі амалдар жасаудың, адамдарды Аллаһқа шақырудың және осы істердің барлығында сабырлық танытудың көмегімен Аллаһтың дінін мығым ұстауға ынталандыру үшін жеткілікті болатынын меңзеді, бірақ мұнымен ол осы сүренің жалғыз өзі адамдар үшін шарифаттың бүкіл заң-ережелерінің орнын басар еді дегісі келмеді.

Ол: *«Егер Аллаһ адамдар үшін бұл сүреден өзге ешбір дәлел түсірмегенде, осының өзі*

жеткілікті болар еді», - деп айтуының себебі – егер ой-пікір құра алатын және ақыл-парасатқа ие адам осы сүренің сөздерін тыңдаса немесе оны оқып шықса, ол міндетті түрде зиян шегуден құтылуға ұмтылады, ал ол бұны тек осы төрт сипатқа, нақты айтқанда: иманға, игі амалдар жасауға деген ұмтылысқа, өзгелерге ақиқатты ұстануды насихаттауға деген әзірлікке және өзгелерге сабыр сақтауды насихаттауға деген әзірлікке, әрі өзгелерден де осындай кеңес-насихаттарды тыңдауға деген әзірлікке ие болғанда ғана іске асыра алмақ.

(«Әл-Бухари»). Абу Абдуллаһ Мухаммад бин Исмаил бин Ибраһим бин әл-Муғира әл-Бухари, һижраның 194 жылы Бухарада туылған және әкесі қайтыс болған соң анасының қарауында өскен. Ол (Аллаһ оны рахым етсін) Самарқандтан екі фарсах жерде орналасқан Хартанк елді мекенінде һижраның 256 жылы Ораза айт күніне қараған түні қайтыс болған.

(««Білім – сөздер мен амалдардан бұрын!» тарауы. Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:

﴿فَاعْلَمْ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاسْتَغْفِرْ لِذَنبِكَ﴾

«Біл, расында, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты құдай жоқ, сосын күнәларың үшін кешірім сұра!» («Мухаммад» сүресі, 19-аят)» (Әл-Бухари, «Әс-Сахих», 1-т., 24-бет)).

Әл-Бухари (Аллаһ оны рахым етсін) бұл аятты бүкіл нәрседе білімнен бастау қажеттігіне, ал содан кейін ғана сөздер мен амалдарға жүгіну керектігіне дәлел ретінде пайдаланды. Бұған «Адам алдымен біліп алады, содан соң ғана амал етеді» дейтін ислам ақидасының қайнаркөздері нұсқайды. Білім сөздер мен амалдардан алдын тұратынына айғақ болатын ақыл-ой дәлелдері де бар. Өйткені сөздер мен амалдар шарифатқа сәйкес орындалмайынша дұрыс та болмайды әрі қабыл да болмайды, ал адам өзінің іс-амалдарының шарифатқа сәйкес келетінін білімнің арқасында ғана анықтай алады. Сонымен бірге адам баласы туа білетін нәрселер де бар, мысалы, Аллаһтың Жалғыз Құдай екендігі туралы білім. Пенде осылай жаратылған, сондықтан да оған осының біліміне жету үшін көп күш сарп ету

қажет болмайды, ал осы орайда жеке мәселелер, керісінше, оқып-зерттеуді және күш салуды талап етеді.

Автордың сөзі:

اعْلَمْ رَحْمَكَ اللهُ أَنَّهُ يَجِبُ عَلَى كُلِّ مُسْلِمٍ وَمُسْلِمَةٍ، تَعَلُّمُ هَذِهِ الثَّلَاثِ مَسَائِلٍ، وَالْعَمَلُ
بِهِنَّ:

الأولى: أَنَّ اللهَ خَلَقَنَا،

«Біл, Аллаһ сені рахымына бөлесін, әрбір мұсылман ер мен әйел үшін мына үш мәселені білу және соларға сәйкес амал ету міндетті:

Біріншісі: Аллаһ бізді жаратты».

Шарх:

(«Аллаһ бізді жаратты»). Аллаһ бізді жаратқанына есту арқылы қабылданған (яғни уахи етілген) дәлелдер де, ақыл-ой дәлелдері де бар.

Уахи етілген дәлелдер өте көп. Мысалы, бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

هُوَ الَّذِي خَلَقَكُمْ مِنْ طِينٍ ثُمَّ قَضَىٰ أَجَلًا وَأَجَلٌ مُّسَمًّى عِنْدَهُ ثُمَّ أَنْتُمْ
تَمْتَرُونَ (۲)

«Ол сондай Аллаһ сендерді балшықтан жаратып, содан соң өлім мезгілін белгіледі. Және белгілі (Қиямет) мерзімі де Оның қасында. Сонда да күдіктенесіңдер ме?» («әл-Әнғам» сүресі, 2-аят); сондай-ақ Оның мына сөздері де:

وَلَقَدْ خَلَقْنَاكُمْ ثُمَّ صَوَّرْنَاكُمْ

«Расында, сендерді жаратып, содан кейін бейнеледік...» («әл-Әғраф» сүресі, 11-аят); сондай-ақ Аллаһ Тағаланың мына сөздері де:

وَلَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ صَلْصَالٍ مِنْ حَمَإٍ مَسْنُونٍ (۲۶)

«Расында, адамды түрі өзгертілген қара балшықтан алынған сыңғырлаған құрғақ саздан жараттық» («әл-Хижр» сүресі, 26-аят); сондай-ақ Оның мына сөздері де:

وَمِنْ آيَاتِهِ أَنْ خَلَقَكُمْ مِنْ تُرَابٍ ثُمَّ إِذَا أَنْتُمْ بَشَرٌ تَنْتَشِرُونَ (۲۰)

«Оның белгілерінен бірі – сендерді топырақтан жаратуы. Сосын сендер

адамзат болдыңдар әрі таралудасыңдар» («әр-Рум» сүресі, 20-аят); сондай-ақ Оның мына сөздері де:

خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ صَلْصَالٍ كَالْفَخَّارِ (١٤)

«Ол адамзатты құмырадай сыңырлаған құрғақ саздан жаратты» («әр-Рахман» сүресі, 14-аят); сондай-ақ Оның мына сөздері де:

قُلِ اللَّهُ خَالِقُ كُلِّ شَيْءٍ وَهُوَ الْوَاحِدُ الْقَهَّارُ (١٦)

«(Оларға) айт: “Әр нәрсені жаратушы Аллаһ. Ол Жалғыз, аса Өктем”» («әр-Раад» сүресі, 16-аят); сондай-ақ Оның мына сөздері де:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ (٥٦)

«Мен жындар мен адамдарды олар тек Маған құлшылық етулері үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят). Әрі бұған мысал ретінде көптеген басқа аяттарды да келтіруге болады.

Ал Аллаһ бізді жаратқанына ақыл-ой дәлелдеріне келер болсақ, бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері айғақ болады:

أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمْ الْخَالِقُونَ (۳۵)

«Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме?!»
(«әт-Тур» сүресі, 35-аят).

Расында, адам өзін өзі жаратпады ғой, өйткені ол пайда болғанына дейін жоқ болатын, ал өзі жоқ нәрсе әлдебір нәрсені жарата алмайды. Әрі тура сол сияқты оны әкесі де, анасы да, әрі жаратылған мақұлықтардан ешкім де жаратпады, және ол өз-өзінен кездейсоқ және оны жаратқанның қатысуынсыз пайда болмады деп айтуға болады, өйткені кезкелген құбылыстың өз себебі болады, әрі сондай-ақ бүкіл жаратылыстың болмысына тән болған өте таңғажайып құрылым мен (керемет) үйлесімді үндестік қандай да бір кездейсоқтықтар туралы жорамалдарды жоққа шығарады. Әрі шындығында да, өздігінше кездейсоқ пайда болған нәрсе өз негізінде ретсіз болады, ал егер бұл осылай болса, онда оның өмір сүруі мен дамуы барысында қандай реттілік болуы мүмкін?! Ал бұдан міндетті

түрде Жаратушы тек Аллаһ екендігі, әрі Аллаһтан басқа жаратушы да, басқарушы да жоқ екендігі келіп шығады. Аллаһ Тағала былай деген:

لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ (٥٤)

«Жарату және бұйрық беру Оған тән»

(«әл-Әғраф» сүресі, 54-аят). Әрі сондықтан да ешбір адамның Пәк Аллаһ Тағала жалғыз Жаратушы екенін жоққа шығаратыны белгісіз, тек мұны Перғауын сияқты (кімселердің) менмендікпен істеген жағдайлардан бөлек. Жубайр бин Мутғимнің ол әлі көпқұдайшыл болған кезінде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «әт-Тур» сүресін оқығанын естігені туралы жеткізіледі. Кейіннен Жубайр былай деп баяндайтын:

“Сонда ол Аллаһ Тағаланың:

أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ (٣٥) أَمْ خَلَقُوا السَّمَاوَاتِ
وَالْأَرْضَ بَلْ لَا يُوقِنُونَ (٣٦) أَمْ عِنْدَهُمْ خَزَائِنُ رَبِّكَ أَمْ هُمُ الْمُسَيْطِرُونَ
(٣٧)

«Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі)

жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме?

Яки олар көктер мен жерді жаратты ма? Жоқ, олар иман келтірмейді. Немесе Раббыңның қазыналары олардың қасында ма? Әлде олар иелік етушілер ме?» («әт-Тур» сүресі, 35-37 аяттар), - деген аяттарын оқыған кезінде менің жүрегім көкірегімнен ұшып шығып кетейін деді, әрі сол кезде иман менің жүрегімде алғаш рет орныққан еді” («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», № 1966).

Автордың сөзі:

وَرَزَقْنَا،

«...ризықтандырды...»

Шарх:

(«Ризықтандырды»). Бұған Құран мен Сүннетте де көптеген дәлелдер бар, әрі ақыл-ой дәлелдері де өте көп. Мысалы, Құранда былай деп айтылады:

إِنَّ اللَّهَ هُوَ الرَّزَّاقُ ذُو الْقُوَّةِ الْمَتِينُ (۵۸)

«Шүбәсіз, Ол Аллаһ – Ризықтандырушы, Күш Иесі әрі Мықты!» («әз-Зәрият» сүресі, 58-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

قُلْ مَنْ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ قُلِ اللَّهُ

“«Сендерді көктер мен жерден кім ризықтандырады?» - де. «Аллаһ!» - деп айт” («әс-Саба» сүресі, 24-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

قُلْ مَنْ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ أَمْ مَنْ يَمْلِكُ السَّمْعَ وَالْأَبْصَارَ
وَمَنْ يُخْرِجُ الْحَيَّ مِنَ الْمَيِّتِ وَيُخْرِجُ الْمَيِّتَ مِنَ الْحَيِّ وَمَنْ يُدَبِّرُ الْأَمْرَ
فَسَيَقُولُونَ اللَّهُ فَقُلْ أَفَلَا تَتَّقُونَ (۳۱)

“(Мухаммад): «Сендерді аспаннан, жерден кім ризықтандырады? Есту мен көруге кім билік етеді? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім басқарады?», - де. Олар: «Аллаһ», - дейді. «Ендеше, Аллаһтан қорықпайсыңдар ма?», - де” («Юнус» сүресі, 31-аят).

Бұған басқа да көптеген аяттар нұсқайды.

Ал Сүннетке жүгінетін болсақ, онда біз хадистердің бірінде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адам ұрығы туралы былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Әрі оған ол туралы төрт сөзді: оның ризығын, оның мерзімін, оның істерін, сондай-ақ оның бақытты-бақытсыз болатынын – жазатын періште жіберіледі»* («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», №1294).

Ал Аллаһ бізді ризықтандыратына нұсқайтын ақыл-ой дәлелдеріне келер болсақ, онда біздің тіршілік етуімізді аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ жаратқан қорек пен су ұстап тұрғанын дәлелдеудің қажеті жоқ. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

أَفَرَأَيْتُمْ مَا تَحْرُثُونَ (۶۳) أَأَنْتُمْ تَزْرَعُونَهُ أَمْ نَحْنُ الذَّارِعُونَ
 (۶۴) لَوْ نَشَاءُ لَجَعَلْنَاهُ حُطَامًا فَظَلْتُمْ تَفَكَّهُونَ (۶۵) إِنَّا لَمُغْرَمُونَ (۶۶) بَلْ
 نَحْنُ مَحْرُومُونَ (۶۷) أَفَرَأَيْتُمُ الْمَاءَ الَّذِي تَشْرَبُونَ (۶۸) أَأَنْتُمْ أَنْزَلْتُمُوهُ
 مِنَ الْمُزْنِ أَمْ نَحْنُ الْمُنزِلُونَ (۶۹) لَوْ نَشَاءُ لَجَعَلْنَاهُ أَجَاًا فَلَوْلَا تَشْكُرُونَ
 (۷۰)

“Ал енді екендеріңді көрдіңдер ме?

Оны сендер өсіресіңдер ме? Не Біз өсіреміз

бе? Егер қаласақ, оны қоқымға айналдырар едік. Сонда күңкілдесе берер едіңдер. «Расында, зиянға ұшырадық, тіпті мүлде бос қалдық!» (дер едіңдер). Ішкен суларыңды көрдіңдер ме? Оны бұлттан сендер жаудырасыңдар ма? Әлде Біз жаудырамыз ба? Егер қаласақ оны ащы қылар едік. Ендеше, шүкір етпейсіңдер ме?"» («әл-Уақиға» сүресі, 63-70 аяттар).

Сөйтіп, осы аяттарда біздің қорек пен су түріндегі ризығымызды бізге Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ жіберетіні туралы айтылады.

Автордың сөзі:

وَمَا يَنْزِلُنَا هَمَلًا، بَلْ أَرْسَلْنَا إِلَيْنَا رَسُولًا،

«Және бізді өздерімізге тапсырып тастап қойған жоқ. Керісінше, бізге елші жіберді».

Шарх:

(«Бізді ... тастап қойған жоқ...»). Бұл шындықты уахи арқылы қабылданған дәлелдер де, ақыл-ой дәлелдері де растайды.

Біріншілеріне Аллаһ Тағаланың мына сөздері жатады:

أَفَحَسِبْتُمْ أَنَّمَا خَلَقْنَاكُمْ عَبَثًا وَأَنَّكُمْ إِلَيْنَا لَا تُرْجَعُونَ (۱۱۵) فَتَعَالَى اللَّهُ الْمَلِكُ
الْحَقُّ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ رَبُّ الْعَرْشِ الْكَرِيمِ (۱۱۶)

«Сонда сендер Біз сендерді босқа жараттық та, тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма? Шынайы Патша Аллаһ бәрінен жоғары. Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол - ардақты Аршының Раббысы» («әл-Муминун» сүресі, 115-116 аяттар).

Сондай-ақ Оның келесі сөздері де:

أَيَحْسَبُ الْإِنْسَانُ أَنْ يُتْرَكَ سُدًى (۳۶) أَلَمْ يَكُنْ نُطْفَةً مِنْ مَنِيٍّ يُمنَى (۳۷) ثُمَّ
كَانَ عِلْقَةً فَخُلِقَ فَسَوَى (۳۸) فَجَعَلَ مِنْهُ الزَّوْجَيْنِ الذَّكَرَ وَالْأُنثَى (۳۹) أَلَيْسَ ذَلِكَ
بِقَادِرٍ عَلَىٰ أَنْ يُحْيِيَ الْمَوْتَى (۴۰)

«Адам баласы бос қоя берілеміз деп ойлайды ма? Ол (жатырға) тамызылған бір тамшы мәни емес пе еді? Сосын ол ұйыған қан болды. Содан соң Аллаһ оны жаратып, бейнеледі. Сонда одан ер, әйел етіп екі жұбай жаратты. Бұларды жасаған

Аллаһтың өлілерді қайта тірілтуге күші жетпейді ме?» («әл-Қийяма» сүресі, 36-40 аяттар).

Ал ақыға келер болсақ, онда, ақиқатында, «адамдар бұл дүниеге келіп, жануарлар сияқты онымен ләззаттанып, содан соң өледі, әрі осы орайда оларды қайта тірілу де, есеп беру де күтіп тұрған жоқ» дегенді елестету мүмкін емес, өйткені бұл нағыз ойын-ермек болар еді, ал мұндай нәрсе аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың даналығына жараспайды. Аллаһ адамзатты жаратып, бізге елшілер жіберіп, пайғамбарларға (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кедергі жасап қарсы шығатындардың қанын төгуге рұқсат етуі, әрі осының ешқандай салдары болмауы мүмкін емес, өйткені бұл Аллаһтың даналығымен сыйыспайды.

(«Керісінше, бізге елші жіберді»). Бұл «Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ бізден бұрынғыларға да елшілер жібергеніндей, осы үметті, (яғни) Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметін құрайтын бізге де Раббымыздың

аяттарын оқитын, бізді тазартқан және бізге Кітап пен даналықты үйреткен Елшіні (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберді» дегенді білдіреді. Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деген:

إِنَّا أَرْسَلْنَاكَ بِالْحَقِّ بَشِيرًا وَنَذِيرًا وَإِنْ مِنْ أُمَّةٍ إِلَّا خَلَا فِيهَا نَذِيرٌ
(۲۴)

«Сөз жоқ, сені шындықпен қуантушы, қорқытушы етіп жібердік. Негізінде, бір ескертушісі болмаған бірде-бір үммет жоқ» («Фатыр» сүресі, 24-аят).

Аллаһ адамдарға қарсы дәлелі болуы үшін және олар Аллаһқа Ол жақсы көретіндей және разы болатындай етіп құлшылық етулері үшін міндетті түрде елшілер жіберуі керек еді. Аллаһ былай деген:

إِنَّا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ كَمَا أَوْحَيْنَا إِلَى نُوحٍ وَالنَّبِيِّينَ مِنْ بَعْدِهِ وَأَوْحَيْنَا إِلَى إِبْرَاهِيمَ وَإِسْمَاعِيلَ وَإِسْحَاقَ وَيَعْقُوبَ وَالْأَسْبَاطِ وَعِيسَى وَأَيُّوبَ وَيُونُسَ وَهَارُونَ وَهَارُونَ وَآتَيْنَا دَاوُدَ زَبُورًا (۱۶۳) وَرَسُولًا قَدْ قَصَصْنَا هُمْ عَلَيْكَ مِنْ قَبْلُ وَرَسُولًا لَمْ نَقْصُصْهُمْ عَلَيْكَ وَكَلَّمَ اللَّهُ مُوسَى تَكْلِيمًا (۱۶۴) رُسُلًا مُبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ لِنَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةً بَعْدَ الرُّسُلِ وَكَانَ اللَّهُ عَزِيزًا حَكِيمًا (۱۶۵)

«(Мухаммад,) Біз Нухқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік. Сондай-ақ Ибраһимге, Исмаилге, Исхаққа, Яқубқа және оның ұрпақтарына, және Исаға, Аюбқа, Юнусқа, Һарунға және Суләйманға да уахи еттік. Әрі Дәудке Зәбурды бердік. Және саған бұрын баян еткен елшілерді (жібердік), сондай-ақ елшілердің саған баян етпегеніміз де бар. Және Аллаһ Мусамен (тікелей) сөйлескен. Адамдардың елшілерден кейін Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін, Біз елшілерді қуандырушы әрі қорқытушы етіп жібердік. Аллаһ өте Үстем, аса Дана» («ән-Ниса» сүресі, 163-165 аяттар).

Әрі біз Аллаһқа Ол разы болатындай етіп тек олардың (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өнегесіне ілесіп қана құлшылық ете аламыз, өйткені солар бізге Аллаһ нені жақсы көретінін, Ол неге разы болатынын және не нәрсе бізді аса Құдіретті және Ұлы (Аллаһқа) жақындататынын түсіндіріп берді. Әрі

сондықтан да Аллаһтың дана ойластырғанына сәйкес Ол адамдарға қуандырушы және ескертуші елшілерді жіберді. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

إِنَّا أَرْسَلْنَا إِلَيْكُمْ رَسُولًا شَاهِدًا عَلَيْكُمْ كَمَا أَرْسَلْنَا إِلَىٰ فِرْعَوْنَ رَسُولًا (۱۵) فَعَصَىٰ فِرْعَوْنُ الرَّسُولَ فَأَخَذْنَاهُ أَخْذًا وَبِيلا (۱۶)

«Расында, Біз Перғауынға елші жібергендей, сендерге де қарсы куә ретінде елші жібердік. Сонда Перғауын елшіге қарсы келді. Сондықтан оны қатты қинаумен қолға алдық» («әл-Муззаммил» сүресі, 15-16 аяттар).

Автордың сөзі:

فَمَنْ أَطَاعَهُ دَخَلَ الْجَنَّةَ، وَمَنْ عَصَاهُ دَخَلَ النَّارَ، وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّا أَرْسَلْنَا إِلَيْكُمْ رَسُولًا شَاهِدًا عَلَيْكُمْ كَمَا أَرْسَلْنَا إِلَىٰ فِرْعَوْنَ رَسُولًا * فَعَصَىٰ فِرْعَوْنُ الرَّسُولَ فَأَخَذْنَاهُ أَخْذًا وَبِيلا﴾ [المزمل: 15، 16].

«Кім оған бағынса, сол Жәннатқа кіреді, ал кім оған мойынсұнбаса – Отқа түседі. Аллаһ Тағаланың келесі сөздері бұған дәлел болады:

﴿إِنَّا أَرْسَلْنَا إِلَيْكُمْ رَسُولًا شَاهِدًا عَلَيْكُمْ كَمَا أَرْسَلْنَا إِلَىٰ فِرْعَوْنَ رَسُولًا *

فَعَصَىٰ فِرْعَوْنُ الرَّسُولَ فَأَخَذْنَاهُ أَخَذًا وَبِيلًا﴾

Перғауынға елші жібергеніміздей, сендерге де қарсы куә ретінде елші жібердік. Сонда Перғауын елшіге қарсы келді, сондықтан оны қатты қинаумен қолға алдық» («әл-Муззаммил» сүресі, 15-16 аяттар)».

Шарх:

(«Кім оған бағынса, сол Жәннатқа кіреді»).

Бұл ақиқатты Аллаһ Тағаланың мына сөздері растайды:

وَأَطِيعُوا اللَّهَ وَالرَّسُولَ لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ

«Аллаһқа және Елшісіне бой ұсыныңдар, әлбетте, мәрхаметке бөленесіңдер» («Әли Имран» сүресі, 132-133 аяттар); сондай-ақ Аллаһ Тағаланың мына сөздері де:

تِلْكَ حُدُودُ اللَّهِ وَمَنْ يُطِعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ يُدْخِلْهُ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا وَذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ (١٣)

«Бұлар – Аллаһтың қойған шектері. Кім Аллаһқа және Елшісіне бой ұсынса, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізіледі де, олар онда мәңгі қалады. Міне, зор табыс осы!» («ән-Ниса» сүресі, 13-аят). Сондай-ақ Аллаһ Тағаланың мына сөздері де:

وَمَنْ يُطِعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَخْشَ اللَّهَ وَيَتَّقْهُ فَأُولَئِكَ هُمُ الْفَائِزُونَ
(۵۲)

«Кімде-кім Аллаһқа және Оның Елшісіне бағынса, сондай-ақ Аллаһтан қорқып сақтанса, солар жетістікке жеті» («ән-Нур» сүресі, 52-аят); сондай-ақ Аллаһтың мына сөздері:

وَمَنْ يُطِعِ اللَّهَ وَالرَّسُولَ فَأُولَئِكَ مَعَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ وَالصِّدِّيقِينَ وَالشُّهَدَاءِ وَالصَّالِحِينَ وَحَسُنَ أُولَئِكَ رَفِيقًا (۶۹)

«Әрі кім Аллаһқа және Елшіге бой ұсынса, міне, солар Аллаһ нығметке бөлеген пайғамбарлармен, шыншылдармен, шәһидтермен және ізгілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас!» («ән-Ниса» сүресі, 69-аят); сондай-ақ Оның мына сөздері де:

يُصْلِحْ لَكُمْ أَعْمَالَكُمْ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَمَنْ يُطِيعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَقَدْ
فَازَ فَوْزًا عَظِيمًا (٧١)

«Сондай-ақ кім Аллаһқа әрі Елшісіне бой ұсынса, әрине, ол ұлы табысқа қол жеткізді» («әл-Әхзаб» сүресі, 71-аят), әрі мұндай аяттарды көптеп келтіруге болар еді.

Ал Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келер болсақ, оның бірде: *«Менің үмметімнің барлық (мүшесі) Жәннатқа кіреді, тек бас тартқандарынан басқа»*, - деп айтқаны жеткізіледі. (Адамдар): *«Уа Аллаһтың Елшісі, (Жәннаттан) кім бас тартады?»*, - деп сұрады. (Сонда) ол: *«Кім маған бойсұнса, сол Жәннатқа кіреді, ал кім маған бойсұнбаса, сол бас тартқан болады»*, - деді («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», № 2116).

(«Ал кім оған мойынсұнбаса – Отқа түседі»). Бұл ақиқатты Аллаһ Тағаланың келесі сөздері растайды:

وَمَنْ يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَتَعَدَّ حُدُودَهُ يُدْخِلْهُ نَارًا خَالِدًا فِيهَا وَلَهُ
عَذَابٌ مُهِينٌ (١٤)

«Ал кім Аллаһқа және Оның Елшісіне қарсы келіп, Оның (орнатқан) шектерінен шықса, сол ішінде мүлде қалатын Отқа кіргізіледі. Әрі оған қорлаушы азап бар» («ән-Ниса» сүресі, 14-аят); сондай-ақ Оның мына сөздері де:

وَمَنْ يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَقَدْ ضَلَّ ضَلَالًا مُّبِينًا (۳۶)

«Ал кім Аллаһқа және Елшісіне қарсы келсе, сонда, рас, ашық адасқан болады» (әл-Әхзаб» сүресі, 36-аят), сондай-ақ Оның мына сөздері де:

وَمَنْ يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَإِنَّ لَهُ نَارَ جَهَنَّمَ خَالِدًا فِيهَا أَبَدًا (۲۳)

«Кім Аллаһқа және Оның Елшісіне қарсы келсе, шәксіз, оған ол онда мәңгі қалатын Тозақ оты бар» («әл-Жинн» сүресі, 23-аят).

Бұдан тыс, бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жоғарыда келтірілген: «...Ал кім маған бойсұнбаса, сол (Жәннаттан) бас тартқан болады», - деген сөздері де растау болады.

Автордың сөзі:

الثَّانِيَةُ: أَنَّ اللَّهَ لَا يَرْضَى أَنْ يُشْرَكَ مَعَهُ أَحَدٌ فِي عِبَادَتِهِ، لَا مَلَكٌ مُقَرَّبٌ، وَلَا نَبِيٌّ مُرْسَلٌ؛ وَالدَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَأَنَّ الْمَسَاجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾ [الجن: 18].

«Екіншісі: Аллаһ құлшылықта Өзіне серік қосқанға разы болмайды. Тіпті ол (Аллаһқа) жақын періште, не жіберілген пайғамбар болса да. Бұған дәлел – Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَأَنَّ الْمَسَاجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾

«Расында, мешіттер Аллаһқа тән. Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят)».

Шарх:

(«Екіншісі:»). Яғни біз білуімізге тиіс болған екінші мәселенің мәні – Аллаһ Өзімен қатар басқа кімге болсын құлшылық жасалуын қаламайтынында, өйткені тек Ол ғана құлшылыққа лайықты, ал бұған автор (Аллаһ оны рахым етсін) келтірген сөздер, яғни Аллаһтың мына сөздері нұсқайды:

﴿وَأَنَّ الْمَسَاجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾ (۱۸)

«Расында, мешіттер Аллаһқа тән. Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят).

Аллаһ Тағала адамға Аллаһпен қатар кімге болмасын дұға етуге тыйым салды, Пәк Аллаһ Тағала Өзіне ұнамайтын нәрседен басқа еш нәрсеге тыйым салмайды. Мысалы, аса Құдіретті және ұлы Аллаһ былай деген:

إِنْ تَكْفُرُوا فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنْكُمْ وَلَا يَرْضَىٰ لِعِبَادِهِ الْكُفْرَ وَإِنْ تَشْكُرُوا يَرْضَاهُ لَكُمْ

«Егер күпірлік етсеңдер, сонда Аллаһ сендерге мұқтаж емес. Құлдарының қарсылығын ұнатпайды. Егер шүкірлік етсеңдер, сендерге разы болады» («әз-Зүмәр» сүресі, 7-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

يَخْلِفُونَ لَكُمْ لِتَرْضَوْا عَنْهُمْ فَإِنْ تَرْضَوْا عَنْهُمْ فَإِنَّ اللَّهَ لَا يَرْضَىٰ
عَنِ الْقَوْمِ الْفَاسِقِينَ (٩٦)

«Егер сендер олардан разы болсаңдар да, расында, Аллаһ бұзық қауымнан разы болмайды («әт-Тәуба» сүресі, 96-аят).

Күпірлік пен (Аллаһқа) серік қосу (ширк) Пәк Аллаһ Тағалаға ұнамайды, өйткені Ол күпірлікпен және ширкпен күресу үшін және оларды тамырымен жою үшін адамдарға елшілерді жіберді, әрі оларға Кітаптарды түсірді. Аллаһ былай деген:

وَقَاتِلُوهُمْ حَتَّى لَا تَكُونَ فِتْنَةٌ وَيَكُونَ الدِّينُ لِلَّهِ

«Олармен бүлік қалмай, дін толығымен Аллаһқа арналғанға дейін соғысыңдар» («әл-Бақара» сүресі, 193-аят). Ал егер күпірлік пен ширк Аллаһқа ұнамайтын болса, онда олар мүминге де ұнамауға тиіс, өйткені өзінің разы болуы мен ашулануында мүмин кісі Аллаһқа иіледі. Ол Аллаһ ашуланатын нәрселерге ашуланады және аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ ұнататын нәрсені ұнатады, әрі сондықтан да егер күпірлік пен ширк Аллаһқа жек көрінішті болса, онда мүмин адамға да мұндай нәрселерге разы болу сәйкес келмейді. Аллаһқа серік қосу (ширк) өте қауіпті нәрсе болып табылады, Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деген:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَىٰ إِثْمًا عَظِيمًا (٤٨)

«Расында, Аллаһ Өзіне серік қосылуды жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, жала қойып, зор күнәлі болды» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

إِنَّهُ مَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ حَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ وَمَأْوَاهُ النَّارُ وَمَا لِلظَّالِمِينَ مِنْ أَنْصَارٍ (٧٢)

«Кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, Аллаһ оған Жәннатті харам етеді. Оның орны - От (Тозақ). Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ!» («әл-Мәйда» сүресі, 72-аят).

Ал Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келер болсақ, Жәбир бин Абдуллаһтың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деп баяндағаны жеткізілген: «(Бірде) Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір кісі келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі, (міндетті түрде белгілі нәтижеге алып келетін) екі себеп қандай?», - деп сұрады. Ол оған былай деп

(жауап берді): «Кім Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпей қайтыс болса, сол Жәннатқа кіреді, ал кім Онымен қатар кімге (неге) болсын құлшылық етіп өлетін болса, сол Тозаққа кіреді»” («Мухтасар «Сахих» Муслим», № 53).

Автордың сөзі:

التَّالِثَةُ: أَنَّ مَنْ أَطَاعَ الرَّسُولَ، وَوَحَّدَ اللَّهَ لَا يُجُوزُ لَهُ مُوَالَاةٌ مِنْ حَادِّ اللَّهِ وَرَسُولِهِ، وَلَوْ كَانَ أَقْرَبَ قَرِيبٍ؛ وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿لَا تَجِدُ قَوْمًا يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ يُوَادُّونَ مَنْ حَادَّ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَلَوْ كَانُوا آبَاءَهُمْ أَوْ أَبْنَاءَهُمْ أَوْ إِخْوَانَهُمْ أَوْ عَشِيرَتَهُمْ أُولَئِكَ كَتَبَ فِي قُلُوبِهِمُ الْإِيمَانَ وَأَيَّدَهُمْ بِرُوحٍ مِّنْهُ وَيُدْخِلُهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ أُولَئِكَ حِزْبُ اللَّهِ أَلَا إِنَّ حِزْبَ اللَّهِ هُمُ الْمُفْلِحُونَ﴾ [المجادلة: 22].

«Үшіншісі: Елшіге бағынатын және құлшылығын жалғыз Аллаһқа ықыласты түрде арнаған адамның Аллаһ пен Оның Елшісіне дұшпандық көрсететіндерге достық пен сүйіспеншілік танытуына тыйым салынған, тіпті олар ең жақын туыстары болса да.

Бұған дәлел – Аллаһтың келесі сөздері:

﴿ لَا تَجِدُ قَوْمًا يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ يُوَادُّونَ مَنْ حَادَّ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَلَوْ كَانُوا آبَاءَهُمْ أَوْ أَبْنَاءَهُمْ أَوْ إِخْوَانَهُمْ أَوْ عَشِيرَتَهُمْ أُولَئِكَ كَتَبَ فِي قُلُوبِهِمُ الْإِيمَانَ وَأَيَّدَهُم بِرُوحٍ مِّنْهُ وَيُدْخِلُهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ أُولَئِكَ حِزْبُ اللَّهِ أَلَا إِنَّ حِزْبَ اللَّهِ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ﴾

«Аллаһқа және Ақырет Күніне иман келтірген қауымның Аллаһ пен Оның Елшісіне қарсы шыққандармен достасқанын көрмейсің, тіпті олар – әкелері, не балалары, яки ағайын-туыстары болса да. Олардың жүректеріне Аллаһ иман жазып, Өз тарапынан рухпен қуаттады. Және оларды астарынан өзендер ағатын Жәннат бақтарына кіргізеді, және олар онда мәңгі қалады. Аллаһ оларға разы, ал олар Аллаһқа разы. Міне, солар - Аллаһтың тобы. Расында, Аллаһтың тобы – құтылушылар» («әл-Мужәдәлә» сүресі, 22-аят).

Шарх:

(«Үшіншісі:»). Яғни біз білуге тиіс мәселелердің үшіншісі достық пен қатыссыздыққа («әл-уәлә уәл-бара») қатысты. Достық және

қатыссыздық діннің ең ұлы негіздердің бірі болып табылады, әрі олар туралы көптеген аяттарда айтылған. Мысалы, аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَتَّخِذُوا بِطَانَةَ مَنْ دُونِكُمْ لَا يَأْلُونَكُمْ خَبَالًا وَدُّوا
مَا عَنْتُمْ قَدْ بَدَتِ الْبَغْضَاءُ مِنْ أَفْوَاهِهِمْ وَمَا تُخْفِي صُدُورُهُمْ أَكْبَرُ قَدْ بَيَّنَّا
لَكُمْ الْآيَاتِ إِنْ كُنْتُمْ تَعْقِلُونَ (۱۱۸)

«Әй, иман келтіргендер! Өздеріңнен өзгелерді дос әрі көмекші тұтпаңдар. Олар сендерге қастандықтан тартынбайды. Сондай-ақ олар күйзелулеріңді қалайды» («Әли Имран» сүресі, 118-аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَتَّخِذُوا الْيَهُودَ وَالنَّصَارَى أَوْلِيَاءَ بَعْضُهُمْ
أَوْلِيَاءُ بَعْضٍ وَمَنْ يَتَوَلَّهُمْ مِنْكُمْ فَإِنَّهُ مِنْهُمْ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الظَّالِمِينَ
(۵۱)

«Әй, иман келтіргендер! Жһудилер мен христиандарды дос тұтпаңдар! Олар бір-бірінің достары. Сендерден кім оларды дос тұтса, сонда, күдіксіз, ол солардан. Расында,

Аллаһ залым елді тура жолға салмайды» («әл-Мәида» сүресі, 51-аят).

Пәк Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деп айтты:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَتَّخِذُوا الَّذِينَ اتَّخَذُوا دِينَكُمْ هُزُؤًا وَلَعِبًا مِّنَ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ مِنْ قَبْلِكُمْ وَالْكَفَّارَ أَوْلِيَاءَ وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ كُنتُمْ مُؤْمِنِينَ
(٥٧)

«Әй, иман келтіргендер! Сендерден бұрын Кітап берілгендерден діндеріңді сайқы-мазақ жасап ойыншық еткендерді дос тұтпаңдар және кәпірлерді де дос көрмеңдер. Егер мүмин болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар» («әл-Мәида» сүресі, 57-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَتَّخِذُوا آبَاءَكُمْ وَإِخْوَانَكُمْ أَوْلِيَاءَ إِنِ اسْتَحَبُّوا الْكُفْرَ عَلَى الْإِيمَانِ وَمَنْ يَتَوَلَّهُمْ مِنْكُمْ فَأُولَئِكَ هُمُ الظَّالِمُونَ (٢٣) قُلْ إِن كَانَ آبَاؤُكُمْ وَأَبْنَاؤُكُمْ وَإِخْوَانُكُمْ وَأَزْوَاجُكُمْ وَعَشِيرَتُكُمْ وَأَمْوَالٌ اقْتَرَفْتُمُوهَا وَتِجَارَةٌ تَخْشَوْنَ كَسَادَهَا وَمَسَاكِنُ تَرْضَوْنَهَا أَحَبَّ إِلَيْكُمْ مِنَ اللَّهِ وَرَسُولِهِ وَجِهَادٍ فِي سَبِيلِهِ فَتَرَبَّصُوا حَتَّى يَأْتِيَ اللَّهُ بِأَمْرِهِ وَاللَّهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْفَاسِقِينَ (٢٤)

«Әй, иман келтіргендер! Егер әкелерің, туыстарың иманнан көрі күпірлікті абзал көрсе, оларды дос тұтпаңдар. Ал сендерден кім оларды дос тұтса, онда олар залымдар. (Мухаммад, оларға:) «Егер әкелерің, балаларың, бауырларың, әйелдерің, отбасыларың, тапқан мал-мүліктерің, тоқырап қалуынан қорыққан саудаларың, жақсы көрген үйлерің сендерге Аллаһтан, Оның Елшісінен әрі Оның жолында күресуден артық көрінсе, Аллаһтың әмірі келгенге дейін күтіңдер», - де. Аллаһ бұзық қауымды тура жолға салмайды» («әт-Тәуба» сүресі, 23-24 аяттар).

Аса Құдіретті және Ұлы (Аллаһ) тағы да былай деді:

قَدْ كَانَتْ لَكُمْ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ فِي إِبْرَاهِيمَ وَالَّذِينَ مَعَهُ إِذْ قَالُوا لِقَوْمِهِمْ إِنَّا بُرَاءُ مِنْكُمْ وَمِمَّا تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ كَفَرْنَا بِكُمْ وَبَدَا بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ الْعَدَاوَةُ وَالْبَغْضَاءُ أَبَدًا حَتَّىٰ تُؤْمِنُوا بِاللَّهِ وَحَدَهُ

«Расында, сендерге Ибраһим және онымен бірге болғандар бір көркем өнеге болды. Сол уақытта олар еліне: "Сендерден де, Аллаһтан өзге табынғандарыңнан да

бездік. Сендермен арамызга мәңгі дұшпандық, өштік орнады. Сендерге Аллаһтың бірлігіне иман келтіргендеріңе дейін қарсымыз", - деген» («әл-Мумтахана» сүресі, 4-аят).

Сөйтіп, адамның Аллаһқа қарсы болушылармен достық қарым-қатынасты ұстануы және олардың көңілінен шығуға тырысуы оның жүрегіндегі Аллаһқа және Оның Елшісіне деген иманының әлсіз екенін білдіреді, өйткені егер адам өзі жақсы көретін нәрсесіне дұшпандық сипаттағы өзге бір нәрсені жақсы көрсе, бұл қисынға сыймайын жәйт болады. Ал кәпірлерге қатысты достық қатынаста болуға келер болсақ, бұл олардың күпірлігіне және адасушылығына қолдау жасауда көрініс табуы мүмкін, ал олардың алдында жалтақтап-жағымпаздану адамның олардың сүйіспеншілігіне кез-келген жолмен жетуге ұмтылып, оларға ұнайтын нәрселерді істеуінде көрінеді. Мұндай іс-амалдар иманмен мүлдем үйлеспейтініне ешқандай күмән жоқ, өйткені мүмин адам Аллаһқа және Оның

Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарсы болатын адамға дұшпаңдық танытуы қажет, тіпті ол оның жақын туысы болса да, оны жек көруі және одан алшақтауы керек, алайда бұл оның мұндай адамға игі насихаттар айтпауы және оны ақиқатқа шақырмауы керек дегенді білдірмейді.

Автордың сөзі:

اعْلَمْ أَرْشَدَكَ اللَّهُ لِبَطَاعَتِهِ، أَنَّ الْحَنِيفِيَّةَ مِلَّةَ إِبْرَاهِيمَ؛ أَنْ تَعْبُدَ اللَّهَ وَحْدَهُ، مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ.

«Біл, Аллаһ саған Өзіне мойынсұнуды нәсіп етсін, Ибраһим ұстанған әл-ханифия бірқұдайшылық діні – бұл жалғыз Аллаһқа ғана ықыласты түрде құлшылық етуің».

Шарх:

(«Мойынсұнуды»). Яғни сізге бұйырылғанды орындау және харамнан тыйылу.

(«Бірқұдайшылық діні (әл-ханифия)»). Бірқұдайшылық діні (әл-ханифия) - бұл көпқұдайшылыққа қарама-қарсы және аса

Құдіретті және Ұлы Аллаһқа қатысты ықыласқа негізделген дін.

(«Дін (милләһ»)). Яғни Ибраһим пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстанған діндегі жол.

(«Ибраһим»). Ибраһим аса Рахымдының сүйіктісі еді, өйткені аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деген:

وَاتَّخَذَ اللَّهُ إِبْرَاهِيمَ خَلِيلًا (۱۲۵)

«Өйткені Аллаһ Ибраһимді Өзінің сүйіктісі етті» («ән-Ниса» сүресі, 125-аят). Ибраһим барлық пайғамбарлардың атасы болып табылады, әрі адамдар оған ұқсаулары үшін (Құран мен Сүннетте) оның жолы туралы жиі қайталанып айтылады.

(«Бұл сіздің жалғыз Аллаһқа ғана ықыласты түрде құлшылық етуіңіз»). Бұл сөздер баяндауыштың рөлін атқарады, ал жалпы құлшылық дегенде «Аллаһты дәріптеумен әрі оған деген махаббатпен шартталатын және Оның әмірлерін Оның шарифатының заң-ережелеріне

сәйкес орындауда әрі Ол тыйым салған нәрселерден аулақ болуда көрініс табатын Аллаһқа мойынсұну» меңзеледі.

Ал егер құлшылық туралы толығырақ айтар болсақ, онда шейхул-Ислам Ибн Таймияның (Аллаһ оны рахым етсін) былай деп айтқан сөздерін келтіруге болады: «*Ғибадат – бұл Аллаһ жақсы көретін және Ол разы болатын барлық сөздердің және қорқу, қауіптену, намаз, зекет, ораза сияқты сырттай және іштей жасалатын амалдардың, әрі Ислам адамдарға міндеттеген өзге де істердің жалпы атауы*» («Мәжму’ әл-Фәтауа», 10-т., 149-бет).

(«**Ықыласты түрде**»). Ықылас дегенде бұл жерде тазалық меңзеледі, басқаша айтқанда, адамның бір жағынан бүкіл құлшылық түрлерін тек Аллаһқа ғана арнауы, әрі екінші жағынан «Одан басқа кімге (неге) болсын құлшылық етуге болады» дегенді теріске шығаруы меңзеледі. Әрі өз құлшылық-ғибадатыңда аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың Дидарына жүгіну және Оның разылығын алуға ұмтылу. Осы орайда ол

Аллаһпен қатар (Аллаһқа) жақындатылған періштеге де, адамдарға жіберілген пайғамбарға да құлшылық етпеуге тиіс. Аллаһ Тағала былай деген:

ثُمَّ أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ أَنْ اتَّبِعْ مِلَّةَ إِبْرَاهِيمَ حَنِيفًا وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ
(۱۲۳)

«(Мухаммад,) содан соң саған бірқұдайшыл (ханиф) болған күйде Ибраһимнің дінін ұстануды уахи еттік. Ол серік қосұшылардан болған емес» («ән-Нәхл» сүресі, 123-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَمَنْ يَرْغَبْ عَنْ مِلَّةِ إِبْرَاهِيمَ إِلَّا مَنْ سَفِهَ نَفْسَهُ وَلَقَدِ اصْطَفَيْنَاهُ فِي الدُّنْيَا وَإِنَّهُ فِي الْآخِرَةِ لَمِنَ الصَّالِحِينَ (۱۳۰) إِذْ قَالَ لَهُ رَبُّهُ أَسْلِمْ قَالَ أَسْلَمْتُ لِرَبِّ الْعَالَمِينَ (۱۳۱) وَوَصَّىٰ بِهَا إِبْرَاهِيمَ بَنِيهِ وَيَعْقُوبَ يَا بَنِيَّ إِنَّ اللَّهَ اصْطَفَىٰ لَكُمْ الدِّينَ فَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنْتُمْ مُسْلِمُونَ (۱۳۲)

“Өзін білмеген ақылсыздан басқа кім Ибраһимнің жолынан бет бұрады? Расында, оны дүниеде таңдадық, әрі, күдіксіз, ол Ақыретте де игілерден болады. Міне, сол кезде Раббысы Ибраһимге: «Бой ұсын!», - деді. Ол: «Бүкіл әлемдердің Раббысына бой

ұсындым», - деді. Ибраһим бұны ұлдарына өсиет етті, әрі Яқуб та: «Әй, ұлдарым! Әрине, Аллаһ сендер үшін осы дінді қосшап ұнатты, сондықтан сендер тек мұсылман болған күйде ғана өліңдер», - деді" («әл-Бақара» сүресі, 130-132 аяттар).

Автордың сөзі:

وَبِذَلِكَ أَمَرَ اللَّهُ جَمِيعَ النَّاسِ، وَخَلَقَهُمْ لَهَا؛ كَمَا قَالَ تَعَالَى: ﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾ [الذاريات: 56]. وَمَعْنَى ﴿لِيَعْبُدُونِ﴾: يُؤَخِّدُونَ،

«Аллаһ барлық адамдарға осыны бұйырды, өйткені Ол оларды осы үшін жаратты. Аллаһ Тағала бұл туралы:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾

«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым», - деп айтқанындай («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

«Яғбудун» сөзінің мағынасы - «юаххидун», яғни Аллаһты құлшылықта жалғыздау, бірлеу».

Шарх:

(«Осыны»). Яғни Аллаһ тарапынан барлық адамдарға бұйырылған және Ол оларды осы үшін жаратқан Аллаһқа құлшылық етуді және дінде Оған қатысты ықыласты болуды меңзейтін таухидті (бірқұдайшылықты). Бұл туралы Аллаһ Тағаланың Өзі былай деп айтқан:

وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رَسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا
فَاعْبُدُونِ (۲۵)

«(Мухаммад,) Біз сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: "Күдіксіз, Менен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ендеше, Маған ғана құлшылық қылыңдар!", - деп қана уахи етіп, жібердік» («әл-Әнбия», 25-аят). Әрі аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Өзінің Кітабында адамдар тек осы үшін жаратылғанын түсіндіріп, былай деді:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ

«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

(«Яғни Аллаһты құлшылықта жалғыздау, бірлеу»). Аталған жағдайда таухид өзімен құлшылықты меңзейді. Біз таухидке қарағанда жалпырақ ұғым болып табылатын құлшылық ұғымының нені білдіретіні туралы және нені құлшылық деп атуға болатынын айтып кеткен болатынбыз.

Құлшылықтың екі түрі бар екенін біл:

Біріншісі – бұл ғаламдық сипаттағы құлшылық, яғни бүкіл болмыстың Аллаһ Тағаланың әміріне бағынатыны. Осы мағынада құлшылық – бұл Аллаһ Тағаланың:

إِنَّ كُلَّ مَنْ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ إِلَّا آتِي الرَّحْمَنِ عَبْدًا (۹۳)

«Көктер мен жердегінің әрбірі аса Мейірімдіге тек құл болып келеді» («Мәриям», 93-аят), - деп айтқан сөздеріне сәйкес бүкіл адамзатқа тән нәрсе болып табылады. Сөйтіп, осы тұрғыдан алғанда мүмин де, кәпір де, ізгі де, бұзық та құлшылық етуші болып табылады.

Ал құлшылықтың екінші түрі – бұл адамдарға шариғат міндеттеген құлшылық. Мұндай құлшылық Аллаһ Тағалаға шариғаттың заң-ережелері арқылы мойынсұнуды меңзейді әрі тек Аллаһ Тағалаға бағынған және елшілер алып келген нәрсеге ілескендерге ғана тән болып табылады. Мұндай құлшылық туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

وَعِبَادَ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا وَإِذَا خَاطَبَهُمُ
الْجَاهِلُونَ قَالُوا سَلَامًا (٦٣)

«Аса Мейірімдінің құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға надандар тіл тигізсе де: "Сәләм!", - деп, дұрыс жауап береді» («әл-Фурқан» сүресі, 63-аят).

Құлшылықтың бірінші түріне қатысты айтар болсақ, адам ол үшін мақтау күтуінің қажеті жоқ, өйткені ол оның өздігінен жасайтын істеріне қатысы жоқ, бірақ егер ол игілікте шүкір етушілерден, ал сынақтар кезінде сабырлы болса, онда оған мақтау айтылуы мүмкін. Ал енді құлшылықтың екінші түріне келер болсақ, онда ол үшін адам мақтауға лайық болуы мүмкін.

Автордың сөзі:

وَأَعْظَمُ مَا أَمَرَ اللَّهُ بِهِ التَّوْحِيدُ، وَهُوَ: إِفْرَادُ اللَّهِ بِالْعِبَادَةِ.

«Аллаһтың ең ұлы бұйырығы – біқұдайшылықты (таухидті) ұстану. Ол тек Аллаһқа ғана құлшылық етуді білдіреді».

Шарх:

(«Таухид»). «Таухид» сөзі араб тілінде «уахида» (біріктіру, әлдебір нәрсені жалғыз ету) етістігінен пайда болған зат есім («әл-масдар») болып табылады. Мұндай біріктіруге (жалғыз етуге) тек теріске шығару және растау арқылы, яғни осы үкімді біріктірудің (жалғыз етудің) объектісінен өзге қандай да бір нәрсеге қатысты қолдану мүмкіндігін теріске шығару және оны тек соған қатысты ғана қолдануға болатындығын растау арқылы қол жеткізіледі. Мысалы, біз: «Адамның бірқұдайшылығы ол Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екендігіне куәлік етпей, әрі сонысы арқылы Аллаһтан басқа кім (не) болсын құдайлық болмысқа ие болуы мүмкіндігін теріске шығармай, және оған (яғни

құдайлық болмысқа – ауд.) тек жалғыз Аллаһ қана ие екендігін растамай толық болмайды» деп айтамыз.

Ал «таухидтің» арнайы термин ретіндегі мағынасына келер болсақ, автор оған «жалғыз Аллаһқа құлшылық ету» деп анықтама береді. Бұл біздің тек Аллаһқа ғана құлшылық етуге тиісті екімізді әрі Онымен қатар ешкімді, мейлі ол адамдарға жіберілген пайғамбар, жақындатылған періште, көсем, басшы, патша немесе басқа адам болсын, құлшылық объектісіне айналдырмауға тиісті екенімізді білдіреді. Басқаша айтқанда, біз Аллаһқа деген махаббатымыздың және Оны дәріптеуіміздің негізінде, сондай-ақ өзіміздің игі ниет-еркімізбен және Одан қорыққанымыздан тек Оған ғана құлшылық етуіміз керек. Автор (Аллаһ оны рахым етсін) адамдар соны амалға асырулары үшін оларға елшілер жіберілген таухидті меңзеді, өйткені дәл осыда олардың руластары түрлі ауытқуларға жол беретін.

Таухидтің (бірқұдайшылықтың) «Аллаһқа ғана тән нәрселерге тек Ол ғана ие екендігін

мойындау» деп түсінілетін бұдан да жалпылама анықтамасы бар.

Таухидтің (бірқұдайшылықтың) үш түрі бар:

БІРІНШІСІ: Пәк Аллаһ Тағаланы жалғыз Жаратушы, Ие және Басқарушы деп мойындауды меңзейтін таухид. Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деді:

اللَّهُ خَالِقُ كُلِّ شَيْءٍ وَهُوَ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ وَكِيلٌ (٦٢)

«Аллаһ – барлық нәрсенің Жаратушысы. Ол – барлық нәрсенің Қамқоршысы әрі Сақтаушысы» («әз-Зүмәр» сүресі, 62-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ اذْكُرُوا نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ هَلْ مِنْ خَالِقٍ غَيْرِ اللَّهِ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ فَأَنَّى تُؤْفَكُونَ (٣)

«Әй, адам баласы! Аллаһ сендерге берген нығметін еске алыңдар: Сендерге көктен, жерден несібе беретін Аллаһпен қатар бір жаратушы бар ма? Одан басқа

құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ендеше нендей ақиқаттан бет бұрғансыңдар!» («Фатыр» сүресі, 3-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

تَبَارَكَ الَّذِي بِيَدِهِ الْمُلْكُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ (۱)

«Бүкіл билік Қолында болған Аллаһ Игі-Берекелі (Тәбарак), әрі Оның әр нәрсеге күші толық жетеді!» («әл-Мүлк» сүресі, 1-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَى عَلَى الْعَرْشِ يُغْشِي اللَّيْلَ النَّهَارَ يَطْلُبُهُ حَثِيثًا وَالشَّمْسَ وَالْقَمَرَ وَالنُّجُومَ مُسَخَّرَاتٍ بِأَمْرِهِ أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ (۵۴)

«Күдіксіз, Раббыларың сондай Аллаһ, көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Содан кейін Аршыға көтерілген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді, және күн мен айды, сондай-ақ жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Күмән жоқ, жарату және бұйрық беру Оған тән. Бүкіл әлемнің Раббысы – Аллаһ Игі-Берекелі (Тәбарак)» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят).

ЕКІНШІСІ: тек Аллаһ қана құдайлық болмысқа ие екендігін мойындауды меңзейтін таухид. Оның мәні адам тек Пәк Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық етуі керек екендігінде әрі Аллаһтан басқа ешкімді құлшылық объектісі ретінде таңдамауы және Одан басқа ешкімге жақындауға ұмтылмауы керек екендігінде.

ҮШІНШІСІ: (құдайлық) есімдер мен сипаттарға қатысты таухид. Бұл – тек Пәк Аллаһ Тағала ғана Өзін Өзі атаған есімдерге және Өзінің Кітабында Өзін солар арқылы сипаттаған немесе олар туралы Өзінің Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хабарлаған әрі ол осы туралы адамдарға айтып жеткізген сипаттарға ие екендігін мойындау. Мұндай мойындау Ол (Өзінің есім сипаттарына қатысты) бекіткен нәрселерді ешбір бұрмалауларсыз, алып тастаусыз, өзгертусіз және ұқсатусыз растауды және Ол теріске шығарған нәрселерді теріске шығаруды меңзейді.

Аталған жағдайда автор жоғарыда аталған бірқұдайшылық түрлерінің екіншісін, яғни тек Аллаһ қана құдайлық болмысқа ие екендігін атап

тұр. Міне, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соғысқан көпқұдайшыл-мүшриктер дәл осыда адасқан болатын. Әрі елшілер өздері жіберілген қауымдарды басқа нәрселерден бұрын дәл осыда хақ жолға салуға талпынатын. Аллаһ Тағала былай деді:

وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَّسُولًا أَنْ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ
فَمِنْهُمْ مَنْ هَدَى اللَّهُ وَمِنْهُمْ مَنْ حَقَّتْ عَلَيْهِ الضَّلَالَةُ فَسِيرُوا فِي الْأَرْضِ
فَانظُرُوا كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الْمُكذِّبِينَ (۳۶)

«Расында, Біз әр үмметке: “Аллаһқа құлшылық етіңдер әрі тағуттан аулақ болыңдар”, - дейтін елші жібердік» («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Сөйтіп, дұрыс деп тек аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа жасалатын құлшылықты ғана атауға болады, ал бірқұдайшылықтың осындай түрінен бас тартатынның кез-келгенін мүшрик және кәпір деп есептеу қажет, тіпті ол Аллаһты жалғыз Жаратушы және белгілі есім сипаттардың жалғыз құқықты иесі деп мойындаса да. Мысалы, егер адам Аллаһтың жалғыз Жаратушы екенін және белгілі есім сипаттардың жалғыз құқықты иесі

екенін сөзсіз мойындаса, бірақ осы орайда әлдебір қабір-кесенеге зиярат жасап, сол жерде жерленген әлдебіреуге құлшылық етсе, немесе оған арнап құрбан шалса әрі осынысымен оған жақындауға ұмтылса, бұл оның көпқұдайшыл-мүшрик және кәпір екенін әрі оны ол онда мәңгі қалатын От күтіп тұрғанын білдіреді. Өйткені Аллаһ былай деді:

إِنَّهُ مَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ حَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ وَمَأْوَاهُ النَّارُ وَمَا لِلظَّالِمِينَ مِنْ أَنْصَارٍ (۷۲)

«Расында, кім Аллаһқа ортақ қосса, Аллаһ оған Жәннатты харам етеді. Оның орны Тозақ болады. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ!» («әл-Мәида» сүресі, 72-аят).

Бірқұдайшылықты (таухидті) ұстану Аллаһтың ең ұлы бұйрығы болуының себебі – дәл таухид бүкіл дін соған негізделетін нәрсе болып табылатынында, әрі сондықтан да пайғамбар Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің Аллаһқа шақыруын дәл таухидтен бастады, әрі басқа адамдарға осы дағуатты жеткізу

үшін жіберген (сахабаларына да) осыдан бастауды бұйыратын.

Автордың сөзі:

وَأَعْظَمَ مَا نَهَى عَنْهُ الشِّرْكَ، وَهُوَ: دَعْوُهُ غَيْرَ مَعَهُ، وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى ﴿وَأَعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا﴾ [النساء: 35].

“Ал Аллаһ тыйым салған ең үлкен нәрсе – ширк, яғни Аллаһпен бірге басқаларға да құлшылық жасау. Бұған дәлел – Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَأَعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا﴾

«Аллаһқа құлшылық етіндер, әрі Оған ешкімді серік қоспаңдар» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят)”.

Шарх:

(«Тыйым салған ең ұлы нәрсе»). Аллаһтың ең ұлы тыйымы ширкке деген тыйым болуының себебі – бүкіл хақылардың ең ұлысы – бұл аса Құдіреті және Ұлы Аллаһтың хақысы болып табылатынында, әрі егер адам Оның хақысын бұзатын болса, ол сонысымен хақылардың ең

ұлығын, яғни аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың Оған жалғыз құлшылыққа лайықты хақ Құдай ретінде қарым-қатынас жасауға деген хақысын бұзған болады. Аллаһ Тағала былай деді:

وَإِذْ قَالَ لُقْمَانُ لِابْنِهِ وَهُوَ يَعِظُهُ يَا بُنَيَّ لَا تُشْرِكْ بِاللَّهِ إِنَّ الشِّرْكَ لَظُلْمٌ عَظِيمٌ (۱۳)

“Сол уақытта Луқман өз ұлына үгіт-насихат бере отырып: «Әй, ұлым! Аллаһқа серік қоспа! Күдіксіз, серік қосу зор зұлымдық», - деді” («Луқман» сүресі, 13-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَىٰ إِثْمًا عَظِيمًا (۴۸)

«Сондай-ақ кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, жала қойып, зор күнәлі болды» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ сондай-ақ былай деді:

وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ ضَلَّ ضَلَالًا بَعِيدًا (۱۱۶)

«Ал кім Аллаһқа серік қосса, сол зор адасушылыққа түсті» («ән-Ниса» сүресі, 116-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

إِنَّهُ مَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ حَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ وَمَأْوَاهُ النَّارُ وَمَا لِلظَّالِمِينَ مِنْ أَنْصَارٍ (۷۲)

«Расында, кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, Аллаһ оған Жәннатты харам етеді. Оның орны Тозақ болады. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ!» («әл-Мәида» сүресі, 72-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَىٰ إِثْمًا عَظِيمًا (۴۸)

«Аллаһ Өзіне ортақ қосылуды жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, жала қойып, зор күнәлі болды» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

Ал Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келер болсақ, ол: *«Ең ұлы күнә - Аллаһ сені жаратқан бола тұра, Оған кімді болса да теңеу»*, - деп айтқан («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», (№1631); және Муслим (№ 52)).

Жәбир бин Абдуллаһтан (оған және оның әкесіне Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Кім Аллаһпен қатар ешкімге құлшылық етпей қайтыс болса, сол Жәннатқа кіреді, ал кім Онымен бірге кімге (неге) болса да құлшылық етіп өлсе, сол Тозаққа кіреді»* (Муслим, № 92).

Сондай-ақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Кім Аллаһпен қатар кімге (неге) болса да құлшылық етіп өлсе, Отқа кіреді»* , - деп айтқаны жеткізіледі («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», № 598).

Аллаһ Тағаланың құлшылықты парыз еткеніне және ширкті тыйым салғанына дәлел

ретінде автор (Аллаһ оны рахым етсін) Аллаһ Тағаланың мына сөздерін қолданған:

«Аллаһқа құлшылық етіңдер, әрі Оған ешкімді серік қоспаңдар» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят)».

Сөйтіп, Аллаһ Тағала Өзіне құлшылық етуді бұйырғаны және Оған кімді (нені) болса да серік қосуға тыйым салғаны, әрі бұл тек Оған ғана құлшылық ету керек екенін растауды меңзейтіні айқын болды. Ал егер адам Аллаһқа құлшылық етпесе, онда ол кәпір әрі тәкаппар болғаны, ал егер ол Аллаһқа құлшылық етсе, бірақ Онымен қатар тағы да әлдекімге (әлденеге) құлшылық етсе, онда ол кәпір және мүшрик болғаны, әрі кім тек Аллаһқа ғана құлшылық етсе және Оған ешкімді серік қоспаса, сол өз дінінде ықыласты мұсылман болғаны.

Көпқұдайшылықтың (Аллаһқа серік қосудың) **«ширктің»** екі түрі болады: үлкен ширк және кіші ширк.

БІРІНШІ ТҮРІ: Үлкен ширк – бұл Заң Шығарушы (Аллаһ) ширк деп атаған және соның салдарынан адам өз дінінен шығатын ширк.

ЕКІНШІ ТҮРІ: Кіші ширк – бұл шарифат тарапынан ширк деп сипатталатын, кез-келген сөз бен істерде көрініс табатын, бірақ адамды діннен шығармайтын ширк.

Қалай болғанда да адам үлкен ширктен де, кіші ширктен де сақтануы қажет, өйткені Аллаһ Тағала былай деп айтты:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَىٰ إِثْمًا عَظِيمًا (٤٨)

«Аллаһ Өзіне ортақ қосылуды жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, жала қойып, зор күнәлі болды» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

Ал кейбір білім иелері бұл қорқыту ширктің кез-келген түріне, соның ішінде кіші ширкке де қатысты деп айтқан.

Автордың сөзі:

فَإِذَا قِيلَ لَكَ: مَا الْأُصُولُ الثَّلَاثَةُ الَّتِي يَجِبُ عَلَى الْإِنْسَانِ مَعْرِفَتُهَا؟ فَقُلْ: مَعْرِفَةُ الْعَبْدِ رَبَّهُ، وَدِينَهُ، وَنَبِيَّهُ مُحَمَّدًا صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ.

“Егер сізден: «Адам білуі парыз болған үш негіз қандай?» - деп сұраса, оған: «Пеңденің өз Раббысын, дінін және пайғамбары Мухаммадты (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) тануы», - деп жауап беріңіз”.

Шарх:

(«Негіз»). Негіз деп оған өзге бір нәрсе негізделетін барлық нәрсе аталады, мысалы, қабырғаның негізі немесе оның іргетасы немесе ағаштың бұтақтары тарайтын діңгегі. Ал Аллаһ былай деді:

أَلَمْ تَرَ كَيْفَ ضَرَبَ اللَّهُ مَثَلًا كَلِمَةً طَيِّبَةً كَشَجَرَةٍ طَيِّبَةٍ أَصْلُهَا ثَابِتٌ وَفَرْعُهَا فِي السَّمَاءِ (۲۴)

«(Мухаммад,) Аллаһ қандай мысалдар келтіретінін көрмейсің бе? Көркем сөз - тамыры мықты, бұтағы көкке көтерілетін

бір көркем ағаш тәрізді» («Ибраһим» сүресі, 24-аят).

Автор (Аллаһ оны рахым етсін) осыны ескерту арқылы адам қабірінде сұралатын үш негізге нұсқағысы келді, өйткені әрбір адамға: «Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім?» - деп үш сұрақ қойылады.

(«Үш негіз қандай»). Автор (Аллаһ тағала оны рахым етсін) бұл сөйлемшеге сұрақ райын беруінің себебі – ол адамның көңілін осыған бұрғысы келгенінде, өйткені бұл маңыздылығы ұлы мәселе әрі үлкен негіздердің бірі болып табылады. Ол осы үш негізді адам танып білуі керек екендігін айтты, өйткені адам қабірде солар жайында сұралады, себебі ол жерленген соң және оның достары оны тастап кеткен соң, оған екі періште келеді де, отырғызып қойып, одан: «Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім?», - деп сұрайды. Әрі егер қайтыс болған адам мүмин болған боса, онда ол: «Раббым – Аллаһ, дінім – Ислам, ал Пайғамбарым – Мухаммад», - деп жауап береді. Ал егер өлген адам күмәнданушы

немесе екіжүзді болған болса, ол: «Білмеймін, мен тек адамдардың әлдебір нәрселер айтып жүргенін еститінмін және соны қайталайтынмын», - деп айтады.

(«Пенденің өз Раббысын тануы»). Аллаһты тануға бірнеше себептер арқылы қол жеткізу мүмкін болмақ. Олардың арасында Ол жаратқан нәрселерге назар салып қарау және бұл туралы ойлану бар, өйткені бұл Аллаһты, Оның билігінің ұлықтығын, Оның құдіретінің кемелдігін, Оның даналығын және Оның рахымын тануға алып келеді. Аллаһ Тағала былай деді:

أَوَلَمْ يَنْظُرُوا فِي مَلَكُوتِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَا خَلَقَ اللَّهُ مِنْ شَيْءٍ

«Олар көктер мен жердегі Аллаһтың мүліктеріне және Аллаһ жаратқан нәрселеріне ... үңіліп қарамайды ма?» («әл-Әғраф» сүресі, 185-аят). Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ сондай-ақ былай деді:

فَلَنْ إِنَّمَا أُعْظَمَكُمْ بِوَاحِدَةٍ أَنْ تَقُومُوا لِلَّهِ مِثْلِي وَفَرَادَى ثُمَّ تَتَفَكَّرُوا مَا بِصَاحِبِكُمْ مِنْ جِنَّةٍ إِنْ هُوَ إِلَّا نَذِيرٌ لَكُمْ بَيْنَ يَدَيْ عَذَابٍ شَدِيدٍ (٤٦)

“(Мухаммад,) оларға: «Шын мәнінде, сендерге бір үгіт беремін; Аллаһ үшін екі-екіден және бір-бірден тұрыңдар да, сосын ойланыңдар...», - де” («әс-Саба» сүресі, 46-аят). Аллаһ сондай-ақ былай деді:

إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ لآيَاتٍ لِّأُولِي الْأَبْصَارِ (۱۹۰)

«Шәксіз, көктердің және жердің жаратылуында, түннің және күндіздің өзгеруінде, әлбетте, ақыл иелері үшін дәлелдер бар» («Әли Имран» сүресі, 190-аят). Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ сондай-ақ былай деді:

إِنَّ فِي اخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ وَمَا خَلَقَ اللَّهُ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ لآيَاتٍ لِّقَوْمٍ يَتَفَوَّنُونَ (۶)

«Расында, түн мен күннің ауысып келуінде және Аллаһтың көктер мен жердегі жаратқан нәрселерінде, әрине, сақтанатын ел үшін дәлелдер бар» («Юнус» сүресі, 6-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ وَالْفُلْكِ الَّتِي تَجْرِي فِي الْبَحْرِ بِمَا يَنْفَعُ النَّاسَ وَمَا أَنْزَلَ اللَّهُ مِنَ السَّمَاءِ مِنْ مَاءٍ فَأَحْيَا بِهِ الْأَرْضَ بَعْدَ مَوْتِهَا وَبَثَّ فِيهَا مِنْ كُلِّ دَابَّةٍ وَتَصْرِيفِ الرِّيَّاحِ وَالسَّحَابِ الْمُسَخَّرِ بَيْنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ لآيَاتٍ لِقَوْمٍ يَعْقِلُونَ (١٦٤)

«Күдіксіз, көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күннің ауысуында, адам баласына пайдалы нәрселерді тасып, теңізде жүрген кемелерде, Аллаһ аспаннан жаудырып әрі сол арқылы өлген жерді тірілткен жаңбырда, және онда әр түрлі хайуанаттарды таратқанында, желдердің ауысуында, жер мен көктің арасында бағынышты болып тұрған бұлтта, әлбетте, ойланатын адамдар үшін аят-белгілер бар» («әл-Бақара» сүресі, 164-аят).

Пенденің Раббысын тану тәсілдеріне Аллаһтың шарифатқа қатысты аят-белгілерің, яғни адамдарға пайғамбарлар (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) баяндап берген уахиларды зерделеу де жатады. Пенде бұл аят-белгілерге және бұл дүние мен Ақыреттегі өмірдің негізі болып табылатын олардың ұлы игілігіне назар аударуы керек, әрі егер ол оларға назар

қоятын болса, олар туралы (әрі олар өзіне қамтыған білім мен даналық туралы) ойланатын болса, әрі олардың реттілігіне және Аллаһтың құлдарының мүдделеріне сәйкес екендігіне көзі жетсе, онда осы арқылы ол өзінің аса Құдіретті әрі Ұлы Раббысын тани алады. Бұл туралы Аллаһ былай деп айтқанындай:

أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْفُرْقَانَ وَلَوْ كَانَ مِنْ عِنْدِ غَيْرِ اللَّهِ لَوَجَدُوا فِيهِ اخْتِلَافًا
كَثِيرًا (٨٢)

«Ал, сонда олар Құран туралы ойланбайды ма? Өйткені егер ол Аллаһтан болмағанда, әрине, онда олар көптеген қайшылықтар табар еді» («ән-Ниса» сүресі, 82-аят).

Жоғарыда аталған себептердің қатарына аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың мүминнің жүрегіне ол Оны өңінде көретініндей таным сыйлай алатыны да жатады. Жәбірейілдің «Ихсан не?» деген сұрағына Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жауап бергені туралы жеткізіледі: *«Ихсан дегеніміз – бұл сенің Аллаһқа Оны көріп тұрғаныңдай*

құлишылық етуің, ал егер сен Оны көрмесең де, ақиқатында, Ол сені көріп тұр (екенін ұмытпау)» («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», № 47).

(«Оның дінін»). Яғни екінші негізді, немесе адамға соған сәйкес амал ету парызы етілген Оның дінін тану. Әрі ол сондай-ақ дін өзіне қамтыған даналыққа, рахымшылыққа және адамдарға деген пайдаға сәйкес амал етуі керек, әрі оны оған зиян-зардап келтіретін барлық нәрседен қорғауы қажет. Егер адам Ислам туралы дін ретінде жақсылап, яғни осы ойланудың негізіне Құран мен Сүннеттің заң-ережелері қойылатындай ойланатын болса, онда ол Исламның хақ дін екеніне әрі тек сол арқылы ғана адамдардың мүдделеріне сәйкес келетін нәрселердің орындалуына қол жеткізуге болатындығын біледі. Осы орайда біз Исламды мұсылмандардың қазіргі жағдайына сәйкес бағаламауымыз керек, өйткені олар көп нәрселерді елемей тастады әрі ешбір жағдайда жол беруге болмайтын нәрселерге жол берді, осының салдарынан кейбір елдерде мұсылмандар

арасында өмір сүретін адам мұсылман емес ортада өмір сүріп жатқандай болды.

Осы орайда Ислам дін ретінде, Аллаһқа мадақ, бұрынғы діндерге тән болған бүкіл пайдалы нәрселерді өзіне қамтиды, әрі олардан өзінің кез-келген уақытқа, кез-келген жерге және кез-келген халыққа сәйкес келуімен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз – Исламды ұстану халықтың мүддесіне, ол қай кезде, қай жерде өмір сүрсе де, еш қайшы келмейді, керісінше, оларға сәйкес келеді дегенді білдіреді. Басқа жағынан, бұл Исламның әлдебір уақытқа, орынға немесе адамдарға бағынышты болып қалатынын білдірмейді, өйткені бұл дін кез-келген лайықты адамгершілік сипаттарды қолпаштап әрі жаман сипаттарға тыйым салып, бүкіл игілікті жасауды бұйырады және бүкіл жамандыққа тыйым салады.

(«Әрі Оның Пайғамбарын (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)»). Бұл жерде үшінші негіз туралы, яғни адамның Оның Пайғамбары Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын) тануы туралы сөз болуда. Мұндай танымға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірін зертеу арқылы, яғни ол өзінің құлшылығын қалайша атқарғандығы туралы, оған қандай адамгершілік сипаттар тән болғандығы туралы, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа қалай шақырғандығы туралы, ол Оның жолында қалай күрескендігі туралы, әрі ол басқа да түрлі жағдайларда өзін қалай көрсеткендігі туралы білім алу арқылы ие болуға болады. Әрі сондықтан да Пайғамбар туралы өзінің білімін және оған деген иманын көбейткісі келген адам, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаянына жүгінуі және ол жерден ол солар арқылы соғыс күндерінде де, бейбітшілік кезде де, мұқтаждықта да, молшылықта да, сондай-ақ барлық басқа жағдайларда да жетістікке жете алатын нәрселерді алуға тиіс. Әрі біз аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтан Ол бізді Өзінің Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сырттай және іштей ілесу жолына салуын және бізді осындай кейіпте көз жұмуымызды

нәсіп етуін сұраймыз, өйткені, ақиқатында, бұл Оған тәуелді, әрі Ол осыны істеуге құдіретті.

Автор сөзі:

* الأصل الأول *

معرفة الرب

فَإِذَا قِيلَ لَكَ: مَنْ رَبُّكَ؟

قُلْ: رَبِّيَ اللَّهُ الَّذِي رَبَّنِي، وَرَبِّيَ جَمِيعَ الْعَالَمِينَ بِنِعْمِهِ، وَهُوَ مَعْبُودِي لَيْسَ لِي مَعْبُودٌ سِوَاهُ؛

«БІРІНШІ НЕГІЗ: РАББЫСЫН ТАҢУ

Егер сізден: «Раббың кім?» - деп сұраса, сіз: «Менің Раббым – Аллаһ. Ол мені тәрбиелеп-өсірді (Раббылық етті) және бүкіл әлемдерді де Өз нығметімен тәрбиелеп-өсірді. Мен Оған ғана құлшылық етемін және мен үшін Одан басқа құлшылық етер ешбір құдай жоқ!», - деп жауап беріңіз».

Шарх:

(«Раббың кім?»). Яғни сені жаратқан, қолдаған, дайындаған және өмір сүруіңе қажетті нәрселермен қамтамасыз еткен Раббың кім?

(«Мені және бүкіл әлемдерді Өз нығметімен тәрбиелеп-өсірді»). Тәрбиелеп-өсіру дегенде сол арқылы өсіріп-тәрбиеленетін нәрсенің түзелуіне қол жеткізілетін зейін-назар таныту меңзеледі. Автордың (Аллаһ оны рахым етсін) сөздері «Раббы» (Рабб) сөзінің тәрбиелеп-өсіру (тарбия) сөзіне қатысты екенін сезіндіреді, өйткені ол былай деп айтқан: «... Ол мені тәрбиелеп өсірді (раббани) және бүкіл әлемдерді де Өз нығметімен тәрбиелеп-өсірді (рабба)». Әрі шындығында да, Аллаһ Өз нығметімен бүкіл әлемдерді олар не үшін жаратылған болса, соған дайындап және олардың өмір сүруіне қажетті нәрселерін беру арқылы қолдап, тәрбиелеп-өсірді. Мысалы, Муса мен Перғауынның әңгімесі туралы баяндап, Аллаһ былай деген:

قَالَ فَمَنْ رَبُّكُمَا يَا مُوسَى (٤٩) قَالَ رَبُّنَا الَّذِي أَعْطَى كُلَّ شَيْءٍ خَلْقَهُ ثُمَّ هَدَى (٥٠)

«(Перғауын:) "Әй Муса! Раббыларың кім?", - деді. (Муса:) "Раббымыз - әр нәрсеге бір бейне беріп, содан соң оны тура жолға салған", - деді» («Та Ха» сүресі, 49-50-аят). Әрі аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ бүкіл әлемдерді Өз

нығметтерімен

тәрбиелеп-өсіріп,
ризықтандырды.

Аса Құдіретті және ұлы Аллаһ Өзінің құлдарына берген нығметтері соншалықты көп, олардың санына жету тіпті мүмкін емес.

Аллаһ Тағала былай деген:

وَأَتَاكُمْ مِنْ كُلِّ مَا سَأَلْتُمُوهُ وَإِنْ تَعُدُّوا نِعْمَةَ اللَّهِ لَا تُحْصُوهَا إِنَّ
الْإِنْسَانَ لَظَلُومٌ كَفَّارٌ (۳۴)

«Егер Аллаһтың нығметтерін санасаңдар, санына жете алмайсыңдар. Расында, адам баласы өте ынсапсыз әрі аса шүкірсіз» («Ибраһим» сүресі, 34-аят). Сөйтіп, Аллаһ бізді жаратқандықтан, бізді дайындағандықтан және бізге өмір сүруімізге қажетті нәрселерімізді бергендіктен, жалғыз Ол ғана құлшылық етуге лайық.

(«Мен Оған ғана құлшылық етемін»). Яғни: Ол – менің құлшылық ететінім, әрі мен Оған толық тәуелді болғандығымнан, Оны жақсы көргендігімнен, сондай-ақ Ол маған бұйырған нәрселерді орындауым және Ол маған тыйым салған нәрселерден тыйылуым арқылы Оны

ардақтап-дәріптейтіндігімен Оған бағынып-мойынсұнамын. Әрі аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтан басқа мен құлшылық ететін ешкім жоқ, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رَسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدُونِ
(۲۵)

«(Мухаммад,) Біз сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: "Күдіксіз, Менен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ендеше, Маған ғана құлшылық қылыңдар!", - деп қана уахи етіп жібердік» («әл-Әнбия» сүресі, 25-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَمَا أَمُرُوا إِلَّا لِیَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقِيَمَةِ (۵)

«Олар ғибадатты нағыз Аллаһқа шынайы ықыласпен, бірқұдайшыл (ханиф) болған күйде орындауға, намаз оқуға және зекет беруге бұйырылған еді. Міне осы – тұп-тура дін» («әл-Бәййина» сүресі, 5-аят).

Автордың сөздері:

وَالدَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ﴾ [الفاتحة: 2].

«Бұған дәлел - Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ﴾

«Барлық мақтау әлемдердің Раббысы – Аллаһқа» («Фатиха» сүресі, 2-аят)».

Шарх:

(«Дәлел»). Автор (Аллаһ оны рахым етсін) Пәк Аллаһ Тағала бүкіл болмысты тәрбиелеп-өсіргеніне нұсқап, осыған дәлел ретінде Аллаһ Тағаланың:

﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ﴾ (۲)

«Барлық мақтау әлемдердің Раббысы – Аллаһқа» («Фатиха» сүресі, 2-аят)», - деген сөздерін пайдаланады, ал бұл Аллаһ Тағаланы кемелдік пен ұлылықтың жалғыз Иесі ретінде сипаттайды.

«Әлемдердің Раббысы» деген сөздер Оның оларды Өз нығметтерімен тәрбиелеп-өсіргенін, Ол олардың Жаратушысы және Иесі екенін, әрі Ол оларды Өз қалауына сәйкес басқаратынын білдіреді.

Автордың сөздері:

وَكُلُّ مَنْ سِوَى اللَّهِ عَالَمٌ، وَأَنَا وَاحِدٌ مِنْ ذَلِكَ الْعَالَمِ.

فَإِذَا قِيلَ لَكَ: يَمَّ عَرَفْتَ رَبَّنَا؟

فَقُلْ: بِآيَاتِهِ وَمَخْلُوقَاتِهِ، وَمِنْ آيَاتِهِ: اللَّيْلُ، وَالنَّهَارُ، وَالشَّمْسُ، وَالْقَمَرُ، وَمِنْ

مَخْلُوقَاتِهِ السَّمَاوَاتُ السَّبْعُ وَالْأَرْضُونَ السَّبْعُ وَمَنْ فِيهِنَّ، وَمَا بَيْنَهُمَا؛

«Аллаһтан өзгенің барлығы - әлем, мен де сол әлемнің бірімін.

Егер де сізге: «Сен Раббыңды не арқылы таныдың?» - деген сұрақ қойылса, сіз: «Оның аят-белгілері мен Ол жаратқан нәрселері арқылы таныдым», - деп жауап беріңіз. Түн мен күндіз, күн мен ай Оның аят-белгілерінен. Ал жеті қабат аспан мен жеті қабат жер және ондағылар мен олардың арасындағылар - Аллаһтың жаратылыстарынан».

Шарх:

(«Аллаһтан өзгенің барлығы – әлем»).

Аллаһтан өзгенің барлығы әлем болып табылады, әрі жаратылған нәрселердің барлығының әлем (ғаләм) деп аталуы – олардың өз Жаратушысына, Иесіне және Басқарушысына нұсқау (аләм) болып табылатынында, өйткені әрбір зат өзіне Аллаһтың Жалғыз екендігіне нұсқайтын Аллаһтың аят-белгісін қамтиды.

Мен осымен келісемін әрі осы әлемдердің бірі болып табыламын, ал бұл Аллаһтың мені де жалғыз Өзіне ғана құлшылық етуге міндеттегенін білдіреді.

(«Сен Раббыңды не арқылы таныдың?»).

Яғни егер сенен: «Сен аса Құдіретті және Ұлы Аллаһты не арқылы таныдың?» - деп сұраса, сен: «Мен Оны Оның аят-белгілері және Ол жаратқан нәрселері арқылы таныдым», - деп жауап бер.

(«Аят-белгілері»).

Аят деп әлдебір құбылыстың оған нұсқау болып табылатын және оны өзі арқылы түсіндіріп беретін белгісін атайды.

Аллаһтың аят-белгілері екі түрлі болады: бүкіл болмыста көрініс табатын аят-белгілер, және діни заңның түсуімен байланысты аяттар. Бүкіл болмыста көрініс табатын аят-белгілерге Аллаһтың бүкіл жаратылысы жатады. Ал діни заңдардың түсірілуіне байланысты аяттарға келер болсақ, олар Аллаһтың Өз елшілеріне түсірген уахилары болып табылады. Осыдан шыға келе, егер «аят» дегенде аят-белгілердің екі түрін де түсінетін болсақ, онда автордың (Аллаһ оны рахым етсін): «**Оның аят-белгілері мен Оның жаратқан нәрселері арқылы...**», - деген сөздері жалпыға жекені жалғау болып табылады. Ал егер сөз тек діни заңдарды түсірумен байланысты аяттар туралы болып жатса, онда бұл сөздер³ қосымшаның рөлін атқарады. Алайда, қалай болғанда да, аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Оның бүкіл болмыста, яғни ғажайып өнер мен теңдесі жоқ даналықтың өнегесі болып табылатын Оның бүкіл ұлы жаратылыстарында көрініс табатын аят-белгілерінің көмегімен, сондай-ақ Оның

³ Яғни «**Оның жаратқан нәрселері**» сөздері – ауд. (қаз).

әділдігімен ерекшеленетін әрі өзіне бүкіл пайдалы нәрсені біріктіріп, бүкіл жамандыққа қарсы тұратын діни заңдарды түсіруімен байланысты аяттарының көмегімен танылатыны дұрыс. Ақындардың біреуі: *«Әрбір затта Оның Жалғыз екендігіне нұсқайтын Оның аят-белгісі бар»*, - деген екен.

(«Түн мен күндіз, күн мен ай Оның аят-белгілерінен»). Оның жоғарыда аталған барлық аят-белгілері Аллаһтың құдіретінің, даналығының және рахымының мінсіз кемелдігіне нұсқайды. Мысалы, күн аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың аят-белгілерінің бірі болып табылады, өйткені ол Аллаһ Тағала оны жаратқан уақыттан бері тәртіпті және таң қаларлықтай қозғалыс кейіпінде болып келеді, әрі Аллаһ бұл дүниені бұзуды қалағанға дейін ол осылайша қозғала береді. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

وَالشَّمْسُ تَجْرِي لِمُسْتَقَرٍّ لَهَا ذَلِكَ تَقْدِيرُ الْعَزِيزِ الْعَلِيمِ (۳۸)

«Сондай-ақ күн өзінің орнына қарай жүреді. Бұл аса Үстем, әр нәрсені Білуші Аллаһтың белгілеген тағдыры» («Я Син»

сүресі, 38-аят). Өзінің көлемімен және ықпалымен ол Аллаһтың аят-белгілеріне жатады, өйткені оның көлемі өте үлкен. Ал оның ықпалы туралы айтар болсақ, онда ол денелердің, ағаштардың, өзендердің, теңіздердің тағы да сол сияқтылардың ол арқылы алатын пайдасында көрініс табады. Әрі егер біз күнмен біздің арамызды бөліп жатқан сол бір ұлы қашықтыққа назар салатын болсақ, онда біз осыған қарамастан оның жылуын сезіп жатқанымызға көз жеткізе аламыз. Сондай-ақ оның адамдарға беріп жатқан жарығына әрі олар сол арқылы өздері үшін көптеген пайдалар алып жатқанына да назар аудару қажет, өйткені күндізгі уақытта оларға (айналасын) жарықтандыру үшін еш нәрсе жұмсаудың қажеті жоқ. Әрі бұл аят-белгі әлі де болса көп жағынан танылмағаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін өзге де көптеген осындай заттарға нұсқауға болады.

Әрі ай да оның әрбір фазасын аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ әрбір жаңа түнге сәйкес болатындай етіп белгілеген Оның аят-белгілеріне жатады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَالْقَمَرَ قَدَرْنَا مِنْ أَنْزَلْنَا حَتَّىٰ عَادَ كَالْعُرْجُونِ الْقَدِيمِ (39)

«Біз айдың орындарын да, ол ескі құрманың құраған бұтағындай болғанға дейін өлшеп қойдық» («Я Син» сүресі, 39-аят). Әрі осы орайда ай алдымен кішкентай болып көрінеді де, кейін өзінің толық көлеміне дейін өсіп, содан соң тағы да кішіреді, және осынысымен ол дүниеге әлсіз болып келетін, кейін күш жинайтын, ал содан соң қайтадан әлсіздікке оралатын адамды елестетеді. Жаратушылардың ең жақсысы Аллаһ Игі-Берекелі!

Автордың сөзі:

وَالدَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَمِنْ آيَاتِهِ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ لَا تَسْجُدُوا لِلشَّمْسِ وَلَا لِلْقَمَرِ وَاسْجُدُوا لِلَّهِ الَّذِي خَلَقَهُنَّ إِن كُنتُمْ إِيَّاهُ تَعْبُدُونَ﴾ [فصلت: 37].
 وَقَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَىٰ عَلَى الْعَرْشِ يُعْشِي اللَّيْلَ النَّهَارَ يَطْلُبُهُ حَثِيثًا وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ وَالنُّجُومُ مُسَخَّرَاتٌ بِأَمْرِهِ أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ﴾ [الأعراف: 54].

«Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына
сөздері:

﴿وَمِنْ آيَاتِهِ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ لَا تَسْجُدُوا لِلشَّمْسِ وَلَا لِلْقَمَرِ
وَأَسْجُدُوا لِلَّهِ الَّذِي خَلَقَهُنَّ إِن كُنتُمْ إِيَّاهُ تَعْبُدُونَ﴾

«Түн мен күндіз, күн мен ай - Оның аят-
белгілерінен. Күнге де, айға да сәжде
етпеңдер, оларды жаратқан Аллаһқа ғана
сәжде етіңдер, егер тек Оған ғана құлшылық
етпек болсаңдар» («Фуссиләт» сүресі, 37-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағаланың мына сөздері

де:

﴿إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَىٰ عَلَى الْعَرْشِ
يُعْشِي اللَّيْلَ النَّهَارَ يَطْلُبُهُ حَثِيثًا وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ وَالنُّجُومُ مُسَخَّرَاتٌ بِأَمْرِهِ أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ
تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ﴾

«Күдіксіз, Раббыларың - көктер мен
жерді алты күнде жаратқан Аллаһ. Содан
кейін Аршыға көтерілген. Күндізді соңынан
асыққан түнмен бүркеді. Күн мен айды және
жұлдыздарды да әміріне бағындырған.
Күдіксіз, жарату және бұйрық беру тек Оған
тән. Өте жоғары Аллаһ - бүкіл әлемдердің
Раббысы» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят)».

Шарх:

(«Дәлел»). Яғни түн мен күндіз, күн мен ай аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың аят-белгілеріне жататындығына Аллаһ Тағаланың: «Түн мен күндіз, күн мен ай - Оның аят-белгілерінен...», - деген аяты дәлел болып табылады. Бұл дегеніміз, өздігінше түн мен күн әрі олардың арасындағы айырмашылық олардың өзіндік мәніне және олар Аллаһтың қалауымен Оның құлдарына беретін пайдаға айқын дәлелдер болып табылады. Тура соны күн мен айдың Аллаһтың құлдарына пайда келтіретін және олардан зиянды кері қайтаратын белгілі тіртіппен реттелген қозғалысы туралы да айтуға болады.

Әрі қарай, Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына күнге немесе айға сәжде жасауға тыйым салды, тіпті егер олардың маңызы өте ұлы болса да, өйткені олар өздері жаратылған болғандықтан құлшылыққа лайықты емес, ал құлшылыққа оларды жаратқан Аллаһ Тағала ғана лайықты.

(«Сондай-ақ Аллаһ Тағаланың мына сөздері де»). Яғни Аллаһ көктер мен жердің

Жаратушысы екендігіне Аллаһ Тағаланың: **«Күдіксіз, Раббыларың - көктер мен жерді алты күнде жаратқан Аллаһ»**, - деген аяты дәлел болып табылады, әрі осы сөздерде Аллаһтың тұтас бірқатар аят-белгілері аталып кеткен:

БІРІНШІСІ: Аллаһ бұл ұлы жаратылысты алты күнде жаратқаны. Ол Оны бір мезетте-ақ жарата алар еді, алайда ол Өзінің Даналығымен себептерді салдарлармен байланыстырып отырды.

ЕКІНШІСІ: Ол Аршыға көтерілгені, яғни Оның Өз ұлылығына сәйкес болған Өзіне ғана тән кейіпте оның үстіне жоғарылағаны. Бұл (Оның) билігінің толық кемелдігінің сипаты болып табылады.

ҮШІНШІСІ: Ол күнді түнмен бүркейтінi, яғни түнді күннің жамылығысы ететінi. Ал бұл оның жарығын жасыратын киім секілді.

ТӨРТІНШІСІ: Ол күнді, айды және жұлдыздарды Өзінің әміріне бағындырғаны, ал бұл Оның билігінің ұлы екендігін, әрі Ол оларға

Оның құлдарының пайдасына жарайтын нәрселерді бұйырғандығын меңзейді.

БЕСІНШІСІ: Оған бүкіл нәрсенің үстінен абсолюттік (яғни шексіз әрі кемел) билік тән екендігі, өйткені Ол ғана жаратудың Иесі болып табылады, әрі Ол ғана әмір ете алады.

АЛТЫНШЫСЫ: Ол бүкіл әлемдер үшін жалғыз Жаратушы және жол көрсетуші болып табылатыны.

Автордың сөздері:

وَالرَّبُّ هُوَ الْمَعْبُودُ، وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ * الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الْأَرْضَ فِرَاشًا وَالسَّمَاءَ بِنَاءً وَأَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقًا لَكُمْ فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾ [البقرة: 21، 22].

«Раббы – ол құлшылық арналатын Құдай (Мәғбүд). Бұған дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ * الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الْأَرْضَ فِرَاشًا وَالسَّمَاءَ بِنَاءً وَأَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقًا لَكُمْ فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾

«Әй, адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер, бәлкім тақуалық жасаған боларсыңдар. Ол сендер үшін жерді төсеніш, көкті шатыр (төбе) етіп жаратты. Көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге әртүрлі өсімдіктерден ризық шығарды. Ендеше, біле тұра Аллаһқа ешкімді теңемеңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 21-22-аяттар)».

Шарх:

(«Құлшылық жасалатын Құдай (Мәғбүд)»).

Автор (Аллаһ оны рахым етсін) аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың мына сөздеріне нұсқайды:

إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَىٰ عَلَى الْعَرْشِ يُغْشِي اللَّيْلَ النَّهَارَ يَطْلُبُهُ حَثِيثًا وَالشَّمْسَ وَالْقَمَرَ وَالنُّجُومَ مُسَخَّرَاتٍ بِأَمْرِهِ أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ

«Күдіксіз, Раббыларың - көктер мен жерді алты күнде жаратқан Аллаһ. Содан кейін Аршыға көтерілген. Күндізді соңынан

асыққан түнмен бүркеді. Күн мен айды және жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Күдіксіз, жарату және бұйрық беру тек Оған тән. Өте жоғары Аллаһ - бүкіл әлемдердің Раббысы» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят)».

Раббы - құлшылық-ғибадаттың объектісі, яғни (өзгелер) Оған құлшылық жасауға лайықты (Құдай) болып табылады. Басқаша айтқанда, Оған Ол құлшылыққа лайықты болғандықтан құлшылық жасалады, бірақ бұл «адамдар құлшылық ететіндердің әрбірі раббы болып табылады» дегенді білдірмейді, өйткені олар Аллаһтан басқа құлшылық етуі мүмкін болған және (сол) құлшылық етушілердің раббы деп санайтын (жалған) құдайлары шын мәнісінде ондай болып табылмайды.

Ал Раббы - бұл бүкіл нәрсенің Жаратушысы, бүкіл нәрсенің Иесі және бүкіл нәрсенің Басқарушысы.

(«Дәләл»). Яғни Раббы (ғана) құлшылыққа лайықты екендігіне дәлел.

(«Әй, адамдар!»). Бұл үндеу аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ оларға ешбір серігі болмаған Өзіне ғана құлшылық етуді әмір еткен және оларға Ол ғана серігі жоқ жалғыз Жаратушы болғандығы себепті құлшылыққа лайықты екенін түсіндіріп, Оған ешкімді теңемеуді бұйырған бүкіл адамзатқа жасалған.

(«Сендерді және сендерден бұрыңғыларды жаратқан»). Бұл сөздер осыдан бұрынырақ айтылғандардың себебін түсіндіреді және «Оған құлшылық етіңдер, өйткені Ол – сендерді жаратқан Раббыларың, әрі Ол Раббы және Жаратушы болғандығы себепті сендер Оған (ғана) құлшылық етулерің керек» дегенді білдіреді. Сондықтан да біз Аллаһты Жаратушы деп мойындайтындардың әрбірі тек Оған ғана құлшылық етуі керек деп айтамыз, басқаша болғанда Ол Өзіне Өзі қайшы келген болар еді.

(«Бәлкім тақуалық жасаған боларсыңдар»). Яғни сендер адамды аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың жазасынан сақтап-қорғайтын сақтық шараларын орындауды

білдіретін және Оның әмірлерін орындау мен Ол тыйым салған нәрселерден тыйылуды меңзейтін тақуалыққа ие болуларың үшін.

Автордың сөзі:

﴿الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الْأَرْضَ فِرَاشًا وَالسَّمَاءَ بِنَاءً وَأَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقًا لَكُمْ فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾

«Ол сендер үшін жерді төсеніш, көкті шатыр (төбе) етіп жаратты. Көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге әртүрлі өсімдіктерден ризық шығарды. Ендеше, біле тұра Аллаһқа ешкімді теңемеңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 21-22-аяттар)».

Шарх:

(«Төсеніш»). Яғни Ол оны төсеніш іспетті етті, әрі біз, бұны өз төсегінде ұйықтап жатқан адам істейтіндей, оның үстінде қиналусыз және шаршаусыз ләззат аламыз.

(«Шатыр»). Яғни біздің төбемізде тұратын нәрсе. Аспан жер бетінде өмір сүретіндер үшін ғимарат немесе «сақтаулы шатыр (төбе)» болып

табылады. Аллаһ Тағала оны осылай деп атап, былай деген:

وَجَعَلْنَا السَّمَاءَ سَقْفًا مَحْفُوظًا وَهُمْ عَنْ آيَاتِهَا مُعْرَضُونَ (۳۲)

«Әрі Біз аспанды сақтаулы бір шатыр (төбе) еттік, ал олар болса Оның аят-белгілерінен бет бұрады» («әл-Әнбия» сүресі, 32-аят).

(«Көктен жаңбыр жаудырып»). Яғни Ол сендер үшін төбедегі бұлыттардан сендерге сусын болатын және ағаштардың өсуіне мүмкіндік беретін тап-таза су түсірді. Бұл туралы «ән-Нәхл» сүресінде былай деп айтылады:

هُوَ الَّذِي أَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً لَكُمْ مِنْهُ شَرَابٌ وَمِنْهُ شَجَرٌ فِيهِ تُسِيمُونَ (۱۰)

«Ол сондай Аллаһ, сендерге көктен жаңбыр жаудырып, одан сендерге сусын және ол арқылы сендер араларында малдарыңды жаятын өсімдіктер шығарды» («ән-Нәхл» сүресі, 10-аят).

(«Сол арқылы сендерге әртүрлі өсімдіктерден ризық шығарды»). Яғни сендерге берілген бір сый ретінде. Ал басқа бір аятта:

مَتَاعًا لَكُمْ وَلِأَنْعَامِكُمْ (۳۳)

«Сендер және малдарың пайдалану үшін», - деп айтылады («Ән-Назиғат» сүресі, 33-аят).

(«Ендеше, ... Аллаһқа ешкімді теңемеңдер!»). Яғни сендерді әрі сендерден бұрыңғыларды Жаратқанға, сендер үшін жерді төсеніш, ал аспанды шатыр (төбе) еткенге, көктен жаңбыр жаудырып, ол арқылы сендерге қорек ретінде жемістер шығарғанға (ешкімді) теңдес етпеңдер. Ендеше, біле тұра ешкімді, оған Аллаһқа құлшылық еткендеріңдей құлшылық етіп, немесе оны Аллаһты сүйгендеріңдей сүйіп, Аллаһпен теңемеңдер, өйткені бұл сау ақыл-парасат тұрғысынан да, шариғат тарапынан да сендерге жараспайды.

(«Біле тұра»). Яғни сендер Оның теңдесі жоқ екенін әрі жарату, ризықтандыру және басқару Оның Қолында екенін біле тұра. Ендеше, Оған құлшылық жасауда (Оған ешкімді) серік қоспаңдар.

Автордың сөзі:

قَالَ ابْنُ كَثِيرٍ . رَحِمَهُ اللهُ تَعَالَى : الخَالِقُ لَهُدَى الْأَشْيَاءِ هُوَ الْمُسْتَحِقُّ لِلْعِبَادَةِ .

«Ибн Кәсир (Аллаһ Тағала оны рахым етсін): «Осылардың барлығының Жаратушысы - Ол құлшылыққа лайық!» - деп айтқан».

Шарх:

(«Ибн Кәсир»). Ибн Кәсир – Имад әд-Дин Әбу-л-Фида Исмаил бин Умар әл-Қурайш әд-Димашқи, Құранның тәпсіршісі (муфассир) және тарихшы, шейхул-Ислам Ибн Таймияның оқушыларының бірі, һижраның 774 жылы қайтыс болған.

Автордың сөзі:

وَأَنْوَاعِ الْعِبَادَةِ الَّتِي أَمَرَ اللهُ بِهَا مِثْلُ: الْإِسْلَامِ، وَالْإِيمَانِ، وَالْإِحْسَانِ، وَمِنْهُ: الدُّعَاءُ، وَالْحَتُّوفُ، وَالرَّجَاءُ، وَالتَّوَكُّلُ، وَالرَّغْبَةُ، وَالرَّهْبَةُ، وَالْحُشُوعُ، وَالْحَشْيِيَّةُ، وَالْإِنَابَةُ،

«Аллаһ бұйырған құлшылықтардың түрлеріне Ислам, Иман, Ихсан және солардың ішінде: дұға, қауіптеніп қорқу (хауф), үміт

(ражаъ), тәуекел, қызығу (қалау) (әр-роғба), сақсынып қорқу (әр-роһба), мойынсұнушылықпен тағзым-итағат ету (әл-хушұ), біліммен қорқу (хошийят), (Аллаһқа) қайту (инәәбә) ... жатады».

Шарх:

(«Аллаһ бұйырған құлшылықтардың түрлеріне»). Біз серігі жоқ жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуіміз керектігіне нұсқай отырып, автор (Аллаһ оны рахым етсін) сондай-ақ фибадаттың кейбір түрлеріне де нұсқайды, әрі оларға, мысалы, ислам, иман және ихсан жататынын айтады.

Фибадаттың бұл үш түрі діннің үш құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл туралы Умар бин әл-Хаттабтың сөздерінен жеткізілетін хадисте оның былай деп айтқаны баяндалады: *«Бірде біз Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге отырған кезімізде, аппақ киімді, шаштары қап-қара бір кісі кіріп келді. Оның үстінде сапар іздері байқалмады, бірақ арамыздан ешкім оны танымады. Ол Пайғамбарымыздың*

(оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдына жақындап келіп, тізесін оның тізесіне тигізіп, екі алақанын сандарына қойып, оған бетпе-бет отырды. Сосын: «Уа, Мухаммад, маған Ислам туралы айтып бер», - деді. (Пайғамбарымыз (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):) «Бұл – сенің Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқтығына және Мухаммад - Оның елшісі екеніне куәлік беруің, намазды орындауың, зекет беруің, рамазан айында ораза ұстауың және шамаң келсе (Қазбаға) қажылық жасауың», - деді. Ол: «Рас айттың!», - деді. Біз оның өзі сұрап, өзі растап жатқанына таң қалдық. Кейін ол: «Маған иман туралы айтып бер», - деп сұрады. (Пайғамбар (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):) «Ол – Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне, Ақырет Күніне және тағдырға: оның жақсылығы және жамандығына - иман келтіруің», - деп жауап берді. Ол: «Рас айттың!» - деді. Содан соң ол: «Маған Ихсан туралы айтып бер!», - деді. (Пайғамбар (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):) «Бұл - Аллаһқа, Оны көріп

тұрғаныңдай құлшылық етуің. Ал сен Оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұр (деген оймен құлшылық етуің)», - деді. Ол кісі: «Маған Сағат (Қиямет) туралы айтып бер», - деді. (Пайғамбар (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын):) «Сұралушы сұраушыдан артық білмейді», - деп жауап берді. Сонда (әлгі кісі): «Онда маған оның белгілерін атап бер», - деді. (Пайғамбар (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын):) «Күң өзінің қожайынын туатынын; жалаңаяқ, жалаңаш кедей қойшылардың биік ғимараттар көтеруде бір-бірімен жарысатынын көресің», - деді.

Содан соң ол кісі шығып кетті, ал біз сол жерде біраз уақыт отырып қалдық. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) менен: *«Уа, Умар, сұраушының кім екенін білесің бе?»*, - деп сұрады. Мен: *«Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі»*, - деп жауап бердім. Сонда ол: *«Бұл – Жәбірейіл, сендерге діндеріңді үйрету үшін келді»*, - деді» (Муслим «Сахих», №8 хадис).

Сөйтіп, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл нәрселер діннің құрамдас бөліктері болып табылатынына, өйткені олар дінге қатысты нәрселердің барлығын өзіне қамтитынына нұсқады.

Автордың сөзі:

وَالْاِسْتِعَانَةُ، وَالْاِسْتِعَاذَةُ، وَالْاِسْتِعَانَةُ، وَالذَّبْحُ، وَالنَّذْرُ، وَعَبِيرُ ذَلِكَ مِنْ أَنْوَاعِ الْعِبَادَةِ الَّتِي أَمَرَ اللَّهُ بِهَا. كُلُّهَا لِلَّهِ تَعَالَى.

وَالدَّلِيلُ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَأَنَّ الْمَسَاجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾ [الجن: 18]. فَمَنْ صَرَفَ مِنْهَا شَيْئًا لِعَبِيرِ اللَّهِ؛ فَهُوَ مُشْرِكٌ كَافِرٌ؛ وَالدَّلِيلُ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَمَنْ يَدْعُ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ لَا بُرْهَانَ لَهُ بِهِ فَإِنَّمَا حِسَابُهُ عِنْدَ رَبِّهِ إِنَّهُ لَا يُفْلِحُ الْكَافِرُونَ﴾ [المؤمنون: 117].

«...көмек тілеу (исти'ана), пана тілеп сиыну (исти'аза), құтқаруды сұрап жалбарыну (истиғаса), құрбан шалу, нәзір және Аллаһ бұйырған басқа да құлшылық түрлері кіреді. Осылардың барлығы тек Аллаһ Тағала үшін орындалуы міндетті. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

﴿وَأَنَّ الْمَسَاجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾

«Расында, мешіттер (сәжде жасайтын орындар) Аллаһтікі. Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға (құлшылық) етпеңдер»
(«Жинн» сүресі, 18-аят).

Егер адам осылардың қайсысын болса да Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол мушрик (Аллаһқа серік қосушы) және кәпір болады. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَمَنْ يَدْعُ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ لَا بُرْهَانَ لَهُ بِهِ فَإِنَّمَا حِسَابُهُ عِنْدَ رَبِّهِ إِنَّهُ لَا يُفْلِحُ الْكَافِرُونَ﴾

«Кім ешбір дәлелсіз Аллаһпен бірге басқа құдайға дұға (құлшылық) етсе, рас, оның есебі Раббысының қасында. Расында, кәпірлер құтылмайды!» («Муминун» сүресі, 117-аят)».

Шарх:

(«Осылардың барлығы тек Аллаһ Тағала үшін орындалуы міндетті»). Бұл «осы жоғарыда

аталған және басқа да құлшылықтардың барлығы тек серігі жоқ Аллаһ Тағалаға ғана арналуы керек және оларды Аллаһ Тағаладан басқа ешкімге арнауға болмайды» дегенді білдіреді.

(«Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері»). Автор (Аллаһ оны рахым етсін) ғибадаттың бірнеше түрін еске алып, оны (яғни ғибадатты) не нәрседе болса да Аллаһқа емес, өзгеге арнайтынның кез-келгені мушрик және кәпір болатынын атап айтты да, дәлел ретінде Аллаһ Тағаланың келесі сөздерін келтірді:

وَأَنَّ الْمَسَاجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا

«Расында, мешіттер (сәжде жасайтын орындар) Аллаһтікі. Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға (құлшылық) етпеңдер»

(«Жинн» сүресі, 18-аят).

Егер адам осылардың қайсысын болса да Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол мушрик (Аллаһқа серік қосушы) және кәпір болады. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

وَمَنْ يَدْعُ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ لَا بُرْهَانَ لَهُ بِهِ فَإِنَّمَا حِسَابُهُ عِنْدَ رَبِّهِ
إِنَّهُ لَا يُفْلِحُ الْكَافِرُونَ

«Кім ешбір дәлелсіз Аллаһпен бірге басқа құдайға дұға (құлшылық) етсе, рас, оның есебі Раббысының қасында. Расында, кәпірлер құтылмайды!» («әл-Муминун» сүресі, 117-аят).

Бірінші аятта Аллаһ Тағала құлшылық орындары немесе сәжде жасайтын орындар Аллаһтікі екенін хабарлайды да, соңынан: «Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер!», - деп айтады. Бұл дегеніміз «Онымен қатар басқа ешкімге құлшылық етпеңдер және Оған ғана сәжде жасаңдар» дегенді білдіреді. Ал автор келтіретін екінші аятта Пәк Аллаһ Тағала Аллаһпен қатар басқа әлдебір құдайға дұға етіп жалбарынатынның кез-келгені кәпір болатынын түсіндіреді, өйткені Ол: «Расында, кәпірлер құтылмайды!», - деп айтқан. Ал Оның «...ешбір дәлелсіз ...» деген сөздеріне келер болсақ, онда олар көп құдайлар бар екендігіне ешқандай дәлел жоқ екеніне нұсқау болады.

Автордың сөзі:

وَفِي الْحَدِيثِ: (الدُّعَاءُ مَخِ الْعِبَادَةِ). وَالذَّلِيلُ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ إِنَّ الَّذِينَ يَسْتَكْبِرُونَ عَنْ عِبَادَتِي سَيَدْخُلُونَ جَهَنَّمَ دَاخِرِينَ﴾ [غافر: 60].

«Хадистердің бірінде: «Дұға – құлшылық өзегі (діңгегі)», - деп айтылған. Бұған дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ إِنَّ الَّذِينَ يَسْتَكْبِرُونَ عَنْ عِبَادَتِي سَيَدْخُلُونَ جَهَنَّمَ دَاخِرِينَ﴾

«Раббыларың: «Маған дұға етіңдер, (тілектеріңе) жауап беремін. Ал маған құлшылық етуге менменсінгендер Тозаққа қор болған күйде кіреді», - деді» («әл-Ғафир» сүресі, 60-аят)».

Шарх:

(«Хадистердің бірінде»). Осы сөздерден бастап автор (Аллаһ оны рахым етсін) өзі: «Аллаһ бұйырған құлшылықтардың түрлеріне Ислам, Иман, Ихсан және солардың ішінде: дұға, ...

жатады», - деп атап кеткен құлшық түрлерінің қажетті екендігіне дәлелдер келтіре бастайды. Мәтіннен көрініп тұрғандай, ол (Аллаһ оны рахым етсін) Аллаһқа дұға етіп жалбарынуға қатысты дәлелдерді дәйексөз етуден бастады, ал кейінірек Исламға, иманға және ихсанға қатысты дәлелдерді де егжей-тегжейлі келтіретін болады.

Ең алдымен дәлел ретінде автор (Аллаһ оны рахым етсін) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Дұға – құлшылық өзегі (діңгегі)», - деген сөздерін, сондай-ақ Аллаһ Тағаланың:

وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ إِنَّ الَّذِينَ يَسْتَكْبِرُونَ عَنْ عِبَادَتِي
سَيَدْخُلُونَ جَهَنَّمَ دَاخِرِينَ

«Раббыларың: «Маған дұға етіңдер, (тілектеріңе) жауап беремін. Ал маған құлшылық етуге менменсінгендер Тозаққа қор болған күйде кіреді», - деді» («әл-Ғафир» сүресі, 60-аят)», - деген сөздерін келтіреді.

Бұл аят Аллаһқа дұға етіп жалбарыну құлшылықтың бір бөлігі немесе оның бір түрі екеніне нұсқайды, бұлай болмаған жағдайда «Ал

маған құлшылық етуге менменсінгендер» деп айту дұрыс болмас еді. Осылайша, аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтан басқаға Аллаһтың ғана күш-қуаты жететін нәрсені сұрап дұға ететіннің кез-келгені мүшрик және кәпір болады, әрі осы дұғалар тірілерге, не өлілерге жасалады ма, мұның айырмашылығы жоқ. Осы орайда адамның өзге тірі және бар болып тұрған кісіге өзін тамақтандыруын немесе сусындандыруын сұрауда ешқандай тыйым салынған нәрсе жоқ, бірақ әлдебіреу осындай өтініштерін өлген немесе (сол жерде) жоқ болған кісіге айтып жатса, бұл оның көпқұдайшыл-мүшрик екенін білдіреді, өйткені өлі де, өзі жоқ адам да мұндай өтінішті орындауға қабілетті емес. Мұндай өтінішпен жүгіну (дұға етіп) жүгінушінің өлі немесе өзі жоқ болған адам уақиғаларды басқара алатынына сенетінін де білдіреді, бірақ дәл осындай сенім адамды мушрикке айналдырады.

Осындай жүгінулердің екі түрі бар екенін біл: өтініш айтып жүгіну және құлшылық түрі ретіндегі жүгіну.

Өтінішпен жүгіну әлдебір нәрсеге қажеттілік туындағанда қолданылады, әрі егер пенде осы өтінішін Раббысына айтса, онда ол құлшылықтың бір түрі болып табылады, өйткені мұндай жүгіну пенденің Аллаһқа деген мұқтаждықты сезінетінін әрі сондықтан да Оның мейірімі мен рахымы кең Аса Құдіретті және Жомарт екеніне мығым сенген түрде Оның көмегіне жүгінетінін меңзейді. Пенде жаратылғандардың әлдебіреуінен, яғни өзі сияқты біреулерден әлдебір нәрселерді сұрайтын жағдайда да өтініш айтып жүгінуіне болады, бірақ (осы орайда) басқа адам не туралы сөз болып жатқанын (яғни өтініштің мәні неде екенін) түсінуі және (сол) өтінішке жауап бере алуы шарт болып табылады, мысалы, біз жоғарыда келтірген адам өзге біреуден өзін тамақтандыруды сұрайтын мысалдағыдай.

Ал құлшылық түріндегі жүгіну туралы айтар болсақ, онда мұндай жүгінулер сауапқа үміт етіп немесе олар кімге арналған болса, содан қорқып жасалады, әрі сондықтан да бұл жағдайда мұндай дұғалармен тек Аллаһқа ғана жүгіну

дұрыс болады, кері жағдайда бұл адамды діннен шығаратын және оған Аллаһ Тағаланың: «Ал маған құлшылық етуге менменсінгендер Тозаққа қор болған күйде кіреді», - деген қорқытуы жүретін үлкен көпқұдайшылық болады.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الْخَوْفِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُونَ إِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ﴾ [آل عمران:

.[175

«Қауіптеніп қорқудың (әл-хоуф) (құлшылық екеніне) дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُونَ إِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ﴾

«Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар, егер мумин болсаңдар!» («Әли Имран» сүресі, 75-аят)».

Шарх:

(«Қауіптеніп қорқу»). Қауіптеніп қорқу – бұл өлуте, зиян немесе қайғы-қасырет шегуте алып келуі мүмкін болған әлдебір нәрсені күтуден туындайтын ерекше түрдегі уайым-күйзеліс сезімі. Осы орайда Пәк Аллаһ Аллаһ Тағала адамдарға шайтанның сыбайластарынан қорқуға тыйым салып, жалғыз Өзінен қорқуды бұйырды.

Қорқудың үш түрі болады:

БІРІНШІ ТҮРІ: табиғи қорқу, мысалы, адамның жабайы аңнан, оттан немес ту тасқынынан қорқуы, әрі бұндай қорқу үшін адам сөгіске лайық болмайды. Мысалы, Муса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) туралы Аллаһ Тағала былай деді:

فَأَصْبَحَ فِي الْمَدِينَةِ خَائِفًا يَتَرَقَّبُ

«Қалада қорқып, алаңдықпен таң атырды» («әл-Қасас» сүресі, 18-аят). Алайда бұл қорқу, бұны шейх (Аллаһ оны рахым етсін) ескертіп кеткендей, парыз етілген әлдебір нәрсені орындаудан бас тартуға немесе харам болған әлдебір нәрсені жасауға себеп болса, онда ол тыйым салынған (харам) болады, өйткені

парыздарды орындамауға немесе харам нәрселерді жасауға алып келетін барлық нәрсе тыйым салынған болып табылады. Әрі Аллаһ Тағаланың:

فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُوا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ

«Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар, егер мумин болсаңдар!» («Әли Имран» сүресі, 75-аят)», - деген сөздері, міне, дәл осы жайында.

Ал Аллаһ Тағаланың алдындағы қорқуға қатысты айтар болсақ, ол мақтаулы да, айыптаулы да болуы мүмкін.

Мақтаулы болып табылатыны – сені Аллаһқа мойынсұнбаушылықтан айырып, парызды орындауға және харамнан бас тартуға ынталандыратыны. Егер осы мақсатқа қол жеткізілсе, онда адамның жүрегі тынышталады да, оны Аллаһтың игіліктерін көріп, Оның сый-сауабына үміт еткендігі себепті қуаныш билейді.

Ал айыпталатыны – бұл пендені, ол қайғырып өзімен-өзі оңашаланған кезде, Аллаһтың рахымынан күдер үзуге, әрі соның

салдарынан өз түңілуінің күшімен Аллаһқа мойынсұнбаушылығында узақ уақыт бойы қасарысып тұрып алуға мәжбүрлейтіні.

ЕКІНШІ ТҮРІ: адам әлдебіреуден қорқып, қорыққандығының себебімен оған құлшылық ететін құлшылықтың бір бөлігі ретіндегі қорқу. Мұндай қорқуды тек Аллаһ Тағаланың алдында ғана сезінуге рұқсат етіледі, кері жағдайда қорқудың мұндай түрі үлкен көпқұдайшылықтан өзге еш нәрсе емес.

ҮШІНШІ ТҮРІ: адамның өліден немесе өзінен алыста болған әрі оған ешбір зиян тигізе алмайтын біреуден құпия түрде қорқуы. Мұндай қорқуды да Исламның атақты (имамдары) көпқұдайшылық деп санаған.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الرَّجَاءِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿فَمَنْ كَانَ يَرْجُو لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا

يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا﴾ [الكهف: 110].

«Үміттің (әр-рожәъ) дәлелі - Аллаһ

Тағаланың мына сөздері:

﴿فَمَنْ كَانَ يَرْجُو لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا﴾



«Ал кім өз Раббысына жолығуды үміт етсе, ізгі амал жасап, құлшылығында Раббысына ешкімді серік қоспасын» («Кәһф» сүресі, 110-аят)».

Шарх:

(«Үміттің (әр-рожә) дәлелі»). Үміт – бұл адамның әлдебір қол жетімді нәрсеге ие болуды қалауы (тілеуі) немесе әлдебір қол жеткізу қиын болған нәрсенің ол үшін қол жетімді етілуін қалауы (тілеуі).

Жан-тәнімен бойсұну мен бағынуды меңзейтін үмітті тек аса Құдіретті және Ұлы Аллаһпен ғана байлауға болады, ал егер өзге әлдебіреу туралы сөз болып жатса, онда бұл үміт етушінің жүрегін нақты не билегеніне байланысты не кіші, не үлкен ширк болады.

Дәлел ретінде автор Аллаһ Тағаланың мына сөздерін келтіреді:

فَمَنْ كَانَ يَرْجُو لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا

«Ал кім өз Раббысына жолығуды үміт етсе, ізгі амал жасап, құлшылығында Раббысына ешкімді серік қоспасын» («Кәһф» сүресі, 110-аят)».

Еңдеше, мақтаулы үмітті тек Аллаһқа мойынсұнушылықтан таймайтын және Оның сый-сауабына үміт ететін, немесе өз күнәсына тәубе етіп, тәубесі қабыл болуына үміт ететін адам ғана сақтай алатынын біл, ал егер үміт амалдармен бірге қабаттасып жүрмесе, онда ол өз-өзімен алдануға және айыпталатын қалауға (тілеуге) айналады.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ التَّوَكُّلِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ﴾ [المائدة:

23]. وقوله: ﴿وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ﴾ [الطلاق: 3].

«Тәуекелге дәлел - Аллаһ Тағаланың мына

сөздері:

﴿وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ﴾

«Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер!» («әл-Мәида» сүресі, 23-аят).

Әрі Оның мына сөздері:

﴿وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ﴾

«Кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады» («әт-Таләк» сүресі, 3-аят)».

Шарх:

(«Тәуекел»). Әлдебір нәрсеге тәуекел ету оған сенім арту дегенді білдіреді.

Аллаһ Тағалаға тәуекел ету дегеніміз пайдалы нәрсенің барлығын өзіңе тартуда және зиянды нәрсенің барлығын өзіңнен қайтаруда Оған жеткілікті деңгейде сенім арту дегенді меңзейді, әрі бұл Аллаһ Тағаланың:

وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ

«Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер!» («әл-Мәида» сүресі, 23-аят), - деген сөздеріне сәйкес, иманның толықтығына айғақ болады және иманның сипаттарының қатарына жатады. Әрі егер пенде шын ықыласымен Аллаһ Тағалаға тәуекел ететін болса,

онда Ол пендесін оны қынжылтатын нәрседен құтқарады, өйткені Аллаһ Тағала:

وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ

«Кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады», - деген («әт-Таләқ» сүресі, 3-аят).

Бұл дегеніміз, Аллаһқа тәуекел етілсе жеткілікті, сол кезде тәуекел етуші Аллаһ Тағаланың:

إِنَّ اللَّهَ بِأَمْرِهِ

«Сөзсіз, Аллаһ өз бұйрығын атқарады» («әт-Таләқ» сүресі, 3-аят), - деген сөздеріне сай тынышталады, өйткені Оның күш-қуаты жетпейтін еш нәрсе жоқ.

Тәуекелдің бірнеше түрі болатынын біл:

БІРІНШІСІ: Аллаһ Тағалаға тәуекел ету, әрі бұл иманның толықтығының және ықыластылығының сипаты болып табылады. Мұндай тәуекел міндетті болып табылады, әрі, бұған жоғарыда нұсқалғандай, иман тек сол арқылы ғана толық бола алады.

ЕКІНШІСІ: адам әруаққа «ол пайда не зиян келтіре алады» деп сенім артатын жағдайдағы жасырын (құпия) тәуекел. Бұл үлкен көпқұдайшылықтан (ширктен) басқа еш нәрсе емес, өйткені мұндайды тек осы әруақ – ол өмір тірішілігінде кім болмасын: пайғамбар ма, Аллаһтың әулиесі ме, немесе Оның дұшпаны ма – болмыста орын алып жатқан уақиғаларды басқара алатынына сенетін адам ғана мүмкін деп санай алады.

ҮШІНШІСІ: тәуекел етуші тәуекел артатын адамын жоғары бағалап, ал өзіне өзі төмен баға беретін кезде орын алатын басқа бір адамға оның шамасы келетін нәрседі тәуекел ету, әрі бұл күн көріске қажетті нәрселерді табуға да, басқа осындай мәселелерге де қатысты болуы мүмкін. Бұл кіші ширк болып табылады, өйткені мұндай адамның жүрегі өзге әлдебіреуге қатты байланғандығын сезінеді әрі оған сенім артады. Сонымен бірге, егер адам әлдебіреуге себеп ретінде сенім артса, әрі ол арқылы қандай да бір нәрсеге ие болуды Аллаһ тағдырға жазып қойған деп санаса, онда егер бұл адам шындығында да

қалаған нәрсеге қол жеткізуге қандай да бір ықпал ете алатын болса, онда бұда ешқандай жаманшылық жоқ.

ТӨРТІНШІСІ: басқа біреуге оның билігіндегі нәрседе тәуекел ету. Бұл оған тапсыруға болатын нәрсені тапсыруда көрініс табады. Мұндай тәуекел етуде ешқандай жаманшылық жоқ, әрі бұл Құран, Сүннетпен және имамдардың бірауызды пікірімен расталады. Мысалы, Құранда Яғқуб өз ұлдарына былай деп айтқаны хабарланады:

يَا بَنِيَّ اذْهَبُوا فَتَحَسَّسُوا مِنْ يُوْسُفَ وَآخِيهِ وَلَا تَيَاسُوا مِنْ رُوْحِ اللّٰهِ اِنَّهُ
لَا يَبۡيۡنُسُ مِنْ رُوْحِ اللّٰهِ اِلَّا الْقَوۡمُ الْكٰفِرُوْنَ (۸۷)

«Әй, ұлдарым! Барыңдар да, Юсуфты және оның бауырын іздестіріңдер, әрі Аллаһтың мәрхаметінен күдер үзбеңдер...»
(«Йусуф» сүресі, 87-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) белгілі бір кісілерге зекетті жинап сақтауды әрі шарифат үкімдерін басқаларға қатысты қолдануды тапсыратыны туралы хабарланады, ал қоштасу қажылығы кезінде ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Али

бин Абу Талибке өзінің құрбандыққа шалған малдарының терілерін кедейлерге таратуды, сондай-ақ құрбандыққа шалатын жүз малының алпыс үшін өзі шалған соң қалғанын оның атынан құрбан шалуды тапсырғаны белгілі. Әрі мұндай нәрсе имамдардың ортақ пікіріне сәйкес жалпы алғанда рұқсат етілген болып табылады.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الرَّغْبَةِ، وَالرَّهْبَةِ، وَالْحُشُوعِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّهُمْ كَانُوا يُسَارِعُونَ فِي الْخَيْرَاتِ وَيَدْعُونَنَا رَغَبًا وَرَهَبًا وَكَانُوا لَنَا خَاشِعِينَ﴾ [الأنبياء: 90].

«...ҚЫЗЫҒУ (қалау) (әр-роғба), сақсынып қорқу (әр-роһба), мойынсұнушылықпен тағзым-итағат ету (әл-хушуь) (құлшылық екеніне) дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿إِنَّهُمْ كَانُوا يُسَارِعُونَ فِي الْخَيْرَاتِ وَيَدْعُونَنَا رَغَبًا وَرَهَبًا وَكَانُوا لَنَا خَاشِعِينَ﴾



«Расында, олар игі істерді істеуге асығатын әрі Бізге қызығу және қорқумен дұға етіп жалбарынатын, және Бізге

(мойынсұнушылықпен) тағзым-итағат етуші еді» («әл-Әнбия» сүресі, 90-аят)».

Шарх:

(«Қызығу (қалау)»). Яғни қалаулы нәрсеге ұмтылу.

(«Сақсынып қорқу»). Сақсынып қорқу дегенде қорқудың көзі болған нәрседен алыстауға алып келетін қорқу, басқаша айтқанда амалмен үйлесетін қорқу түсініледі.

(«Мойынсұнушылықпен тағзым-иғат ету»). Аллаһтың болмыс-тіршілікке және Ол орнатқан шариғат заңдарына қатысты тағдырының алдында мойынсұну және тағзым-итағат ету меңзелуде.

(«Аллаһ Тағаланың мына сөздері»). Бұл аятта Аллаһ Тағала өз құлдарының ішіндегі ықыластыларын олар Аллаһ Тағалаға мойынсұнған күйде өз еркімен және Одан қорыққандықтан дұға жасап жалбарынаатынымен сипаттады. Дұға етіп жалбарыну дегенде бұл жерде ғибадаттың бір бөлігі ретіндегі дұғалар мен

әлдебір өтініш-тілектерді білдіретін дұғалар түсініледі. Мұндай адамдар Аллаһтағы бар нәрселерге жетуді қалап және Оның сый-сауабына ұмтылып, Аллаһқа дұға етеді, бірақ сонымен бір мезетте олар Оның жазасынан және өздерінің күнәларының салдарынан қорқады. Сөйтіп, мүмин адам қорқу мен үміттің арасында болған күйде Аллаһ Тағалаға ұмтылуы қажет, әрі осы орайда адамның өз діни міндеттерін атқаруын белсендету үшін және оған амалдарының қабыл болатынына негіз беру үшін, Аллаһқа мойынсұнуға қатысты нәрселерде үміт басым болуы керек. Ал қорқу адамда әлдебір күнәні жасауға деген құлшыныс пайда болған кезде, оны осы күнәні жасаудан бас тартуға ынталандыру үшін, басым болуы керек, әрі бұл оған осы күнәнің жазасынан құтылуға мүмкіндік береді.

Білім иелерінің бірі былай деген екен: «*Үміт ауыру кезінде, ал қорқу – адам сау-сәлемет болған кезде басым болуға тиіс, өйткені науқас адам әлсіздеу болады, әрі оның ажалы жақын қалған болып, ол өліп те қалуы мүмкін, бірақ бұл орын алып жатса, онда ол Аллаһ туралы жақсы оймен көз жұмуы керек. Ал егер*

адам сау-сәлемет болса, онда ол жігерлі болып қала береді және оның әлі де болса көп өмір сүруге деген үміттенуіне негізі болады, ал бұл оны шадырлық пен менмендікке алып келуі мүмкін, әрі сондықтан да мұндай жағдайда адам осындай нәрселерден сақтануы үшін, қорқу басым болуға тиіс».

Сондай-ақ үміт адамның көкейіне ол Аллаһты алдай алатындай ойларды салмауы үшін, ал қорқу болса оны Аллаһтың рахымынан күдер үзуге мәжбүрлемейі үшін, қорқу қанша болса, үміт те сонша болуға тиіс деп те айтып жатады, өйткені мұның екеуі де кімге тән болса, солар үшін жек көрінішті әрі кесірлі болады.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الْحَشِيَّةِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿فَلَا تَخْشَوْهُمْ وَاخْشَوْنِي...﴾ [الآية [البقرة]:

.[150]

«Біліммен қорқудың (әл-хашияның) дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөзі:

﴿فَلَا تَخْشَوْهُمْ وَاخْشَوْنِي...﴾

«Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар» («әл-Бақара» сүресі, 150-аят)».

Шарх:

(«Олардан қорықпаңдар»). Мұндай (қорқу) адам кімнен қауіптенсе, соның ұлылығы мен кәміл билігі туралы білімге негізделген қорқуды меңзейді, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

كَذَلِكَ إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ

«Аллаһтан Оның құлдарының ішіндегі ғалымдары ғана қорқады» («Фатыр» сүресі, 28-аят), яғни Аллаһтың ұлықтығы және шексіз билік иесі екендігі туралы білетіндер. Сөйтіп, бұл сезім қорқудың басқа түрлерінен белгілі ерекшіліктермен ерекшеленеді, ал олардың арасындағы айырмашылықты келесідей мысал арқылы түсіндіруге болады: егер сен әлдебіреуден ол саған бір нәрсе істейтінін, не істемейтінін білмей қорықсаң, онда бұл қорқу болады, ал егер сен әлгі адам саған әлдебір нәрсе істей алатынын біліп қорықсаң, онда бұл біліммен қорқу болады.

Ал егер біліммен қорқудың түрлері туралы айтар болсақ, олар қорқудың біз жоғарыда атап кеткен түрлері сияқты болады.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الْإِنَابَةِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَأَنِيبُوا إِلَىٰ رَبِّكُمْ وَأَسْلُمُوا لَهُ...﴾ الآية [الزمر: 54].

«Аллаһқа қайтудың (әл-инәәба) дәлелі -
Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَأَنِيبُوا إِلَىٰ رَبِّكُمْ وَأَسْلُمُوا لَهُ...﴾

«Раббыларыңа қайтыңдар және Оған бойұсыныңдар» («әз-Зүмәр» сүресі, 54-аят)».

Шарх:

(«Қайту (әл-инәба)»). Қайту (әл-инәба) дегеніміз Аллаһ Тағалаға Оған мойынсұну арқылы және Оған мойынсұнбаудан алшақтау арқылы оралу, әрі бұл тәубе етуге жақын, бірақ өзімен Аллаһқа сенім артуды және Одан пана іздеуді нұсқайтын әлдебір нәзіктеу нәрсені меңзейді. Осылайша, осы мағынадағы қайту тек

Аллаһ Тағалаға қайту болуы мүмкін. Бұған Оның мына сөздері нұсқайды:

﴿وَأَنِيبُوا إِلَىٰ رَبِّكُمْ وَأَسْلُمُوا لَهُ...﴾

«Раббыларыңа қайтыңдар және Оған бойұсыныңдар» («әз-Зүмәр» сүресі, 54-аят)».

Ал егер Аллаһ Тағаланың «және Оған бойұсыныңдар» деген сөздеріне қатысты айтар болсақ, онда бұл жерде шарифаттың талабына сай міндетті болып табылатын мойынсыну (Ислам), яғни Аллаһтың заңының үкімдеріне бағыну меңзеледі. Осы орайда, мойынсұну екі түрлі болатынын есте сақтау қажет:

БІРІНШІСІ: Бүкіл болмыстың мойынсұнуы, яғни Аллаһтың бүкіл болмысқа қатысты және көктер мен жердің барлық мекен етушілеріне, олар мұмин немесе кәпір, ізгі немесе бұзық болсын, жүретін үкіміне бағынуы, өйткені ешкім осыдан асып түсуге шамасы келмейді, әрі бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

أَفَعَبِّرَ دِينَ اللَّهِ يَبْعُونَ وَلَهُ أَسْلَمَ مَنْ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ طَوْعًا وَكَرْهًا
وَالِيهِ يُرْجَعُونَ (٨٣)

«Олар Аллаһтың дінінен басқа дін іздей ме? Көктердегі және жердегі барлық жан иесі ерікті, еріксіз Аллаһқа бой ұсынады. Сондай-ақ олар Ол жаққа қайтарылады» («Әли-Имран» сүресі, 83-аят).

ЕКІНШІСІ: шариғаттың талап етуімен шартталатын мойынсұну, яғни, басқаша айтқанда, Оған бағынған елшілер мен соларға таза жүректерімен ілескендерге тән болған Ол орнатқан шариғатқа бағыну. Бұған Құранда көптеген нұсқаулар бар, әрі олардың қатарына автор (Аллаһ оны рахым етсін) дәйексөз еткен аят та жатады.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الْإِسْتِعَانَةِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ﴾ [الفاتحة: 5]. وَفِي الْحَدِيثِ: (...وَإِذَا اسْتَعْنَتْ فَاسْتَعِينِ بِاللَّهِ).

«Көмек тілеуге (әл-исти`анаға) Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

﴿إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ﴾

«Саған ғана құлшылық етеміз әрі Сенен ғана жәрдем сұраймыз» («Фатиха» сүресі, 4-аят).

Әрі хадисте де: «...Егер көмек тілейтін болсаң, Аллаһтан тіле!» - деп айтылған».

Шарх:

(«Көмек тілеу (әл-исти`ана»)). Көмек сұраудың бірнеше түрі болады:

БІРІНШІСІ: пенденің өз Раббысының алдында толық тағзым-итағат етуін, өз істерін Оған тапсыруын меңзейтін Аллаһтан жәрдем сұрап жалбарыну және осы жеткілікті болатынына деген иман. Осылай етіп тек Аллаһ Тағаладан ғана көмек сұрап жалбарынуға болады, әрі бұған Оның:

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

«Саған ғана құлшылық етеміз әрі Сенен ғана жәрдем сұраймыз», - деген сөздері нұсқайды («Фатиха» сүресі, 4-аят).

(«Саған ғана құлшылық етеміз әрі Сенен ғана жәрдем сұраймыз»). Ал кім

осылайша Аллаһ Тағаладан өзгеге көмек сұрап жүтінсе, сол оны діннен шығаратын көпқұдайшылыққа түседі.

ЕКІНШІСІ: адамдардан әлдебіреуге оның шамасы келетін нәрседе жәрдем сұрап жүтіну. Бұл жерде көмек сұрау өтініштері нақты не нәрсеге қатысты екеніне назар аудару қажет, өйткені егер сөз әлдебір игі нәрсе туралы болып жатса, онда сұраушыға мұндай өтініш жасауға рұқсат етіледі, ал өтініш жасалған адам оны шарифат үкімдеріне сәйкес орындауға тиіс болады, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

وَتَعَاوَنُوا عَلَى الْبِرِّ وَالتَّقْوَىٰ وَلَا تَعَاوَنُوا عَلَى الْإِثْمِ وَالْعُدْوَانِ

«Жақсылық пен тақуалыққа жәрдемдесіңдер. Күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспендер» («әл-Мәида» сүресі, 2-аят).

Ал егер сөз қандай да бір күнәлі нәрсеге көмектесу жайында болса, онда мұндай өтініштер жасауға да, ондай істерге көмектесуге де тыйым салынады, өйткені Аллаһ Тағала: «Күнәға және дұшпандыққа жәрдемдеспендер», - деген.

Сөз қандай да бір рұқсат етілген нәрсе туралы болатын жағдайларда өтініш жасап жүгінуге де, оларды орындауға да рұқсат етіледі, бірақ осы орайда көмек беруші өзінің басқа адамға жасаған жақсылығы үшін сый-сауап алуға да үміттене алады, әрі бұл Аллаһ Тағаланың:

وَأَحْسِنُوا إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُحْسِنِينَ (۱۹۵)

«Әрі жақсылық жасаңдар, өйткені Аллаһ жақсылық жасаушыларды жақсы көреді!» («әл-Бакара» сүресі, 195-аят), - деген сөздеріне сәйкес, оның заңды құқығы болып табылады.

ҮШІНШІСІ: Тірі және сол жерде бар болған, бірақ көмектесуге қабілетсіз кісіге жәрдем сұрап жүгіну. Мұндай жүгінулер бос және пайдасыз іс болып табылады, әрі мұның мысалы әлдебір ауыр нәрсені көшіруде әлсіз адамнан жәрдем сұрау сияқты.

ТӨРТІНШІСІ: өлген адамдарға немесе сол жерде болмаған, әрі сондықтан да туындаған проблемаларды шешуге ешқандай қатыса алмайтын тірі адамдарға жәрдем сұрап жүгіну. Мұндай жүгінулер көпқұдайшылыққа айғақ

болады, өйткені мұндайды тек өлілер немесе тірілердің кейбіреулері жасырын түрде болмысты басқаруға қабілетті деп сенетіндер ғана істейді.

БЕСІНШІСІ: Аллаһ Тағалаға қандай да бір қалаулы нәрсеге қол жеткізуде жәрдем сұрап жүгіну. Бұл Аллаһ Тағаланың:

وَاسْتَعِينُوا بِالصَّبْرِ وَالصَّلَاةِ

«Сабыр және намазбен жәрдем тілеңдер...» («әл-Бакара» сүресі, 45-аят), - деген бұйрығына сәйкес заңды болып табылады.

Көмек сұрап жүгіну туралы сөз еткенде автор (Аллаһ оны рахым етсін) біз жоғарыды атап өткен оның түрлерінің біріншісін меңзеді әрі өзінің ойына дәлел ретінде Аллаһ Тағаланың:

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

«Саған ғана құлшылық етеміз әрі Сенен ғана жәрдем сұраймыз», - деген сөздерін және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Егер көмек сұрайтын болсаң, Аллаһтан сұра!»* - деген сөздерін келтірді.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الاسْتِعَاذَةِ: قَوْلُهُ نَعَالَى: ﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ﴾ [الفلق: 1]. وَ﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ﴾ [الناس: 1].

«Пана тілеп сиыну (әл-исти`аза) дәлел -
Аллаһ Тағаланың мына сөзі:

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ﴾

«Таңның Раббысынан пана сұраймын»,
- деп айт!» («Фәләқ» сүресі, 1-аят).

Сондай-ақ (Аллаһтың мына сөздері):

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ﴾

«Адамдардың Раббысынан пана
сұраймын», - деп айт!» («Нәс» сүресі, 1-аят)».

Шарх:

(«Пана сұрауға (әл-исти`аза) дәлел»). Яғни мұндай өтініш-тілекпен жүгінуші өзінің жүгініп жатқан (объектісінен) қорғау және пана іздейтін жағдайдағы жамандықтан қорғау сұрауға (дәлел).

Қорғау сұраудың бірнеше түрі болады:

БІРІНШІСІ: Аллаһ Тағалаға қорғау сұрап

жүгіну. Ол Оған деген мұқтаждықты, Ол арқылы панаға ие болуды қалауды және осы жеткілікті болатынына деген иманды тұрақты түрде сезінуді меңзейді, өйткені Ол бүкіл нәрседен қазір және болашақта қорғауға да, үлкен және кіші нәрседен қорғауға да, адамнан және басқа да кез-келген нәрседен қорғауға да қабілетті. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ

«Таңның Раббысынан пана сұраймын»,
- деп айт!» («әл-Фәләқ» сүресі, 1-аят), - әрі сүренің соңына дейін, сондай-ақ оның басқа да келесі сөздері нұсқайды:

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ (۱) مَلِكِ النَّاسِ (۲) إِلَهِ النَّاسِ (۳) مِنْ شَرِّ
الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ (۴) الَّذِي يُوَسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ (۵)

«Адамдардың Раббысына, адамдардың Иесіне, адамдардың Құдайына, сыбырлап азғырушының кесірінен, сондай адамдардың көкейлеріне салатын; мейлі жыннан, мейлі адамдардан болсын сиынамын», - де» («ән-Нәс» сүресі, 1-6 аяттар).

ЕКІНШІСІ: Аллаһтың сипаттарының біріне, мысалы, Оның Сөздеріне, Оның Ұлылығына, Оның Күш-Қуатына т.с.с. қорғау сұрап жүгіну. Бұған Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Аллаһтың кемел сөздеріне Ол жаратқан нәрселердің жамандығынан қорғау тілеп жүгінемін»*, - деген, сондай-ақ: *«Астымнан өтірілуімнен Сенің құдіретіңнің қорғауына жүгінемін»*, - деген сөздеріне, сондай-ақ оның аурудан айығу дұғасының бір бөлігі болған: *«Өзім сезініп және қауіптеніп жатқан нәрсенің жамандығынан Аллаһтың күші мен құдіретіне (қорғау тілеп) жүгінемін»*, - деген, сондай-ақ оның: *«Өзіңнің ашу-ызаңнан Сенің разылығыңа қорғау тілеп жүгінемін»*, - деген сөздеріне, сондай-ақ

قُلْ هُوَ الْقَادِرُ عَلَىٰ أَنْ يَبْعَثَ عَلَيْكُمْ عَذَابًا مِّنْ فَوْقِكُمْ أَوْ مِنْ تَحْتِ أَرْجُلِكُمْ
أَوْ يَلْبَسَكُمْ شِيْعًا وَيُدْبِقَ بَعْضَكُمْ بِأَسِّ بَعْضٍ أَنْظُرْ كَيْفَ نُصَرِّفُ الْآيَاتِ لَعَلَّهُمْ
يَفْقَهُوْنَ (٦٥)

««Ол сендерге үстеріңнен немесе аяқтарыңның астынан азап жіберуге, не сендерді топтар түрінде ұрыстырып біріңе-біріңнің кесірін таттыруға күші жетеді», - де...», - деген аят түскен кездегі Пайғамбардың

(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Сенің Жүзіңнің қорғауына жүгінемін»*, - деп айтқан сөздері нұсқайды.

ҮШІНШІСІ: өлілерге немесе сол кезде сол жерде жоқ болған, әрі сондықтан да ешкімді қорғауына ала алмайтын тірі адамдарға қорғау сұрап жүгіну. Мұндай жүгінулер көпқұдайшылықтың көрінісі болып табылады. Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

وَأَنَّهُ كَانَ رِجَالٌ مِنَ الْإِنْسِ يَعُوذُونَ بِرِجَالٍ مِنَ الْجِنِّ فَزَادُوهُمْ رَهَقًا

(۶)

«Шынында, адамдардан кейбір ерлер жындардың кейбір ерлеріне сиынатын еді, бірақ олар олардың қорқыныштарын (немесе зұлымдықтарын) арттыратын еді» («әл-Жинн» сүресі, 6-аят).

ТӨРТІНШІСІ: қорғау беруге қабілетті болғанға, мейлі ол адам болсын, мейлі басқа бір нәрсе болсын қорғау сұрап жүгіну рұқсат етіледі, әрі бұған Пайғамбардың фитна-бүліктер туралы айтқан мына сөздері нұсқайды: *«Расында, [жуық арада] бүліктер басталады! Ал содан кейін*

[сондай] бүліктердің дәуірі келеді де, сол кезде одан алыс болған (адам) [олармен байланысты уақиғалардың қатысушысынан], ал олардың қатысушысы соларға [қатысуға] ұмтылатындардан жақсырақ болады» («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», № 2097 хадис, сондай-ақ Муслим). Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыдан қорғану үшін не нәрсеге жүгінуге болатындығына нұсқап былай деді: «Бұл бастарыңа түскен кезде, кімнің түйесі болса, сол түйелеріне ілессің, кімнің қойлары болса, сол қойларына ілессің, әрі кімнің жері болса, сол жерінен ұстансын» («Мухтасар «Сахих» Муслим», № 2025 хадис).

Ал Жәбірдің сөздерінен жеткізілетін басқа бір хадисте бану махзум тайпасынан бір әйел ұрлық жасап, оны Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген кезде, ол Умм Сәләмаға қорғау сұрап жүгінгені туралы хабарланады.⁴

⁴ Бұл хадисті Муслим өз «Сахих» жинағында келтіреді, № 1689 хадис, 3-т., 1311-бет. Бұл әйелдің туысқандары Умм Сәләма ол үшін

Бұдан тыс, Умм Сәләма Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген: *“[Әлдебір адам] [Қазбадан] пана тілейтін болады да, оған әскер жіберіледі, бірақ [сарбаздар] бір шөлді жазықтыққа жеткен кезде, оларды жер жұтады”*.

Ол: *“Уа, Аллаһтың елшісі! Ал өз қалауынсыз сол [әскермен бірге жүріп келген] адам ше?”* – деп сұрады, сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *“Жер олармен бірге оны да жұтып жібереді, бірақ Қиямет Күні ол ниетіне сәйкес қайта тірілтіледі”⁵*» (Муслим № 2882, 4-т., 2208-бет).

Алайда, осы орайда, егер адам залымның жәбіріне қарсы көмек сұрап жатса, онда оған шама-мүмкіндікке сәйкес көмектесу керек

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдында оған жаза қолданбауды сұрап араша түсе алады деп ойлады, сол кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Расында, егер Мұхаммадтың қызы Фатима ұрлық жасағанда, мен міндетті түрде оның қолын шабар едім»*, - деп жауап берді.

⁵ Бұл дегеніміз, мұндай адамға оның ниетіне сәйкес жаза не сауап беріледі дегенді білдіреді.

болады, ал егер ол әлдебір харам нәрсені істеу үшін немесе міндетті нәрсені орындаудан бас тарту үшін көмек сұрап жатса, онда оған бұл нәрседе көмектесуге тыйым салынады (харам болады).

Автордың сөздері:

وَدَلِيلُ الْإِسْتِعَاثَةِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَاسْتَجَابَ لَكُمْ...﴾ الآية [الأنفال]:

.[9]

«Құтқаруды тілеп жалбарынудың (әл-истиғаса) дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَاسْتَجَابَ لَكُمْ...﴾

«Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынған едіңдер, сонда Ол ... тілектеріңді қабыл етті» («әл-Әнфал» сүресі, 9-аят).

Шарх:

(«Құтқаруды тілеп жалбарыну»). Яғни апаттан және опат болудан құтқаруды сұрап жалбарыну. Мұндай тілек-өтініштермен жүгінудің бірнеше түрі болады:

БІРІНШІСІ: Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа құтқаруды тілеп жалбарыну. Бұл ең абзал және кемел істердің қатарына жатады, өйткені мұнымен әркез елшілер және олардың ізбасарлары айналысатын. Бұған шейх (Аллаһ оны рахым етсін) дәйексөз ретінде келтірген келесі аят нұсқайды:

إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَاسْتَجَابَ لَكُمْ أَنِّي مُمِدُّكُمْ بِالْفِ مِّنَ الْمَلَائِكَةِ
مُرْدِفِينَ (۹)

«Сол уақытта Раббыларыңа жалбарытуда едіңдер. Сонда Ол: «Шынында, сендерге ерген мың періштемен көмек етемін», - деп тілектеріңді қабыл етті» («әл-Әнфал» сүресі, 9-аят).

Бұл аят Бадр шайқасы күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жиналған көпқұдайшылардың саны мыңнан асқанын, ал

оның сахабаларының саны үш жүзден сәл көбірек екенін көрген соң өз шатырына кіріп, жүзін қыбылаға қаратып, екі қолын көкке көтеріп, өзінің Аса Құдіретті әрі Ұлы Раббысына: *«Я, Аллаһ, маған берген уәдеңді орындай гөр. Я, Аллаһ, егер Сен мұсылмандардың осы тобын опат етсең, онда жер бетінде Саған құлшылық ететіндер қалмайды!»* - деп дұға ете бастаған кезде түсірілді. Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі қолын көкке көтеріп, осы сөздерін айтып жатқан кезде, оның иығынан шапаны түсіп кетеді де, оны Абу Бакр көтеріп: *«Уа, Аллаһтың Пайғамбары, Раббыңызға осынша жалбарынғаныңыз жетер, өйткені, ақиқатында, Ол сізге уәде еткен нәрсесін орындайды!»* - деді. Содан кейін Аллаһ осы аятты түсірді.

ЕКІНШІСІ: өлілерге (әруақтарға) немесе сол кезде сол жерде жоқ болған әрі сондықтан да көмектесе алмайтын тірілерге құтқаруды тілеп жалбарыну. Мұндай жалбарынулар көпқұдайшылық болады, өйткені мұндаймен тек осылар болмысқа құпия түрде ықпал ете алады деп сенетіндер, яғни соларға тек Аллаһқа ғана тән

нәрселердің бір бөлігін телитіндер ғана айналысады. Бірақ Аллаһ былай деген:

أَمَّنْ يُجِيبُ الْمُضْطَرَّ إِذَا دَعَاهُ وَيَكْشِفُ السُّوءَ وَيَجْعَلُكُمْ خُلَفَاءَ الْأَرْضِ
أَلَلَّهُ مَعَ اللَّهِ

«Немесе қиналғандар Оған жалбарынғанда, дұғасын қабыл етіп, жамандықты жойып, сендерді жер жүзіне орынбасар ететін кім? Аллаһпен бірге басқа құдай бар ма?» («ән-Нәмл» сүресі, 62-аят).

ҮШІНШІ: білімге ие және көмектесе алатын тірі адамдарға құтқаруды сұрап жүгіну. Мұндай жүгіну орынды, өйткені Муса туралы хикаяны келтіргенде, Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

هَذَا مِنْ شَيْعَتِهِ وَهَذَا مِنْ عَدُوِّهِ فَاسْتَعَاثَهُ الَّذِي مِنْ شَيْعَتِهِ عَلَى الَّذِي مِنْ
عَدُوِّهِ فَوَكَرَهُ مُوسَى فَقَضَى عَلَيْهِ

«Бірі өз тобынан, біреуі дұшпан жақтан еді. Сонда өз тобынан болғаны дұшпанына қарсы Мусадан көмек тіледі. Сонда Муса оны жұдырықпен ұрғанда, оған қаза жетті...» («әл-Қасас» сүресі, 15 аят).

ТӨРТІНШІСІ: тірі, бірақ еш нәрсе істей алмайтын, алайда жүгінуші ол әлдебір құпия

күшке ие деп сенетін біреуге құтқаруды сұрап жүгіну. Бұған мысал ретінде суға батып жатқан біреудің сал ауруына шалдыққан басқа біреуден құтқаруды сұрап жатқанын келтіруге болады. Ал мұның ешқандай мән-мағынасы жоқ, әрі мысқылдан басқа еш нәрсе емес, сондықтан да бұған тыйым салынады. Мұның тыйым салынатынына тағы бір себеп – суға батып барушы адасушылыққа салынып, соның нәтижесінде оның ойына сал ауруымен аурған әлгі адам оны бәледен құтқара алатындай әлдебір құпия күшке ие деген ой келуі мүмкін болғандығында.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الذَّبْحِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿قُلْ إِنِّي هَدَانِي رَبِّي إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ دِينًا قِيَمًا مِّلَّةَ إِبْرَاهِيمَ حَنِيفًا وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ * قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ * لَا شَرِيكَ لَهُ وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ﴾ [الأنعام: 161-163].
وَمِنَ السُّنَّةِ: (لَعَنَ اللَّهُ مَنْ ذَبَحَ لِغَيْرِ اللَّهِ).

«Құрбандық шалудың (әз-зәбх) дәлелі –

Аллаһ Тағаланың мына сөзі:

﴿قُلْ إِنِّي هَدَانِي رَبِّي إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ دِينًا قَيْمًا مِّلَّةَ إِبْرَاهِيمَ حَنِيفًا وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ * قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ * لَا شَرِيكَ لَهُ وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ﴾

«Расында, менің намазым және құрбандығым, өмірім және өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін! Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылғанмын және мен - мұсылмандардың алғашқысымын», - деп айт» («Әл-Әнғам» сүресі, 161-163-аяттар).

Ал Сүннеттен дәлел (Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): «Аллаһтан өзгеге (арнап) құрбандық (мал) шалғанға Аллаһтың лағнеті болсын!», (- деген сөздері) (Муслим, 1978)».

Шарх:

(«Құрбандық шалу»). Құрбандық шалу немесе мал бауыздау – бұл (малды) ерекше тәсілмен қан шығару арқылы өлтіру.

Мал бірнеше жағдайға байланысты бауыздалады:

БІРІНШІСІ: бұл ғибадаттың бір бөлігі болатын әрі мал бауыздайтын адамның мақсаты ол кімге арнап құрбандық шалса, соған өзінің құрметін білдіру, оған бағыну және оған жақындауға ұмтылу болатын кез. Мұндайды тек Аллаһ Тағалаға ғана арнап, Оның өзі заңдастырғандай амал етіп жасауға болады, керісінше болған жағдайда, бұл үлкен көпқұдайшылықтың көрінісіне айналады. Ал бұған дәлел – шейх (Аллаһ оны рахым етсін) келтірген аяттар:

قُلْ إِنِّي هَدَانِي رَبِّي إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ دِينًا قِيَمًا مِّلَّةَ إِبْرَاهِيمَ
 حَنِيفًا وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ * قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي
 لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ * لَا شَرِيكَ لَهُ وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ

«Расында, менің намазым және құрбандығым, өмірім және өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін! Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылғанмын және мен - мұсылмандардың алғашқысымын», - деп айт» («Әнғам» сүресі, 161-163-аяттар).

ЕКІНШІСІ: мал қонаққа сый-құрметтің белгісі ретінде немесе үйлену тойына (уәлима) немесе басқа да осы сияқты себеппен дастархан жаю үшін бауыздалатын кез. Бұған қатысты ерекше бұйрықтар түсірілген, әрі бұл не міндетті (уәжіп), не құптаулы (мустахаб) болып табылады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын): *«Кім Аллаһқа және Ақырет Күніне иман келтірсе, қонағын сыйласын»*, - деген (әл-Бухари, № 6135, 6136, 6138, Муслим № 47, 48). Сондай-ақ ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз кезінде Абд әр-Рахман бин Ауфқа: *«Бір қой сойып болса да үйлену дастарханын (уәлима) жаса»*, - деп айтқан болатын.

ҮШІНШІСІ: мал ас-қатық үшін, немесе сату үшін, немесе осы сияқты басқа мақсаттармен сойылатын кез. Бұл да рұқсат етіледі, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

أَوْلَمْ يَرَوْا أَنَّا خَلَقْنَا لَهُمْ مِمَّا عَمِلَتْ أَيْدِينَا أَنْعَامًا فَهُمْ لَهَا مَالِكُونَ
(۷۱) وَذَلَّلْنَاهَا لَهُمْ فَمِنْهَا رَكُوبُهُمْ وَمِنْهَا يَأْكُلُونَ (۷۲)

«Олар үшін Қолымызбен мал-

жануарларды жаратқанымызды көрмей ме? Сондай-ақ өздері оларға иелік етеді. Малды оларға бойсұндырдық. Кейіне олар мінеді, кейінің етін жейді» («Я Син» сүресі, 72-аят). Сөйтіп, бұл ненің қол жеткізу құралы болуына байланысты не қажетті, не тыйым салынған болуы мүмкін.

Автордың сөзі:

﴿وَدَلِيلُ النَّدْرِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿يُؤْفُونَ بِالنَّدْرِ وَيَخَافُونَ يَوْمًا كَانَ شَرُّهُ مُسْتَطِيرًا﴾﴾
[الإنسان: 7].

«Нәзірге дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿يُؤْفُونَ بِالنَّدْرِ وَيَخَافُونَ يَوْمًا كَانَ شَرُّهُ مُسْتَطِيرًا﴾

«Олар нәзірлерін орындайды, әрі жамандығы етек алатын күннен қорқады» («әл-Инсан» сүресі, 7-аят).

Шарх:

(«Нәзірге дәлел»). Яғни нәзір құлшылықтың бір бөлігі болып табылатындығына дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

يُوفُونَ بِالنَّذْرِ وَيَخَافُونَ يَوْمًا كَانَ شَرُّهُ مُسْتَطِيرًا

«Олар нәзірлерін орындайды, әрі жамандығы етек алатын күннен қорқады» («әл-Инсан» сүресі, 7-аят).

(«Олар нәзірлерін орындайды...»). Бұл аят Аллаһ ізгілерге олар өз нәзірлерін орындағандары үшін мақтау айтқанына нұсқау болады. Бұл «Аллаһ осындайды орындауды жақсы көреді» дегенді білдіреді, ал Аллаһ жақсы көретін нәрсенің барлығы құлшылық істеріне жатады.

Бұл Аллаһтың «әрі жамандығы етек алатын күннен қорқады» деген сөздерімен расталады.

Аллаһ оларды орындағаны үшін ізгілерге мақтау айтқан нәзірлерге Аллаһ адамдарға міндетті етіп бекіткен құлшылықтың барлық түрі жататынын біл, өйткені құлшылықтың бұл

түрлері шариғаттың негізінде міндетті болып табылатындықтан, адам оларды бұлжытпай орындауға тиіс. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

ثُمَّ لِيُقْضُوا تَفْتَهُمْ وَلِيُوفُوا نُذُورَهُمْ وَلِيَطَّوَّفُوا بِالْبَيْتِ الْعَتِيقِ (۲۹)

«Содан соң олар өздерін ретке келтірсін де (шаш, тырнағын алып, ихрамнан шықсын), айтқан нәзірлерін орындап, **Кағбаны тауап жасасын**» («әл-Хажж» сүресі, 29-аят).

Мағынасы адам өзін әлдебір нәрсеге міндеттеуін қамтитын нәзірлер, немесе Аллаһқа мойынсұнудың шариғат тұрғысынан міндетті болмаған көріністері кері қайтарылатын болып табылады, ал білім иелерінің кейбірі оларды тыйым салынған деп те санайтын, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) нәзір беруге тыйым салып, былай деген: *«Расында, нәзірде, ол арқылы сараңды ақша жұмсауға мәжбүрлеуге болатынын санамағанда, қайыр жоқ»*. Сонымен бірге, егер адам Аллаһқа мойынсұнумен байланысты болған әлдебір нәзір

беретін болса, онда ол оны орындауға міндетті болады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Кім Аллаһқа мойынсұнды нәзір еткен болса, Оған мойынсұнсын*», - деп айтқан.

Қысқасы, нәзір деп барша үшін міндетті болған ғибадат түрлері де, әлдебір адам аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ үшін орындауды міндетті деп санайтын нәрсе де атала береді. Жеке сипаттағы нәзірлерге келер болсақ, исламның білгірлері оларды тұтас бір санаттарға бөліп жіктеді, ал бұл туралы фикһ кітаптарында жан-жақты баяндалады.

Автордың сөздері:

* الأَصْلُ الثَّانِي *

مَعْرِفَةُ دِينِ الْإِسْلَامِ بِالْأَدِلَّةِ

«ЕКІНШІ НЕГІЗ: ИСЛАМ ДІНІН ДӘЛЕЛДЕРМЕН ТАҢУ.

وَهُوَ: الاستِسْلَامُ لِلَّهِ بِالتَّوْحِيدِ، وَالانْتِقَادُ لَهُ بِالطَّاعَةِ، وَالْبِرَاءَةُ مِنَ الشِّرْكِ وَأَهْلِهِ،

Яғни бірқұдайшылықты (таухидты) ұстану арқылы Аллаһқа бойсұну, Оған мойынсұну арқылы бағынушылық таныту және ширк пен оны жасайтындарға қатыссыз болу».

Шарх:

(«Екінші негіз»). Яғни үш негіздің екіншісі – бұл Ислам дінін дәлелдерімен тану, ал бұл Исламды Құран мен Сүннеттегі дәлелдер арқылы тануды меңзейді.

(«Бойсұну»). Яғни – (бұл) Ислам діні, әрі егер қаласаң, онда Ислам – бұл «бірқұдайшылықты (таухидты) ұстану арқылы Аллаһқа бойсұну, Оған мойынсұну арқылы бағынушылық таныту және ширк пен оны жасайтындарға қатыссыз болу» деп айтсаң болады. Бұл дін өзіне үш нәрсені қамтиды.

(«Бірқұдайшылықты ұстану»). Яғни пенде өзінің Раббысына шарифат талап ететіндей, дәлірек айтқанда – тек аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа иман келтіру және Оған ғана құлшылық ету арқылы бойсұнуы қажет. Бұл адамды соған ынталандыру қажет болған және ол сол үшін сый-

сауап алатын Исламның дәл өзі. Ал Аллаһқа бүкіл болмысқа жазылған тағдырға сәйкес амал-шарасыз бойсұнуға қатысты айтар болсақ, онда бұл үшін адам сый-сауап алмайды, өйткені бұл болмауы мүмкін емес (яғни ешкімнің еркіне салынбайтын – ауд.) нәрсе, өйткені Аллаһ Тағала былай деп айтты:

أَفَعَيِّرَ دِينَ اللَّهِ يَبْغُونَ وَلَهُ أَسْلَمَ مَنْ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ طَوْعًا
وَكَرْهًا وَإِلَيْهِ يُرْجَعُونَ (٨٣)

«Олар Аллаһтың дінінен басқа дін іздейді ме? Көктердегі және жердегі барлық жан иесі ерікті-еріксіз Аллаһқа бойсұнады. Сондай-ақ олар Оған қайтарылады» («Әли Имран» сүресі, 83-аят).

(«Оған мойынсұну арқылы бағынушылық таныту»). Бағынушылық Оның бұйрықтарын орындау және Оның тыйым салған нәрселерінен тыйылу арқылы танытылады, өйткені бұйрыққа қатысты нәрселердегі бағынушылық оны орындау арқылы көрініс табады, ал тыйымға қатысты

бағынушылық тыйым салынған нәрседен бас тарту арқылы көрініс табады.

(«Ширк пен оны жасайтындарға қатыссыз болу»). Бұл жерде көпқұдайшылықтан бас тарту және азат болу туралы сөз болуда, ал бұл (өз негізінде) көпқұдайшыл-мүшрикрлерге қатыссыз болуды талап етеді, өйткені Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

قَدْ كَانَتْ لَكُمْ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ فِي إِبْرَاهِيمَ وَالَّذِينَ مَعَهُ إِذْ قَالُوا لِقَوْمِهِمْ إِنَّا بُرَاءُ
مِنْكُمْ وَمِمَّا تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ كَفَرْنَا بِكُمْ وَبَدَا بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ الْعَدَاوَةُ وَالْبَغْضَاءُ
أَبَدًا حَتَّىٰ تُوْمِنُوا بِاللَّهِ وَحَدَهُ الْإِقْوَالِ إِبْرَاهِيمَ لِأَبِيهِ لَأَسْتَغْفِرَنَّ لَكَ وَمَا أَمْلِكُ لَكَ مِنَ
اللَّهِ مِنْ شَيْءٍ رَبَّنَا عَلَيْنَا تَوَكَّلْنَا وَإِلَيْكَ أَنبَأْنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ (٤)

“Расында, сендерге Ибраһим және онымен бірге болғандар бір көркем өнеге болды. Сол кезде олар қауымдарына: «Сендерден де, Аллаһтан өзге табынғандарыңнан да бас тартамыз. Біз сендерге қарсымыз, әрі сендер жалғыз Аллаһқа иман келтірмегендеріңе дейін сендер мен біздің арамызға мәңгі дұшпандық пен өштік орнады», - деді” («әл-Мумтахана» сүресі, 4-аят).

Автордың сөзі:

وَهُوَ ثَلَاثُ مَرَاتِبٍ: الْإِسْلَامُ، وَالْإِيمَانُ، وَالْإِحْسَانُ. وَكُلُّ مَرْتَبَةٍ لَهَا أَزْكَانٌ.

المرتبة الأولى: الإسلام

فَأَزْكَانُ الْإِسْلَامِ خَمْسَةٌ: شَهَادَةُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ، وَإِقَامُ الصَّلَاةِ، وَإِيْتَاءُ الزَّكَاةِ، وَصَوْمُ رَمَضَانَ، وَحُجُّ بَيْتِ اللَّهِ الْحَرَامِ.

فَدَلِيلُ الشَّهَادَةِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُو الْعِلْمِ قَانِمًا بِالْقِسْطِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾ [آل عمران، 18].

“Оның (Ислам дінінің) үш дәрежесі бар:
Ислам, Иман және Ихсан. Әр дәреженің өз
тіректері бар.

Бірінші дәреже: Ислам.

Исламның тірегі бесеу:

- 1) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад – Оның Елшісі», - деп куәлік беру;
- 2) Намазды орындау (әс-саләт);
- 3) Зекет беру (әз-зәкат);
- 4) Рамазан айында ораза ұстау (әс-саум);

5) Аллаһтың Қасиетті Үйіне қажылық
жасау (әл-хәжж).

(«Лә иләһә илләЛлаһ») куәлігіне дәлел – Аллаһ
Тағаланың мына Сөздері:

﴿ شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُوا الْعِلْمِ قَانِمًا بِالْقِسْطِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ ﴾

«Аллаһ (әділдікпен үкім шығарып,) Өзінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне куәлік берді, сондай-ақ періштелер және білім иелері де. Тым Үстем, аса Дана Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ!» («Әли Имран» сүресі, 18-аят)”.

Шарх:

(«Үш дәрежесі»). Автор, Аллаһ оны рахым етсін, біздің дініміз өзіне бірінің үстінен бірі орналасқан үш дәрежені, нақты айтқанда: Исламды, иманды және ихсанды қамтитынын түсіндіреді.

(«Әр дәреженің өз тіректері бар»). Бұған дәлел – мұминдердің әмірі Умар ибн әл-Хаттабтан жеткізілетін хадисте келтірілген Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздері. Бұл хадисте Жәбірейіл Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ислам, иман және ихсан туралы сұрағаны туралы хабарланады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның сұрақтарына жауап берді де, кейіннен (Умарға): *«Бұл сендерге діндеріңді үйрету үшін келген Жәбірейіл»*, - деді.

(«Исламның тірегі бесеу»). Бұған дәлел – Ибн Умардың сөзінен жеткізілген мына хадис:

– Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *“Ислам бес тіректің үстіне құрылған (олар): «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Оның елшісі» деген куәлік, намазды орындау, зекет төлеу, рамазан айында ораза ұстау және Аллаһтың Қасиетті Үйіне қажылық жасау”* («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари» №8 хадис).

(«Куәлік»). Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Оның елшісі екендігі туралы куәлік біртұтас куәлік болып табылады, әрі ол екі бөліктен құралатынына қарамастан, әрқашан осындай (біртұтас) болған, өйткені ғибадаттың барлық түрлері осы куәліктің екі бөлігін де бірге іске асыруға негізделеді. Әрі сондықтан да ғибадаттың бірде-бір амалы егер ол бірқұдайшылықты (таухидті) ықыласты түрде ұстанумен (әрі Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ деген куәлік дәл осыны меңзейді), сондай-ақ Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесумен (әрі Мухаммад – Аллаһтың елшісі деген куәлік дәл осыны меңзейді) қабаттасып жасалмаса – қабыл болмайды.

(««Лә иләһә илләЛлаһ» куәлігіне дәлел»). Бұл қасиетті аятта Аллаһтың Өзі туралы берген куәлігі келтіріледі, өйткені Ол Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ деп айтады, сондай-ақ періштелер мен білім иелерінің тура осы туралы және Ол (Аллаһ) Тағала екендігі және

әділеттен бас тартпайтыны туралы куәлігі де келтіріледі, бұны Оның:

لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ

«Тым Үстем, Аса Дана Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ!» деген Сөздері растайды. Әрі бұл аятта білім иелерінің ұлы артықшылығы туралы айтылады, өйткені Ол (Аллаһ) олардың Өзімен және періштелермен бірге куә болып табылатынын хабарлады. Білім иелері дегенде Оның шарифаты туралы білімге ие болғандар меңзеледі, ал оларға ең бірінші кезекте Оның ардақты елшілері жатады.

Бұл ең ұлы куәлік болып табылады, өйткені Куәлік Беруші де Ұлы, Оның куәлік еткен нәрсесі де ұлы. Куәлар ретінде бұл жерде Аллаһ, періштелер және білім иелері аталып тұр, ал куәлік етілетін нәрсе ретінде бірқұдайшылық, яғни тек Жалғыз Аллаһ қана құдайлық болмысқа ие екендігі аталуда, әрі бұл Оның: «Тым Үстем, Аса Дана Одан басқа құлшылыққа лайықты

ешбір құдай жоқ!», - Сөздерімен расталып тұр.

Автордың сөзі:

وَمَعْنَاهَا: لَا مَعْبُودَ حَقًّا إِلَّا اللَّهُ، وَحَدُّ النَّفْيِ مِنَ الْإِثْبَاتِ ﴿لَا إِلَهَ﴾ نَافِيًا جَمِيعًا مَا يُعْبَدُ مِنْ دُونِ اللَّهِ ﴿إِلَّا اللَّهُ﴾ مُثَبِّتًا الْعِبَادَةَ لِلَّهِ وَحَدَّهُ لَا شَرِيكَ لَهُ فِي عِبَادَتِهِ، كَمَا أَنَّهُ لَيْسَ لَهُ شَرِيكَ فِي مُلْكِهِ.

«Мұның («Лә иләһа илләЛлаһ») куәлігінің мағынасы – «Аллаһтан басқа ешкім оған құлшылық ету құқығына ие емес. «Лә иләһа» («Құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ») сөздері Аллаһтан өзге құлшылық етілетін бүкіл құдайларды жоққа шығарады (нәфий). «ИлләЛлаһ» («Аллаһтан басқа») сөздері құлшылық етуге тек Аллаһ қана лайықты екенін растау (исбат) болып табылады. Аллаһтың билігінде (патшалығында) ешқандай серігі болмағанындай, құлшылық етуде де ешқандай серігі жоқ».

Шарх:

(«Мұның («Лә иләһа илләллаһ» куәлігінің) мағынасы»). Яғни Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екенінің мағынасы оған құлшылық ету құқығына тек Аллаһ қана ие екенінде, әрі адам: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», - деп куәлік бергенде, Оған құлшылық еттетіндей құқыққа тек Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ қана ие екенін өзінің тілімен және жүрегімен мойындауы қажет, өйткені бұл жердегі «иләһ» («құдай») деген сөз кім құдай деп саналса, соны білдіреді. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөздері өзіне теріске шығару мен растауды қамтиды. Теріске шығару – бұл «құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөздері, ал растау – «Аллаһтан басқа» сөздері. «Бұл сөздердің мағынасы - Аллаһтан басқа құдай жоқ», - деп айтуға болады, әрі бұл «Не үшін адамдар құлшылық ететін басқа құдайлар болса да, әрі осы орайда Аллаһ Тағаланың Өзі де, сондай-ақ оларға құлшылық етушілер де оларды «құайлар» деп атаса да, Аллаһтан басқа құдай жоқ деп айтылады?» деген сұраққа жауап береді. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген ғой:

فَمَا أَغْنَتْ عَنْهُمْ آلِهَتُهُمُ الَّتِي يَدْعُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ مِنْ شَيْءٍ لَمَّا جَاءَ أَمْرُ رَبِّكَ وَمَا زَادُوهُمْ غَيْرَ تَتْبِيبٍ (١٠١)

«Раббыңның әмірі келген сәтте, олардың Аллаһтан өзге жалбарынған құдайлары өздеріне ешбір пайда келтірмеді. Сондай-ақ зияндарын арттырғаннан басқа түкке тұрмады» («Худ» сүресі, 101-аят). Елшілер өздері жіберілген (қауымдарына): «Аллаһқа құлшылық етіңдер, сендердің Одан басқа құдайларың жоқ», - деп айтқан болса («әл-Әғраф» сүресі, 59-аят), біз Аллаһ Тағаладан басқа әлдекім құдайлық болмысқа ие деп айтуымызға қалайша болмақ?! Алайда мұндай сұрақтар куәліктің бірінші бөлігінің мағынасын «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деп түсінгендерде туындамайды, демек, сондықтан да адамдардың Аллаһтан басқа құлшылық ететін құдайлары жалған құдайлар болып табылады әрі ешбір жағынан құдайлық болмысқа ие болу құқығына талаптана алмайды. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

ذَلِكَ بِأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْحَقُّ وَأَنَّ مَا يَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ هُوَ الْبَاطِلُ وَأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ (٦٢)

«Міне, күдіксіз, Аллаһ – Ол Хақ, ал олардың Одан өзге сиынғандары – жалған. Рас, Аллаһ – Ол өте Жоғары, аса Үлкен» («әл-Хәжж» сүресі, 62-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағаланың мына сөздері де:

أَفَرَأَيْتُمُ اللَّاتَ وَالْعُزَّىٰ (۱۹) وَمَنَاةَ الثَّالِثَةَ الْأُخْرَىٰ (۲۰) أَلَكُمُ الذَّكَرُ وَلَهُ
الْأُنثَىٰ (۲۱) تِلْكَ إِذًا قِسْمَةٌ ضِيزَىٰ (۲۲) إِنْ هِيَ إِلَّا أَسْمَاءٌ سَمَّيْتُمُوهَا أَنْتُمْ
وَأَبَاؤُكُمْ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ بِهَا مِنْ سُلْطَانٍ

«Ләт пен Ғуззаны көрдiңдер ме? Үшiншi басқа Мәнәтты? Еркек тектi (ұрпақ) сендердiкi де, әйел тектi Аллаһтiкi ме? Онда бұл орынсыз бiр бөлiс. Бұл – сендер және аталарың қойған құр аттар ғана. Аллаһ оларға байланысты ешбiр дәлел түсiрген жоқ!» («ән-Нәжм» сүресi, 19-23 аяттар). Әрi бұған сондай-ақ бiзге Аллаһ Тағала жеткiзген Юсуфтың мына сөздерi де нұсқайды:

مَا تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِهِ إِلَّا أَسْمَاءٌ سَمَّيْتُمُوهَا أَنْتُمْ وَأَبَاؤُكُمْ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ بِهَا مِنْ
سُلْطَانٍ

«Сендердiң Одан өзге құлшылық еткендерiң – сендер әрi аталарың ойлап

тапқан құр аттар ғана. Аллаһ оларға табынуға байланысты ешбір дәлел түсірмеген» («Юсуф» сүресі, 40-аят).

Осылайша, «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөздерінің мағынасы аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты шынайы (хақ) объект жоқ дегенді білдіреді, ал адамдардың Одан басқа құлшылық ететіндеріне келер болсақ, онда бұл құлшылық объектілері шынайы құдайлық болмысқа ие емес, тіпті соларға құлшылық ететіндер солай деп айтса да.

Автордың сөзі:

وَتَفْسِيرُهَا: الَّذِي يُوضِّحُهَا قَوْلُهُ تَعَالَى ﴿وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ إِنَّنِي بَرَاءٌ مِّمَّا تَعْبُدُونَ إِلَّا الَّذِي فَطَرَنِي فَإِنَّهُ سَيَهْدِينِ * وَجَعَلَهَا كَلِمَةً بَاقِيَةً فِي عَقْبِهِ لَعَلَّهُمْ يَرْجِعُونَ﴾ [الزحرف: 26]. [28].

“Осы (қуәліктің) мағынасын Аллаһтың мына сөздері толық ашып береді:

﴿وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ إِنَّنِي بَرَاءٌ مِّمَّا تَعْبُدُونَ * إِلَّا الَّذِي فَطَرَنِي فَإِنَّهُ سَيَهْدِينِ * وَجَعَلَهَا كَلِمَةً بَاقِيَةً فِي عَقْبِهِ لَعَلَّهُمْ يَرْجِعُونَ﴾

«Сол кезде Ибраһим өз әкесіне және еліне: «Расында, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын, тек мені жаратқаннан (Аллаһтан) басқа. Расында, ол мені тура жолға салады», - деді. Ол осыны кейінгі ұрпақтарына мұра сөз етіп қалдырды, олар осыған қайта оралулары үшін» («әз-Зухруф» сүресі, 26-27 аяттар)».

Шарх:

(«Ибраһим») Ибраһим – бұл Аллаһтың халилі, яғни сүйіктісі, «саналы түрде ширктен бас тартқан» ханифтердің имамы, әрі Мухаммадпен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатар елшілердің ішіндегі ең ардақтысы. Оның әкесінің аты Азар болған.

(«Расында, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын»). Ибраһимнің: «Расында, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын», - деген сөздері оның куәліктің бірінші бөлігін, яғни «Лә иләһа...» («құлшылыққа лайықты құдай жоқ») сөздерін іс жүзінде қолданғанына айғақ болады.

«Тек мені жаратқаннан (Аллаһтан) басқа». Ибраһимнің: «...тек мені жаратқаннан (Аллаһтан) басқа...», - деген сөздері куәліктің екінші бөлігін, яғни «илләЛлаһ» немесе «билігінде серігі болмағандай құлшылықта да серігі жоқ Пәк Аллаһ Тағаладан басқа» сөздерін іске асыру ретінде айтылған. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

أَلَا لَهُ الْخُلُقُ وَالْأَمْرُ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ (٥٤)

«Күдіксіз, жарату және әмір беру Оған тән. Өте Жоғары Аллаһ – бүкіл әлемдердің Раббысы!» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят). Бұл аятта жарату және билік тек бүкіл болмысқа барлық жағынан билік жүргізетін әлемдердің Раббысы жалғыз Аллаһқа ғана тән екендігі туралы айтылады.

«Расында, ол мені тура жолға салады». Яғни маған ақиқатты көрсетеді, әрі маған сол (ақиқатқа) қол жеткізуге көмектеседі.

«Ол осыны кейінгі ұрпақтарына мұра сөз етіп қалдырды»). Яғни Аллаһтан басқа кімге (неге) болсын құлшылық етуден бас тартуды.

«Олар осыған қайта оралулары үшін»). Яғни олар өздерінің көпқұдайшылығынан бас тартып, осыған қайта оралулары үшін.

Автордың сөзі:

وَقَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿قُلْ يَا أَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا إِلَى كَلِمَةٍ سَوَاءٍ بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ أَلَّا نَعْبُدَ إِلَّا اللَّهَ وَلَا نُشْرِكَ بِهِ شَيْئًا وَلَا يَتَّخِذَ بَعْضُنَا بَعْضًا أَرْبَابًا مِّنْ دُونِ اللَّهِ فَإِن تَوَلَّوْا فَقُولُوا اشْهَدُوا بِأَنَّا مُسْلِمُونَ﴾ [آل عمران: 64].

“Сондай-ақ мына Оның сөздері де:

﴿قُلْ يَا أَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا إِلَى كَلِمَةٍ سَوَاءٍ بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ أَلَّا نَعْبُدَ إِلَّا اللَّهَ وَلَا نُشْرِكَ بِهِ شَيْئًا وَلَا يَتَّخِذَ بَعْضُنَا بَعْضًا أَرْبَابًا مِّنْ دُونِ اللَّهِ فَإِن تَوَلَّوْا فَقُولُوا اشْهَدُوا بِأَنَّا مُسْلِمُونَ﴾

«Айт: «Ей, Кітап иелері! Біздің арамыз бен сендердің араларыңда ортақ бір сөзге келейік. Жалғыз Аллаһқа құлшылық етейік, Оған еш нәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ Аллаһтан өзге бір-бірімізді раббы тұтпайық». Егер олар бет бұрса: «Қуә болыңдар, расында, біз

мұсылманбыз!», – деңдер» («Әли Имран» сүресі, 64-аят)».

Шарх:

(«Айт»). Бұл сөздер Мухаммад Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бағытталған, әрі ол осы сөздерді Кітап иелерімен, яғни яһудилермен және христиандармен айтысқан кезде қолдануға тиісті еді.

(«Біздің арамыз бен сендердің араларыңда ортақ бір сөзге келейік»). Бұл «біз Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпейік, әрі Оған ешкімді серік қоспайық, және бір-бірімізді Аллаһтан өзге раббы тұтпайық, Одан басқа ешкімге құлшылық етпейік» дегенді білдіреді, әрі «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөздерінің мағынасы да, міне, осы болып табылады. Ал **«біздің арамыз бен сендердің араларыңда ортақ бір сөзге» деген сөздерге келер болсақ, олар** «бұл сөз бізге де, сіздерге де бірдей қатысты» дегенді білдіреді.

«Оған еш нәрсені серік қоспайық». Бұл біз бір-бірімізді аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтан басқа раббы тұтпауымыз керек дегенді, яғни үкім Аллаһтан басқа әлдебіреуге тән бола алады деп санап, бір-бірімізді аса Құдіретті және Ұлы Аллаһты дәріптейтіндей етіп дәріптемейік, немесе бір-бірімізге тек Аллаһқа құлшылық етуге тиісті болғандай етіп құлшылық етпейік.

«Егер олар бет бұрса». Яғни егер олар сендер оларды шақырған нәрседен бас тартса.

««Куә болыңдар, расында, біз мұсылманбыз!», – деңдер». Яғни оларға өздерінің Аллаһқа мойынсұнғандарыңды және олардың осы «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген ұлы сөздерден бас тартып, қасарысуларына қатыссыз екендеріңді жариялаңдар, әрі оларды осыған куә болуға шақырыңдар.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ شَهَادَةِ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِّنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَؤُوفٌ رَّحِيمٌ﴾ [التوبة: 128].

“«Мухаммад – Аллаһтың елшісі»
куәлігінің дәлелі – Аллаһ Тағаланың мына
сөздері:

﴿لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِّنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ
بِالْمُؤْمِنِينَ رَؤُوفٌ رَّحِيمٌ﴾

«Сендерге өздеріңнің араларыңнан
ардақты елші келді. Оған сендердің
бастарыңа түскен қиыншылықтар ауыр
тиеді, (ол) сендерге өте ынтық, мүміндерге
өте жұмсақ, рахымды» («Әт-Тәуба» сүресі, 128-
аят)”.

Шарх:

(«Өздеріңнің араларыңнан»). Бұл сөздер
оның басқалардай адам екенін, әрі ол сендердің
араларыңнан шыққанын білдіреді, әрі Аллаһ
Тағаланың мына сөздері бұған дәлел болады:

هُوَ الَّذِي بَعَثَ فِي الْأُمِّيِّينَ رَسُولًا مِنْهُمْ يَتْلُو عَلَيْهِمْ آيَاتِهِ وَيُزَكِّيهِمْ وَيُعَلِّمُهُمُ
الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَإِنْ كَانُوا مِنْ قَبْلُ لَفِي ضَلَالٍ مُبِينٍ (٢)

«Ол (сондай Аллаһ) сауатсыздардың ішіне өздерінен, оларға (Аллаһтың) аяттарын оқитын, оларды тазартатын, сондай-ақ оларға Кітап пен даналық үйрететін бір елші жіберді. Негізінде, олар бұрын ашық адасуда еді» («әл-Жумуа» сүресі, 2-аят).

«Оған сендердің бастарыңа түскен қиыншылықтар ауыр тиеді». Яғни сендерге ауыр тиетін нәрсе оған да ауыр тиеді.

«(Ол) сендерге өте ынтық». Яғни ол сендерге пайда келтіруге әрі сендерден зиянды тойтаруға ұмтылады.

«Мүминдерге өте жұмсақ, рахымды». Оның тек мүминдерге қатысты осылай қарым-қатынас жасауының себебі оған көпірлермен және екіжүзділермен күресу және оларға қатысты қатал болу бұйырылғандығында еді. Аллаһ Елшісінің бұл сипаттары оның хақ елші болғандығына

нұсқайды, әрі бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері айғақ болады:

مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ

«Мухаммад – Аллаһтың елшісі» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят).

Сондай-ақ Оның мына сөздері де:

قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ
وَالْأَرْضِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ فَأَمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ الَّذِي
يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ (١٥٨)

«(Мухаммад:) «Әй, адам баласы! Мен барлығыңа Аллаһтың елшісімін; жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол тірілтеді әрі өлтіреді. Аллаһқа және Аллаһтың сөздеріне иман келтірген, сауатсыз Пайғамбарға иман келтіріңдер. Оған еріңдер, әрине, тура жол табасыңдар», - де» («әл-Әғраф» сүресі, 158-аят). Әрі өздеріне осы мағынаны қамтитын және Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың хақ елшісі екеніне нұсқайтын аяттар өте көп.

Автордың сөзі:

وَمَعْنَى شَهَادَةِ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ: طَاعَتُهُ فِيَمَا أَمَرَ، وَتَصَدِيقُهُ فِيَمَا أَحْبَرَ، وَاجْتِنَابُ مَا نَهَى عَنْهُ وَرَجْرَ وَأَلَّا يُعْبَدَ اللَّهُ إِلَّا بِمَا شَرَعَ.

“«Мухаммад – Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы: оның бұйрықтарына бойсұну; хабарлаған нәрселерінің хақ екенін растау; тыйған және қайтарған нәрселерінен тыйылу; сондай-ақ Аллаһқа тек ол шарифат етіп бекіткендей етіп құлшылық ету”.

Шарх:

(«Мағынасы»). «Мухаммад – Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы – құрайш тайпасының хашим руынан шыққан Мухаммад бин Абдуллаһ аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың бүкіл жындар мен адамзатқа жіберген елшісі екенін тілмен және жүрекпен растау. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾ ﴿٥٦﴾ وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ﴿٥٦﴾

«Мен жындар мен адамдарды олар тек Маған құлшылық етулері үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

Бірақ Аллаһ Тағалаға тек Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген уахилардың негізінде ғана құлшылық ету керек. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

تَبَارَكَ الَّذِي نَزَّلَ الْفُرْقَانَ عَلَى عَبْدِهِ لِيَكُونَ لِلْعَالَمِينَ نَذِيرًا (1)

«Бүкіл әлемдерге бір ескертуші болуы үшін құлына (жақсы-жаманды айыратын) Құранды түсірген Аллаһ өте Жоғары» («әл-Фурқан» сүресі, 1-аят).

Бұл куәліктің мағынасы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хабарлаған нәрселердің ақиқат екендігін растауды, ол бұйырған нәрселерді орындауды, ол тыйым салған және қайтарған нәрселерден тыйылуды және Аллаһқа ол заңдастырып бекіткендей етіп құлшылық етуді қамтиды. Бұл куәліктің мағынасы сондай-ақ сенің «Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Раббының әлдебір

құқықтарына ие еді, әрі сондықтан да ол болмысты басқара алады деп», немесе «ол оған құлшылық етуге болатындай (әлдебір) құқықтарға ие» деп санамауыңда. Өйткені ол – оған құлшылық етуге рұқсат етілмейтін құл, әрі оған өтірік жапсыруға болмайтын Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), әрі ол Аллаһ Тағаланың қалауынсыз өзіне де, өзгеге де не пайда, не зиян тигізе алмайды. Ал Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ لَا أَقُولُ لَكُمْ عِنْدِي خَزَائِنُ اللَّهِ وَلَا أَعْلَمُ الْغَيْبِ وَلَا أَقُولُ لَكُمْ إِنِّي مَلَكٌ إِنْ أَتَيْتُ إِلَّا مَا يُوْحَىٰ إِلَيَّ قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الْأَعْمَىٰ وَالْبَصِيرُ أَفَلَا تَتَفَكَّرُونَ (٥٠)

“(Мухаммад, оларға:) «Жанымда Аллаһтың қазынасы бар демеймін, көместі де білмеймін. Және сендерге періштемін де демеймін. Мен өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін. Көзді мен көзсіз тең бе? Ойламайсыңдар ма?», - де” («Әл-Әнғам» сүресі, 50-аят). Сөйтіп, ол оған (Аллаһ Тағаланың) әмірлері бұйырылатын, әрі өзіне бұйырылған (әмірлерге) ілесетін құл еді, ал Аллаһ Тағала былай деді:

قُلْ إِنِّي لَا أَمْلِكُ لَكُمْ ضَرًّا وَلَا رَشَدًا (۲۱) قُلْ إِنِّي لَنْ يُجِيرَنِي مِنَ اللَّهِ أَحَدٌ وَلَنْ أَجِدَ مِنْ دُونِهِ مُلْتَحَدًا (۲۲)

“«Расында, мен сендерге зиян да келтіре алмаймын, игілік те істей алмаймын, - де. «Расында, ешкім мені Аллаһтың азабынан қорғай алмайды да, мен де Одан өзге пана таба алмаймын», - де” («әл-Жинн» сүресі, 21-22 аяттар).

Әрі Ол, Оған мақтаулар болсын, сондай-ақ былай деді:

قُلْ لَا أَمْلِكُ لِنَفْسِي نَفْعًا وَلَا ضَرًّا إِلَّا مَا شَاءَ اللَّهُ وَلَوْ كُنْتُ أَعْلَمُ الْغَيْبِ لَاسْتَكْتَرْتُ مِنَ الْخَيْرِ وَمَا مَسَّنِيَ السُّوءُ إِنْ أَنَا إِلَّا نَذِيرٌ وَبَشِيرٌ لِقَوْمٍ يُؤْمِنُونَ (۱۸۸)

“(Мухаммад:) «Аллаһ қаламайынша, өзім үшін пайда-зиян келтіру күшіне ие емеспін. Егер көместі білген болсам, әрине, жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен иман келтірген ел үшін бір қорқытушы әрі қуандырушы ғанамын», - де” («әл-Әғраф» сүресі, 188-аят).

Осының себебімен сендер құлшылық етуге Аллаһтың Елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), жаратылыстардың кез-келгені де лайықты емес екендігін, әрі тек Аллаһқа ғана құлшылық ету керек екендігін білесіңдер. Ал (Аллаһ Тағала) былай деді:

قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ (۱۶۲) لَا شَرِيكَ لَهُ وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ (۱۶۳)

“(Мухаммад:) «Намазым, құлшылығым, өмірім және өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы – Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылдым, әрі мен бой ұсынушылардың алғашқысымын», - де” («әл-Әнғам» сүресі, 162-163 аяттар).

Сендер сондай-ақ Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құқығы – бұл сендердің оған Аллаһ Тағала берген орынды берулерің, яғни оны Аллаһтың құлы және Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деп санауларың болып табылатынын да білесіңдер.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الصَّلَاةِ وَالزَّكَاةِ، وَتَفْسِيرُ التَّوْحِيدِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقِيَمَةِ﴾ [البينة: 5].

“Намаз бен зекетке дәлел әрі таухидтің түсіндірмесі - Аллаһ Тағаланың мына Сөздері:

﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقِيَمَةِ﴾

«Оларға тек Аллаһқа ғана ханиф (бірқұдайшыл) болған күйде ықыласпен құлшылық ету, намазды орындау және зекет беру бұйырылған еді. Міне, осы тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят)”.

Шарх:

(«Намаз бен зекетке дәлел»). Яғни намаз бен зекет діннің құрамдас (ажырамас) бөлігі екендігіне дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقِيَمَةِ﴾

«Оларға тек Аллаһқа ғана ханиф (бірқұдайшыл) болған күйде ықыласпен құлшылық ету, намазды орындау және зекет беру бұйырылған еді. Міне, осы тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят)».

Бұл аят өзінің құрамына құлшылықтың барлық түрлеріне деген дәлелдерді қамтиды, әрі адам оларды орындауда Аллаһқа қатысты ықылас танытуы, бірқұдайшылықтан ауытқымауы және Оның шариятына ілесуі қажет.

(«...намазды орындау және зекет беру...»).

Намазды орындау мен зекет беру де құлшылықтың құрамына кіреді, бірақ Аллаһ Тағала оларды жеке атап айтқанының себебі олардың маңыздылығында, өйткені намаз денемен жасалатын, ал зекет мал-мүлкімен жасалатын құлшылық болып табылады, әрі Аллаһ Тағаланың Кітабында олар бір-бірінің жанында орналасқан.

(«Міне, осы...»). Яғни Аллаһқа ханиф ретінде берілген күйде құлшылық ету, намазды орындау және зекет беру.

(«Тура дін»). Яғни қисықтығы жоқ тура жолмен жүріп жатқан үмметтің діні, өйткені бұл – аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың діні, ал Аллаһтың діні тұп-тура болып табылады. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

وَأَنَّ هَذَا صِرَاطِي مُسْتَقِيمًا فَاتَّبِعُوهُ وَلَا تَتَّبِعُوا السَّبِيلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَنْ سَبِيلِهِ
ذَلِكَمُذِّكُمْ وَصَاكُم بِهِ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ (۱۵۳)

«Күдіксіз, Менің тура жолым осы. Енді соған еріңдер де, басқа жолдарға түспеңдер, өйткені олар сендерді Аллаһтың жолынан тайдырады» («әл-Әнғам» сүресі, 153-аят).

Бұл қасиетті аятта тек құлшылық, намаз, зекет туралы ғана емес, сонымен қоса бірқұдайшылықтың (таухидтің) шынайы мәні туралы да айтылуда, ал ол көпқұдайшылыққа ұмтылудың мүмкіндігін жоққа шығаратын аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһқа берілгендікте, өйткені кімде-кім өзінің Аллаһқа берілгендігін сақтамаса

және тек Оған ғана құлшылық етпесе, сол бірқұдайшылық дінін ұстанбағаны.

Автордың сөзі:

وَدَلِيلُ الصِّيَامِ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ﴾ [البقرة: 183].

وَدَلِيلُ الْحُجِّ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَلِلَّهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا وَمَنْ كَفَرَ فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾ [آل عمران: 97].

“Оразаның дәлелі – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға (ораза) парыз етілгендей, сендерге де ораза парыз етілді. Бәлкім, тақуалық етерсіңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

Қажылыққа дәлел – Аллаһ Тағаланың келесі Сөздері:

﴿وَلِلَّهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا وَمَنْ كَفَرَ فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾

﴿الْعَالَمِينَ﴾

«Аллаһтың жолына шамасы келген адамдарға Аллаһ үшін Қағбаны зиярат ету міндетті. Ал кім күпірлік етсе, Аллаһ бүкіл әлемдерден бай!» («Әли Имран» сүресі, 97-аят)».

Шарх:

(«Оразаның дәлелі»). Яғни оразаның парыз екендігіне Аллаһ Тағаланың:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ

﴿لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға (ораза) парыз етілгендей, сендерге де ораза парыз етілді. Бәлкім, тақуалық етерсіңдер!», - деген сөздері дәлел болады.

Ал Аллаһ Тағаланың: «...Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей...», - деген сөздері туралы айтар болсақ, ол бірқатар нәрселерге нұсқайды:

Біріншіден, Аллаһ тарапынан бізден бұрын өмір сүрген халықтарға да парыз етілген оразаның маңыздылығына, сондай-ақ Аллаһтың оразаны жақсы көретініне әрі оны барлық діни үмметтер ұстауы керек екеніндігіне нұсқайды.

Екіншіден, бұл үмметке жеңілдік жасалғанына нұсқау бар, өйткені жан мен тәнге ауыр болып келетін ораза бұл үмметке ғана емес, басқаларға да парыз етілген еді.

Үшіншіден, Аллаһ бұл дінді кемелдікке жеткізгеніне нұсқалады, өйткені Ол оны оған дейін болған діндердегі артықшылықтармен толықтырды.

(«Бәлкім, тақуалық етерсіңдер»). Бұл аятта аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ: **«...бәлкім, тақуалық етерсіңдер»**, - яғни «бәлкім, оразаның және ораза ұстаушылардың бойында қалыптасатын тақуалардың сипаттарының себебімен сендер Аллаһтан қорқарсыңдар» деп, оразаның мәнін де түсіндірді. Бұған Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) нұсқап:

«Егер адам өтірік айтуы мен өтірікке амал етуін доғармаса, онда Аллаһқа оның жеп-ішуді доғарғаны да керек болмайды», - деді.

(«Қажылыққа дәлел»). Яғни қажылықтың парыз екендігіне Аллаһ Тағаланың: «**Аллаһтың жолына шамасы келген адамдарға Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етуі міндетті**», - деген сөздері дәлел болады.

Бұл аят хижраның 9 жылы түсіріліп, мұсылмандарға қажылық жасауды парыз етті. Бірақ, сонымен бірге, аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ: «**...шамасы келген адамдарға**», - деп айтты. Осылайша, бұл аяттың құрамында егер адам тиісті мүмкіндіктерге ие болмаса, ол қажылық жасамауына болатынына да нұсқау бар.

(«**Ал кім қарсы шықса**»). Аллаһ Тағаланың «**Ал күпірлік етсе, Аллаһ бүкіл әлемдерден бай!**» деген сөздері қажылық жасауға шамасы келетіндердің қажылық жасаудан бас тартуы күпірліктің көрінісі болып табылатынына нұсқау бар, бірақ адамды діннен шығаратын күпірліктің

емес. Ал бұл білім иелерінің ортақ пікіріне және Абдуллаһ бин Шақиқтың: «Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары намаз оқудан бас тартудан басқа қандай да болсын ізгілік амалдарынан бас тартуды күпірліктің көрінісі деп санамайтын еді», - деген сөздеріне сәйкес келеді.

Автордың сөзі:

الْمَرْتَبَةُ الثَّانِيَّةُ: الْإِيمَانُ

وَهُوَ: يَضَعُ وَسَبْعُونَ شُعْبَةً، فَأَعْلَاهَا قَوْلُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَدْنَاهَا إِمَاطَةُ الْأَدَى عَنِ الطَّرِيقِ، وَالْحَبَاءُ شُعْبَةٌ مِنَ الْإِيمَانِ.

“Екінші дәреже: иман.

Оның жетпістен астам тармағы бар. Олардың ең жоғарғысы – «Лә иләһә илләЛлаһ» куәлігі. Ал ең төменгісі – жолдан адамдарға зиян тигізуі мүмкін болған нәрселерді алып тастау. Сондай-ақ ұялу да – иманның бір тармағы”.

Шарх:

(«Екінші дәреже»). Яғни діннің дәрежелерінің екіншісі.

(«Иман»). Шарифатта иман *«жүректің сенімі, тілмен айтылатын сөздер және дене мүшелерімен жасалатын амалдар, әрі ол өзінің құрамына жетпістен астам тармақтарды біріктіреді»* деп анықталады.

(«Алып тастау»). Яғни жүрушілерге зиян тигізетін барлық нәрселерді, мысалы, тастарды, тікенектерді, тастандыларды, қоқыстарды, жаман иісі бар барлық заттарды т.с.с. алып тастау.

Автордың, *Аллаһ оны рахым етсін*, иман жетпістен астам тармақтардан құралатыны және ол алты тірекке негізделетіні туралы сөздерін біріктіріп, біз иман – бұл алты тірекке негізделетін белгілі бір көзқарас екенін, әрі ол туралы Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) иман туралы сұрағанында, ол: *«Иманның мәні – сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітаптарына, оның елшілеріне және Ақырет*

Күніне иман келтіруіңде және сенің тағдырға оның жақсылығы және жамандығымен иман келтіруіңде», - деп жауап берген хадисте баяндалатынын айтамыз (бұл хадисті Бухари мен Муслим келтіреді).

Ал егер иман туралы түрлі іс-әрекеттерді біріктіретін ұғым ретінде айтар болсақ, онда ол өзіне жетпістен астам тармақтарды біріктіреді, әрі дәл сондықтан да Аллаһ намазды иман деп атады:

□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□□

«...Аллаһ ешқашан имандарыңды жоймайды» («әл-Бақара» сүресі, 143-аят). Құранның тәпсірлеушілері бұл жерде «сендердің намаздарыңды» деген меңзелетіндігін, әрі сөз мұсылмандар намаздарында жүздерін Иерусалимге қаратқан кез туралы болуда деп айтқан. Өйткені Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары оларға намазда жүздерін Қағба жаққа қарату бұйырылғанға дейін солай істейтін.

Автордың сөзі:

وَأَزْكَأُهُ سِتَّةً: كَمَا فِي الْحَدِيثِ (أَنْ تُؤْمِنَ بِاللَّهِ،...)

«Иманның алты тірегі бар:

1) Аллаһқа иман келтіру;...»

Шарх:

(«Аллаһқа иман келтіру»). Аллаһқа иман келтірудің төрт құрамдас бөліктері бар:

**БІРІНШІСІ: АЛЛАҒ ТАҒАЛАНЫҢ БАР
ЕКЕНДІГІНЕ ИМАН КЕЛТІРУ.**

Аллаһ Тағаланың бар екендігіне адамның құрылысы, оның ақыл-ойы, шариғат және түйсік-сезімдер нұсқайды.

1 – Адамның құрылысының өзі Аллаһ Тағаланың бар екендігіне нұсқайтыны – әрбір адамға о бастан ойлануды да, оқытуды да талап етпейтін Жаратушысына деген иман тума дарытылғанында, әрі бірде-бір адам өзіне табиғи тұрғыдан тән болған (осы) нәрседен таймайтынында. Бұдан тек жүректерінде оларды

осыдан бет бұрғызатын ақаулар орын алатын адамдар ғана тыс ерекшеленеді. Бұл тұжырымды Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздері растайды: *«Әрбір сәби өзінің тума бітімінде /фитрада/⁶ туылады, ал (содан кейін) әке-шешесі оны яһуди, христиан немесе отқа табынушы етеді»* («Мухтасар «Сахих әл-Бухари», №644 хадис).

2 – Аллаһ Тағаланың бар екендігін растайтайтын ақыл-ой дәлелдеріне келер болсақ, олар бұрын бар болған әрі болашақта бар болатын барлық нәрселердің міндетті түрде олардың барлығын жаратқан Жаратушысы бар екенінде. Өйткені еш нәрсе өзін-өзі жарата алмайды немесе кездейсоқ пайда бола алмайды.

⁶ Бұл сөз «ф-т-р» түбірінен шыққан әрі табиғи бейімділік кейіпінде болу дегенді білдіреді. Осы түбірден сондай-ақ «ойлап шығару, бастау» дегенді білдіретін «фатр» сөзі де пайда болған.

Ибн Касир былай деп жазған: *«Бұл адам дүниеге белгілі тума дарытылған сипаттарға ие болған және өз болмысымен дінді (бірқұдайшылықты) қабылдауға дайын болып туылады, әрі егер оны өз-өзіне тапсырып қойса, ол міндетті түрде өзінің тума болмысына ауытқымай ілеседі, ал ауытқитын адам одан тек адамдардың немесе қалыптасқан дәстүрлердің ықпалымен ауытқиды»*. Қз: “ән-Ниһая”, 3-том, 45-бет.

Ешбір зат өзін-өзі жарата алмайды, өйткені өзінің пайда болуына дейін ол еш нәрсе емес еді, ал енді еш нәрсе Жаратушы бола алады ма?!

Сол сияқты ешбір зат кездейсоқ пайда бола алмайды, өйткені әрбір құбылыстың өзіндік себебі бар, әрі барлық құбылыстардың таңқаларлық реттілігі мен үйлесімділігі, ал себептер мен салдарлардың және бүкіл болмыстағы заттардың арасында тығыз өзара байланыстың (бұзылмай) сақталып тұруы осының барлығы кездейсоқ пайда болды деп тіпті жорамалдаудың өзіне де жол бермейді, өйткені кездейсоқ пайда болатын нәрсе өз негізінде ретсіз болады, ендеше, ол тіршілік етуі мен дамуын жалғастырғанда қалайша өз реттілігін сақтар еді?!

Осылайша, егер жаратылған әлдебір нәрсе өзін-өзі жаратпаса және кездейсоқ пайда болмаса, онда осының барлығының Жаратушысы болуы керек екендігі, ал Ол – әлемдердің Раббысы Аллаһ екені айқын болады.

Аллаһ Тағала осы ақыл-парасатқа қонымды

әрі бұлтартпас дәлелді «әт-Тур» сүресінде былай деп келтіреді:

أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ (۳۵)

«Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме?» («әт-Тур» сүресі, 35-аят). Бұл олардың Жаратушысыз жаратылған болуы және өздерін өздері жаратуы мүмкін емес екендігін білдіреді, ал сондықтан да олардың Жаратушысы Пәк Аллаһ Тағала болып табылады. Міне, сондықтан да көпқұдайшыл болған кезінде Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ (۳۵) أَمْ خُلِقُوا السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ بَلْ لَا يُوقِنُونَ (۳۶) أَمْ عِنْدَهُمْ خَزَائِنُ رَبِّكَ أَمْ هُمُ الْمُسْتَطِرُونَ (۳۷)

«Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме? Яки олар, көктер мен жерді жаратты ма? Жоқ, олар нанбайды. Немесе Раббыңның қазыналары олардың қасында ма? Әлде олардың өздері игеруші ме?», - деген

аяттарды оқып жатқанын естіген Жубайр бин Мутим кейіннен былай дейтін: *«(Сол кезде) менің жүрегім ұшып кете жаздады, әрі сол кезде иман менің жүрегімде алғаш рет орнықты»* (Әл-Бухари, №4854 хадис, 6-том, 140-бет).

Осы ой-тұжырымды айқындайтын мысал келтірейік. Сізге біреу ішінде өзендер ағып жатқан бақтармен қоршалған керемет түрде жиһаздалған әрі түрлі-түрлі әшекейлермен сәнделген әлдебір сарайдың бар екенін баяндап, осы сарай оған тиісті болған барлық заттарымен бірге өзін-өзі жаратты немесе жаратушысыз кездейсоқ пайда болды деп айтты делік. Бұндай жағдайда сіз, әрине, бұны теріске шығарасыз да, мұны айтып тұрған кісі ақылсыз нәрселер айтып жатыр деп есептеп, мұның өтірік екенін айтасыз. Ендеше, осыдан кейін өзіне көк пен жерді, ондағы орын алып жатқан барлық нәрсені қамтыған керемет реттілікке ие осы кең дүние өзін-өзі жаратты немесе кездейсоқ жаратылды, әрі оны ешкім жаратпады деп қалайша ойлауға болмақ!?

3 – Аллаһ Тағаланың бар екенін растайтын шариғи дәлелдерге келер болсақ, онда бұған көктен түскен барлық Кітаптар нұсқайды. Әрі бұған сондай-ақ осы Кітаптар өзіне қамтыған әрі адамдардың мүдделеріне сәйкес келетін заң-ережелер нұсқайды, ал, міне, осы олардың Өзінің жаратылыстарына не пайда келтіретінін білетін Дана Раббы тарапынан екеніне растау болады. Әрі ең соңында, бұған шындық екені іс жүзінде орын алып жатқан фактілермен расталатын оқиғалар мен құбылыстар туралы хабарлар да нұсқайды. Ал бұл (яғни олардың фактілермен расталуы – ауд.) олардың Өзі хабарлаған нәрселерін жаратуға құдіретті Раббы тарапынан екеніне дәлел болады.

4 – Ал түйсіктеріміз арқылы бізге келтірілетін Аллаһтың дәлелдеріне келер болсақ, олар екі түрлі болады:

БІРІНШІСІ: біз Аллаһқа дұға етіп жалбарынғандардың жауап алатынын, ал қайғырғандарға көмек беріліп жатқанын естиміз және өз көзімізбен көреміз, әрі бұл Аллаһ

Тағаланың бар екеніне бұлтартпас дәлел болып табылады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَنُوحًا إِذْ نَادَى مِنْ قَبْلُ فَاسْتَجَبْنَا لَهُ فَنَجَّيْنَاهُ وَأَهْلَهُ مِنَ الْكَرْبِ الْعَظِيمِ
(۷۶)

«Бұрын жалбарынған Нухтың тілегін қабыл етіп, оны әрі үй-ішін зор апаттан құтқарған едік» («әл-Әнбия» сүресі, 76-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَاسْتَجَابَ لَكُمْ

«Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынуда едіңдер. Сонда Ол тілектеріңді қабыл етті...» («әл-Әнфал» сүресі, 9-аят).

Хадистердің бірінде Әнас ибн Мәликтің былай деп айтқаны жеткізіледі: “(Бірде) жұма күні Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құтпа айтып тұрған кезінде, мешіттің мінберге қарама-қарсы есігінен бір кісі кіріп келді. Ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдына келіп тұрып алды да, отырмастан, оған былай деп сөз қатты: «Уа,

Аллаһтың Елшісі, малымыз құрыды, ал өзіміз болса жолға шыға алмай қалдық⁷, Аллаһқа ол бізге жаңбыр жіберуін сұрап дұға етіңізші!» Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі қолын көкке көтеріп: «**Уа, Аллаһ, бізді сусындат! Уа, Аллаһ, бізді сусындат! Уа, Аллаһ, бізді сусындат /Аллаһуммә-сқи-нә, Аллаһуммә-сқи-нә, Аллаһуммә-сқи-нә!/**», - деп дұға ете бастады. Аллаһтың атымен ант етемін, (сол кезде) аспанда бірде-бір бұлт, тіпті еш нәрсе жоқ болатын, ал біз бен Сәл⁸ тауының арасында ешқандай құрылыстар мен үйлер де жоқ еді. Сол кезде (кенет) таудың артынан бейнесі қалқанға ұқсаған бір бұлт пайда болды, (кейін) аспанның ортасына келіп орналасқан соң (жан-жағын) қамтыды да, ізінен жаңбыр құйып кетті.

⁷ Яғни сиырлар мен қойлар құрыды, ал түйелердің әлсізденгені соншалықты – оларға міну мүмкін болмай қалды деген меңзелуде.

⁸ Сәл' тауы Мәдинаның төңірегінде орналасқан.

Аллаһтың атымен ант етемін, (осыдан кейін) біз алты күн бойы күннің (бетін) көрмедік, ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі жұмада құтпа айтып тұрған кезінде, тура сол есіктен бір кісі кіріп келіп, оның алдына тұрып алды да: «**Уа, Аллаһтың Елшісі, мал-мүлкіміз құрды, ал жолдардан жүруге болмай қалды. Ендеше, Аллаһтан Ол (жаңбырды) тоқтатуын сұраңызшы**», - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі қолын көкке көтеріп: «**Уа, Аллаһ, бізге емес, біздің айналамызға! Уа, Аллаһ төбелерге, тауларға, төбешіктерге, қыраттарға, аңғар-алқаптарға және ағаштар өсетін жерлерге!**», - деп дұға етті. Әрі ол қай жерге қолымен нұсқаса да, (сол жерде) бұлттар тарай бастайтын” («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», №521 хадис).

Аллаһқа жалбарынатқындар бүгін де өз дұғаларына жауап алып жатады, тек егер олар Аллаһ Тағалаға шын ықыласпен жалбарынса және бірнеше қажетті шарттарды орындаса болды.

ЕКІНШІСІ: Пайғамбар алып келген және адамдар оларды өз көздерімен көрген немесе естіген муғжизалар деп аталатын аят-белгілер оларды түсірген Аллаһ Тағаланың бар екеніне бұлтарпас дәлел болып табылады. Өйткені олар адамдардың қабілетінің шегінен тыс еді және Аллаһ Тағала тарапынан Оның елшілеріне көмек пен қолдау көрсету үшін жасалатын.

Бұған Аллаһ Тағала Мусаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) асатаяғымен теңізді ұруды бұйырып, ал ол осыны орындаған кезде теңіз қақ айырылып, он екі құрғақ жол пайда болғанның, әрі олардың жан-жағынан су таулар сияқты көтеріліп тұрған муғжиза мысал бола алады. Аллаһ былай деген:

فَأَوْحَيْنَا إِلَىٰ مُوسَىٰ أَنْ اضْرِبْ بِعَصَاكَ الْبَحْرَ فَانْفَلَقَ فَكَانَ كُلُّ فِرْقٍ كَالطُّوْدِ الْعَظِيمِ (٦٣)

“Мусаға: «Таяғыңмен теңізді ұр!», - деп уахи еттік. Сонда (теңіз) жарылып, әр бөлімі асқар таудай болды” («әш-Шуғара» сүресі, 63-аят).

Екінші мысал ретінде Исаның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың әмірімен өлгендерді тірілетін және оларды тірілтіп қабірлерінен шығаратын муғжизасын келтіруге болады. Аллаһ оның былай деп айтқанын хабарлады: **«...және өлгендерді Аллаһтың рұқсатымен тірілтемін...»** («Әли Имран» сүресі, 49-аят).

Ол сондай-ақ (Исаға) былай деген:

إِذْ تُخْرِجُ الْمَوْتَىٰ بِإِذْنِي

«...сен Менің рұқсатыммен өлілерді шығаратын едің» («әл-Мәида» сүресі, 110-аят).

Үшінші мысал ретінде (пайғамбарымыз) Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрайыштықтар одан аят-белгі талап еткен кезде жасаған муғжизасын келтіруге болады. Ол қолымен айға сілтеген кезде, ол екіге бөлінді де, адамдар осыны көрді. Ал Аллаһ Тағала бұл туралы былай деді:

اِقْتَرَبَتِ السَّاعَةُ وَاَنْشَقَّ الْقَمَرُ (۱) وَإِنْ يَرَوْا آيَةً يُعْرَضُوا وَيَقُولُوا سِحْرٌ مُّسْتَمِرٌّ (۲)

“Қиямет жақындады, ай жарылды. Олар бір мұғжиза көрсе, бет бұрады да: «Жалғасты түрдегі бір сиқыр», - дейді” («әл-Қамар» сүресі, 1-2 аяттар).

Әрі Аллаһ Өзінің елшілеріне көмек пен қолдау көрсету үшін жасаған осы түйсікпен танылатын аят-белгілер Аллаһ Тағаланың бар екеніне бұлтартпас дәлел болып табылады.

ИМАННЫҢ ЕКІНШІ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ: АЛЛАҢ ЖАЛҒЫЗ ЖАРАТУШЫ ЕКЕНІНЕ ИМАН КЕЛТІРУ.

Басқаша айтқанда, жалғыз Аллаһ қана Раббы екеніне және Оның серігі де, көмекшісі де жоқ екеніне иман келтіру.

Кімге жарату, билік және бұйыру тән болса, сол Раббы болып табылады, бірақ Аллаһтан басқа жаратушы жоқ, Одан басқа ие жоқ, әрі тек Ол ғана әмір ете алады. Аллаһ Тағала былай деген:

أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ (٥٤)

«Күдіксіз, жарату және бұйрық беру Оған тән. Өте Жоғары Аллаһ – бүкіл әлемнің Раббысы?!» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят). Ол сондай-ақ былай деген:

نَلِكُمْ اللّٰهَ رَبُّكُمْ لَهُ الْمُلْكُ وَالَّذِينَ تَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ مَا يَمْلِكُونَ مِنْ قِطْمِيرٍ
(۱۳)

«Біртұтас осылар Раббыларың Аллаһтікі. Иелік Соған тән. Одан өзге табынғандарың бір ұрық қабығына да ие емес!» («Фатыр» сүресі, 13-аят).

Өзінің қоластындағыларына:

أَنَا رَبُّكُمْ الْأَعْلَى (۲۴)

«Мен сендердің ең ұлы раббыларың», - деп айтқан Перғауынмен орын алғанындай, өздерінің айтқандарына өздері сенбейтін өркөкірек адамдардан басқа әлдебіреудің Аллаһтың Раббы екенін теріске шығарғаны болған емес. Ол сондай-ақ былай деп те айтқан:

وَقَالَ فِرْعَوْنُ يَا أَيُّهَا الْمَلَأُ مَا عَلِمْتُ لَكُمْ مِنْ إِلَهٍ غَيْرِي

“Перғауын: «Уа, ақсүйектер! Мен сендер үшін өзімнен басқа құдайды білмеймін», - деді” («әл-Қасас» сүресі, 38-аят), бірақ оның өзі де өзінің айтқанына сенбейтін.

Аллаһ Тағала былай деген:

وَجَدُّوا بِهَا وَاسْتَيْقَنَتْهَا أَنفُسُهُمْ ظُلْمًا وَعُلُوًّا

«Олар мұғжизаларға көңілдері сенген бола тұра зұлымдық және менмендікпен қарсы шықты» («ән-Нәмл» сүресі, 14-аят). Әрі Аллаһ Тағала Мусаның Перғауынға былай деп айтқанын баяндады:

قَالَ لَقَدْ عَلِمْتَمَا أَنْزَلَ هَؤُلَاءِ إِلَّا رَبُّ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ بِصَائِرٍ وَإِنِّي
لَأُظَنُّكَ يَا فِرْعَوْنُ مَثْبُورًا (١٠٢)

“(Муса:) «Расында, сен бұларды көктер мен жердің Раббысы көрнеу мұғжизалар ретінде түсіргенін білесің. Әй, Перғауын? Шын мәнінде, мен сені типыл болады деп ойлаймын», - деген еді” («әл-Исра» сүресі, 102-аят).

Әрі осы себепті де көпқұдайшылар Аллаһ Тағаланың Жаратушы екенін мойындайтын, бірақ

Онымен бірге басқа да құдайлар бар деп санайтын.

Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ لِمَنِ الْأَرْضُ وَمَنْ فِيهَا إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ (٨٤) سَيَقُولُونَ لِلَّهِ قُلْ أَفَلَا تَتَذَكَّرُونَ (٨٥) قُلْ مَنْ رَبُّ السَّمَاوَاتِ السَّبْعِ وَرَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ (٨٦) سَيَقُولُونَ لِلَّهِ قُلْ أَفَلَا تَتَّقُونَ (٨٧) قُلْ مَنْ بِيَدِهِ مَلَكُوتُ كُلِّ شَيْءٍ وَهُوَ يُجِيرُ وَلَا يُجَارُ عَلَيْهِ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ (٨٨) سَيَقُولُونَ لِلَّهِ قُلْ فَأَنَّى تُسْحَرُونَ (٨٩)

“(Мухаммад): «Егер білсеңдер, жер жүзі және жер жүзіндегілер кімнің иелігінде?», - де. Олар дереу: «Аллаһтың», - дейді. «Ал сонда да зер салмайсыңдар ма?», - де. «Жеті көктің Раббысы және ұлы Аршының Раббысы кім?», - де. Дереу: «Аллаһ», - дейді. «Сонда да қорықпайсыңдар ма?», - де. «Егер білсеңдер, әр нәрсенің басқаруы кімнің Қолында? Өзі Қорғаушы, ал Оған қарсы біреуді біреу қорғай алмайтын кім?», - де. Олар дереу: «Аллаһ», - дейді. «Ендеше, нендей алданғансыңдар!», - де” («әл-Муминун» сүресі, 84-89 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَلَنِّسْ سَأَلْتَهُمْ مِّنْ خَلْقِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ لَيَقُولُنَّ خَلَقَهُنَّ الْعَزِيزُ
الْعَلِيمُ (٩)

“(Мухаммад,) егер олардан: «Көктер мен жерді кім жаратты?», - деп сұрасаң, әрине: «Оларды өте Үстем, аса Білуші Аллаһ жаратты», - дейді” («әз-Зухруф» сүресі, 9-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَلَنِّسْ سَأَلْتَهُمْ مِّنْ خَلْقِهِمْ لَيَقُولُنَّ اللَّهُ فَأَنَّى يُؤْفَكُونَ (٨٧)

“Егер олардан өздерін кім жаратқандығы туралы сұрасаң, әлбетте: «Аллаһ», - дейді. Сонда олар ақиқаттан нендей бет бұрған!” («әз-Зухруф» сүресі, 87-аят).

Раббының, Оған мадақтар болсын, әмірлері бүкіл болмысқа да, Оның адамдар үшін орнатқан заңдарына да жүреді. Өйткені Ол бүкіл дүниені басқарады, әрі оның тағдырын Өзінің қалауы бойынша Өзінің Даналығына сәйкес шешеді, сондай-ақ адамдарға құлшылықтың және өзара қарым-қатынастың белгілі түрлерін ұстануды міндетті етіп, тағы да Өзінің Даналығына сәйкес дүниеге билік етеді. Осылайша, құлшылық-

ғибадаттың және адамдар арасындағы қарым-қатынастың түрлерін белгілеу құқығы Аллаһ Тағаладан басқа кімде болса да бар деп мойындайтынның кез-келгені көпқұдайшылыққа түседі де, иман туралы сөзін амалымен растамаған болады.

ИМАННЫҢ ҮШІНШІ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ: ҚҰДАЙЛЫҚ БОЛМЫСҚА ТЕК АЛЛАҒ ҚАНА ИЕ ЕКЕНДІГІНЕ ИМАН КЕЛТІРУ.

Яғни тек жалғыз Аллаһ қана серігі жоқ Хақ Құдай екендігіне иман келтіру. Бұл жерде «Құдай» деген сөзбен кімге махаббат және дәріптеумен құлшылық жасалатын болса, сол меңзеледі. Аллаһ Тағала былай деген:

وَالْهَكْمُ إِلَهٌ وَاحِدٌ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ (۱۶۳)

«Сендердің Құдайларың – Жалғыз Құдай. Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!» («әл-Бакара» сүресі, 163-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُو الْعِلْمِ قَانِمًا بِالْقِسْطِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ (١٨)

«Аллаһ (әділдікпен үкім шығарып,) Өзінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне куәлік берді, сондай-ақ періштелер және білім иелері де. Тым Үстем, аса Дана Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ!» («Әли Имран» сүресі, 18-аят)».

Адамдар Аллаһпен қатар құдай санап, құлшылық ететіндердің барлығы шын мәнінде құдайлық болмысқа ие емес. Аллаһ Тағала былай деген:

ذَٰلِكَ بِأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْحَقُّ وَأَنَّ مَا يَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ الْبَاطِلُ وَأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ (٣٠)

«Міне, шәксіз, Аллаһ Ол Хақ. Сөз жоқ, олардың Аллаһтан өзге жалбарынғандарының барлығы өтірік. Күдіксіз, Аллаһ – өте Жоғары, аса Үлкен» («Луқман» сүресі, 30-аят). Олардың (адамдар тарапынан) «құдайлар» деп аталуы оларда құдайлық болмысқа ие болу құқығының бар

екендігін растамайды. Әл-Ләт, әл-Узза және Мәнат сияқты мұндай құдайлар туралы Аллаһ Тағала былай деген:

اَللّٰهُمَّ اِنَّمَا نَعْبُدُكَ وَنَسْتَعِيْظُكَ وَنَسْتَعِيْزُكَ اِنَّمَا نَعْبُدُكَ وَنَسْتَعِيْظُكَ وَنَسْتَعِيْزُكَ
اَللّٰهُمَّ اِنَّمَا نَعْبُدُكَ وَنَسْتَعِيْظُكَ وَنَسْتَعِيْزُكَ اِنَّمَا نَعْبُدُكَ وَنَسْتَعِيْظُكَ وَنَسْتَعِيْزُكَ
اَللّٰهُمَّ اِنَّمَا نَعْبُدُكَ وَنَسْتَعِيْظُكَ وَنَسْتَعِيْزُكَ اِنَّمَا نَعْبُدُكَ وَنَسْتَعِيْظُكَ وَنَسْتَعِيْزُكَ

«Сендердің Одан өзге құлшылық ететіндерің – өздерің әрі аталарың атаған құр есімдер ғана. Аллаһ оларға (табынуға) байланысты ешбір дәлел түсірмеген» («Йусуф» сүресі, 40-аят). Аллаһ Тағала Худтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз руластарына былай дегенін баяндаған:

اَتَّجَادِلُوْنِيْ فِيْ اَسْمَاءٍ سَمَّيْتُمُوْهَا اَنْتُمْ وَاَبَاؤُكُمْ مَا نَزَّلَ اللّٰهُ بِهَا مِنْ
سُلْطٰنٍ

«Өздерің және аталарың қойған есімдерге қатысты менімен таласасыңдар ма? Аллаһ оларға қатысты ешбір дәлел түсірмеген» («Әл-Әғраф» сүресі, 71-аят). Әрі Аллаһ Тағала Юсуфтың (оған Аллаһтың сәлемі

болсын) абақтыдағы серіктеріне былай деп айтқанын хабарлады:

إِنَّ هِيَ إِلَّا أَسْمَاءَ سَمَّيْتُمُوهَا أَنْتُمْ وَآبَاؤُكُمْ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ بِهَا مِنْ سُلْطَانٍ
إِنْ يَتَّبِعُونَ إِلَّا الظَّنَّ وَمَا تَهْوَى الْأَنْفُسُ وَلَقَدْ جَاءَهُمْ مِنْ رَبِّهِمُ الْهُدَى (۲۳)

«Бұл – сендер және аталарың қойған құр аттар ғана. Аллаһ оларға байланысты бір дәлел түсірген жоқ. Расында, оларға Раббыларынан туралық (Пайғамбар) келіп қойған болса да, олар өз жорамалдары мен көңілдерінің қалағанына ғана ереді («ән-Нәжм» сүресі, 23-аят). Әрі сондықтан да елшілер (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз руластарына:

□□□□□□ □□□□ □□□□□□ □□□ □□□□□□□□ □□□□□□□□□□

□□□□□□□□

«Аллаһқа құлшылық етіңдер, өйткені сендердің Одан басқа құлшылыққа лайықты құдайларың жоқ!», - дейтін («әл-Әғраф» сүресі, 59-аят). Алайда көпқұдайшылдар мұны теріске шығарды да, өздеріне Аллаһтан басқа

құдайлар таңдап алып, оларға Пәк Аллаһ Тағаламен қатар құлшылық етті, әрі олардан көмек пен пана тілеп отырды.

Бірақ Аллаһ Тағала көпқұдайшылдардың осы құдайларды таңдап алуын жарамсыз етті де, әрі мұны екі ақыл-зейін дәлелдері арқылы дәйектеді:

БІРІНШІСІ: олар өздеріне таңдап алған құдайлар ешқандай құдайлық болмысқа ие емес: олардың өздері жаратылған әрі жаратпайды, олар өздеріне құлшылық етіп жатқандарға ешқандай пайда да келтіре алмайды, әрі олардан ешбір зиянды ды тойтара алмайды, олар әлгілердің өмірі мен өліміне иелік ете алмайды, көктер мен жердегі еш нәрсеге ие емес, әрі ешбір нәрседі Оған (Аллаһқа) ортақ емес. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ إِنَّمَا أَدْعُوا رَبِّي فَأَدْعُكُمْ لِلَّذِي ادْعُوا رَبَّهُمْ لِيََتَّخِذَ مِنِّي سُلْطَانًا ۗ خَالِدًا ذُرِّيَّتًا لَّيْسَ لِي الْوَارِثُ إِنَّمَا أَدْعُوا رَبِّي فَأَدْعُكُمْ لِلَّذِي ادْعُوا رَبَّهُمْ لِيََتَّخِذَ مِنِّي سُلْطَانًا ۗ خَالِدًا ذُرِّيَّتًا لَّيْسَ لِي الْوَارِثُ﴾

«Олар Аллаһтан өзге, еш нәрсені жарата алмайтын, өздері жаратылған болып табылатындарды құдай жасап алды. Олар тіпті өздеріне пайда, не зиян келтіру күшіне ие емес, әрі өлімге де, өмірге де, қайта тірілуге де иелік ете алмайды» («әл-Фурқан» сүресі, 3-аят).

Аллаһ Тағала былай деген:

قُلِ ادْعُوا الَّذِينَ رَعِمْتُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ لَا يَمْلِكُونَ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ فِي السَّمَاوَاتِ
وَلَا فِي الْأَرْضِ وَمَا لَهُمْ فِيهِمَا مِنْ شِرْكٍَ وَمَا لَهُ مِنْهُمْ مِنْ ظَهِيرٍ (۲۲) وَلَا
تَنْفَعُ الشَّفَاعَةُ عِنْدَهُ إِلَّا لِمَنْ أَذِنَ لَهُ

“(Мухаммад,) оларға: «Аллаһпен қатар құдай санағандарыңды шақырыңдар», - олар көктерде де, жерде де тозаңның салмағындай еш нәрсеге ие емес, әрі олардағы ешбір нәрсені иеленуде ортақ емес, сондай-ақ Аллаһқа олардың ешбіреуі көмекші де емес. Аллаһтың қасында рұқсат берілген біреуден басқа ешкімнің шапағаты пайда бермейді” («әс-Саба» сүресі, 22-23 аяттар). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

أَشْرِكُونَ مَا لَا يَخْلُقُ شَيْئًا وَهُمْ يُخْلَفُونَ (۱۹۱) وَلَا يَسْتَنْطِيعُونَ لَهُمْ

نَصْرًا وَلَا أَنْفُسَهُمْ يَنْصُرُونَ (۱۹۲)

«Олар еш нәрсені жаратпаған, өздері жаратылған болып табылатын нәрсені Аллаһқа серік қосады ма? (Аллаһқа серік қосқан нәрселері) оларға жәрдем ете алмайды, әрі тіпті өз-өздеріне де жәрдем ете алмайды» («әл-Әғраф» сүресі, 191-192 аяттар).

Алайда бұл құдайлардың күйі осындай болса, онда оларды өзіңе құдай етіп таңдап алу шектен асқан ақымақтық және жөн-жосықсыздық болады.

ЕКІНШІСІ: Тек Аллаһ Тағала ғана бүкіл болмыстың үстінен билікке ие Жаратушы-Раббы екенін әрі Ол қорғаушы, ал Оған қарсы қорғаушы жоқ екенін растайтын көпқұдайшылдар Оны Жалғыз Раббы санайтындарындай жалғыз құлшылыққа лайықты Құдай деп те санауға тиіс еді. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ
 (۲۱) الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الْأَرْضَ فِرَاشًا وَالسَّمَاءَ بِنَاءً وَأَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً
 فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقًا لَكُمْ فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أُندَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ (۲۲)

«Әй, адамдар! Сондай сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер. Әрине, сақтанған боларсыңдар. Ол сондай Аллаһ – сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты, әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әртүрлі өсімдіктен ризық шығарды. Сондықтан, біле тұра, Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 21-22 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَلَيْنِ سَأَلْتَهُمْ مَنْ خَلَقَهُمْ لَيَقُولُنَّ اللَّهُ فَأَنَّى يُؤْفَكُونَ (٨٧)

“Егер олардан өздерін кім жаратқандығы туралы сұрасаң, әлбетте: «Аллаһ», - дейді. Сонда олар ақиқаттан нендей бет бұрған!” («әз-Зухруф» сүресі, 87-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

قُلْ مَنْ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ أَمْ مَنْ يَمْلِكُ السَّمْعَ وَالْأَبْصَارَ وَمَنْ يُخْرِجُ الْحَيَّ مِنَ الْمَيِّتِ وَيُخْرِجُ الْمَيِّتَ مِنَ الْحَيِّ وَمَنْ يُدَبِّرُ الْأَمْرَ فَسَيَقُولُونَ اللَّهُ فَقُلْ أَفَلَا تَتَّقُونَ (٣١) فَذَلِكُمُ اللَّهُ رَبُّكُمْ الْحَقُّ فَمَاذَا بَعْدَ الْحَقِّ إِلَّا الضَّلَالُ فَأَنَّى تُصْرَفُونَ (٣٢)

“(Мухаммад, оларға): «Сендерге аспаннан, жерден кім ризық жібереді? Есту мен көруге ие кім? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім басқарады?» - де. Олар: «Аллаһ!» - дейді. «Ендеше, қорықпайсыңдар ма? Міне, осы Аллаһ – шынайы Раббыларың. Шындықтан кейін адасудан басқа не бар? Сендер (ақиқаттан) нендей бет бұрғансыңдар!», - де” («Йунус» сүресі, 31-32 аяттар).

ИМАННЫҢ ТӨРТІНШІ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ: ОНЫҢ ЕСІМДЕРІ МЕН СИПАТТАРЫНА ИМАН КЕЛТІРУ.

Мұндай иман Аллаһ Тағаланың Құран арқылы немесе Өзінің Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннеті арқылы Өзіне сол есімдер мен сипаттар тән екенін мәлімдеген есім-сипаттарға ие екенін лайықты түрде растауды меңзейді, әрі осы орайда бұл растауда қандай да болсын бұрмалау, жоққа шығару, өзгерту немесе ұқсату болмау керек. Аллаһ Тағала былай деген:

وَلِلَّهِ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَىٰ فَادْعُوهُ بِهَا وَذَرُوا الَّذِينَ يُلْحِدُونَ فِي أَسْمَائِهِ
سَيُجْزَوْنَ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ (۱۸۰)

«Ең көркем есімдер Аллаһқа тән. Оған сол есімдермен жалбарыныңдар. Аллаһтың есімдеріне қатысты (ақиқаттан) ауытқитындарды тастаңдар. Олар істегендерінің сазайын міндетті түрде тартады!» («әл-Әғраф» сүресі, 180-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَهُوَ الَّذِي يَبْدَأُ الْخَلْقَ ثُمَّ يُعِيدُهُ وَهُوَ أَهْوَنُ عَلَيْهِ وَلَهُ الْمَثَلُ الْأَعْلَىٰ فِي
السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ (۲۷)

«Ол сондай жоқтан бар етіп, сосын қайта жаратады. Бұл Оған оңай. Әрі көктер мен жердегі ең жоғары сипаттар Оған тән. Ол өте Үстем, аса Дана!» («әр-Рум» сүресі, 27-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ (۱۱)

«Оған ұқсас еш нәрсе жоқ. Ол – Естуші, Көруші» («әш-Шура» сүресі, 11-аят).

Осыған қатысты екі топ адасушылыққа түсті.

Олардың бірі – (Аллаһтың) есімдері мен сипаттарының бар екендігін растау ұқсатуды, яғни Аллаһ Тағаланы Оның жаратылысына ұқсатуды талап етеді деп тұжырымдап, Оның есімдері мен сипаттарын тұтасымен және ішінара жоққа шығарған муътазилелер. Алайда бұл тұжырым келесідей себептерге сәйкес өтірік болып табылады:

Біріншіден, бұл тұжырымдаманың негізінде жалған алғышарттар жатыр, өйткені ол өзімен Пәк Аллаһтың сөздерінде қайшылықтар болуы мүмкін деген ойдың болуын меңзейді. Әрі шындығында да, Аллаһ белгілі есімдер мен сипаттарға ие екендігін айтқандықтан әрі Оған ұқсас әлдебір нәрсенің болуын теріске шығарғандықтан, егер мұны растау ұқсатуды талап ететін болғанда, онда Аллаһтың сөздері бір-біріне қайшы келген болар еді.

Екіншіден, екі заттың бірдей аталуы немесе бірдей аталатын сипаттарға ие болуы олардың бір-біріне ұқсайтынын мүлде білдірмейді. Мысалы, егер сіз екеуі де адам болып табылатын

әрі есту, көру және сөйлеу сипаттарына ие екі адамды көрсеніз, бұл олардың бірдей адамдық сипаттарға ие екендігін әрі бірдей еститінін, көретінін және сөйлейтінін білдірмейді. Тура сол сияқты, егер сіз аяқтары мен көздері бар әлдебір жануарларды көрсеніз, бұл олардың көздері мен аяқтары бірдей екендігін білдірмейді.

Алайда егер бірдей атаулар мен бірдей аталатын сипаттарға ие жаратылған жәндіктердің арасында айырмашылықтар бар екендігі айқын болған болса, онда Жаратушының жаратылғаннан айырмашылығы ұлырақ және айқынырақ екені тіпті түсінікті.

Екінші топты мушәббихилер (антропоморфисттер) құрайтын. Олар Аллаһ Тағалаға осы есімдер мен сипаттар тән екендігін растайтын, бірақ осыған қоса Оны адамдарға ұқсататын, әрі осы орайда тиісті (шариғи) мәтіндерге сілтеме жасайтын және Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына түсінікті болған нәрселер арқылы үндейді деп айтатын. Алайда мұндай

тұжырымдамаларды келесідей себептермен өтірік деп санау қажет:

Біріншіден, Аллаһ Тағаланың жаратылғанға ұқсауы туралы ойдың өзі негізсіз болып табылады, әрі оның негізсіз екендігіне ақыл да, шарифат та нұсқайды, ал Құран мен Сүннет өзіне қамтыған нұсқаулар негізсіз болуы мүмкін емес.

Екіншіден, Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына жасаған үндеуінде оларға түсінікті болған үндеулер мен сөздерді қолданды, ал мұның барлығының терең мән-мазмұнына келер болсақ, онда Оның болмысына және Оның сипаттарына қатысты бұл туралы білімге тек бір Аллаһ Тағала ғана ие.

Мысалы, егер Аллаһ Өзін Естуші деп атаса, онда бұған қатысты біз естудің (яғни дыбыстарды қабылдауға деген қабілеттіліктің) не екенін білеміз, алайда сөз Аллаһ Тағаланың естуі туралы болғанда, бұл дәл нені білдіретіні белгісіз деп айтуға болады. Өйткені дыбыстарды қабылдаудың әртүрлі қабілеттілігіне жаратылған жәндіктер де

ие, ал Жаратушы мен жаратылғанның арасындағы осыдағы айырмашылық бұдан да ұлырақ және айқынырақ.

Әрі егер Аллаһ Өзі туралы Ол Өзінің Аршына жоғарылап көтерілгені туралы хабарлаған болса, онда осыған байланысты ойдың өзі бізге түсінікті, бірақ Ол бұны қалай істегені бізге беймәлім, өйткені тіпті жаратылған жәндіктер туралы сөз еткеннің өзінде мұны әртүрлі жасауға болады. Мысалы, орындықтың үстінде отыру бір бөлек, әрі жабайы түйенің үстінде отыру – мүлде басқа. Ал енді тіпті жаратылған жәндіктер жайында сөз етілгеннің өзінде айырмашылықтар бар болса, онда Жаратушы мен жаратылғандардың (айырмашылығын) салыстырылған жағдайда олар тіпті ұлырақ әрі айқынырақ болып табылады.

Аллаһ Тағалаға деген біз сипаттаған кейіптегі иман, мүминдерге көптеген маңызды жемістер береді, солардың ішінде (келесілер):

1 – Ол мұминдерге адамның өз үміттерін Аллаһ Тағаладан басқа ешкіммен байламайтындай, Одан басқа ешкімнен қорықпайтындай, және Одан басқа ешкімге құлшылық етпейтіндей шынайы таухидті ұстануларына мүмкіндік береді;

2 – Ол мұминдерді Аллаһ Тағалаға деген кәміл махаббатқа және құрметке алып келеді, ал бұл Оның көркем есімдерімен және ең жоғары сипаттарымен үйлеседі;

3 – Ол Аллаһқа Оның бұйрықтарын орындау және Оның тыйған нәрселерінен тыйылу арқылы құлшылық етуге мүмкіндік береді.

Автордың сөзі:

«... وَمَا كُنْتُمْ...»

«....періштелерге (иман келтіру)....»

Шарх:

«Періштелерге». Періштелер – бұл ғайып әлемінде өмір сүретін, Аллаһ Тағалаға құлшылық ететін және тек Аллаһқа ғана Раббы әрі Құдай ретінде тән болған нәрселерге ешқандай ие болмаған жаратылған тіршілік иелері. Аллаһ Тағала оларды нұрдан жаратып, Өзінің әміріне толық бағынуға деген қабілеттілік және Өзінің бұйрықтарын орындауға қажетті күш берді:

وَلَهُ مَنْ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ عِنْدَهُ لَا يَسْتَكْبِرُونَ عَنْ عِبَادَتِهِ وَلَا
يَسْتَحْسِرُونَ (۱۹) يُسَبِّحُونَ اللَّيْلَ وَالنَّهَارَ لَا يَفْتُرُونَ (۲۰)

«Көктер мен жердегі бүкіл нәрсе Аллаһтікі. Ал Оның қасындағылар Оған құлшылық етуден даңдайсымайды да, шаршамайды. Олар күндіз-түні Аллаһты дәріптеуден жалықпайды» («әл-Әнбия» сүресі, 19-20 аяттар).

Періштелердің саны өте көп, әрі олардың есебін тек Аллаһ Тағаланың Өзі ғана біледі. Бухари мен Муслимнің «Сахих» жинақтарында Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен миғражға көтерілу туралы хадис келтіріледі, әрі онда түнгі миғраж кезінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын) көктегі Қағбаны («әл-Бейт әл-Мәмур»⁹) көргені әрі онда күн сайын жетпіс мың періште намаз оқитыны (әрі оған бір кіріп, құлшылық жасап шығып кеткен періштелер оған қайта оралмайтыны) туралы хабарланады.

Періштелерге деген иман өзіне төрт құрамдас бөлікті біріктіреді:

БІРІНШІСІ: олардың бар екеніне иман келтіру;

ЕКІНШІСІ: олардың ішінен аттарын білетіндерімізге, мысалы, Жәбірейілге, және аттарын білмейтіндерімізге иман келтіру.

ҮШІНШІСІ: олардың біз білетін сипаттарына, мысалы, Жәбірейілдің, ол туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны жаратылған кейіпінде көргендігін, әрі оның көкжиекті жапқан алты жүз қанаты болғанын хабарлаған сипатына иман келтіру.

⁹ Жетінші аспанда, тура Қағбаның үстінде орналасқан ғибадатхана. Қз.: «Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», №1513 хадис, және Муслим (162/259).

Аллаһ Тағаланың әмірімен періште адамның кейіпін қабылдай алады, бұл Аллаһ Тағала оны Мәриямға жіберген және ол оның алдына адамның кейіпінде келген Жәбірейілмен (оған Аллаһтың сәлемі болсын) орын алғанындай. Ал ол өзінің сахабаларының арасында отырған Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген кезінде, қара шашты, аппақ киім киген, сырт бейнесінен оның алыс жол жүріп келгені байқалмайтын әрі сахабалардан ешкім оны танымайтын адамның кейіпінде болатын. Әрі ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тізесіне тізесі тиетіндей (бетпе-бет) отырып, екі қолын тізелерінің үстіне қойып, Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ислам, иман, ихсан, сондай-ақ (Қиямет) Сағаты мен оның белгілері туралы сұрақтар қоя бастады, ал Пайғамбар болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (оның) осы сұрақтарына жауап берді. Кейін ол кетті, ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (сахабаларына): «*Бұл сендерге діндеріңді үйрету үшін келген Жәбірейіл болатын*», - деді.

Әрі Аллаһ Тағала Ибраһим мен Лутқа жіберген періштелер де, оларға адамдардың кейіпінде келген болатын.

ТӨРТІНШІСІ: олардың Аллаһ Тағаланың бұйрығымен орындайтын әрі біз білетін істеріне, мысалы, олар Аллаһты мадақтайтынына және күндіз-түні шаршау-тарығуды білмей Аллаһқа құлшылық ететініне иман келтіру.

Осы орайда олардың кейбіреулері ерекше істермен айналысады.

Мысалы, Жәбірейілге Аллаһ Тағала пайғамбарлар мен елшілерге жолдаған уахиін жеткізу тапсырылды.

Микаилге жаңбырды және өсімдіктердің өсуін бақылау жүктелген.

Исрафилге (Қиямет) Сағаты басталған уақытта және өлілерді қайта тірілту уақыты келіп жеткенде Сүрге үрлеу тапсырылған.

Өлім періштесіне өлген адамдардың жандарын алу жүктелген.

Мәлик атты періштеге Тозақтың сақшысы болу бұйырылған.

Ана жатырындағы сәбиге төрт ай толған кезде оған келетін періште бар. Осы мерзім жеткенде Аллаһ оның ризығын, ажалын, істерін, сондай-ақ оның бақытты немесе бақытсыз болатынын жазуды бұйырып, оған періштені жібереді.

Әрбір адамның істеген амалдарын жазып, адамдардың амалдарын мәңгілікке сақтау бұйырылған періштелер де бар. Олардың біреуі біздің әрбіріміздің оң жағымызда, ал екіншісі – сол жағымызда болады.

Әрі қайтыс болған адам қабірге қойылғаннан кейін оған (тиісті) сұрақтарды қою жүктелген періштелер бар. Өйткені сол кезде мәйітке екі періште келіп, оның Раббысы, діні және Пайғамбары туралы сұрақ қояды.

Періштелерге деген иман көптеген маңызды жемістерін береді, солардың арасында:

1 – Аллаһ Тағаланың ұлылығы, Оның күш-қуаты, Оның билігі туралы әрі барлық жаратылған

нәрсе тек Жаратушының ұлылығының арқасында ғана өзінің ұлықтығына ие болатынын білу;

2 – Ол адамды Аллаһ Тағалаға Оның адамдарға бөлетін назары үшін шүкіршілік білдіруге міндеттейді. Өйткені Ол адамдардың жанына оларды қорғайтын, іс-амалдарын жазып алатын әрі басқа да олардың пайдасына жүретін істермен айналысатын періштелерді бекітіп қойды;

3 – Ол адамдарды періштелерге, олар Аллаһ Тағалаға құлшылық ететіні үшін, сүйіспеншілік танытуға иландырады.

Хақ жолдан ауытқығандардың кейбіреулері періштелер дегенде адамдардың бойындағы жасырын игі күштер меңзеледі деп, періштелердің қандай да бір дене пішінінде болуын теріске шығарған. Алайда мұндай тұжырымдар Аллаһ Тағаланың Кітабына, Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне және бүкіл мұсылмандардың ортақ пікіріне толығымен қайшы келеді.

“...(Мухаммад,) егер залымдарды өлім қиналысында, періштелер оларға қолдарын созып: «Жандарыңды шығарыңдар! Бүгін Аллаһқа қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның аяттарына менменсігендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар!», - дегенде көрсең еді!” («әл-Әнғам» сүресі, 93-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

حَتَّىٰ إِذَا فُزِعَ عَنْ قُلُوبِهِمْ قَالُوا مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ قَالُوا الْحَقَّ وَهُوَ الْعَلِيُّ
الْكَبِيرُ (۲۳)

“Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар өзара: «Раббың не айтты?», - десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ – аса Жоғары, тым Үлкен», - деседі” («әс-Саба» сүресі, 23-аят).

Әрі Аллаһ Тағала Жәннат тұрғындары туралы былай деген:

وَالْمَلَائِكَةُ يَدْخُلُونَ عَلَيْهِمْ مِنْ كُلِّ بَابٍ (۲۳)

«Періштелер әр есіктен олардың үстіне кіреді» («әр-Рағд» сүресі, 23-аят).

Абу Хурайраның сөздерінен жеткізілетін хадистердің бірінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланады: *“Егер Аллаһ Өзінің пенделерінен ішінен біреуін жақсы көріп қалса, Жәбірейіл: «Расында, Аллаһ пәленді жақсы көреді, мен де оны жақсы көремін!»*, - деп жариялайды. Әрі Жәбірейіл де оны жақсы көреді де, көктерді мекендеушілердің арасында: *«Ақиқатында, Аллаһ пәлен (құлын) жақсы көреді, сендер де оны жақсы көріңдер!»*, - деп жария етеді. Сонда көктердің мекендеушілері де оны жақсы көре бастайды, ал содан соң оған жерде де жақсы қатынас жасалады” («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», №1295 хадис).

Абу Хурайраның сөздерінен жеткізілетін басқа бір хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланған: *«Жұманың кірісімен мешіттің барлық есіктеріне періштелер келіп орналасады, әрі (жұма намазына келген адамдарды келген*

ретімен) бірінен кейін бірін жазып алады¹⁰, ал имам (мінберге шығып) отырғанда олар (жазу жазылған қағаздарын) орап, (Аллаһты) еске алу сөздерін тыңдауға кіреді¹¹» («Мухтасар «Сахих әл-Бухари», №1297 хадис).

Біз дәйексөз ретінде келтірілгеннің барлығы періштелер дене пішініне ие екеніне, әрі хақ жолдан тайған адамдар айтындарындай, денесіз әлдебір тылсым күштер емес екеніне айғақ болады.

Автордың сөзі:

«...وَكَيْفَ...»

«... Кітаптарына (иман келтіру)...»

Шарх:

(«Кітаптарына»). Бұл жерде Аллаһ Тағала Өзінің елшілеріне адамдарға деген рахымымен әрі олар үшін басшылық (тура жол) ретінде,

¹⁰ Яғни адам қаншалықты ертерек жұма намазына келсе, оған жазылатын сауап та соншалықты көбірек болатыны меңзелуде.

¹¹ Яғни жұма құтпасын.

адамдар солар арқылы бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытқа қол жеткізулері үшін түсірген Қасиетті Кітаптар меңзелуде.

Бұл Кітаптарға деген иман төрт құрамдас бөліктен тұрады:

БІРІНШІСІ: бұл Кітаптарды шындығында да Аллаһ түсіргеніне иман келтіру.

ЕКІНШІСІ: бізге аттары белгілі болған Кітаптарға, мысалы, (Пайғамбарымыз) Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірілген Құранға, Мусаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) түсірілген Тауратқа, Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) түсірілген Інжілге, Дәудке (оған Аллаһтың сәлемі болсын) түсірілген Забурға, сондай-ақ біз аттарын білмейтін Кітаптарға да иман келтіру.

ҮШІНШІСІ: осы Кітаптарда келген хабарлардың, мысалы, Құранда хабарланған нәрселердің және бұрынғы Кітаптардағы бұрмаланбаған және ауыстырылмаған нәрселердің ақиқат екенін растау.

ТӨРТІНШІСІ: күші жойылмаған үкімдерге сәйкес амал ету, сол үкімдердің мағынасы бізге түсінікті болады ма, әлде жоқ па – олармен келісу және оларды мойындау. Осы орайда бұрынғы Кітаптардың барлығының күші Ұлы Құранмен жойылғандығын есте сақтау керек, ал Аллаһ Тағала былай деген:

وَأَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الْكِتَابَ بِالْحَقِّ مُصَدِّقًا لِمَا بَيْنَ يَدَيْهِ مِنَ الْكِتَابِ وَمُهَيْمِنًا عَلَيْهِ

«(Мухаммад,) Біз саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы және олар туралы куәлік беруші ретінде (немесе олардан үстем болу үшін) түсірдік» («әл-Мәида» сүресі, 48-аят).

Осыдан өзіңнің іс-амалдарыңда бұрынғы Кітаптардағы үкімдердің ешқайсысын басшылыққа алуға болмайтындығы келіп шығады, тек ақиқат (екендігі анық) және Құранмен расталғандарынан басқа.

Кітаптарға иман келтіру көптеген маңызды жемістер береді, солардың арасында (мыналар бар):

1 – Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына қамқоршылық жасайтыны туралы білу, өйткені әрбір қауымға Ол адамдарды сол арқылы хақ жолға бастайтын Кітап түсірді;

2 – Аллаһ Тағаланың заң-ережелерінде көрініс тапқан Оның даналығы туралы білу, өйткені әр қауымға Ол сол адамдардың жағдай-күйіне сәйкес келетін заңдарды орнатты, әрі бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

لِكُلِّ جَعَلْنَا مِنْكُمْ شِرْعَةً وَمِنْهَا جَا

«Сендердің әрбіріңе Біз шариғат пен жол (мәнһаж) орнаттық» («әл-Мәида» сүресі, 48-аят);

3 – Мұндай иман адамдарды Аллаһқа Оның осыған байланысты нығметтері үшін шүкіршілік етуге ынталандырады.

Автордың сөздері:

«... وَرُسُلِهِ...»

«...елшілеріне (иман келтіру)...»

Шарх:

(«Елшілеріне»). Елшілер дегенде бұл жерде оларға көктен келетін уахи арқылы діни заң түсірілетін және оны адамдарға жеткізу әмірі түсірілетін адамдар меңзеледі.

Елшілердің алғашқысы Нух еді, ал соңғысы – Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын).

Аллаһ былай деген:

إِنَّا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ كَمَا أَوْحَيْنَا إِلَى نُوحٍ وَالنَّبِيِّينَ مِنْ بَعْدِهِ

«Расында, Нухқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік...» («ән-Ниса» сүресі, 163-аят).

Әнас ибн Мәликтің сөздерінен жеткізілетін шапағат туралы хадистердің бірінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (Қиямет Күні) адамдар Адамға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға шапағат жасауын сұрап келетіндігін, бірақ ол олардан кешірім сұрап: «Аллаһ адамдарға жіберген алғашқы елші – Нұхқа

барыңдар», - деп айтатыны туралы баяндағаны хабарланады («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», №1670 хадис).

Ал (пайғамбарымыз) Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келер болсақ, ол туралы Аллаһ былай деген:

مَا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِنْ رِجَالِكُمْ وَلَكِنْ رَسُولَ اللَّهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ وَكَانَ اللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمًا (٤٠)

«Мухаммад – сендердің ерлеріңнің ешқайсысының әкесі емес, алайда ол Аллаһтың елшісі әрі пайғамбарлардың мөрі (немесе пайғамбарлардың соңғысы)» («әл-Әхзаб» сүресі, 40-аят).

Әрі Аллаһ Тағала оған қолданыстағы діни заңды жаңартуды уахи етіп, арнайы елші немесе пайғамбар жібермеген қауым болмаған.

Аллаһ Тағала былай деген:

وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنْ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ

“Расында, әрбір үмметке: «Аллаһқа құлшылық етіңдер! Әрі тағутқа құлшылық

етуден аулақ болыңдар!», – деп бұйыратын
36-аят). елші жібердік” («ән-Нәхл» сүресі,

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَإِنْ مِنْ أُمَّةٍ إِلَّا خَلَا فِيهَا نَذِيرٌ

«Әрі ескертуші келмеген бірде-бір үммет
жоқ» («Фатыр» сүресі, 24-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деген:

إِنَّا أَنْزَلْنَا النُّورَ فِيهَا هُدًى وَنُورٌ يَحْكُمُ بِهَا النَّبِيُّونَ الَّذِينَ أَسْلَمُوا
لِلَّذِينَ هَادُوا

«Күдіксіз, Тауратты түсірдік, онда тура
жол және нұр бар. Аллаһқа бой ұсынған
пайғамбарлар яһудилерге онымен үкім етер
еді...» («әл-Мәйда» сүресі, 44-аят).

Елшілер Аллаһ жаратқан және Аллаһқа
Раббы және Құдай ретінде тән болған
сипаттардың ешбіріне ие емес адамдар болып
келетін. Елшілердің мырзасы¹² және олардың

¹² Уәсила бин әл-Асқа' (Аллаһ оған разы болсын) былай деген:
«Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай
дегенін естідім: “Расында, аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ
кинандықтарды Исмаил ұрпақтарының ішінен таңдап алды, әрі

ішіндегі Аллаһтың алдындағы ең ардақтысы¹³ болған Өзінің пайғамбары Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ لَا أَمَلُكَ لِنَفْسِي نَفْعًا وَلَا ضَرًّا إِلَّا مَا شَاءَ اللَّهُ وَلَوْ كُنْتُ أَعْلَمُ الْغَيْبِ
لَاسْتَكْتَرْتُ مِنَ الْخَيْرِ وَمَا مَسَّنِيَ السُّوءُ إِنْ أَنَا إِلَّا نَذِيرٌ وَبَشِيرٌ لِّقَوْمٍ يُؤْمِنُونَ
(۱۸۸)

“(Мухаммад): «Аллаһ қаламайынша өзім үшін пайда келтіру және тіпті зиянды тойтару күшіне де ие емеспін. Егер көместі білген болсам, әрине, өзім үшін жақсылықты көбейтіп алар едім, сондай-ақ маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен иман келтірген ел үшін қорқытушы әрі

құрайыштықтарды кинандықтардың ішінен таңдап алды, әрі бану хашимді құрайыштықтардың ішінен таңдап алды, әрі мені хашимилер ішінен таңдап алды”». Муслим (1/2276).

¹³ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Қиямет Күні мен Адам ұрпақтарының мырзасы (боламын), әрі мен қабірінің жері ашылатынның алғашқысы боламын, әрі мен (Аллаһқа) шапағат ету туралы (сұрап) жалбарынататындардың алғашқысы, әрі шапағат ету құқығы берілетіндердің де алғашқысы (боламын)». Муслим (3/2278).

қуандырушы ғанамын», - де" («әл-Әғраф» сүресі, 188-аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деген:

قُلْ إِنِّي لَا أَمْلِكُ لَكُمْ ضَرًّا وَلَا رَشَدًا (۲۱) قُلْ إِنِّي لَنْ يُجِيرَنِي مِنَ اللَّهِ أَحَدٌ وَلَنْ أَجِدَ مِنْ دُونِهِ مُلْتَحَدًا (۲۲)

“«Расында, мен сендерге зиян да келтіре алмаймын, игілік те істей алмаймын», - де. «Расында, ешкім мені Аллаһтың азабынан қорғай алмайды да, мен де Одан өзгеден пана таба алмаймын», - де" («әл-Жинн» сүресі, 21-22 аяттар).

Елшілерге адамдық сипаттардың ешқайсысы бөтен емес еді, өйткені олар да өзге адамдар сияқты ауыратын, қайтыс болатын және асусынға әрі басқа да заттарға мұқтаж еді. Мысалы, Аллаһ Тағала Ибраһимнің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің Раббысын сипаттап, былай деп айтқанын хабарлаған:

وَالَّذِي هُوَ يُطْعَمُنِي وَيَسْقِينِي (۷۹) وَإِذَا مَرِضْتُ فَهُوَ يَشْفِينِي (۸۰) وَالَّذِي يُمَيِّتُنِي ثُمَّ يُحْيِينِي (۸۱)

«Ол маған жегізеді де, ішкізеді. Ауырсам,

маған шипа береді. Ол мені өлтіреді де, сонсоң тірілтеді» («әш-Шуғара» сүресі, 79-81 аяттар).

Пайғамбар болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Расында, мен сендер сияқты адаммын, әрі мен ұмытамын, сондықтан да егер мен алдебір нәрсені ұмытсам, оны менің есіме салыңдар»* («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», №254 хадис).

Аллаһ Тағала пайғамбарлардың жасаған ғибадаттарын мақтаумен атап айтқан. Мысалы, Нух туралы (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ былай деген:

ذُرِّيَّةَ مَنْ حَمَلْنَا مَعَ نُوحٍ إِنَّهُ كَانَ عَبْدًا شَكُورًا (۳)

«Әй, (Нухпен) бірге (кемеге) түсіргендеріміздің ұрпақтары! Күдіксіз, ол шүкір етуші бір құл еді!» («әл-Исра» сүресі, 3-аят).

Ал, Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатысты Аллаһ Тағала былай деген:

تَبَارَكَ الَّذِي نَزَّلَ الْفُرْقَانَ عَلَى عَبْدِهِ لِيَكُونَ لِلْعَالَمِينَ نَذِيرًا (1)

«Бүкіл әлемге бір ескертуші болуы үшін құлына (жақсы-жаманды айыратын) Құранды түсірген Аллаһ өте Жоғары...» (әл-Фурқан» сүресі, 1-аят).

Ал, мыналар – Аллаһ Тағаланың Ибраһим, Исхақ, Исмаил және Яғқуб туралы айтқан сөздері:

وَأَذْكُرْ عِبَادَنَا إِبْرَاهِيمَ وَإِسْحَاقَ وَيَعْقُوبَ أُولِي الْأَيْدِي وَالْأَبْصَارِ (٤٥) إِنَّا
أَخْلَصْنَاهُمْ بِخَالِصَةٍ ذِكْرَى الدَّارِ (٤٦) وَإِنَّهُمْ عِنْدَنَا لَمِنَ الْمُصْطَفَيْنِ الْأَخْيَارِ (٤٧)

«(Мухаммад) құлымыз Ибраһим, Исхақ және Яғқубты есіңе ал. Олар мықты да қырағы еді. Расында, оларды, Ақыретті ықыласты түрде еске алғандығы үшін, таңдап алдық. Сөз жоқ, олар қасымызда таңдаулы игі-жақсылардан» («Сад» сүресі, 45-47 аяттар).

Мәриям ұлы Иса туралы (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһ Тағала былай деген:

إِنْ هُوَ إِلَّا عَبْدٌ أَنْعَمْنَا عَلَيْهِ وَجَعَلْنَاهُ مَثَلًا لِّبَنِي إِسْرَائِيلَ (٥٩)

«Ол (Иса) Біз өзіне игілік берген, сондай-ақ Исраил ұрпақтарына бір мысал қылған құл ғана» («әз-Зухруф» сүресі, 59-аят).

Елшілерге деген иман өзіне төрт құрамдас бөлікті қамтиды:

БІРІНШІСІ: олардың алып келген жолдаулары шындығында да Аллаһ тарапынан екеніне иман келтіру, өйткені олардың біреуінің болса да алып келген жолдауының ақиқат екеніне иман келтірмеген адам олардың басқаларына да иман келтірмеген болады. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

كَذَّبَتْ قَوْمُ نُوحٍ الْمُرْسَلِينَ (١٠٥)

«Нухтың қауымы елшілерді өтірікші санады» («әш-Шуғара» сүресі, 105-аят).

Осылайша, сол кезде олар өтірікшіге шығарған тек жалғыз елші ғана болғанына қарамастан, Аллаһ олардың бүкіл елшілерді өтірікші санағанына нұсқады. Тура сол қисынға ілесіп, Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтірікші санап, оған ілеспеген

христиандар Мәриям ұлы Масихты да өтірікшіге шығарып, оған ілеспеді деп айтуға болады, бұдан қалса ол (Иса (оған Аллаһтың сәлемі болсын)) оларға Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы сүйінші хабарды алып келген болатын. Өйткені Исаның оларға бұл туралы хабарлауы оның (Мухаммадтың) оларға Аллаһ тарапынан жәберлігенін әрі Аллаһ ол арқылы оларды адасушылықтардан құтқаруды және тура жолға шығаруды қалағанын ғана білдірді.

ЕКІНШІСІ: біз олардың ішінен есімдерін білетіндерімізге, мысалы, қайраттылық иелері деп аталған елшілер Мухаммадқа, Ибраһимге, Мусаға, Исаға және Нухқа (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) иман келтіруіміз керек. Аллаһ Тағала оларды Құранның екі жерінде біріктіріп атап айтады. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деген:

وَإِذْ أَخَذْنَا مِنَ النَّبِيِّينَ مِيثَاقَهُمْ وَمِنْكَ وَمِنْ نُوحٍ وَإِبْرَاهِيمَ وَمُوسَى
وَعِيسَى ابْنِ مَرْيَمَ

«Сонда Біз пайғамбарлардан: сенен, Нухтан, Ибраһимнен, Мусадан және Мәриям ұлы Исадан серт алдық...» («әл-Әхзаб» сүресі, 7-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

شَرَعَ لَكُمْ مِنَ الدِّينِ مَا وَصَّى بِهِ نُوحًا وَالَّذِي أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ وَمَا وَصَّيْنَا
بِهِ إِبْرَاهِيمَ وَمُوسَى وَعِيسَى أَنْ أَقِيمُوا الدِّينَ وَلَا تَتَفَرَّقُوا فِيهِ كَبُرَ عَلَى
الْمُشْرِكِينَ مَا تَدْعُوهُمْ إِلَيْهِ اللَّهُ يَجْتَبِي إِلَيْهِ مَنْ يَشَاءُ وَيَهْدِي إِلَيْهِ مَنْ يُنِيبُ
(۱۳)

«(Мухаммад,) Аллаһ Нухқа нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ Ибраһимге, Мусаға және Исаға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды: дінді мықты ұстаныңдар да, дінде бөлінбеңдер» («әш-Шура» сүресі, 13-аят).

Бірақ біз олардың арасынан аттарын білмейтіндеріміздің барлығына да иман келтіреміз, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

وَلَقَدْ أَرْسَلْنَا رُسُلًا مِنْ قَبْلِكَ مِنْهُمْ مَنْ قَصَصْنَا عَلَيْكَ وَمِنْهُمْ مَنْ لَمْ
نُقْصِصْ عَلَيْكَ وَمَا كَانَ لِرَسُولٍ أَنْ يَأْتِيَ بِآيَةٍ إِلَّا بِإِذْنِ اللَّهِ فَإِذَا جَاءَ أَمْرُ اللَّهِ
فُضِيَ بِالْحَقِّ وَخَسِرَ هُنَالِكَ الْمُبْطِلُونَ (۷۸)

«Расында, сенен бұрын да елшілер жібердік. Олардың кейбірін саған баян еттік те, кейбірін баян етпедік» («Ғафир» сүресі, 78-аят).

ҮШІНШІСІ: олар туралы сенімді түрде жеткен хабарларды растау.

ТӨРТІНШІСІ: Аллаһ олардың арасынан бүкіл адамзатқа жіберген соңғы пайғамбары Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзімен алып келген шариғатқа сәйкес амал ету:

فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّىٰ يُحَكِّمُوكَ فِيمَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا يَجِدُوا فِي
أَنْفُسِهِمْ حَرَجًا مِّمَّا قَضَيْتَ وَيُسَلِّمُوا تَسْلِيمًا (٦٥)

«(Мухаммад,) Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонсоң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай, толық бой ұсынғанға дейін мүмин бола алмайды» («ән-Ниса» сүресі, 65-аят).

Елшілерге деген иман көптеген маңызды жемістер береді, олардың арасында:

1 – Аллаһ Тағаланың мейірімі және Оның өз құлдарына көрсететін қамқорлығы туралы білу, өйткені ол адамдарды Аллаһ Тағаланың жолына шығару үшін және Аллаһқа дұрыс құлшылық етуді түсіндіріп беру үшін оларға елшілер жіберді, өйткені адамның ақылы мұны өздігінше танып-біле алмайды.

2 – Аллаһ Тағалаға оның осы ең ұлы нығметі үшін шүкіршілік сезіну.

3 – Елшілерге (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббат сезімі және оларды лайықты түрде мақтау, өйткені олар Аллаһ Тағаланың елшілері болатын, Оған құлшылық ететін, адамдарға Оның жолдауларын жеткізді және Оның құлдарына игі насихаттар беретін.

Сонымен бірге күпірліктерінде қасарысып тұрып алған адамдар: «Аллаһтың шынайы елшілері адам болуы мүмкін емес», - деп елшілерді өтірікші санайтын. Сондықтан да Аллаһ Тағала мұндай тұжырымдарды Өзінің (келесі) сөздерімен теріске шығарды:

وَمَا مَنَعَ النَّاسَ أَنْ يُؤْمِنُوا إِذْ جَاءَهُمُ الْهُدَىٰ إِلَّا أَنْ قَالُوا أَبَعَثَ اللَّهُ بَشَرًا
رَسُولًا (۹۴) قُلْ لَوْ كَانَتْ فِي الْأَرْضِ مَلَائِكَةٌ يُمَشِّوْنَ مُطْمَئِنِّينَ لَنَزَّلْنَا عَلَيْهِمْ مِنَ
السَّمَاءِ مَلَكًا رَسُولًا (۹۵)

“Адам баласының өздеріне тура жол келгеннен кейін иман келтірулеріне олардың: «Сонда Аллаһ пайғамбар етіп адамды жібергені ме?», - деген сөздері ғана бөгет болды. (Мухаммад): «Егер жер жүзінде байсалды жүргендер періштелер болғанда, әрине, оларға көктен періштені елші етіп жіберер едік», - дегенді айт” («әл-Исра» сүресі, 94-95 аяттар).

Осылайша, Аллаһ Тағала елші жер бетін мекендейтін адамдарға жіберілетін болғандықтан, оның өзі де адам болуы керек екенін, ал егер жерді періштелер мекендегенде, онда Аллаһ Тағала оларға елші ретінде міндетті түрде өздеріндей періште жіберетін еді екенін айтқан. Әрі Аллаһ Тағала елшілерді өтірікші санаған адамдар былай деп айтқанын жеткізген:

قَالَتْ رُسُلُهُمْ أَفِي اللَّهِ شَكٌّ فَاطِرِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ يَدْعُوكُمْ لِيُبْفِرَ
لَكُمْ مِنْ دُنُوبِكُمْ وَيُوحِّدَكُمْ إِلَىٰ أَجَلٍ مُّسَمًّى قَالُوا إِنْ أَنْتُمْ إِلَّا بَشَرٌ مِّثْلُنَا

تُرِيدُونَ أَنْ تَصُدُّونَا عَمَّا كَانَ يَعْبُدُ آبَاؤُنَا فَأَثُونَا بِسُلْطَانٍ مُبِينٍ (١٠) قَالَتْ لَهُمْ رُسُلُهُمْ إِنْ نَحْنُ إِلَّا بَشَرٌ مِثْلُكُمْ وَلَكِنَّ اللَّهَ يَمُنُّ عَلَىٰ مَنْ يَشَاءُ مِنْ عِبَادِهِ وَمَا كَانَ لَنَا أَنْ نَأْتِيَكُمْ بِسُلْطَانٍ إِلَّا بِإِذْنِ اللَّهِ وَعَلَىٰ اللَّهِ فَلْيَتَوَكَّلِ الْمُؤْمِنُونَ (١١)

“(Олар пайғамбарларына): «Сендер де біздей-ақ адамсыңдар. Бізді ата-бабаларымыздың табынған нәрселерінен тосқыларың келеді ме? Бізге ашық бір дәлел келтіріңдер», - дейтін. Пайғамбарлары оларға: «Әрине, біз сендер ұқсаған адам баласымыз. Бірақ Аллаһ құлдарының қалағанына Өз нығметін сыйлайды. Аллаһтың бұйрығынсыз біздің сендерге бір мұғжиза келтіруіміз мүмкін емес. Мүминдер Аллаһқа ғана тәуекел етсін», - деді” («Ибраһим» сүресі, 10-11 аяттар).

Автордың сөзі:

«...وَالْيَوْمِ الْآخِرِ...»

«... және Ақырет Күніне (иман келтіру)...»

Шарх:

(«Ақырет Күні»). Яғни Аллаһ адамдарды есеп алу үшін және сый-жазасын беру үшін тірілтетін Қиямет Күні.

Ол осылай аталуының себебі – одан кейін күн болмайтынында, әрі Жәннаттың тұрғындары өздерінің тұрақтарында, ал Оттың тұрғындары өздерінің тұрақтарында қоныстанатынында.

Ақырет Күніне деген иман өзіне үш құрамдас бөлікті біріктіреді:

БІРІНШІСІ: қайта тірілуге, яғни (Исрафил) періште екінші рет Сұр үрлегеннен кейін өлгендердің қайта тіріліп, жалаң аяқ, жалаңаш және кестірілмеген күйлерінде Раббысының (жинайтын жағына) қарай бет алатынына иман келтіру. Аллаһ Тағала былай деген:

كَمَا بَدَأْنَا أَوَّلَ خَلْقٍ نُعِيدُهُ وَعَدَّا عَلَيْهَا إِنَّا كُنَّا فَاعِلِينَ (۱۰۴)

«...Оларды әуел бастағыдай қайта жаратамыз. Бұны біз уәде еттік. Шынында,

Біз мұны орындаймыз» («әл-Әнбия» сүресі, 104-аят).

Қайта тірілу Құран, Сүннет және мұсылмандардың бірауызды келісімі нұсқайтын бұлтартпас ақиқат болып табылады.

ثُمَّ إِنَّكُمْ بَعْدَ ذَلِكَ لَمَيِّتُونَ (۱۵) ثُمَّ إِنَّكُمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ تُبْعَثُونَ (۱۶)

«Бұдан кейін сендер міндетті түрде өлесіңдер. Сосын Қиямет Күні, күдіксіз, қайта тірілтілесіңдер» («әл-Муминун» сүресі, 15-16 аяттар).

Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Қиямет Күні адамдар жалаңаяқ, жалаңаш және кестірілмеген күйілерінде қайта тірілтіледі»* (әл-Бухари мен Муслим).

Барлық мұсылмандар мұның сенімді екеніне иман келтіреді, әрі бұл Аллаһтың адамдарға басқа бір өмір беретінінде және сол өмірде Ол оларға елшілері арқылы жүктеген нәрселерді орындағаны үшін сауап-жазасын беретінінде

إِنَّ إِلَيْنَا إِيَابَهُمْ (٢٥) ثُمَّ إِنَّ عَلَيْنَا حِسَابَهُمْ (٢٦)

«Расында, олар Бізге оралады, содан кейін Біз оларды есепке тартамыз» («әл-Ғашия» сүресі, 25-26 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

مَنْ جَاءَ بِالْحَسَنَةِ فَلَهُ عَشْرُ مِثَالِهَا وَمَنْ جَاءَ بِالسَّيِّئَةِ فَلَا يُجْزَى
إِلَّا مِثْلَهَا وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ (١٦٠)

«Кім бір жақсылық келтірсе, оған сондай он есе бар. Және біреу бір жамандық істесе, оған сондай-ақ қана жаза беріледі де, олар зұлымдыққа ұшыратылмайды» («әл-Әнғам» сүресі, 160-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَنَضَعُ الْمَوَازِينَ الْقِسْطَ لِيَوْمِ الْقِيَامَةِ فَلَا تُظْلَمُ نَفْسٌ شَيْئًا وَإِنْ كَانَ
مِثْقَالَ حَبَّةٍ مِنْ خَرْدَلٍ أَتَيْنَا بِهَا وَكَفَى بِنَا حَاسِبِينَ (٤٧)

«Қиямет Күні туралық Таразысын орнатамыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да, оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз» («әл-Әнбия» сүресі, 47-аят).

Ибн Умардың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) сөздерінен жеткізілетін хадистердің бірінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланады: *“Қиямет Күні мүмин өзінің аса Құдіретті және Ұлы Раббысына жақындатылады¹⁴, әрі Ол оны қорғауына алады¹⁵ да, күнәларын мойындатқызады, әрі: «Сен [осындай күнәны жасағаныңды] мойындайсың ба?», – деп сұрайды, ал ол болса бұған: «Иә, Раббым!», – деп жауап береді. [Содан соң Раббы]: «Расында, Мен [сенің күнәларыңды] дүние өмірінде жапқан болатынмын, әрі бүгін де Мен оларды саған кешіремін», - дейді. Содан соң оған игі амалдары [жазылған] парағы беріледі. Ал кәпірлер мен екіжүзділерге келер болсақ, олар туралы бүкіл жатырылған жәндіктердің алдында: «Мыналар – Аллаһқа жала*

¹⁴ Имам ән-Науауи нұсқағандай, бұл жерде мүмин адамның сый-құрметке бөленетінін немесе (дәрежесі) көтерілетіндігі меңзелуде.

¹⁵ Бұл дегеніміз – Аллаһ оған мейірімін танытып әрі оны кешіреді.

жапқандар», - деп айтылады” («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», №1058 хадис).

Әрі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны да белгілі: *«Ақиқатында, кім әлдебір жақсылық істеуді ойластырып, оны істесе, соған Аллаһ оннан жеті жүзге дейін әрі одан да көбірек игі істер жазады. Ал кім әлдебір жаман істі істеуді ойластырып, оны істесе, Аллаһ тек бір жаман істі ғана жазады»* («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», 2019хадис).

Барлық мұсылмандар есеп пен сый-жаза бұлтартпас ақиқат екеніне бірауызды келіскен, өйткені бұл адамдарға Кітаптар түсірген, оларға елшілер жіберген, Өзінің құлдарына олар алып келген нәрселерді мойындауды және соның ішіндегі барлық қажетті болған нәрселерді орындауды әрі осыған қарсы шыққандармен соғысуды міндеттеген Аллаһ Тағаланың ойластырғанына толық сәйкес келеді. Ал егер есеп те, сый-жаза да болмағанда, мұның барлығы тек ермек болар еді. Бірақ аса Дана Аллаһтың мұндай

нәрселермен еш ортақтығы жоқ, әрі Ол бұған былай деп нұсқады:

فَلَنَسْأَلَنَّ الَّذِينَ أُرْسِلَ إِلَيْهِمْ وَلَنَسْأَلَنَّ الْمُرْسَلِينَ (٦) فَتَقْصَنَّ عَلَيْهِمْ
بِعِلْمٍ وَمَا كُنَّا غَائِبِينَ (٧)

«Біз өздеріне елші жіберілгендерді міндетті түрде сұраққа тартамыз, әрі елшілерді де міндетті түрде сұраққа тартамыз. Біз міндетті түрде оларға амалдары туралы білім негізінде баян етеміз. Біз ешқашан жоқ болған емеспіз» («әл-Әғраф» сүресі, 6-7 аяттар).

ҮШІНШІСІ: Жәннат пен Тозаққа сондай-ақ олар адамдардың баратын соңғы мәңгі мекендері екеніне иман келтіру. Осы орайда Жәннат Аллаһ Тағала Өзінің құлдарын иман келтіруге міндеттеген нәрселерге иман келтірген, Аллаһқа берілген және Оның Елшісіне ілескен күйлерінде Аллаһқа және Оның Елшісіне мойынсұнған мүминдер мен тақуаларға әзірленген. Жәннаттағы шаттық-шадымандықтың көз көрмеген, құлақ естімеген және адамның жүрегі елестей алмайтын түрлері бар.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

جَزَاؤُهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ جَنَّاتٌ عَدْنٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا
رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ ذَلِكَ لِمَنْ حَسِبَ رَبَّهُ (٨)

«Олардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары – астарынан өзендер ағатын Ғадын Жәннаттары. Олар онда мәңгі қалады. Аллаһ олардан разы, олар Аллаһтан разы. Осы сыйлық Раббысынан қорыққандар үшін» («әл-Бәййина» сүресі, 8-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деген:

فَلَا تَعْلَمُ نَفْسٌ مِمَّا أُخْفِيَ لَهُمْ مِنْ قُرَّةِ أَعْيُنٍ جَزَاءً بِمَا كَانُوا يَعْمَلُونَ (١٧)

«Ешкім істеген амалдары үшін өзіне көздің рахаты болатын қандай сый-сауаптар жасырылғанын білмейді» («әс-Сәжда» сүресі, 17-аят).

Ал Тозақ туралы айтар болсақ, ол Аллаһ Тағала тарапынан Оған иман келтірмеген және Оның пайғамбарларына мойынсұнбаған кәпірлер мен залымдар үшін әзірленген азап мекені, әрі

онда оларды күтіп тұрған азаптар мен жазаларды елестету мүмкін емес:

وَاتَّقُوا النَّارَ الَّتِي أُعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ (۱۳۱)

«Кәпірлер үшін әзірленген Оттан қорқыңдар» («Әли Имран», сүресі, 131-аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деген:

أَعْتَدْنَا لِلظَّالِمِينَ نَارًا أَحَاطَ بِهِمْ سُرَادِقُهَا وَإِنْ يَسْتَغِيثُوا يُغَاثُوا بِمَاءٍ كَالْمُهْلِ يَشْوِي الْوُجُوهَ بِئْسَ الشَّرَابُ وَسَاءَتْ مُرْتَفَقًا (۲۹)

«Расында, Біз залымдар үшін дуалдары оларды жан-жағынан түгел қоршап алатын Отты (Тозақты) әзірледік. Егер олар көмек (жаңбыр сұрап жалбарынса), еріген кен (немесе майдың тұңбасы) тәрізді, беттерді қуыратын бір су беріледі. Бұл нендей жаман сусын, әрі нендей жаман орын!» («әл-Кәһф» сүресі, 29-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

إِنَّ اللَّهَ لَعَنَ الْكَافِرِينَ وَأَعَدَّ لَهُمْ سَعِيرًا (۶۴) خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا لَا يَجِدُونَ وَلِيًّا وَلَا نَصِيرًا (۶۵) يَوْمَ ثَقُلَتْ وُجُوهُهُمْ فِي النَّارِ يَقُولُونَ يَا لَيْتَنَا أَطَعْنَا اللَّهَ وَأَطَعْنَا الرَّسُولَ (۶۶)

“Расында, Аллаһ кәпірлерді лағынет етті. Және оларга жалындаған Тозақты әзірледі. Олар онда мәңгі қалады. Не дос, не көмекші таба алмайды. Беттері от ішінде аударылатын (не өзгертін) күні олар: «Өттең! Бізге не болды? Аллаһқа бой ұсынып, Елшісіне мойынсұнған болсақ еді!», - дейді” («әл-Әхзаб» сүресі, 64-66 аяттар).

Ақыретке деген иманға өлімнен кейін орын алатын нәрселердің барлығына иман келтіру де жатады, мысалы:

1– Жерленгеннен кейін өлген кісі Раббысы, діні және Пайғамбары туралы сұралатын, әрі әрбір иман келтірген (мүминге) Аллаһ мығым жауап беруге мүмкіндік беретін және ол: «Раббым – Аллаһ, дінім - Ислам, ал пайғамбарым – Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)», - деп жауап беретін қабір сынағына (иман келтіру). Ал залымдарды болса Аллаһ адасушылыққа салады, әрі кәпір: «Мен білмеймін», - деп, ал екіжүзді (мунафиқ) немесе күмәнға бой берген адам: «Мен білмеймін, мен тек

адамдардың бірдеңелерді айтатынын еститінмін, әрі солардың ізінен мен де қайталайтынмын», - дейді¹⁶.

2 – Қайтыс болған адамдарды қабірлерінде күтіп тұрған азаптар мен рахаттарға (иман келтіру). Азаптар екіжүзділер мен кәпірлерді күтуде, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَنْ أَظْلَمُ مِمَّنْ افْتَرَىٰ عَلَى اللَّهِ كَذِبًا أَوْ قَالَ أُوحِيَ إِلَيَّ وَلَمْ يُوحَ إِلَيْهِ شَيْءٌ
وَمَنْ قَالَ سَأُنزِلُ مِثْلَ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ وَلَوْ تَرَىٰ إِذِ الظَّالِمُونَ فِي غَمْرَاتِ الْمَوْتِ

¹⁶ Абу Хурайраның сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың итілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «(«...Сендердің біреулеріңді...») қабірге қойған кезде оған Мункар мен Нәкір деп аталатын көздері көк екі қара періште келеді. Олар: «Сен мына адам туралы не айтатын едің?» - дейді. Ол: «Ол – Аллаһтың құлы, әрі елшісі. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ әрі Мухаммад – Оның елшісі екеніне куәлік беремін», - деп жауап береді. Сонда олар: «Біз сенің осылай деп айтатыныңды біліп едік», - дейді. Содан соң оның қабірі көлденеңінен жетпіс шынтаққа және төтесінен жетпіс шынтаққа кеңейеді... Ал егер ол екіжүзді-мунафиқ болған болса, онда: «Мен білмеймін, мен тек адамдардың бірдеңелерді айтатынын еститінмін әрі солардың ізінен мен де қайталайтынмын. Мен білмеймін», - деп жауап береді. Сонда олар: «Біз сенің осылай деп айтатыныңды біліп едік», - дейді. Кейін жерге: «Онымен бірге жинақтал», - деп бұйырылады да, ол жинақталып оны қысып жіберетіні соңшалықты – оның қабырғалары бір-біріне кіріп кетеді. Ол соның ішінде Аллаһ оны осы орнынан көтермейінше азапталады». Хадисті әт-Тирмизи «Сунанда» (1071) және Ибн Хиббан «әл-Ихсанда» (3117) келтірген.

«...Олар ертелі-кеш отқа салынады. Ал (Қиямет) Сағаты басталатын күні Перғауынның әулетін азаптың ең қаттысына кіргізіңдер!» («Ғафир» сүресі, 46-аят).

Зәйд бин Сәбиттің сөздерінен жеткізілетін бір хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Егер мен сендердің біріңді-бірің жерлемей қоюларыңнан қорықпағанымда, онда аса Ұлы және Құдіретті Аллаһтан Ол маған естуге рұқсат еткен қабірдегі азапты сендерге де естуге рұқсат етуін сұрар едім»,* - деп айтады, ал содан соң ол оларға жүзін бұрды да: *«Аллаһтан От азабынан пана тілеңдер»,* - деді, әрі олар: *«Аллаһтан От азабынан пана тілейміз»,* - деді. Содан соң ол: *«Аллаһтан қабір азабынан пана тілеңдер»,* - деді, әрі олар: *«Аллаһтан қабір азабынан пана тілейміз»,* - деді. Кейін ол: *«Аллаһтан ашық және жасырын бүліктерден пана тілеңдер»,* - деді, әрі олар: *«Аллаһтан айқын және жасырын бүліктерден пана тілейміз»,* - деді. Әрі

соңында ол: «Аллаһтан әл-Масих әд-Дәжжалдің бүлігінен пана тілеңдер», - деді, әрі олар: «Аллаһтан әл-Масих әд-Дәжжалдің бүлігінен пана тілейміз», - деді.¹⁷

Ал қабірде рахат шегуге байланысты айтар болсақ, ол ықыласты түрде иман келтіргендер үшін әзірленген, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّ الدِّينَ قَالُوا رَبَّنَا اللَّهُ ثُمَّ اسْتَقَامُوا تَتَنَزَّلُ عَلَيْهِمُ الْمَلَائِكَةُ أَلَّا تَخَافُوا
وَلَا تَحْزَنُوا وَأَبْشِرُوا بِالْجَنَّةِ الَّتِي كُنْتُمْ تُوعَدُونَ (۳۰)

“Расында: «Раббымыз Аллаһ», - деп, сосын мығым тұрғандардарға періштелер түседі де: «Қорықпаңдар, кейімеңдер! Сендерге уәде етілген Жәннат арқылы қуанышқа бөленіңдер», - дейді” («Фуссыләт» сүресі, 30-аят).

¹⁷ Бұл хадисті Муслим «Китаб әл-Жәнна» тарауының (2767) қайтыс болған адамға оның Жәннаттағы немесе Тозақтағы орны көрсетілетіндігі туралы бабында келтіреді, оны сондай-ақ имам Ахмад «әл-Муснад» жинағында 3-т., 114, 153, 175 беттерде келтірген. Сондай-ақ осыған ұқсас хадисті Муслим №2867 жеткізген.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

فَلَوْلَا إِذَا بَلَغَتِ الْحُلُقُومَ (۸۳) وَأَنْتُمْ حِينِيذٍ تَنْظُرُونَ (۸۴) وَنَحْنُ أَقْرَبُ إِلَيْهِ مِنْكُمْ وَلَكِنْ لَا تُبْصِرُونَ (۸۵) فَلَوْلَا إِنْ كُنْتُمْ غَيْرَ مَدِينِينَ (۸۶) تَرْجِعُونَهَا إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ (۸۷) فَأَمَّا إِنْ كَانَ مِنَ الْمُفْرَبِينَ (۸۸) فَرَوْحٌ وَرَيْحَانٌ وَجَنَّةُ نَعِيمٍ (۸۹)

«Ал жан жұтқыншаққа келген кезде; сол уақытта сендер қарап қаласыңдар. Негізінде ол өліп бара жатқанға Біз сендерден жақынырақпыз. Сендер көрмейсіңдер де. Ал сонда егер жазаланбайтын болсаңдар; егер шын айтсаңдар, оның жанын қайтарыңдаршы. Ал егер өлген кісі Аллаһқа жақындардан болса, сонда оған рахатты шаттық әрі нығметті ұжмақ бар» («әл-Уақиға» сүресі, 83-89 аяттар).

Әл-Бара бин Азиб Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз қабірінде періштелердің сұрақтарына жауап беретін мүмин туралы былай дегенін жеткізген: *“Әрі сол кезде көктен: «Пендем шындықты айтты, ендеше, оған Жәннаттың төсектерінен бір төсекті жайыңдар, және оны Жәннаттың киімдеріне киіндіріңдер, әрі оған Жәннаттың қақпаларын*

ашыңдар!» - деген дауыс жаңғыра естіледі. Әрі оны Жәннаттың тыныштығы мен рахаты құшады, ал қабірі болса көзі жететін жерге дейін кеңейтіледі¹⁸.

Ақыретке деген иман көптеген маңызды пайдалар келтіреді, солардың ішінде:

1 – Аллаһтың сол күні беретін сыйына деген үмітпен Оған мойынсұнуды қалау және соған ұмтылу;

2 – Осы күннің азабынан қауіптенгендіктен мойынсұнбаушылық танытудан қорқу;

3 – Мүмин адамның осы дүние игіліктерінен қол жеткізе алмағандарын ұмытуы, өйткені оған ол туралы ұмытуға оның Ақырет рахаты мен сый-сауаптарына қол жеткізуге деген үміті көмектеседі.

Кәпірлер өлімнен кейін қайта тірілу мүмкін емес екенін айтып, оның бар екенін теріске шығарған, алайда мұндай тұжырымдар негізсіз,

¹⁸ Ахмад пен Абу Дауд келтіретін ұзын хадистің бөлігі.

ал олардың өтірік екеніне шариғат, түйсік-сезімдер және ақыл айғақ болады.

Егер шариғатқа жүгінер болсақ, онда мұндай тұжырымдардың жалған екеніне Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

زَعَمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُبْعَثُوا قُلْ بَلَىٰ وَرَبِّي لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبَّؤُنَّ بِمَا
عَمِلْتُمْ وَذَٰلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ (٧)

“Күпірлік еткендер әсте қайта тірілмейміз деп ойлайды. (Мухаммад,) оларға: «Жоқ, Раббыма ант етемін. Әлбетте, өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер. Сосын сендерге не істегендерің баян етіледі. Бұл Аллаһқа оңай», - де” («әт-Тағабун» сүресі, 7-аят).

Әрі бұл туралы көктен түскен барлық Кітаптардың айтқаны бірдей болған.

Егер түйсік арқылы танылатын нәрселер туралы айтар болсақ, онда осы дүниенің өзінде-ақ Аллаһ Өзінің пенделеріне өлгеннен кейін қайта тірілу мүмкін екенін көрсетті, әрі «әл-Бақара» сүресінде мұның бес мысалын келтіріледі.

1 – (мысал): Ол Мусаға:

يَا مُوسَىٰ لَنْ نُؤْمِنَ بِكَ حَتَّىٰ نَرَىٰ اللَّهَ جَهْرَةً

«Уа, Муса! Аллаһты ашық көрмейінше біз саған иман келтірмейміз!», - деген Мусаның руластары туралы. Әрі осыдан соң Аллаһ Тағала алдымен оларды өлтірді де, соңынан қайта тірілтті және Аллаһ Тағала Исраил ұрпақтарына сөз жолдап, осы туралы былай деп айтады:

فَأَخَذْنَاكُمْ الصَّاعِقَةَ وَأَنْتُمْ تَنْظُرُونَ (55) ثُمَّ بَعَثْنَاكُمْ مِنْ بَعْدِ مَوْتِكُمْ لَعَلَّكُمْ
تَشْكُرُونَ (56)

«...Сендерге көздеріңше найзағай (өлім) тиді. Соңсоң шүкірлік етерсіңдер деп, өлгендеріңнен кейін қайта тірілттік» («әл-Бақара» сүресі , 55-56 аяттар);

2 – (мысал): Ол исраилдықтардың арасында тартыстың туындауына себеп болған өлтірілген адамға қатысты, әрі сол кезде Аллаһ Тағала оларға сиырды құрбан шалуды және өлген адамның мәйітін, ол (тіріліп) өзін кім өлтіргенін айтуы үшін, соның бір бөлігімен ұруды бұйырған еді. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деді:

وَأِدُّ قَتَلْتُمْ نَفْسًا فَآذَارَ أَتْم فِيهَا وَاللَّهُ مُخْرِجٌ مَا كُنْتُمْ تَكْتُمُونَ (٧٢) فُقَلْنَا
اضْرِبُوهُ بِبَعْضِهَا كَذَلِكَ يُحْيِي اللَّهُ الْمَوْتَى وَيُرِيكُمْ آيَاتِهِ لَعَلَّكُمْ تَعْقِلُونَ (٧٣)

«Сол уақытта біреуді өлтірдіңдер де, сол жөнінде таластыңдар. Аллаһ жасырғандарыңды ортаға шығарды. Сөйтіп өлікті оның кейбір мүшесімен қағыңдар дедік. Аллаһ осылайша өлікті тірілтіп, сендерге аят-белгілерін көрсетеді. Әрине, ойланарсыңдар!» (әл-Бакара» сүресі, 72-73 аяттар);

3 – (мысал): Ол өлімнен қашып, үйлерін (жұртын) тастап шыққан мыңдаған адамдар туралы, әрі Аллаһ Тағала оларды өлтіріп, соңынан қайта тірілті және бұл туралы Ол былай деді:

أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ خَرَجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ وَهُمْ أُلُوفٌ حَذَرَ الْمَوْتِ فَقَالَ لَهُمُ
اللَّهُ مُوتُوا ثُمَّ أَحْيَاهُمْ إِنَّ اللَّهَ لُدُو فَضْلٍ عَلَى النَّاسِ وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا
يَشْكُرُونَ (٢٤٣)

«(Мухаммад,) ол мыңдағандардың өлімнен қорқып, жұрттарынан шыққандарын көрмейсің бе? Аллаһ оларға: «Өліңдер!» - деді. Соңсоң оларды тірілтті. Күдіксіз, Аллаһ адамдарға кеңшілік иесі.

Дегенмен, адамдардың көбі шүкірлік етпейді!» («әл-Бакара» сүресі, 243-аят);

4 – (мысал): Ол қираған кенттің жанынан өтіп бара жатып, Аллаһ оларды қайта тірілтуді ақылға сыймайтындай санаған адам туралы. Сол кезде Аллаһ оның өзін жүз жылға өлтіріп, содан соң тірілтті, әрі бұл туралы Аллаһ Тағала былай дейді:

أَوْ كَالَّذِي مَرَّ عَلَى قَرْيَةٍ وَهِيَ خَاوِيَةٌ عَلَى عُرُوشِهَا قَالَ أَنَّى يُحْيِي هَذِهِ اللَّهُ بَعْدَ مَوْتِهَا فَأَمَاتَهُ اللَّهُ مِائَةَ عَامٍ ثُمَّ بَعَثَهُ قَالَ كَمْ لَبِثْتَ قَالَ لَبِثْتُ يَوْمًا أَوْ بَعْضَ يَوْمٍ قَالَ بَلْ لَبِثْتَ مِائَةَ عَامٍ فَانظُرْ إِلَى طَعَامِكَ وَشَرَابِكَ لَمْ يَتَسَنَّهْ وَانظُرْ إِلَى حِمَارِكَ وَلِنَجْعَلَكَ آيَةً لِلنَّاسِ وَانظُرْ إِلَى الْعِظَامِ كَيْفَ نُنشِزُهَا ثُمَّ نَكْسُوهَا لَحْمًا فَلَمَّا تَبَيَّنَ لَهُ قَالَ أَعْلَمُ أَنَّ اللَّهَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ (٢٥٩)

“Немесе сондай қабырғалары төбесіне құлаған бір кенттен өткенді көрмедің бе? Ол: «Аллаһ бұны өлгеннен кейін қайлай тірілтеді?», - деді. Аллаһ оны жүз жылға өлтіріп, соңсоң тірілтті: «Қанша жаттың?», - деді. Ол: «Бір күн немесе күннің бір бөлігін жаттым», - деді. (Аллаһ:) «Олай емес, жүз жыл өліп жаттың, енді тамағыңа және сусыныңа бір қара! Өзгермеген. Ал енді есегіңе қара! Сені адамдарға үлгі үшін

өстідік. Ал енді сүйектерге қара! Оны қайтып құрастырып, сонан соң оған ет кидіреміз», - деді. Бұл жағдайлар оған көрсетілген кезде, ол: «Сөзсіз, Аллаһтың әр нәрсеге күші жететінін білдім», - деді” («әл-Бакара» сүресі, 259-аят);

5 – (мысал): Ол Аллаһтан Ол өлгендерді қалай тірілтетінін көрсетуді сұраған Аллаһтың сүйіктісі Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) туралы. Сол кезде Аллаһ Тағала оған төрт құсты өлтіруді және олардың дене мүшелерін айналасында тұрған тауларға қоюды, ал содан соң оларды шақыруды, сонда олардың мүшелері бір-бірімен бірігіп, Ибраһимге қарай ұмтылатынын бұйырды. Әрі бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ رَبِّ أَرِنِي كَيْفَ تُحْيِي الْمَوْتَىٰ قَالَ أَوَلَمْ تُؤْمِنْ قَالَ بَلَىٰ
وَلَكِن لِّيَطْمَئِنَّ قَلْبِي قَالَ فَخُذْ أَرْبَعَةً مِّنَ الطَّيْرِ فَصُرْهُنَّ إِنَّكَ تَمَّ اجْعَلْ عَلَىٰ
كُلِّ جَبَلٍ مِّنْهُنَّ جُزْءًا ثُمَّ ادْعُهُنَّ يَأْتِيَنَّكَ سَعْيًا وَاعْلَمَنَّ أَنَّهُ اللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ
(۲۶۰)

“Сол кезде Ибраһим: «Раббым! Өлікті қалай тірілтетініңді маған көрсет», - деді.

(Аллаһ:) «Маған сенбейсің бе?», - деді. (Ибраһим:) «Әрине, сенемін, бірақ жүрегім орнықсын», - деді. (Аллаһ:) «Кұстардан төртеуін ұста да, өзіңе үйірлестіріп (сойып дене мүшелерін араластыр). Сонсоң әр таудың басына бір бөлшегін қой да, сонан кейін оларды шақыр; дереу саған жетіп келеді. Күдіксіз, Аллатың өте Үстем, аса Дана екенін біл», - деді" («әл-Бакара» сүресі, 260-аят).

Мұның барлығы түйсік арқылы танылатын және өлгендердің қайта тірілуі мүмкін екеніне айғақ болатын ақиқат фактілердің мысалы, ал бұдан бұрын біз Мәриямның ұлы Исаға өлілерді қайта тірілту және оларды қабірлерінен шығару қабілетін берген Аллаһ Тағаланың аят-белгілері туралы айтып кеткен болатынбыз.

Ал ақылға келер болсақ, ол өлілердің қайта тірілетініне екі жақтан айғақ болады:

Біріншіден, ақиқатында, Аллаһ Тағала көктердің, жердің және оларда өмір сүретін бүкіл

нәрсенің Жаратушысы болып табылады, ал оларды алғашында жаратқан (Аллаһ) мұны қайта істей алады. Аллаһ былай деген:

وَهُوَ الَّذِي بَدَأَ الْخَلْقَ ثُمَّ يُعِيدُهُ وَهُوَ أَهْوَنُ عَلَيْهِ وَلَهُ الْمَثَلُ الْأَعْلَىٰ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ (٢٧)

«Ол сондай жоқтан бар етіп, сосын қайта жаратады. Бұл Оған оңай. Әрі көктер мен жердегі ең жоғары сипаттар Оған тән. Ол өте Үстем, аса Дана» («әр-Рум» сүресі, 27-аят).

Ал шіріп кеткен сүйектерді қайта тірілту мүмкін екенін теріске шығаратындарға жауап беруді бұйырып, Ол былай деді:

قُلْ يُحْيِيهَا الَّذِي أَنْشَأَهَا أَوَّلَ مَرَّةٍ وَهُوَ بِكُلِّ خَلْقٍ عَلِيمٌ (٧٩)

“(Мухаммад): «Оларды сондай алғаш жаратқан тірілтеді. Ол барлық жаратылысты біледі», - де” («Ясин» сүресі, 79-аят).

Екіншіден, жер де бетінде бірде-бір жасыл өсімдік болмаған кезінде өлі болады, бірақ жаңбыр жауғаннан кейін ол қозғалысқа келеді де, оның бетінде жаңа шыққан көк пайда болады, ал

бұдан жерді өлгеннен кейін қайта тірілте алатын (Аллаһтың) өлгендерді де қайта тірілтуге құдіретті екені шығады.

Аллаһ Тағала былай деген:

وَمِنْ آيَاتِهِ أَنْكَ تَرَى الْأَرْضَ خَاشِعَةً فَإِذَا أَنْزَلْنَا عَلَيْهَا الْمَاءَ اهْتَزَّتْ
وَرَبَّتْ إِنَّ الَّذِي أَحْيَاهَا لَمُحْيِي الْمَوْتَى إِنَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ (۳۹)

«(Мухаммад,) расында, жердің құрғап қалғанын көресің. Сонда Біз оған жаңбыр жаудырған мезгілде, құлпырып көпсуі – Аллаһтың дәлелдерінен. Күдіксіз, оны тірілткен Аллаһ өлілерді де тірілтеді. Өйткені Оның әр нәрсеге толық күші жетеді» («әл-Фуссыләт» сүресі, 39-аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деген:

وَنَزَّلْنَا مِنَ السَّمَاءِ مَاءً مُبَارَكًا فَأَنْبَتْنَا بِهِ جَنَّاتٍ وَحَبَّ الْحَصِيدِ (۹) وَالنَّخْلَ
بَاسِقَاتٍ لَهَا طَلْعٌ نَضِيدٌ (۱۰) رِزْقًا لِلْعِبَادِ وَأَحْيَيْنَا بِهِ بَلْدَةً مَيْتًا كَذَلِكَ الْخُرُوجُ (۱۱)

«Аспаннан берекелі жаңбыр жаудырып, ол арқылы бақшалар және орылатын астық, қауашақтары шоғырланған ұзын құрма

ағаштарын өсірдік. Құлдарға көрек үшін. Сондай-ақ жаңбырмен жансыз жерге жан бердік. Қайта (тіріліп) шығу да сол тәрізді» («Қаф» сүресі, 9-11 аяттар).

Солай болса да, хақ жолдан ауытқығандар қабірлерде адамдарды азап немесе рахат күтіп тұрған болуы мүмкін екенін теріске шығаратын әрі мұндайдың болуы мүмкін емес, өйткені бұл шынайы өмірдегі фактілерге қарама-қайшы келеді деп айтатын. Осы орайда олар егер мәйіттің (жатқан) қабірін ашатын болсақ, біз оның сол бұрынғы күйінде жатқанына, ал қабірдің көлемі өзгермегенін көретінімізге сілтейді.

Алайда мұндай тұжырымдар шарифат тұрғысынан да, түйсіктің таным тұрғысынан да, ақыл тұрғысынан да негізсіз болып табылады.

Ал шарифатқа келер болсақ, онда біз жоғарыда адамдарды қабірлерінде азап немесе рахат күтіп тұрғанын растайтын Құранның тиісті аяттарын және хадистерді келтірген болатынбыз, ал бұл Ақыретке иман келтіруге қатысты.

Хадистердің бірінде Ибн Аббастың (оған және оның әкесіне Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Бірде Мәдинаның сыртына шыққан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлерінде азапталып жатқан екі адамның дауыстарын естіді».*

Әрі қарай тура осы хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланады: *«Расында, олардың біреуі өз зәрінен қорғанбайтын¹⁹, ал екіншісі өсек тарататын»* («Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», №59 хадис).

Түйсікпен танылатын (белгілерге) келер болсақ, онда мысал ретінде адам түсінде бір кең әрі әдемі жерде жүргенін әрі сол жерде болу оған рахат сыйлап жатқанын, немесе ол бір тар әрі бірде-бір тірі жан жоқ жерде болып жатқанын және сонда болудан оның жаны азап шегіп жатқанын көруі мүмкін. Алайда ол ұйқысынан оянған кезінде бұрыңғы өз бөлмесінде, өз төсегінде

¹⁹ Яғни денесіне немесе киіміне зәр тиюден сақтанбайтын әрі соны тазаламайтын - ауд.

жатқананын көреді. Бірақ ұйқы өлімнің бауыры болып табылады (емес пе), сол себепті де Аллаһ Тағала оны кіші өлім деп атады.

اللَّهُ يَتَوَفَّى الْأَنْفُسَ حِينَ مَوْتِهَا وَالَّتِي لَمْ تَمُتْ فِي مَنَامِهَا فَيُمْسِكُ الَّتِي قَضَىٰ عَلَيْهَا الْمَوْتَ وَيُرْسِلُ الْأُخْرَىٰ إِلَىٰ أَجَلٍ مُّسَمًّى إِنَّ فِي ذَٰلِكَ لَآيَاتٍ لِّقَوْمٍ يَتَفَكَّرُونَ
(٤٢)

«Өлер уақытта Аллаһ жанды алады. Сондай-ақ өлмегендердің жанын ұйқыда алады. Сосын өлуіне үкім берілгендердікін тосады да, басқалардікін белгілі бір мерзімге дейін жібереді. Сөз жоқ, мұнда түсінетін елге ғибраттар бар» («әз-Зүмәр» сүресі, 42-аят).

Ақылға келер болсақ, онда ұйықтап жатқан кісі өз түстерінде шындыққа сәйкес келетін нәрселерді көретініне нұсқауға болады. Егер ұйқыдағы адамның түсіне Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кірген болса, ол шындығында да (өз түсінде) Пайғамбарды көрген болады. Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны

хабарланады: *«Кім мені түсінде көрген болса, сол шындығында да мені көргені, өйткені шайтан менің бейнеме ене алмайды»*²⁰.

Мысалы, ұйықтап жатқан адам Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның шынайы бейнесінде көруі мүмкін, ал кім оны осы бейнеде көрген болса, оны шынымен көргені, әрі сонымен бірге өз төсегінде ұйықтап жатқан адам өзі көріп жатқан нәрсесінен алыста болып қала береді. Алайда, егер осы дүниенің өзінде осындай (құбылыс) мүмкін болса, онда не үшін ол арғы дүниеде мүмкін болмауы керек?!

1 – Мұндай күмәнді дәйектерді алға тартып, Құран мен Сүннетке қарсы шығуға жол

²⁰ Сондай-ақ Абу Са'ид әл-Худридің (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны туралы естігені туралы хабарланады: *«Түсінде мені көрген адам шындықты көреді, өйткені шайтан менің бейнемеде көріне алмайды»*. Ол сондай-ақ былай деген: *«Кім мені көрген болса, сол шындығында да мені көрді, өйткені шайтан менің бейнемеде қабылдай алмайды»*. Әл-Бухари және Муслим. Ол тағы да былай деді: *«Кім мені түсінде көрген болса, сол мені өңінде де көреді, әрі шайтан менің кейнімді қабылдай алмайды»*. Әл-Бухари және Муслим, Қз.: «Мухтасар «Сахих» әл-Бухари», 2084, 2085 хадистер.

берілмейді, өйткені оларды алға тартушы адам олар жайында жақсылап ойланатын болса, олардың орынсыз (күшсіз) екенін түсінеді. Бұл туралы ақын былай деп айтқан екен: «Түсініктерін дерт шалған бола тұра, хақ сөздерді мінейтіндер нендей көп екендігі гажап-ақ!»

2 – Адамның қайтыс болуынан кейін Қиямет Күніне дейінгі аралықтағы орын алатын нәрселер ғайып әлеміне жатады әрі түйсік арқылы танылуы мүмкін емес, олай болмаған жағдайда жасырын болған нәрселерге және ғайыпқа сенудің ешқандай мәні болмас еді, өйткені мұндай жағдайда ғайыпға иман келтіргендер мен ғайыпты жоққа шығаратындардың айырмашылығы болмас еді.

3 – Қабірдегі азап пен рахатқа, сондай-ақ оның көлеміне келер болсақ, мұның барлығы тек өлген адамның өзіне ғана белгілі болады. Мұны ұйықтап жатқан адамның жағдайымен салыстыруға болады, өйткені оған сырттай қарайтын болсаң, ол (түсінде) не көріп жатса да: әлдебір кең әрі әдемі (мекенді) ме, әлде тар әрі жансыз (орынды) ма -

оның сыртқы кейпі өзгермейді, өйткені қалай болған жағдайда да ол сол бөлмесінде және сол төсегінде қала береді. Мысалы, Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының арасында отырған кезінде уахи түскен жағдайлар болды. Осы орайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) уахи сөздерін еститін, ал сахабалар оларды естімейтін, әрі оның алдына періште келіп әлдебір нәрселер айтып тұрған болуы мүмкін еді, бірақ сахабалар бұл періштені көрмейтін және оның сөздерін естімейтін.

4 – Ақиқатында, адамдардың түсіну қабілеті Аллаһ Тағала оларға берген мүмкіндіктермен ғана шектелген, міне, сондықтан да олар бүкіл болмысты түсіне алмайды. Сонымен бірге жеті көк пен жер және оларды мекен етушілер, сондай-ақ қалғанының барлығы Аллаһты пәктеп-дәріптейді, бірақ Аллаһ Тағала бұл дәріптеулерді бізге жасырын болған күйінде қалдыра беріп, кейде Өзінің қалаған (құлдарына) ғана естулеріне

рұқсат береді. Әрі бұл туралы Аллаһ Тағала былай дейді:

تَسْبِيحٌ لَهُ السَّمَاوَاتُ وَالْأَرْضُ وَمَنْ فِيهِنَّ وَإِنْ مِنْ شَيْءٍ إِلَّا يُسَبِّحُ بِحَمْدِهِ وَلَكِنْ لَا تَفْقَهُونَ تَسْبِيحَهُمْ إِنَّهُ كَانَ حَلِيمًا غَفُورًا (٤٤)

«Жеті көк және жер, сондай-ақ ондағы болғандар Аллаһты пәктейді. Оны пәктеп, мақтамайтын еш нәрсе жоқ. Бірақ сендер олардың пәктеулерін түсіне алмайсыңдар. Шынында, Аллаһ өте Жұмсақ (Байсалды), аса Жарылқаушы» («әл-Исра» сүресі, 44-аят).

Тура осы нәрсе жер бетінде әртүрлі бағыттарда кезіп жүрген шайтандар мен жындарға да қатысты. Мысалы, жындардың Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оның (Құран) оқығанын естігені, ал содан кейін өзінің руластарына қайтқаны мәлім, бірақ сонымен бірге олар бізден алыстатылған, әрі бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

لَا يَفْتِنَنَّكُمُ الشَّيْطَانُ كَمَا أَخْرَجَ أَبَوَيْكُم مِّنَ الْجَنَّةِ يَنْزِعُ عَنْهُمَا لِبَاسَهُمَا لِيُرِيَهُمَا سَوَاتِهِمَا إِنَّهُ يَرَاكُمْ هُوَ وَقَبِيلُهُ مِنْ حَيْثُ لَا تَرَوْنَهُمْ إِنَّا جَعَلْنَا الشَّيَاطِينَ أَوْلِيَاءَ لِلَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ (٢٧)

«Әй, адам баласы! Шайтан ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, Жәннаттан шығарған сияқты, сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені ол және оның сыбайластары сендерді сендер оларды көрмейтін жерден көреді. Шайтандарды иман келтірмейтіндерге дос қылдық» («әл-Әғраф» сүресі, 27-аят).

Сөйтіп, егер адамдардың тұтас болмысты түсінуі мүмкін емес болса, онда ғайып әлеміне қатысты және өзінің дәлелдері бар нәрселерді де теріске шығаруының қажеті жоқ.

Автордың сөзі:

«...وَتُؤْمِنُ بِالْقَدَرِ خَيْرِهِ وَشَرِّهِ».

وَالدَّلِيلُ عَلَى هَذِهِ الْأَرْكَانِ السَّنَّةُ: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿لَيْسَ الْبِرَّ أَنْ تُولُوا وَجُوهَكُمْ قِبَلَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ وَلَكِنَّ الْبِرَّ مَنْ آمَنَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَالْمَلَائِكَةِ وَالْكِتَابِ وَالنَّبِيِّينَ﴾ [البقرة: 177].

ودليل القدر: قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّا كُلَّ شَيْءٍ خَلَقْنَاهُ بِقَدَرٍ﴾ [القمر: 49].

“...Және тағдырға, оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің.

Осы алты тірекке дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿لَيْسَ الْبِرَّ أَنْ تُوَلُّوا وُجُوهَكُمْ قِبَلَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ وَلَكِنَّ الْبِرَّ مَنْ آمَنَ بِاللَّهِ

«Игілік тек жүздеріңді ﴿وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَالْمَلَائِكَةِ وَالْكِتَابِ وَالنَّبِيِّينَ﴾
шығыс пен батысқа қаратуларыңда емес, бірақ (нағыз) игілік – кім Аллаһқа, Ақырет Күніне, періштелеріне, Кітапқа және пайғамбарларға иман келтірсе...» («әл-Бақара» сүресі, 177-аят).

Тағдырға (иман келтірудің) дәлелі – Аллаһтың (келесі) сөздері:

﴿إِنَّا كُلَّ شَيْءٍ خَلَقْنَاهُ بِقَدَرٍ﴾

«Расында, Біз әрбір нәрсені тағдырмен (өлшеумен) жараттық» («әл-Қамар» сүресі, 49-аят)”.

Шарх:

(«Тағдыр»). Тағдыр дегеніміз – Аллаһ Тағаланың бүкіл болмыстың тағдырын белгілеп қоюы, ол Оның түпкі Біліміне негізделеді әрі Оның Даналығымен үйлеседі.

Тағдырға иман келтіру өзіне төрт құрамдас бөлікті қамтиды:

БІРІНШІСІ (білім): Аллаһ Тағала о бастан мәңгілік сипатта бүкіл нәрсе туралы жалпы және егжей-тегжейлі білетін еді, әрі сөз Оның Өзінің істері туралы болады ма, әлде Оның құлдарының істері туралы ма – мұның айырмашалығы жоқ.

ЕКІНШІСІ (алдын ала жазып бекіту): Аллаһ мұны Ләуһул-Махфузға жазып қойғанына иман келтіру, әрі бұл екі нәрсе туралы Аллаһ былай деген:

﴿قُلْ إِنَّمَا أَعِظُكُمْ بِمَا نَسَىٰ عَن قَوْمِهِمُ الَّذِينَ يَدْعُونَ مِن دُونِ اللَّهِ قُلْ يَدْعُونَ لَهُمُ اسْمُهُمْ فَادْعُهُمْ إِنَّمَا يُجِيبُونَ لَهُم مِّن دُونِ اللَّهِ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يَدْعُ بِرُسُلِهِ فَادْعُوا لَهُمْ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يُحْيِي الْمَوْتَىٰ فادْعُوا لَهُمْ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يُحْيِي الْمَوْتَىٰ فادْعُوا لَهُمْ﴾

﴿قُلْ إِنَّمَا أَعِظُكُمْ بِمَا نَسَىٰ عَن قَوْمِهِمُ الَّذِينَ يَدْعُونَ مِن دُونِ اللَّهِ قُلْ يَدْعُونَ لَهُمُ اسْمُهُمْ فَادْعُهُمْ إِنَّمَا يُجِيبُونَ لَهُم مِّن دُونِ اللَّهِ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يَدْعُ بِرُسُلِهِ فَادْعُوا لَهُمْ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يُحْيِي الْمَوْتَىٰ فادْعُوا لَهُمْ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يُحْيِي الْمَوْتَىٰ فادْعُوا لَهُمْ﴾

﴿قُلْ إِنَّمَا أَعِظُكُمْ بِمَا نَسَىٰ عَن قَوْمِهِمُ الَّذِينَ يَدْعُونَ مِن دُونِ اللَّهِ قُلْ يَدْعُونَ لَهُمُ اسْمُهُمْ فَادْعُهُمْ إِنَّمَا يُجِيبُونَ لَهُم مِّن دُونِ اللَّهِ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يَدْعُ بِرُسُلِهِ فَادْعُوا لَهُمْ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يُحْيِي الْمَوْتَىٰ فادْعُوا لَهُمْ قُلْ إِنَّمَا اللَّهُ يُحْيِي الْمَوْتَىٰ فادْعُوا لَهُمْ﴾

«Аллаһтың жер мен көктегі нәрселерді білетінін білмейсің бе? Шәксіз, бұлар Кітапта жазулы. Күдіксіз, бұл Аллаһқа оңай» («әл-Хәжж» сүресі, 70-аят).

Ал хадистердің бірінде Абдуллаһ бин Амр бин әл-Ас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естідім: «Аллаһ бүкіл жаратылыстың тағдырын көктер мен жерді жаратудан елу мың жыл бұрын жазып қойды»* («Мухтасар «Сахих» Муслим», № 1862).

ҮШІНШІСІ (қалау): Аллаһтың Өзінің істері болсын, немесе адамдардың істері болсын – мұның барлығы тек Аллаһ Тағаланың қалауымен ғана орын алатынына иман келтіру. Өзінің іс-амалдарына қатысты Аллаһ Тағала былай деген:

وَرَبُّكَ يَخْلُقُ مَا يَشَاءُ وَيَخْتَارُ

«Раббың қалағанын жаратады және таңдайды...» («әл-Қасас» сүресі, 68-аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деген:

وَلَوْ شَاءَ اللَّهُ مَا فَعَلُوهُ قَدَرَهُمْ وَمَا يَفْتَرُونَ (۱۳۷)

«Егер Аллаһ қаласа еді, олар оны істемес еді. Енді оларды ойластырғандарымен бірге қойып қой» («әл-Әнғам» сүресі, 137-аят).

ТӨРТІНШІСІ (жарату): бүкіл жаратылыстардың өздері, сипаттары және іс-әрекеттері Аллаһ Тағала тарапынан жаратылғандығына иман келтіру, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

اللَّهُ خَالِقُ كُلِّ شَيْءٍ وَهُوَ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ وَكِيلٌ (۶۲)

«Аллаһ – әрбір заттың Жаратушысы. Ол әрбір заттың Қамқоршысы» («әз-Зүмәр» сүресі, 62 аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَخَلَقَ كُلَّ شَيْءٍ فَقَدَرَهُ تَقْدِيرًا (۲)

«Сондай-ақ Ол әрбір затты жаратып, оның өлшеуін белгіледі» («әл-Фурқан» сүресі, 2-аят).

Әрі Ол Аллаһтың пайғамбары Ибраһимнің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз руластарына былай деп айтқанын жеткізген:

«Ал Аллаһ сендерді де, сендердің істеп жатқан істеріңді де жаратты» («әс-Саффат» сүресі, 96-аят).

Алайда тағдырға біз оны сипаттағандай етіп иман келтіру «пенде (құл) өзінің таңдауы бойынша іс-әрекет жасауына, ерік-қалауға және сол іс-әрекеттерді жасау қабілетіне ие бола алатынына қайшы келмейді, өйткені бұл туралы бір жағынан Құран мен Сүннет, ал екінші жағынан – айналадағы шындық айғақ болады.

Егер біз Құранға жүгінсек, онда ерік-қалау туралы Аллаһ Тағала былай дегенін көреміз:

فَمَنْ شَاءَ اتَّخَذْ إِلَىٰ رَبِّهِ سَبِيلًا (۱۹)

«...Ал енді кім қаласа, Раббысының жолын ұстайды» («әл-Муззамил» сүресі, 19-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

نِسَاؤُكُمْ حَرْثٌ لَّكُمْ فَأَتُوا حَرْثَكُمْ أَنَّى شِئْتُمْ

«Әйелдерің егіндіктерің. Егіндіктеріңе қалай қаласаңдар, солай келіңдер» («әл-Бақара» сүресі, 223-аят).

Ал адамның мүмкіндік-шамасына келер болсақ, олар туралы Аллаһ былай деген:

فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ وَأَسْمَعُوا وَأَطِيعُوا

«Аллаһтан шамаларың жеткенше қорқыңдар, тыңдаңдар, мойынсұныңдар...» («әт-Тағабун» сүресі, 16-аят).

Ол тағы да былай деді:

لَا يَكْفُفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا لَهَا مَا كَسَبَتْ وَعَلَيْهَا مَا اكْتَسَبَتْ

«Аллаһ кісіге оның шамасы келмейтін нәрсені жүктемейді; істеген жақсылығы өз пайдасына да, жамандығы зиянына» («әл-Бақара» сүресі, 286-аят).

Ал айналадағы шындыққа келер болсақ, онда әрбір адамға өзінің әлдебір нәрсені істей алатын

немесе оны істемей қоятын ерік-қалауға және белгілі шама-мүмкіндіктерге ие екендігі мәлім. Осы орайда ол оның еркімен орын алып жатқан нәрселер мен (мысалы, жүру) оның еркіне тәуелді емес нәрселердің (мысалы, қалтыраудың) айырмашылығын түсінеді, алайда қалай болған жағдайда да пенденің (құлдың) ерік-қалауы да, оның шама-мүмкіндіктері де тек Аллаһ Тағаланың қалауымен және Оның Құдіретімен бар болуда, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

«وَمَا يَكْفُرُ الْإِنْسَانُ لِرَبِّهِ إِلَّا كَمَا كَفَرَ آبَاؤُهُ الْأُولَىٰ»

«Иной человек не отрицает своего Господа, как не отрицали его отцы первобытные»

«(Аллаһ)»

«Әрине, сендерден тура жолды қалаған кісілер үшін. Бірақ әлемдердің Раббысы Аллаһ қаламайынша, сендер мұны қаламайсыңдар» («әт-Такуир» сүресі, 28-29 аяттар).

Алайда тағдырға біз оны сипаттаған түрінде иман келтіру пенделерге олар осының негізінде өз

міндеттерін орындаудан бас тартулары үшін немесе күнә жасаулары үшін дәлел бола алмайды, ал пенденің мұндай дәйектерді алға тартуы төмендегідей себептермен негізсіз болып табылады:

1 – Аллаһ Тағала былай деген:

سَيَقُولُ الَّذِينَ أَشْرَكُوا لَوْ شَاءَ اللَّهُ مَا أَشْرَكْنَا وَلَا آبَاؤُنَا وَلَا حَرَمْنَا مِنْ شَيْءٍ كَذَلِكَ كَذَّبَ الَّذِينَ مِنْ قَبْلِهِمْ حَتَّى ذَاقُوا بَأْسَنَا قُلْ هَلْ عِنْدَكُمْ مِنْ عِلْمٍ فَتُخْرِجُوهُ لَنَا إِنْ تَتَّبِعُونَ إِلَّا الظَّنَّ وَإِنْ أَنْتُمْ إِلَّا تَخْرُصُونَ (١٤٨)

“Аллаһқа серік қосушылар: «Егер Аллаһ қаласа еді – біз де, аталарымыз да серік қоспас едік, әрі еш нәрсені харам етпес едік», - дейді. Осы сияқты бұлардан бұрынғылар да бейнетімді татқанға дейін (елшілерді) жасынға шығарған. (Мухаммад, оларға:) «Жандарыңда бізге қарсы шығара алатын білімдерің бар ма? Негізінде, сендер жорамалдарыңа ғана ілесесіңдер де, өтірік айтасыңдар», - де” («әл-Әнғам» сүресі, 148-аят).

Сөйтіп, егер тағдыр олар үшін ақталатын дәлел бола алғанда, онда Аллаһ оларды азапты жазаға тартпаған болар етіні анық.

2 – Аллаһ Тағала былай деген:

رُسُلًا مُّبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ لِئَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ بَعْدَ الرُّسُلِ
وَكَانَ اللَّهُ عَزِيزًا حَكِيمًا (۱۶۵)

«Елшілерді қуандырушы, қорқытушы етіп жібердік: елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін. Аллаһ – аса Үстем, аса Дана» («ән-Ниса» сүресі, 165-аят).

Сөйтіп, егер тағдыр мойынсұнбаушылар үшін ақталатын дәлел бола алғанда, онда ол адамдарға елшілердің жіберілуімен теріске шығарылмас еді, міне, сондықтан да адамдарға елшілер жіберілгеннен кейін, олар енді өздерінің мойынсұнбаушылығын Аллаһ Тағала тарапынан тағдырға жазылған деп айтпаулары керек.

3 – Бухари мен Муслим келтіретін және Али бин Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен жеткізілетін хадисте былай деп

хабарланады: “[Бірде] біз Бақи’ әл-Ғарқад [зиратында] жерлеуге қатысқан кезімізде, біздің жанымызға [қолына шағын таяқ ұстаған] Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақындап келді де, отырды, ал біз болсақ оны қоршап отырдық. Ол басын түсірді де, таяғымен жерді қаза бастады, ал [шамалы уақыттан соң]: «Сендердің араларыңда Аллаһ оған Жәннаттағы немесе Тозақтағы орнын жазып қоймаған әрі бақытты немесе бақытсыз екені де жазылып қойылмаған жан жоқ», - деді.

Бір кісі: «Уа Аллаһтың Елшісі, ендеше тағдырға жазылғанға өзімізді [тапсырып] қойып, амал жасамай-ақ қоймаймыз ба?»²¹, – деп сұрады. [Оған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)] былай деп (жауап берді): «Кім бақыттылардың қатарынан болса, сол бақыттылардың іс-амалдарымен айналысады, ал кім бақытсыздардың

²¹ Яғни егер барлық нәрсе тағдырға жазылған болса, онда игі амалдар істеудің мәні неде?

қатарынан болса, сол бақытсыздардың іс-амалдарымен айналысады. [Өздеріңе бұйырылғанды] істеңдер²², әрі сендердің әрбіріңе жеңілдетіледі: бақыттыларға келер болсақ, оларға бақыттылардың іс-амалдарын [істеу] жеңілдетіледі, ал бақытсыздарға келер болсақ, оларға бақытсыздардың іс-амалдарын [істеу] жеңілдетіледі».

Ал содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі аяттарды оқыды:

فَأَمَّا مَنْ أَعْطَى وَاتَّقَى (۵) وَصَدَّقَ بِالْحُسْنَى (۶) فَسَنُيَسِّرُهُ لِلْيُسْرَى (۷)

«Ал енді әлдекім (Аллаһ жолында) берсе және тақуалық жасаса, әрі ең жақсы нәрсені²³ дұрыс деп білсе, Біз оның ең оңай²⁴

²² Бұл дегеніміз – сендерге шарият бұйырған нәрселерді істеңдер де, харам нәрселерден аулақ болыңдар.

²³ Яғни «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген куәлікке иман келтірген және Аллаһтың осы куәлікке иман келтіріп игі амал жасағандарға уәде еткен сый-сауабын алатынына сенген болса.

²⁴ Сөз адамның жағдайының жалпы жеңілдетілуі туралы, сондай-ақ оған барлық игі істерді істеу және жаман істерден тыйылу мүмкіндігінің жеңілдетілуі туралы болуда, ал бұл, өз кезегінде, оны Жәннатқа алып келеді.

нәрсеге деген жолын оңайластырамыз» («әл-Ләйл» сүресі, 5-7 аяттар)».

4 – Расында, Аллаһ Тағала Өзінің пендесіне белгілі бір нәрселерді бұйырды және белгілі бір нәрселерді тыйым салды, әрі оған тек оның шамамүмкіндігі жететін нәрселерді ғана міндетті етті. Аллаһ Тағала былай деген:

فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ

«Аллаһтан шамаларың жеткенше қорқыңдар...» («әт-Тағабун» сүресі, 16-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

لَا يُكْفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا لَهَا مَا كَسَبَتْ وَعَلَيْهَا مَا اكْتَسَبَتْ

«Аллаһ кісіге оның шамасы келмейтін нәрсені жүктемейді; істеген жақсылығы өз пайдасына да, жамандығы зиянына» («әл-Бақара» сүресі, 286-аят).

Сөйтіп, егер пенде әлдебір іс-әрекеттерді жасауға (Аллаһтың тағдырымен) мәжбүрленетін болғанда, онда оның мойнына ол құтыла алмайтын (яғни қаласа да, қаламаса да істеуге

мәжбүрлі) нәрселер жүктелген болар еді, алайда бұл дұрыс емес, міне, сондықтан да егер ол білместікпен, ұмытшақтықпен немесе мәжбүрленген күйде күнә жасаса, онда бұл үшін жауапкершілікке тартылмайды, өйткені оның ақталуы бар.

5 – Ақиқатында, Аллаһ Тағаланың тағдыры сол тағдырға жазылған нәрсе орын алмайынша ол туралы ешкім білмейтін ғайып құпия болып табылады. Пенденің әлдебір нәрсені жасауға деген ерік-қалауы оның іс-әрекетінен бұрын туындайды, әрі осы орайда оның ерік-қалауы Аллаһтың тағдыры туралы білімге негізделмейді, ал бұл (өз кезегінде) пенде тарапынан ықтимал болған оның тағдырға сілтеме жасауын алдын ала теріске шығарады, өйткені адам өзіне беймәлім нәрсені дәлел ретінде алға тарта алмайды.

6 – Расында, біз адамның өз мақсатына қол жеткізгеніне дейін өзінің (мүддесіне) сәйкес келетін дүниелік істерге ұмтылатынын, әрі өзінің іс-әрекеттерін тағдырмен дәйектеп, (мүддесіне) сәйкес келмейтін істерге жүгініп, бұдан бас тартпайтынын көреміз. Ендеше, не үшін адамдар

діни істерінде өздеріне пайдалы болған нәрселерден бас тартып, өздеріне зиян тигізетін нәрселерге қарай ауады да, ал содан соң (осынысына) тағдырды сылтау етеді екен? Бұл екі жағдай бір-біріне ұқсас емес пе?!

Бұл ойды түсіндіріп бере алатын мысал келтірейік. Егер адамның алдынан екі жол шықса, әрі оның бірі бетімен кетушілік, адам өлтірулер, тонау, зорлау, үрей мен аштық белең алған елге, ал екіншісі тәртіп пен қауіпсіздік орныққан және ол онда өз өміріне, ар-намысына және мал-мүлкіне қауіптенбей, кедейшіліксіз өмір сүре алатын елге алып баратын (жол) болса, ол қай жолмен жүреді?

Әрине, ол өзі үшін тәртіп пен қауіпсіздік орныққан елге алып баратын екінші жолды таңдайды, өйткені бірде-бір есі дұрыс адам осы орайда тағдырды сылтауратып бетімен кетушілік пен қорқыныш (билеген) елге алып баратын жолымен жүрмейді, ендеше, не үшін іс арғы дүниеге қатысты болғанда, адамдар Жәннатқа емес, Тозаққа алып баратын жолды таңдайды да, өзінің таңдауын тағдырмен дәйектейді?!

Өзге мысал келтіруге де болады. Біз науқас адамға дәрі жазылса, ол, нәпсісі оған қарсы болса да, оны қабылдайтынын, ал егер оған зиян тигізетін әлдебір нәрсені жеуге тыйым салынса, ол одан нәпсісінің қалауына қарамастан бас тартатынын білеміз. Науқас мұны емделу және сау-саламат болу үшін істейді, әрі ол тағдырды сылтауратып дәрі қабылдаудан бас тартып, өзіне зиян тигізетін нәрсені жей бермейді ғой. Ал, ендеше, не үшін адам Аллаһтың және Оның Елшісінің бұйрықтарын орындамайды немесе Аллаһ және Оның Елшісі тыйым салған нәрселерді істейді де, содан соң тағдырды сылтауратады?!

7 – Расында, егер парыздарды орындамауына немесе күнә жасауына тағдырды сылтаурататын адамға басқа бір адам тап беріп, оның ақшасын тартып алса, немесе оның намысын қорласа, ал содан соң тағдырды сылтауратып: «Мені жазғырма, өйткені менің іс-әрекеттерімді Аллаһ тағдырға жазып қойды ғой», - десе, жәбірленуші, әрине, мұндай ақталуды қабылдамайды. Бірақ не

үшін ол өзіне біреу шабуыл жасағанда тағдырды сылтауратуды қабылдамайды да, өзі осы орайда Аллаһтың құқықтарын бұзған кезде осындай дәйектерді қолдануға жүгінеді?!

Мүминдердің әмірі Умар ибн әл-Хаттабқа (Аллаһ оған разы болсын) қолы шабылуға лайықты ұрыны алып келгендігі жайында хабарланады. Ол оның қолын шабу туралы бұйрық бергенде, әлгі (ұры): «Асықпа, уа, мүминдердің әмірі, өйткені мен мұны Аллаһтың тағдырымен (жазмышымен) ұрладым», - деген екен. Бұған Умар (Аллаһ оған разы болсын): *«Расында, біз де сенің қолыңды Аллаһтың тағдырына сәйкес шауып тастаймыз!»* - деп жауап беріпті.

Тағдырға иман келтіру көптеген маңызды пайдалар келтіреді:

1 – Тағдырға иман келтірген адам түрлі себептердің ықпалдарының салдарына қатысты, осы себептерге емес, Аллаһқа тәуекел етеді, өйткені барлық нәрсені Аллаһ Тағала тағдырға жазған.

2 – Тағдырға иман келтірген адам көздеген мақсат-мүддесіне қол жеткізгенде өзіне-өзі сүйсінбейді, өйткені (оның) осыған қол жеткізуі осы нәрсенің жақсылық пен жетістіктің себебі болуын тағдырға жазып бекіттіп қойған Аллаһтың нығметі болып табылады, ал өз-өзіне сүйсіну болса адамға осы берілген нығмет үшін шүкір етуді ұмыттырады.

3 – Адам жүрегінің тыныш болуы әрі (сол тыныштықтың) Аллаһ Тағала тағдырға жазған нәрсе орын алған кезде де бұзылмауы. Тағдырға иман келтірген адам қолынан аңсаған нәрсесі тайған немесе өзіне ұнамсыз әлдебір нәрсе орын алған кезде толғанбайды, өйткені мұның барлығы көктер мен жердің билігі Өзінде ғана болған Аллаһтың тағдырға жазғанымен орын алады, ал адам өзінің бағынышты жағдайының себебінен бұдан қашып құтыла алмайды. Әрі бұл туралы Аллаһ Тағала былай дейді:

مَا أَصَابَ مِنْ مُصِيبَةٍ فِي الْأَرْضِ وَلَا فِي أَنْفُسِكُمْ إِلَّا فِي كِتَابٍ مِنْ قَبْلِ أَنْ نَبْرَأَهَا إِنَّ ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ (۲۲) لِكَيْلَا تَأْسَوْا عَلَىٰ مَا فَاتَكُمْ وَلَا تَفْرَحُوا بِمَا آتَاكُمْ وَاللَّهُ لَا يُحِبُّ كُلَّ مُخْتَالٍ فَخُورٍ (۲۳)

«Жер жүзіне сондай-ақ сендерге мұбада бір бейнет келетін болса, ол жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы. Шәксіз, бұл Аллаһқа жеңіл. Бұл өткенге өкінбеулерің, өздеріңе берілгенге сүйсінбеулерің үшін. Аллаһ бүкіл тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді» («әл-Хадид» сүресі, 22-23 аяттар).

Сухайбтың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Мүминнің жағдайы нендей жажап! Расында, оның жағдайындағы бүкіл нәрсе ол үшін игілік болып табылады, әрі бұл мүминнен басқа ешкімге [берілмеген]. [Мүмин әлдебір нәрсеге] қуанса, [Аллаһқа] шүкіршілік білдіреді де, бұл ол үшін игілікке айналады, ал егер оған қайғы-қасірет келіп тисе, ол сабыр етеді, әрі бұл [да] ол үшін игілікке айналады!»* («Мухтасар «Сахих» Муслим», имам әл-Мунзири, №2113 хадис).

Тағдырға қатысты мәселеде екі топ адасушылыққа түсті.

Олардың біріншісін «пенде өз іс-әрекеттеріне мәжбүрленген, әрі ол оларды істеу қабілетіне де, өзіндік ерікке де ие емес» деп санайтын жәбарилер құрайды.

Екінші топқа «пенде өзінің іс-әрекеттерінде толық еркіндікке және өз іс-әрекеттерін жасау мүмкіндігіне ие, әрі осы орайда Аллаһ Тағаланың еркі мен құдіретінің бұған ешқандай қатысы жоқ» деп санайтын қадарилер жататын.

Жәбарилердің көзқарастары шарифат тарапынан да, шынайы болмыстың фактілерімен де теріске шығарылады.

Егер шарифатқа қарасақ, Аллаһ Тағала пенденің өз еркіне, қалауына және іс-әрекет жасау қабілетіне ие екенін растайды, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

مِنْكُمْ مَنْ يُرِيدُ الدُّنْيَا وَمِنْكُمْ مَنْ يُرِيدُ الْآخِرَةَ

құлдарына зұлымдық істеуші емес»
(«Фуссыләт» сүресі, 46-аят).

Ал енді шындық болмыстың фактілеріне келер болсақ, онда әрбір адам жеп-ішіп, әлдебір нәрсені сатып, не сатып алу кезіндегі өз еркімен істейтін амалдар мен оның еркінсіз орын алатын, мысалы, безгектен дірілдеу немесе тамның төбесінен құлау сияқты нәрселердің арасындағы айырмашылық туралы біледі. Бірінші жағдайда ол әлдебір істі өзінің еркімен істейді, ал екіншісінде болса, ол таңдау құқығына ие емес, әрі мұны істеуді қаламайды.

Қадарилердің көзқарастары да шарифатпен де, шындық болмыстың фактілерімен де теріске шығарылады.

Егер шарифатқа жүгінер болсақ, онда Аллаһ Тағала барлық нәрсенің жаратушысы екеніне әрі сондықтан да бүкіл болмыс Оның қалауымен пайда болатынына нұсқауға болады. Өзінің Кітабында Аллаһ Тағала пенделерінің іс-

әрекеттері Оның қалауымен орындалатынын түсіндіріп, былай деді:

وَلَوْ شَاءَ اللَّهُ مَا أَفْتَلْنَا الَّذِينَ مِنْ بَعْدِهِمْ مِنْ بَعْدِ مَا جَاءَتْهُمْ الْبَيِّنَاتُ
وَلَكِنْ اخْتَلَفُوا فَمِنْهُمْ مَنْ آمَنَ وَمِنْهُمْ مَنْ كَفَرَ وَلَوْ شَاءَ اللَّهُ مَا افْتَتَلُوا وَلَكِنَّ
اللَّهَ يَفْعَلُ مَا يُرِيدُ (٢٥٣)

«Егер Аллаһ қаласа, олардың ізінен ілескен ұрпақтар өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін бір-бірімен соғыспас еді. Бірақ олар қайшылыққа түсті. Сонда олардың кейі иман келтірді де, кейі қарсы шықты. Егер Аллаһ қаласа, олар бір-бірімен соғыспас еді. Бірақ Аллаһ қалағаның істейді» («әл-Бақара» сүресі, 253-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

وَلَوْ شِئْنَا لَآتَيْنَا كُلَّ نَفْسٍ هُدَاهَا وَلَكِنْ حَقَّ الْقَوْلُ مِنِّي لَأَمْلَأَنَّ جَهَنَّمَ مِنَ
الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ أَجْمَعِينَ (١٣)

“Егер қаласақ еді, әркімді тура жолға салар едік. Бірақ Менің: «Тозақты бүтіндей жындар және адамдармен толтырамын», - деген сөзім орындалады!” («әс-Сәжда» сүресі, 13-аят).

Ал егер ақыл-ой дәлелдеріне келер болсақ, онда бүкіл Ғалам Аллаһ Тағалағаның билігінде екеніне, бірақ адам Ғаламның бір бөлшегі болғандықтан, ол да аса Құдіретті және Ұлы (Аллаһтың) билігінде екеніне, ал кімнің үстінен билік жүрсе, сол Билеушінің мүлкін Оның рұқсатынсыз және қалауынсыз басқара алмайтынына нұсқауға болады.

Автордың сөзі:

الْمَرْثَبَةُ الثَّالِثَةُ: الْإِحْسَانُ

أركانہ: وله رُكْنٌ وَاحِدٌ. كما في الحديث: (أَنَّ تَعْبَدَ اللَّهِ كَأَنَّكَ تَرَاهُ، فَإِنْ لَمْ تَكُنْ تَرَاهُ فَإِنَّهُ يَرَاكَ). وَالِدَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّ اللَّهَ مَعَ الَّذِينَ اتَّقَوْا وَالَّذِينَ هُمْ مُحْسِنُونَ﴾ [النحل: 128]. وَقَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَتَوَكَّلْ عَلَى الْعَزِيزِ الرَّحِيمِ * الَّذِي يَرَاكَ حِينَ تَقُومُ * وَتَقَلُّبِكَ فِي السَّاجِدِينَ * إِنَّهُ هُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ﴾ [الشعراء: 217 . 220]. وَقَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَمَا تَكُونُ فِي شَأْنٍ وَمَا تَتْلُو مِنْهُ مِنْ قُرْآنٍ وَلَا تَعْمَلُونَ مِنْ عَمَلٍ إِلَّا كُنَّا عَلَيْكُمْ شُهُودًا إِذْ تُفِيضُونَ فِيهِ﴾ [يونس: 61].

«Үшінші дәреже: Ихсан.

Оның тірегі біреу: Аллаһқа, Оны көріп тұрғандай құлшылық ету. Сен Оны көре алмасаң (да), Аллаһ сені көріп тұр деген оймен

құлшылық ету. Оған дәлел –Аллаһтың келесі сөздері:

﴿إِنَّ اللَّهَ مَعَ الَّذِينَ اتَّقَوْا وَالَّذِينَ هُمْ مُحْسِنُونَ﴾ [النحل: 128]

«Расында, Аллаһ тақуалармен және ихсан (жақсылық) жасаушылармен бірге» («ән-Нәхл» сүресі, 128-аят).

Сондай-ақ мына аят та:

﴿وَقَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَتَوَكَّلْ عَلَى الْعَزِيزِ الرَّحِيمِ * الَّذِي يَرَاكَ حِينَ تَقُومُ * وَتَقَلِّبُكَ فِي السَّاجِدِينَ * إِنَّهُ هُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ﴾ [الشعراء: 217 . 220].

«Өте Үстем, ерекше Рахымды (Аллаһқа) тәуекел ет! Ол сені (намазда) тік тұрып тұрғаныңда көреді және сәжде етушілердің арасында жасаған қимылдарыңды да (көреді). Ақиқатында, Ол – (барлық нәрсені) Естуші, Білуші» («әш-Шуғара» сүресі, 217-220 аяттар).

Мына аят та:

﴿وَمَا تَكُونُ فِي شَأْنٍ وَمَا تَتْلُو مِنْهُ مِنْ قُرْآنٍ وَلَا تَعْمَلُونَ مِنْ عَمَلٍ إِلَّا كُنَّا عَلَيْكُمْ شُهُودًا إِذْ تُفِيضُونَ فِيهِ﴾ [يونس: 61].

«Қандай жағдайда болсаң да, Құраннан нені оқысаң да және қандай амал істесеңдер

де, оған кіріскендеріңде сендердің үстілеріңнен Куәгерміз» («Юнус» сүресі, 61-аят).

Шарх:

(Ихсан).²⁵ Ихсан (жақсылық жасау) дегеніміз – зиян тигізудің (иса’а) қарама-қайшысы. Ихсанның мән-мағынасы адамның құтталатын (игі) амалдар жасауда күшін аямауында және өзгелерге зиян тигізуден тыйылуында. Бұл оның өз мал-мүлкін, жағдай-мәртебесін, білімін және денесін пайдаланып, Аллаһтың құлдарына жақсылық жасауы керек дегенді білдіреді.

Мал-мүлікке келер болсақ, онда бұл жерде адамның садақа мен зекетке жұмсайтыны меңзелуде. Осы орайда материалдық шығындар арқылы жасалатын ихсанның ең жақсы түрі зекет

²⁵ «Жақсылық істеу» Құран мен Сүннетте жиі кездесетін «ихсан» діни терминінің сөзбе-сөз аудармасы болып табылады, және ол мұсылман адамның тарапынан өзінің діни міндеттерін орындауда көрінісін табатын әрі көзбояушы діншілдікке (рияға) қарама-қарсы келетін ықыластылық ретінде түсіндіріледі.

болып табылады. Өйткені зекет Исламның рүкіндерінің қатарына жатады, әрі сондықтан да адамның Исламы зекет төлеуінсіз толыққанды болмайды. Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ үшін зекет ең жақсы шығын болып табылады, ал зекеттен кейін адамның өз әйеліне, анасына, әкесіне, балаларына, бауырларына, немере бауырларына, әпке-қарындастарына, әкешешесінің іні-ағалары мен әпке-қарындастарына т.с.с. жұмсауға тиісті болған нәрселер ұласады. Осыдан соң кедейлер мен басқа да көмекке лайықты адамдарға, мысалы білім талап етушілерге, садақа беру ілеседі.

Ал өз жағдай-мәртебесін пайдалану арқылы игі амалдар жасауға келер болсақ, онда адамдар әртүрлі жағдайда болатыны, әрі олардың арасында билеушілердің алдында ықпалға ие екенін және әлдебіреу билік иесі алдында ара түсуді сұрайтын жағдайларда өзінің ықпалын пайдалана алатындары бар екенін ұмытпаған жөн. Бұл (мысалы, оның әлдебір) зиянды

тойтаруында немесе (сол ара түсуді өтінген) адамға жақсылық істеуінде көрініс табуы мүмкін.

Ал егер білім туралы айтар болсақ, онда адам оның көмегімен жалпы және жеке мәжіліс-кездесулерде Аллаһтың құлдарына насихат айтып, оларға ихсан жасауы мүмкін, тіпті сөз біршыны кофе үстіндегі кездесу туралы болса да. Адамдарға білім беру және оларға насихат айту ихсан болып табылады. Егер сен көпшіліктің кездесуінде болсаң, онда оларды қандай да бір пайдалы нәрсеге үйреткенің игілік болады, бірақ осы орайда сен оларға насихат жасағаныңда және олармен сөйлескеніңде мұны даналықпен істеуің керек, әрі оларға қатты ауыртпалық салмауың керек, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға құтпа жасағаныңда көпсөзділіктен қашатын, өйткені (адамдардың) нәпсілеріне жалығу мен шаршауды сезіну тән, ал олар жалығуды сезіне бастаса – әлсірейді, әрі бұл (өз кезегінде) сөйлеушінің көпсөзділігінің себебінен адамдардың игілікке деген жеккөрушілік сезініп қалуына алып келуі мүмкін.

Ал енді адамдарға денемен жақсылық (ихсан) жасауға келер болсақ, бұл туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

«Күнде күн шығып жатқанда адамдардың (денесінде қаниша) буын болса, сонша рет садақа беруі керек: (егер) сен екеудің арасын әділдікпен аралашасаң – садақа, әрі (егер) сен адамды оның мініс жануарына мінгізіп жіберіп, оны онымен алып жүрсең немесе (жануарға) оның жүгін жүктесең – садақа, әрі игі сөз де – садақа, әрі (мешітке) намазға бара жатқаныңдағы әрбір қадамың да – садақа, жолдан адамдарға зиян тигізетін затты алып тастасаң да – садақа» (әл-Бухари мен Муслим. Қз.: ән-Нәуауи «Риядус-салихин», №122 хадис).

Сөйтіп, сен адамын жүгін жүктесіп, немесе оған жолды нұсқап, немесе осыған ұқсас қандай да бір іс жасап, оған көмектесе аласың, әрі мұның барлығы Аллаһтың құлдарына деген ихсан болады.

Ал егер Аллаһқа құлшылық етудегі ихсанға келер болсақ, онда оның мәні – бұл туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқанындай, сенің Аллаһқа Оны көріп тұрғаныңдай құлшылық етуінде. Мұндай құлшылық, яғни адамның (өз) Раббысына ол Оны көріп тұрғандай құлшылық етуі ынтықтық пен ықылас құлшылығы болып табылады, әрі оған адамды ішкі ынтасы алып келеді, өйткені мұны ол сүйетін (Аллаһ) қалайды, ал адам Оған Оны көріп тұрғандай етіп құлшылық етеді, әрі сондықтан да ол Оған ұмтылады, Оған жүгінеді және Оған жақындағысы келеді, Оған мадақтар болсын.

«(Ал) сен Оны көре алмасаң (да), Аллаһ сені көріп тұр деген оймен құлшылық ету». Мұндай құлшылықты қашу мен қорқу құлшылығы деп атауға болады, әрі сондықтан да ихсанның бұл сатысы екінші болып табылады. Яғни, егер сен аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһқа Оны көріп тұрғаныңдай және ішкі ынтаңның ықпалымен Оған ұмтылып жатқаныңдай құлшылық ете алмасаң, онда Оған Ол сені көріп тұрғанын есінде

сақтаған күйде құлшылық ет. Бұл Одан қорқушы және Оның азабы мен жазалауынан қашушы адамның құлшылығы болады, ал бұл құлшылықтың бірінші түрінен төменірек саты болып табылады.

Пәк Аллаһ Тағалаға құлшылық ету туралы Ибн әл-Кайим (Аллаһ оны рахым етсін) мынандай өте жақсы сөздер айтқан: *«Аса Мейірімдіге құлшылық ету – бұл құлшылық етушінің Оған деген мойынсұнуымен үйлесетін Оған деген ерекше күшті махаббаті, әрі бұлар осы құлшылықтың екі тірегі болып табылады».*

Сонымен, құлшылықтың негізінде ерекше күшті махаббат және ерекше дәрежедегі мойынсұну жатыр. Махаббат өзімен ұмтылуды меңзейді, ал мойынсұну қорқу мен қашуды талап етеді, әрі бұлар аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһқа құлшылық етудегі ықыластылыққа нұсқайды.

Егер адам Аллаһқа осылайша құлшылық етсе, онда ол аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа ықыластылық танытады, әрі оның құлшылығында

екішізүзділікпен ортақ еш нәрсе жоқ, өйткені оның мақсаты жақсы атақ пен адамдардың мақтауына қол жеткізу емес деп айтуға болады. Мұндай адамды өзгелердің бұл туралы (яғни оның құлшылығы туралы – ауд.) білетіні не білмейтіні қызықтырмайды, өйткені қалай болғанда да ол өзінің құлшылығында ықыласты болып қала береді. Бұдан қалса, кемел ықыластың белгісі адамның өз Раббысына жасаған құлшылығын өзгелердің көрмеуін және ол құпия болып қала беруін қалауы болып табылады, тек егер мұны жария ету мұсылмандар мен Исламға пайда келтірмесе ғана, мысалы егер кісінде одан өнеге алатын ісбасарлары болса, (немесе) ол өзгелерге қалай құлшылық жасау керек екенін көрсеткісі келсе, немесе ол әріптестеріне, жолдастарына және достарына өнеге көрсетіп, өзінің құлшылығын айқын еткісі келсе, өйткені мұндай жағдайда бұда игілік болады. Мұндай құлшылық етуден келетін пайда құпия құлшылық етудің пайдасынан көбірек болуы мүмкін, әрі осыған байланысты аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ өздерінің ақшаларын (Оның жолына) жасырын

және жария жұмсайтындарға мақтау айтады. Сондықтан да құлшылықтың құпия түрі жүрекке көбірек пайда тигізсе әрі мойынсұнушылыққа қол жеткізуге және Аллаһқа жүгінуге көбірек ықпал етсе, онда құпия құлшылық ет. Ал егер құлшылықтың ашық жасалуы Исламға пайда тигізсе, өйткені адамдарға оның заң-ережелерін ашып көрсетсе, және белгілі бір үлгімен амал ететін адамнан өнеге алатын мұсылмандарға пайда келтірсе, онда Аллаһқа ашық құлшылық ет.

Мүмин адам қай нәрсе қолайлы болатынына назар бұруы керек, оның құлшылығы қаншама пайда келтірсе, соншама жақсы.

Автордың сөзі:

وَالدَّلِيلُ مِنَ السُّنَّةِ: حَدِيثُ جَبْرِيلَ الْمَشْهُورُ: عَنْ عُمَرَ بْنِ الْخَطَّابِ. رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ. قَالَ: بَيْنَمَا نَحْنُ جُلُوسٌ عِنْدَ النَّبِيِّ. صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ. إِذْ طَلَعَ عَلَيْنَا رَجُلٌ، شَدِيدُ بَيَاضِ الثِّيَابِ، شَدِيدُ سَوَادِ الشَّعْرِ، لَا يُرَى عَلَيْهِ أَثَرُ السَّفَرِ، وَلَا يَعْرِفُهُ مِنَّا أَحَدٌ، فَجَلَسَ إِلَى النَّبِيِّ. صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ. فَأَسْنَدَ رُكْبَتَيْهِ إِلَى رُكْبَتَيْهِ، وَوَضَعَ كَفَّيْهِ عَلَى فَحْدَيْهِ، وَقَالَ: يَا مُحَمَّدُ أَخْبِرْنِي عَنِ الْإِسْلَامِ فَقَالَ: (أَنْ تَشْهَدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ، وَتُقِيمَ الصَّلَاةَ، وَتُؤْتِيَ الزَّكَاةَ، وَتَصُومَ رَمَضَانَ، وَتُحِجَّ الْبَيْتَ إِنْ اسْتَطَعْتَ إِلَيْهِ سَبِيلًا). قَالَ: صَدَقْتَ. فَعَجَبْنَا لَهُ يَسْأَلُهُ وَيُصَدِّقُهُ. قَالَ: أَخْبِرْنِي عَنِ الْإِيمَانِ. قَالَ: (أَنْ تُؤْمِنَ بِاللَّهِ،

وَمَلَأْتِكِيهِ، وَكُتِبَهِ، وَرُسِلَهِ، وَالْيَوْمَ الْآخِرِ، وَتُؤْمِنَ بِالْقَدَرِ خَيْرِهِ وَشَرِّهِ). قَالَ: صَدَقْتَ. قَالَ:
 أَخْبِرْنِي عَنِ الْإِحْسَانِ. قَالَ: (أَنْ تَعْبُدَ اللَّهَ كَأَنَّكَ تَرَاهُ، فَإِنْ لَمْ تَكُنْ تَرَاهُ فَإِنَّهُ يَرَاكَ).
 قَالَ: أَخْبِرْنِي عَنِ السَّاعَةِ. قَالَ: (مَا الْمَسْئُولُ عَنْهَا بِأَعْلَمَ مِنَ السَّائِلِ). قَالَ: فَأَخْبِرْنِي
 عَنْ أَمَارَاتِهَا. قَالَ: (أَنْ تَلِدَ الْأُمَةُ رَبَّتَهَا، وَأَنْ تَرَى الْخِفَاءَةَ الْعُرَاءَ الْعَالَةَ رِعَاءَ الشَّيْءِ يَتَطَاوَلُونَ
 فِي الْبُنْيَانِ). قَالَ: فَمَضَى، فَلَبِثْنَا مَلِيًّا، فَقَالَ: (يَا عُمَرُ أَتَدْرُونَ مِنَ السَّائِلِ؟). قُلْنَا: اللَّهُ
 وَرَسُولُهُ أَعْلَمُ، قَالَ: (هَذَا جِبْرِيلُ أَتَاكُمْ يُعَلِّمُكُمْ أَمْرَ دِينِكُمْ).

«Бұған Сүннеттен дәлел – Жәбірейілдің
 белгілі хадісі.

Умар (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндаған: “Бірде біз Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге отырған кезімізде, киімдері аппақ, шаштары қап-қара бір кісі кіріп келді. Оның сырт келбетінен сапар іздері байқалмады, бірақ арамыздан ешкім оны танымады. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдына жақындап келіп, тізесін оның тізесіне тигізіп, екі алақанын сандарына қойып, оған бетпе-бет отырды. Сосын: «Уа, Мухаммад, маған Ислам туралы айтып бер», - деді. (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) былай деді: «Бұл – сенің Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай

жоқ екеніне және Мухаммад – Оның елшісі екеніне куәлік беруің, намазды орындауың, зекет беруің, рамазан айында ораза ұстауың және шамаң келсе (Қазбаға) қажылық жасауың». Ол: «Рас айттың!», - деді. Біз оның өзі сұрап, өзі растап жатқанына таң қалдық. Кейін ол: «Маған Иман туралы айтып бер», - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Ол – сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне, Ақырет Күніне және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына - иман келтіруің», - деп жауап берді. Ол: «Рас айттың!» - деді. Содан соң ол: «Маған Ихсан туралы айтып бер!», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Бұл – сенің Аллаһқа оны көріп тұрғаныңдай құлшылық етуің. Ал сен Оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұр деген оймен құлшылық етуің», - деді. Ол кісі: «Маған Қиямет туралы айтып бер», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Сұралушы сұраушыдан артық білмейді», - деп жауап берді. Сонда (әлгі кісі): «Онда маған оның белгілерін атап бер», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын): «Күң, өзінің ханшайымын туатынын; жалаңаяқ, жалаңаш кедей қойшылардың биік ғимараттар көтеруде бірібірімен жарысатынын көресің», - деді.

Содан соң әлгі кісі шығып кетті, ал біз сол жерде біраз уақыт қалдық. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) менен: «Уа, Умар, сұраушының кім екенін білесің бе?», - деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап бердім. Сонда ол: «Бұл – Жәбірейіл, діндеріңді үйрету үшін келді», - деді” (Муслим «Сахих», №8 хадис).

(«Хадисі»). Жоғарыда біз бұл хадистің басым бөлігіне түсіндірме беріп кеткен болатынбыз.

الأَصْلُ الثَّالِثُ

(ҮШІНШІ НЕГІЗ)

مَعْرِفَةُ نَبِيِّكُمْ مُحَمَّدٍ - صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

МУХАММАД ПАЙҒАМБАРДЫ (ОҒАН АЛЛАҒТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ТАНУ

Автордың сөзі:

وَهُوَ مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ بْنِ هَاشِمٍ، وَهَاشِمٌ مِنْ قُرَيْشٍ، وَقُرَيْشٌ
مِنَ الْعَرَبِ، وَالْعَرَبُ مِنْ ذُرِّيَّةِ إِسْمَاعِيلَ بْنِ إِبْرَاهِيمَ الْخَلِيلِ عَلَيْهِ وَعَلَيْهِ سَلَامٌ وَنَبِيَّنَا أَفْضَلُ الصَّلَاةِ
وَالسَّلَامِ، وَلَهُ مِنَ الْعُمُرِ ثَلَاثٌ وَسِتُّونَ سَنَةً، مِنْهَا أَرْبَعُونَ قَبْلَ النَّبُوَّةِ، وَثَلَاثٌ وَعِشْرُونَ فِي
النَّبُوَّةِ. نُبِّئَ بِ﴿أَقْرَأَ﴾، وَأُرْسِلَ بِ﴿الْمُدَنَّى﴾، وَبَلَدُهُ مَكَّةُ.

«Ол – Мухаммад ибн `Абдуллаһ ибн `Абдул-Мутталиб ибн Һашим. Һашим – құрайш тайпасынан, ал құрайш – араб тайпаларының бірі. Арабтар – Исмаилдің ұрпағы, ал Исмаилдің әкесі – Аллаһтың сүйіктісі Ибраһим (оған және Пайғамбарымызға Аллаһтың ең ұлы және ең жақсы игілігі мен сәлемі болсын). Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алпыс үш жыл өмір сүрді: пайғамбарлықтан алдын қырық жыл, ал Пайғамбар және Елші болып жиырма үш жыл. «Әл-Аләқ» сүресінің алғашқы аяттарының түсуімен ол пайғамбар (нәби) болды. «Әл-

Муддассир» сүресінің алғашқы аяттарының түсуімен ол елші (расул) болды. Туылған жері – Мекке».

Шарх:

Яғни мұсылман адам танып-білуге тиісті болған негіздердің үшіншісі, басқаша айтқанда, сөз пенденің Раббысын, дінін және Пайғамбарын тануы.

Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) танып-білуге қатысты айтар болсақ, ол бес құрамдас бөліктерден тұрады:

БІРІНШІСІ: оның шежіресі туралы білім алу арқылы оны тану. Өзінің шежіресі бойынша ол хашими, қурайши және араб болып табылып, ең асыл текті адамдардың қатарына жатады. Ол – Мухаммад бин Абдуллаһ бин Абд әл-Мутталиб бин Хашим және әрі қарай, бұны шейх (оны Аллаһ рахым етсін) атап айтқандай.

ЕКІНШІСІ: ол қанша жыл өмір сүргендігін, қай жерде туылғандығын және қай жерге қоныс аударғандығын білу. Міне, осыны шейх:

«Мухаммад (оған Алаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алпыс үш жыл өмір сүрді.. Ол Меккеде туылды, ал кейіннен Мәдинаға қоныс аударды», - деп түсіндіріп береді. Сөйтіп, ол Меккеде туылып, онда елу үш жыл өмір сүрді де, содан соң Мәдинаға көшті және осы қалада он бір жыл бойы өмір сүріп, хижраның 11 жылының (б.з. 632 ж.) рабиул-әууал айында қайтыс болды.

ҮШІНШІСІ: ол пайғамбарлық міндетін атқарған кезеңдегі оның өмірін танып-білу. Ол алпыс үш жыл өмір сүрді, алғашқы уахиді қырық жасында алды. Бұл туралы ақындардың бірі былай деген екен:

*«Жасы қырыққа толғанда, рамазанда
оның пайғамбарлығының күні жарқырап
шықты».*

ТӨРТІНШІСІ: Ол не үшін пайғамбар және елші болғандығын білу. Ол өзіне Аллаһ Тағаланың:

اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ (۱) خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ (۲) اقْرَأْ وَرَبُّكَ
الْأَكْرَمُ (۳) الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ (۴) عَلَّمَ الْإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ (۵)

«Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың Аса Ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен» («әл-‘Аләқ» сүресі, 1-5 аяттар), - деген аяттарының түсуімен пайғамбар болды.

Ал оған Аллаһ Тағаланың:

يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ (۱) قُمْ فَأَنْذِرْ (۲) وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ (۳) وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ
(۴) وَالرُّجْزَ فَاهْجُرْ (۵) وَلَا تَمْنُنْ تَسْتَكْثِرُ (۶) وَلِرَبِّكَ فَاصْبِرْ (۷)

«Әй, оранушы! Тұр да, ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әр түрлі лас істерден аулақ бол! (Қылған ісіңді) міндет қылма. Раббың үшін сабыр ет» («әл-Мудассир» сүресі, 1-7 аяттар), - деген сөздері түскенінен кейін ол елші болды.

Әрі ол шындығында да тұрып, Аса Құдіретті де, Ұлы Аллаһтың бұйрығын орындай бастады.

Білім иелерінің пікірі бойынша, елші мен пайғамбардың арасындағы айырмашылық келесіні қамтиды: пайғамбар – бұл оған уахи арқылы қандай да бір діни заң түсірілетін, бірақ

осы орайда оған оны адамдарға жеткізу бұйырылмаған адам, ал елші болса Аллаһтан діни заңмен байланысты уахиді ғана емес, оған қоса соны адамдарға жеткізу және тәжірибеде қолдану бұйырығын да алады. Сөйтіп, әрбір елші пайғамбар болып табылады, бірақ әрбір пайғамбар елші бола бермейді.

БЕСІНШІСІ: Ол немен және не үшін жіберілгенін білу. Ол адамдарға жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана иман келтіруді меңзейтін бірқұдайшылық (таухид) дінімен және Аллаһтың әмірлерін орындап, Ол тыйым салғаннан тыйылуды талап ететін Оның заңымен жіберілді. Ол адамдарға Аллаһтың әлемдерге деген мейірімі ретінде оларды көпқұдайшылықтың, күпірліктің және надандықтың түнегінен білімнің, иманның және таухидтың нұрына шығару үшін және олар осының арқасында Аллаһтың жарылқауына және разылығына жетіп, Оның азабынан және Оның ащу-ызасынан құтылу үшін жіберілді.

Автордың сөзі:

بَعَثَهُ اللَّهُ بِالنَّادِرَةِ عَنِ الشِّرْكِ، وَبِالدَّعْوَةِ إِلَى التَّوْحِيدِ، وَالذَّلِيلِ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿يَا أَيُّهَا
 الْمُدَّثِّرُ * قُمْ فَأَنْذِرْ * وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ * وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ * وَالرُّجْزَ فَاهْجُرْ * وَلَا تَمْنُن تَسْتَكْبِرُ *
 وَلِرَبِّكَ فَاصْبِرْ﴾ [المدثر: 71]. وَمَعْنَى: ﴿قُمْ فَأَنْذِرْ﴾: يُنذِرُ عَنِ الشِّرْكِ، وَيَدْعُو إِلَى
 التَّوْحِيدِ. ﴿وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ﴾: أَي: عَظَّمَهُ بِالتَّوْحِيدِ. ﴿وَتِيَابَكَ فَطَهِّرْ﴾: أَي: طَهَّرَ أَعْمَالَكَ
 عَنِ الشِّرْكِ. ﴿وَالرُّجْزَ فَاهْجُرْ﴾: الرُّجْزُ: الْأَصْنَامُ، وَهَجْرُهَا: تَرْكُهَا، وَالْبِرَاءَةُ مِنْهَا وَأَهْلِهَا

«Аллаһ оны адамдарға оларды ширктен
 (Аллаһқа серік қосудан) сақтандыру үшін және
 бірқұдайшылыққа шақыру үшін жіберді.

Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:

يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ (١) قُمْ فَأَنْذِرْ (٢) وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ (٣) وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ (٤) وَالرُّجْزَ
 فَاهْجُرْ (٥) وَلَا تَمْنُن تَسْتَكْبِرُ (٦) وَلِرَبِّكَ فَاصْبِرْ (٧)

«Әй, оранушы! Тұр да, ескерт!
 Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әр түрлі
 лас істерден аулақ бол! (Қылған ісіңді)
 міндет қылма. Раббың үшін сабыр ет» («әл-
 Муддәссир» сүресі, 1-7-аяттар).

«Тұр да, ескерт!» сөздерінің мағынасы:
 ширктен сақтандырып (қайтарып), таухидке
 шақыру. «Раббыңды ұлықта!» - яғни Оны
 жалғыздау (таухид) арқылы ұлықтау.
 «Киіміңді тазала!» - яғни амалдарыңды

ширктен тазарт. «Лас істерден аулақ бол!» - яғни пұттарды таста, пұттарға құлшылық етуден және оларға құлшылық ететіндерден аулақ бол!»

Шарх:

(«Аллаһ оны адамдарға оларды ширктен (Аллаһқа серік қосудан) сақтандыру үшін және бірқұдайшылыққа шақыру үшін жіберді.) Яғни ол оларды көпқұдайшылықтан сақтандыруы және жалғыз Құдіретті және Ұлы Аллаһқа ғана иман келтіруге, яғни Ол ғана жалғыз Жаратушы және жалғыз құлшылыққа лайықты Құдай екендігіне иман келтіруге, сондай-ақ Оның есімдері мен сипаттарына иман келтіруге шақыру үшін (жіберді).

(«Әй, оранушы!») Бұл Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтылған қаратпа сөз.

(«Түр да, ескерт!») Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ Өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға ширктің қауіптілігі туралы ескертуде және одан

сақтандыруда салмақты күш-қажыр жұмсауды бұйыруда, әрі шейх осы аяттарға өз түсіндірмесін беруде.

Автордың сөзі:

أَخَذَ عَلَيَّ هَذَا عَشْرَ سِنِينَ يَدْعُو إِلَى التَّوْحِيدِ، وَبَعْدَ الْعَشْرِ عُرِجَ بِهِ إِلَى السَّمَاءِ،

«Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыған кірісті де, он жыл бойы таухидке шақырды. Ал он жылдан соң ол көкке көтерілді».

Шарх:

(«Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыған кірісті де, он жыл бойы таухидке шақырды».) Бұл «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) он жыл бойы адамдарды жалғыз Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһқа ғана иман келтіруге және бір Пәк Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық етуге шақырды дегенді» білдіреді.

(«Көтерілді» (عُرِجَ)) «Көтерілу» дегенде (көтеріліп) шығу меңзеледі, ал Аллаһ Тағала:

تَعْرُجُ الْمَلَائِكَةُ وَالرُّوحُ إِلَيْهِ

«Оған періштелер және Жәбірейіл ... шығады»», - деді («әл-Мағариж» сүресі, 4-аят). Бұл жерде Аллаһ Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол Меккеден (көшіп) кетуіне дейін-ақ нәсіп еткен оның ең ұлы ерекшеліктерінің бірі туралы сөз етілуде. Бірде ол Қағбаның жанындағы әл-Хижрде ұйықтап жатқан кезінде біреу келіп, оның денесін кеңірдегінің астыңғы бөлігіндегі орналасқан шұңқыршықтан бастап қарынының төменгі бөлігіне дейін кесіп, содан соң оның жүрегін шығарып алып, оны данылық пен иманға толтырғаны, әрі осылайша оны болашақта айналасатын ісіне дайындағаны туралы хабарланады. Содан кейін ол оған ақ түсті, бойы қашырдан төмен, бірақ есектен биік болған Бурақ атты жануарды алып келді. Әрі ол (яғни Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) оған отырып алды да, Жәбірейілмен бірге жолға аттанып, Иерусалимге келді. Ол жерде ол басқа пайғамбарлармен және елшілермен бірге намаз оқыды, әрі осы намазда ол соларға имамдық етті, ал олар оның артында ұйып намаз оқыды. Бұл Аллаһ Елшісінің (оған

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жоғары дәрежесіне және ол барша оған ілесуге міндетті болған имам болып табылатынына нұсқайды. Содан кейін Жәбірейіл оны төменгі аспанға көтерді де, оның қақпаларын ашуды сұрады. Одан: «Бұл кім?», - деп сұрады. Ол: «Жәбірейіл», - деп жауап берді. Одан: «Ал сенімен бірге кім келді?», - деп сұрады. Ол: «Мухаммад», - деп жауап берді. Одан: «Оны алып келу бұйырылып па еді?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деп жауап берді. Сонда оған: «Оған сәлем, әрі оның келгені нендей жақсы!», - деп айтылды. Ал содан соң оның алдынан қақпалар ашылды да, ол осы қақпалардың іш жағында Адам (оған Аллаһтың сәлемі болсын) тұрғанын көрді, ал Жәбірейіл болса: «Бұл – сенің әкең Адам, оған сәлем бер!», - деді. Әрі ол оған сәлем берді, ал Адам оның сәлеміне жауап қайтарып: «Жақсы ұлға және ізгі пайғамбарға сәлем!», - деді.

Сонда Адамның оң жағында оның ұрпағынан болған бақыттылардың рухтары, ал сол жағында – бақытсыздардың рухтары орналасқан болып

шықты да, ол оң жағына қараған кезінде, қуанып күлетін, ал сол жағына қарағаныңда, жылайтын.

Сосын Жәбірейіл оны екінші аспанға көтерді де, оның қақпаларын ашуды сұранды.... сөйтіп әрі қарай. Әрі ол сол жерде өмір тіршілігінде бір-біріне немере бауырлар болған Иса мен Яхияны көрді (Аллаһтың оларға игілігі мен сәлемі болсын). Жәбірейіл: «Бұл – Яхия мен Иса, оларға сәлем бер», - деді. Әрі ол оларға сәлем берді, ал олар болса оның сәлеміне жауап беріп: «Жақсы бауырға жіне ізгі пайғамбарға сәлем!», - деді.

Содан кейін Жәбірейіл оны үшінші аспанға көтеріп, оның қақпаларын ашуды сұрады...сөйтіп әрі қарай. Ал (онда) ол Юсуфты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Жәбірейіл: «Бұл – Юсуф, оған сәлем бер!», - деді. Әрі ол оған сәлем берді, ал Юсуф болса оның сәлеміне жауап беріп: «Жақсы бауырға және ізгі пайғамбарға сәлем!», - деп айтты.

Кейін Жәбірейіл оны төртінші аспанға көтеріп, оның қақпаларын ашуды сұрады... сөйтіп әрі қарай. Әрі ол онда Идристі (оған Аллаһтың

сәлемі болсын) көрді. Жәбірейіл: «Бұл – Идрис, оған сәлем бер!», - деді. Ол оған сәлем берді, ал Идрис оның сәлеміне жауап беріп: «Жақсы бауырға және ізгі пайғамбарға сәлем!», - деді.

Содан кейін Жәбірейіл оны бесінші аспанға көтеріп, оның қақпаларын ашуды сұрады... сөйтіп әрі қарай. Әрі ол онда Имранның ұлы әрі Мусаның бауыры Харунды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) көрді. Жәбірейіл: «Бұл – Харун, оған сәлем бер!», - деді. Ол оған сәлем берді, ал Харун болса оның сәлеміне жауап беріп: «Жақсы бауырға және ізгі пайғамбарға сәлем!», - деді.

Содан кейін Жәбірейіл оны алтыншы аспанға көтеріп, оның қақпаларын ашуды сұрады... сөйтіп әрі қарай. Әрі ол онда Мусаны (оған Аллаһтың сәлемі болсын) көрді. Жәбірейіл: «Бұл – Муса, оған сәлем бер!», - деді. Ол оған сәлем берді, ал Муса оның сәлеміне жауап беріп: «Жақсы бауырға және ізгі пайғамбарға сәлем!», - деді. Ал ол Мусадан кеткен кезде Муса жылады. Одан: «Сені не жылатып жатыр?», - деп сұрағанда, ол: «Мен Жәннатқа менің үмметіме қарағанда адамдарға

менен кейін жіберілген (елшінің) үмметінен көбірек адам кіретініне жылап тұрмын!», - деп жауап берді. Әрі Муса Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне деген көре алмаушылықтан емес, оның өзінің үмметі көптеген артықшылықтардан айырылғанына қайғырып жылаған болатын.

Содан кейін Жәбірейіл оны жетінші аспанға көтеріп, оның қақпаларын ашуды сұрады... сөйтіп әрі қарай. Онда ол Аса Рахымдының (Аллаһтың) досы Ибраһимді (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Жәбірейіл: «Бұл - сенің әкең (атаң) Ибраһим, оған сәлем бер!», - деді. Әрі ол оған сәлем берді, ал Ибраһим болса оның сәлеміне жауап беріп: «Жақсы ұлға және ізгі пайғамбарға сәлем!», - деп жауап берді.

Әрі, ақиқатында, Жәбірейіл Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге осы пайғамбарлардың барлығының алдынан өтіп шыққаны – оған сый-құрмет танытылып, оның артықшылықтары мен жоғары дәрежесін көрсету еді. Ал Аллаһтың досы Ибраһим туралы айтар

болсақ, ол арқасын жетінші аспанда орналасқан және оған күн сайын жетпіс мың періште келіп, Аллаһқа ғибадат істерімен айналысатын және одан кеткен соң екінші рет оған қайта оралмайтын, өйткені олардың орнына санын жалғыз Аллаһ қана білетін басқа періштелер келетін, көктің Қағбасына (Байтул-Маъмурға) сүйеп тұрған еді.

Кейін Жәбірейіл Аллаһтың әмірімен Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешкім сипаттай алмайтын сұлулығымен жарқырап тұрған Шеткі Шектің Лотосына (Сидратил-Мунтақаға) көтеріп шығарды. Содан кейін Аллаһ оған күн және түн бойында елу намаз орындауды міндеттеді, әрі ол осыған келісімін берді және мойынсұнды, ал содан соң төменге түсе бастады. Ол Мусаның қасынан өтіп бара жатқанда, ол одан: «Раббы сенің үмметіңе нені міндеттеді?», - деп сұрады. Ол: «Күн мен түн барысында елу намаз орындауды», - деп жауап берді. Муса: «Ақиқатында, сенің үмметің бұған төтеп бере алмайды, өйткені саған дейін мен адамдарды сынап көргенмін, әрі Исраил ұрпақтарымен бір нәрселер істеуге тырысып көргенмін. Раббыға

қайта орал да, Одан үмметің үшін осы міндеттілікті жеңілдетуін сұра», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Сөйтіп мен оралдым, ал Ол осы міндеттілікті оннан бір бөлікке азайтты»*, - деді. Әрі осыдан кейін де ол Раббысына күн мен түн бойы бес парыз намазын орындау бекітілмейінше және: **«Мен Маған қатысты парыз болып табылатынды орнаттым, әрі Өзімнің құлдарымның жүгін жеңілдеттім»**, - деп жарияланбайынша қайта-қайта орала берді.

Әрі осы түнде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәннатқа кіргізідді. Ол онда маржаннан (тұрғызылған) күмбездерді және мисктен (жасалған) топырақты көрді. Содан соң Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) төменге түсіп, таң алдында Меккеге оралып, онда таң намазын оқыды.

Автордың сөзі:

وَفُرِضَتْ عَلَيْهِ الصَّلَاةُ الْخَمْسُ، وَصَلَّى فِي مَكَّةَ ثَلَاثَ سِنِينَ، وَبَعَدَهَا أَمْرٌ بِالْحِجْرَةِ

إِلَى الْمَدِينَةِ،

«Оған бес уақыт намаз парыз етілді, әрі ол Меккеде үш жыл бойы намазды орындады. Содан соң ол Мәдина қаласына һижрат жасауға бұйырылды».

Шарх:

(«Әрі ол Меккеде үш жыл бойы намазды орындады»). Қазіргі кезде төрт ракағаттан тұратын намаздарды ол Мәдинаға көшкенге дейін екі ракағаттан оқитын, ал осыдан кейін сапар намаздары өзгерусіз қалды да, ал тұрғылықты жердегі намаздар ұзартылды.

(«Содан соң ол Мәдина қаласына һижрат жасауға бұйырылды»). Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Өзінің пайғамбары Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға қоныс аударуды бұйырғанының себебі Меккенің тұрғындары оған (Исламға) шақыруын атқаруға кедергі жасайтындығы еді, сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің пайғамбарлық міндетінің басталғанының он үшінші жылы раби әл-әууал

айында оған алғашқы уахи түскен және Аллаһ пен Оның Елшісі үшін ең сүйікті қала болған Меккеден Мәдинаға (көшіп) келді. Сөйтіп, ол адамдарға Раббысының жолдауын жеткізіп және білімнің негізінде оларды Аллаһқа шақырып он үш жыл бойы Меккеде тұрған соң, өзінің Раббысының рұқсатымен Меккені қоныс аударушы (мухажир) ретінде қалдырды. Алайда құрайштықтардың көпшілігі және осы тайпаның ықпалды адамдары оның шақыруын қабылдамайтын және Аллаһ Елшісіне де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), оған иман келтіргендерге де түрлі жәбір көрсететін. Ең соңында Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары көше бастағанын және оның өзі де міндетті түрде оларға қосылатынын әрі оны өз әйелдері мен балаларын қорғайтындай қорғауға ант берген ансарлардың қолдауына ие болатынын және сол кезде ол құрайштықтарды өзіне бағындыратынын түсінген құрайштықтардың басшылары жиналыс өткізіп, Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын) өлтіруге бағытталған сатқындық жоспарын іске асыруға кірісті.

Бұл жиналыста Аллаһтың дұшпаны Абу Жәхл әр рудан бір қайсар жігіттен алып, олардың әрбіріне бір-бір қылыштан ұстатып, осыдан соң олар Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барып, олардың әрқайсысы оған бір реттен соққы беруді ұсынды. Осылайша олар оны өлтіретін болып еді, ал құрайштықтар одан құтылатын да, әрі осы орайда оның өліміне барлық рулар кінәлі болатын, бірақ абд-манаф руы, яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туысқандары осы үшін баршаға қарсы соғыса алмайтындықтан, құрайштықтар оларға (төгілген) қан үшін төлейтін құнға олар разы болар еді.

Алайда Аллаһ Өзінің Пайғамбарын (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көпқұдайшыл-мүшриктердің ойластырған қастандықтары жайында хабардар етті де, оған Меккеден қоныс аударуға рұқсат берді. Ал Абу Бакрге (Аллаһ оған болсын) келер болсақ, ол

Мәдинаға көшуге алдын ала дайындық жасап қойған болатын, бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«Асықпа, өйткені мен мұның маған да рұқсат етілуін сұраймын»*, - деген болатын. Сөйтіп Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге көшу үшін кідіріп қалды.

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған:

- Бірде біз Абу Бакрдің үйінде болған кезімізде, күннің орта шағында кенеттен қақпа алдында бетін жауып тұрған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайда болды, ал Абу Бакр болса: *«Ата-анам сіз үшін өтем болсын, Аллаһпен ант етемін, ол осындай уақытта тек бұйрық алғандықтан келді!»*, - деді. Ал (біршама уақыттан соң) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кіруге рұқсат сұрады. Үйге кірген соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрге: *«Бұл жерде отырғандардың барлығына*

шығуды бұйыр», - деді. Абу Бакр болса: «Бұл жерде сіздің отбасыңыздың мүшелерінен өзге ешкім жоқ, ата-анам сіз үшін өтем болсын, уа Аллаһтың елшісі!», - деді. (Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Мен кетуге рұқсат алдым», - деді. Абу Бакр: «Мен де сізбен бірге ме, уа Аллаһтың Елшісі?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деді. Сонда ол: «Мына екі түйенің біреуін өзіңізге алыңыз», - деді, ал Пайғамбар болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Мен оны сатып аламын», - деді.

Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және Абу Бакр қаланы тастап шығып, Саур тауындағы үңгірде үш түн түнеді. Осы үңгірде ес білетін жасөспірім болған Абдуллаһ ибн Абу Бакр де түнеді. Әр түннің соңына таяу қалған шағында ол Меккеге кететін де, таңертең құрайштықтардың арасында болып, адамдар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның досы туралы не айтып жатқандарының барлығын есінде сақтап, қараңғы түсуімен (оларға оралып) барлық жаңалықтарды хабарлайтын. Құрайштықтарға келер болсақ,

олар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық жерлерде іздестірді және оны ұстауға бар күш-құралдарын салуға тырысып, олардың екеуін, не болмаса біреуін ұстап алып келетін адамға жүз түйе сый тағайындады. Алайда олармен бірге оларды сақтайтын және оларға қамқорлық жасайтын Аллаһ бар еді, әрі сондықтан да құрайшытықтар үңгірдің ауызына келген кезде оларды көре алмады.

Абу Бакр былай деп баяндайтын:

- Біз осы үңгірде болған кезімізде, мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Олардың алдебіреуі өз аяғының астына қарайтын болса, бізді міндетті түрде көріп қояды!», - дедім. Сонда мен (оның): «Қайғырма, расында, Аллаһ бізбен бірге! Сен үшіншісі Аллаһ болған екі кісі туралы не дейсің, уа, Абу Бакр?» , - деген (жауап) естідім». Ал үш күннен кейін оларды іздеу (іс-шараларының) белсенділігі азайған соң, олар бұл үңгірді тастап, (теңіздің) жиегімен Мәдина жаққа қарай жүріп кетті.

Мәдинадағы мухажирлер мен ансарлар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккені тастап шығып, оларға бағыт алғаны туралы естігенде, олар күн сайын таңертең қаланың сыртына шығып, Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның жолдастарының келуін күтетін, әрі күннің аптабы оларды үйлеріне қайтуға мәжбүрлемейінше орындарында тұратын. Әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келген сол күні де олар оны таңертеңнен бастап аптап оларды үйлеріне қайтуға мәжбүрлемейінше күткен еді. Сол кезде яһудилерден болған біреу өзінің жұмыстарымен Мәдина мұнараларының біріне көтеріліп, өз жолсеріктерімен бірге қалаға жақындап келе жатқан Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көріп қалады да, бар дауысымен: «Я, арабтар! Міне, сендердің сәттіліктерің!», - деп жар салады. Мұны естіген мұсылмандар өз қаруларын асынып, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдынан шығуға лап берді, ал бұл

олардың Пайғамбарға деген құрметінің белгісі әрі ол үшін соғысуға және оны қорғауға дайын екендігін көрсету еді (Аллаһ оларға разы болсын). Әрі олар оны қаланың сыртында күтіп алды, ал ол болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қубада бану амр бин ауф руының қонысында тоқтап, ол жерде бірнеше күн болып, мешіт соға бастады, ал содан соң өз адамдарымен бірге Мәдинаға көшті. Абу Бакр былай деген: “Біз Мәдинаға келгенімізде, адамдар көшелерге шығып, және қызметшілерімен бірге үйлерінің төбелеріне шығып: «Аллаһ Ұлы, Аллаһтың Елшісі келді, Аллаһ Ұлы, Мухаммад келді», - деп дауыстап жатты”.

Автордың сөзі:

وَالْهَجْرَةُ فَرِيضَةٌ عَلَى هَذِهِ الْأُمَّةِ مِنْ بَلَدِ الشِّرْكِ إِلَى بَلَدِ الْإِسْلَامِ، وَهِيَ بَاقِيَةٌ إِلَى أَنْ تَقُومَ السَّاعَةُ، وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّ الَّذِينَ تَوَفَّاهُمُ الْمَلَائِكَةُ ظَالِمِي أَنْفُسِهِمْ قَالُوا فِيمَ كُنْتُمْ قَالُوا كُنَّا مُسْتَضْعَفِينَ فِي الْأَرْضِ قَالُوا أَلَمْ تَكُنْ أَرْضَ اللَّهِ وَاسِعَةً فَتُهَاجِرُوا فِيهَا فَأُولَئِكَ مَأْوَاهُمْ جَهَنَّمُ وَسَاءَتْ مَصِيرًا* إِلَّا الْمُسْتَضْعَفِينَ مِنَ الرِّجَالِ وَالنِّسَاءِ وَالْوِلْدَانَ لَا يَسْتَطِيعُونَ حِيلَةً وَلَا يَهْتَدُونَ سَبِيلًا* فَأُولَئِكَ عَسَى اللَّهُ أَنْ يَعْفُوَ عَنْهُمْ وَكَانَ اللَّهُ عَفُوًّا غَفُورًا﴾ [النساء:

. [9997

«Һижра дегеніміз – бұл ширк (көпқұдайшылық) елінен Ислам еліне қоныс аудару.

Ширк елінен Ислам еліне көшу осы үмметке парыз, әрі ол Қиямет Күніне дейін жалғасады. Бұған дәлел – Аллаһтың мына сөздері:

إِنَّ الَّذِينَ تَوَفَّاهُمُ الْمَلَائِكَةُ ظَالِمِي أَنْفُسِهِمْ قَالُوا فِيمَ كُنْتُمْ قَالُوا كُنَّا مُسْتَضْعَفِينَ فِي الْأَرْضِ قَالُوا أَلَمْ تَكُنْ أَرْضَ اللَّهِ وَاسِعَةً فَتُهَاجِرُوا فِيهَا فَأُولَئِكَ مَأْوَاهُمْ جَهَنَّمُ وَسَاءَتْ مَصِيرًا (۹۷) إِلَّا الْمُسْتَضْعَفِينَ مِنَ الرِّجَالِ وَالنِّسَاءِ وَالْوِلْدَانِ لَا يَسْتَطِيعُونَ حَبْلَةً وَلَا يَهْتَدُونَ سَبِيلًا (۹۸) فَأُولَئِكَ عَسَى اللَّهُ أَنْ يَعْفُوَ عَنْهُمْ وَكَانَ اللَّهُ عَفُورًا غَفُورًا (۹۹)

“Періштелер өздеріне зұлымдық еткендердің (бұлар Меккеден көшпей қалғандар) жандарын алғанда: «Қандай жағдайда едіңдер?», - дейді. Олар: «Біздер бұл жерде шамасыз едік», - дейді. (Періштелер): «Аллаһтың жері сендер онда көшулерің үшін кең емес пе?», - дейді. Міне, бұлардың орны Тозақ болады. Бұл барар орын нендей жаман! Бұл тек шара қолдана алмайтын және тура жол таба алмайтын шамасыз еркектерге, әйелдерге және балаларға қатысты емес. Осындайларды

Аллаһ кешіруі мүмкін, өйткені Аллаһ – Өте Кешірімді, Ерекше Жарылқаушы» («Ән-Ниса» сүресі, 97-99 аяттар)».

Шарх:

(Һижра). Шейх (Аллаһ оны рахым етсін): «Һижра дегеніміз – бұл ширк (көпқұдайшылық) елінен Ислам еліне қонысаудару», - деп, Һижраның шарифи анықтамасын берді.

Көпқұдайшылық елі деп онда кәпірлердің рәсімдері орындалатын, сонымен қоса исламның азан шақыру, жамағат намаздары, айттар мен жұма намаздары сияқты рәсімдері тұтас барлық жерлерінде орындалмайтын ел аталады. Біз «тұтас барлық жерлерінде» деп айтуымыздан мақсат - ислам елдерінің қатарынан жоғарыда аталған рәсімдер тұтас барлық жерлерінде орындалмайтын, мысалы, мұсылман қауымдары азшылық болған кәпір елдерін шығарып тастау еді, өйткені мұндай елдерді сол жерде тұратын саны азшылық болған мұсылман қауымдарының

ислам рәсімдерін орындауының негізінде ислам елдері деп санауға болмайды. Сонымен, мұсылмандық діни рәсімдер тұтас барлық жерлерінде орындалатын ел ғана ислам елі болып табылады.

(Ширк елінен Ислам еліне көшу – осы үмметке парыз»). Ол әрбір мұмин үшін, егер ол кәпірлердің елінде өзінің дінін ашық ұстануына мүмкіндігі болмаса, парыз болып табылады. Осы жағдайда, яғни ол өзінің дінін ашық түрде ұстануына күші жетпесе, онда оның исламы тек көшу арқылы толыққанды бола алады, өйткені онсыз парызды орындау мүмкін болмаған нәрсе де парыз болып табылады.

(«Бұған дәлел»). Бұл аятта һижра жасауға мүмкіндігі болып, оны жасамағандардың жанын алатын періштелер оларды жазғырып: «Аллаһтың жері сендер онда көшулерің үшін кең емес пе?», - деп айтатынына нұсқау бар. Ал шындығында да әлсіз болғандарға келсек, Аллаһ олардың әлсіздігін және көшуге шамасы

жетпегендігін кешіреді, өйткені Аллаһ жан иесіне оның шамасы келмейтін нәрсені жүктемейді.

Автордың сөзі:

﴿قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿يَا عِبَادِيَ الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّ أَرْضِي وَاسِعَةً لِإِيَّايَ فَاعْبُدُونِ﴾ [العنكبوت: 56].

قَالَ الْبُعَوِيُّ . رَحِمَهُ اللَّهُ .: نَزَلَتْ هَذِهِ الْآيَةُ فِي الْمُسْلِمِينَ الَّذِينَ بَمَكَّةَ وَلَمْ يُهَاجِرُوا ، نَادَاهُمْ اللَّهُ بِاسْمِ الْإِيمَانِ .

وَالدَّلِيلُ عَلَى الْمُهْجَرَةِ مِنَ السُّنَّةِ: قَوْلُهُ . صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ .: (لَا تَنْقَطِعُ الْهَجْرَةُ حَتَّى تَنْقَطِعَ التَّوْبَةُ ، وَلَا تَنْقَطِعَ التَّوْبَةُ حَتَّى تَطَّلِعَ الشَّمْسُ مِنْ مَغْرِبِهَا) .

«Сондай-ақ Оның мына сөздері де:

﴿يَا عِبَادِيَ الَّذِينَ آمَنُوا إِنَّ أَرْضِي وَاسِعَةً لِإِيَّايَ فَاعْبُدُونِ﴾

«Әй, Менің иман келтірген құлдарым!

**Расында, Менің жерім кең, сондықтан
Маған ғана құлшылық етіңдер!» («әл-
'Анкабут» сүресі, 56-аят).**

Имам әл-Бағауи (Аллаһ оны рахым етсін)

былай деген: «Бұл аят *хижра* жасамаған меккеліктерге қатысты түскен. Аллаһ оларды *иман келтіргендер* деген есіммен атады».

Һижраға Сүннеттен дәлел – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын): *«Тәубе қабыл етілгенге дейін һижра үзілмейді, және Күн батыстан шыққанға дейін тәубенің қабыл етілуі тоқтамайды»*, - деген хадисі (хадисті Ахмад (99/4) және Әбу Дауд (2479) жеткізген, хадис сахих)».

Шарх:

«Күн батыстан шыққанға дейін»). Яғни игі амалдар қабылданбайтын кезге дейін, өйткені Аллаһ Тағала былай деді: **«Раббыңның белгілерінен бірі келген күні, бұрыннан иман келтірмеген немесе сенімі бойынша бір қайыр істемеген біреудің иманы пайда бермейді»** («әл-Әнғам» сүресі, 158-аят). Бұл жерде **«белгілерінен бірі»** дегенде күннің батыстан шығуы меңзеледі.

«Әл-Муғни» (еңбегінің) авторы һижра туралы сөз етіп, адамдарды келесідей санаттарға жіктейді:

- Олардың кейбіріне һижра міндетті болып табылады. Сөз осыны істей алатындар және өз діннің ашық ұстана алмайтындар туралы болуда. Сөйтіп, егер кәпірлер арасында өмір сүру адамның өз діни міндеттерін орындау мүмкіндігін жоққа шығарса, онда оған һижра жасау керек болады, өйткені Аллаһ Тағала былай деп айтты:

إِنَّ الَّذِينَ تَوَفَّاهُمُ الْمَلَائِكَةُ ظَالِمِي أَنْفُسِهِمْ قَالُوا فِيمَ كُنْتُمْ قَالُوا كُنَّا مُسْتَضْعَفِينَ فِي الْأَرْضِ قَالُوا أَلَمْ تَكُنْ أَرْضُ اللَّهِ وَسِعَةً فَتُهَاجِرُوا فِيهَا فَأُولَئِكَ مَأْوَاهُمْ جَهَنَّمُ وَسَاءَتْ مَصِيرًا (٩٧) إِلَّا الْمُسْتَضْعَفِينَ مِنَ الرِّجَالِ وَالنِّسَاءِ وَالْوِلْدَانِ لَا يَسْتَطِيعُونَ حِيلَةً وَلَا يَهْتَدُونَ سَبِيلًا (٩٨) فَأُولَئِكَ عَسَى اللَّهُ أَنْ يَغْفِرَ عَنْهُمْ وَكَانَ اللَّهُ غَفُورًا عَفُورًا (٩٩)

«Періштелер өздеріне зұлымдық еткендердің (бұлар Меккеден көшпей қалғандар) жандарын алғанда: «Қандай жағдайда едіңдер?», - дейді. Олар: «Біздер бұл жерде шамасыз едік», - дейді. (Періштелер): «Аллаһтың жері сендер онда көшулерің үшін кең емес пе?», - дейді. Міне, бұлардың орны Тозақ болады. Бұл барар орын нендей жаман! Бұл тек шара қолдана алмайтын және тура жол таба алмайтын шамасыз еркектерге, әйелдерге және

балаларға қатысты емес. Осындайларды Аллаһ кешіруі мүмкін, өйткені Аллаһ – Өте Кешірімді, Ерекше Жарылқаушы» («ән-Ниса» сүресі, 97-99 аяттар).

Бұл – һижраның міндетті екендігіне айғақ болатын салмақты қорқыту, өйткені діни міндеттерді орындау оларды орындай алатындар үшін міндетті болып табылады. Ал осы аталған жағдайда һижра олардың (яғни діни міндеттердің) орындалуы үшін қажетті шарт болып табылады, ал онсыз әлдебір парызды орындау мүмкін болмаған нәрсенің өзі де парыз болады (қз.: «әл-Муғни», 8-том, 457-бет).

Ал егер аталған екі шарттың екеуі де орындалатын болса, онда келесідей мүмкін болатын жағдайларға нұсқауға болады:

БІРІНШІ ЖАҒДАЙ: мұсылман адам кәпірлердің елінде дағуат жасау үшін және адамдардың көңілін Исламға бұру үшін өмір сүретін болса. Бұндай жағдайда ол жерде өмір сүру жиһадтың оны жасай алатындар үшін міндетті болған бір түрі болып табылады, бірақ

бұл дағуатты іске асыруға және оған жауап беруге ешкім кедергі жасамайды деген шарт қойылады. Ал жиһадтың бұл түрінің міндетті болуының себебі – Исламға шақырудың діни міндеттерге жататыны, бұл жолды кезінде Аллаһтың елшілері ұстанған еді, ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарға өзі туралы басқа адамдарға барлық замандарда және барлық жерде хабарлауды бұйырып: *«Мен туралы тіпті бір аятпен болса да хабарлаңдар»*, - деген.

ЕКІНШІ ЖАҒДАЙ: мұсылман адам кәпірлердің елінде олардың жағдай-ахуалын зерттеу үшін және олардың кесірлі көзқарастарымен, жарамсыз болған құлшылық түрлерімен, адамгершілік тұрғысынан ыдырауымен және олардың араларына жайылып кеткен бетімен кетушілікпен танысып, содан кейін адамдарды оларға еліктеп алданудың қауіптілігі туралы ескертуі және оларға сүйсіне тамасанатындарға олардың жағдайының шынайы мәнін түсіндіруі үшін өмір сүрсе. Бұл жағдайда да (олардың елінде) өмір сүру жиһадтың бірі түрі болып табылады, өйткені ол мұсылмандарды

күпірлік пен кәпірлерден сақтандырумен байланысты болады әрі ислам мен оның басшылығына үндеуді меңзейді, өйткені күпірліктің кесірлі болуы өздігінше Исламның игілікті екеніне нұсқайды, ал бұл «бүкіл нәрсе өзінің қарама-қайшысы арқылы танылады» деген тұжырымдардың дұрыстығын растайды. Алайда осы орайда ол өз мақсатын ол одан да жаман болған басқа әлдебір нәрсеге әкеп соқтырмайтындай етіп атқаруға тиіс. Мысалы, егер адамға кәпірлердің жағдайы туралы мәліметтерді таратуға және осыдан басқаларды сақтандырып ескертуге кедергі жасалуының себебімен ол өзінің мақсаттарының орындалуына қол жеткізе алмайтын болса, онда оның ол жерде тұруында ешқандай пайда болмайды. Ол өзінің міндетін атқаратын, бірақ бұл жағдайдың одан сайын қиындауына, мысалы, адамдар Исламды, Елшіні және Исламның имамдарын балағаттап-боқтауына әкелетін жағдайға қатысты да осылай айтуға болады. Осындай жағдайда мұндай іс-әрекетті тоқтату керек болады, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

وَلَا تَسُبُّوا الَّذِينَ يَدْعُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ فَيَسُبُّوا اللَّهَ عَدْوًا بِغَيْرِ عِلْمٍ كَذَلِكَ
 زَيْنًا لِكُلِّ أُمَّةٍ عَمَلُهُمْ ثُمَّ إِلَىٰ رَبِّهِمْ مَرْجِعُهُمْ فَيُنَبِّئُهُمْ بِمَا كَانُوا يَعْمَلُونَ (108)

«Олардың Аллаһтан өзге сиынғандарын боқтамаңдар. Олар білмей шектен шығып, Аллаһқа тіл тигізеді. Осылайша, әр топқа өз істерін әдемі көрсеттік. Сонан соң қайтар орындары Раббыларына. Сонда оларға не істегендерін білдіреді» («әл-Әнғам» сүресі, 108-аят).

Тура осы сияқты жағдайға мұсылман адам кәпірлердің елінде мұсылмандардың көз-құлағы болып, оларға қарсы ойластырылып жатқан қастық іс-әрекеттері туралы білуі және оларды осы туралы хабардар етуі үшін өмір сүретін жағдай да жатады. Мысалы, өз кезінде, дәлірек айтқанда, Ор соғысының алдында, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хузайфа бин әл-Йаманды көпқұдайшыларға ол олар туралы білуге мүмкін болған барлық нәрсені біліп келуі үшін жіберген болатын.

ҮШІНШІ ЖАҒДАЙ: мұсылман адам кәпірлердің елінде мұсылман елінің мүддесі үшін,

оның кәпір елімен қарым-қатынасын оңалту үшін өмір сүрсе, бұл, мысалы, елшіліктердің қызметкерлеріне қатысты. Мысалы, мәдениет істері бойынша атташе ол елде (оқитын) білімгерлердің жағдайын бақылау үшін және оларды ислам дінін мығым ұстануға және ислам адамгершілік қағидаларын орындауға үндеу үшін сол жерде тұрады, әрі осы арқылы үлкен пайдаға қол жеткізіліп, үлкен жамандық жойылады.

ТӨРТІНШІ ЖАҒДАЙ: мұсылман адам кәпірлердің елінде қажеттілікпен, яғни рұқсат етілген әлдебір істі орындау үшін, мысалы, сауда жасау үшін немесе емделу үшін тұрса. Мұндай жағдайда кәпірлердің елінде жүріп-тұру қажеттілікке сәйкес рұқсат етіледі, өйткені кәпірлердің елдеріне сауда жасау үшін баруға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейбір сахабаларының сөздеріне сілтеме жасайтын білім иелері нұсқайтын (Аллаһ оларды рахым етсін).

БЕСІНШІ ЖАҒДАЙ: мұсылман адамның кәпірлердің елінде білім алу мақсатымен тұруы.

Бұл жағдай осыдан алдыңғы жағдайға ұқсас, алайда бұл жағдайда мұсылман адам сауда істерімен айналысатын кезге қарағанда өз діні мен адамгершілігі үшін көбірек қауіптерге шалдығады, өйткені ол өз мұғалімдерінің өзінің үстінен үстемдік етуін сезінеді, ал бұл өз кезегінде оның оларды қатты құрметтеуіне, олардың көзқарастарымен, идеяларымен және іс-әрекет жасау үлгілерімен келісуіне және оларға ұқсап еліктеуіне әкеледі. Бұл (осы жағдайдағы мұсылмандардың) барлығымен орын алып жатады, тек Аллаһтың қалауымен бұдан құтылу бақытына ие болғандардан басқа, бірақ мұндайлар өте аз болады. Бұдан тыс, оқушы өз мұғаліміне деген қажеттілікті сезінеді, ал бұл оның өз мұғалімінің көңілін табуға ұмтыла бастауына және оның барлық ауытқушылықтары мен адасушылықтарына қарамастан оның алдында жалтақтап-жағымпаздануына алып келеді. Бұдан тыс, кез-келген білімгердің ол олардың ішінен өзіне дос таңдайтын, оларды жақсы көріп, солармен жақын болуға ұмтылатын және солардан әлдебір нәрселерді (үйреніп) өзіне

қабылдап алатын әріптестері болады. Осының барлығының қауіптілігін ескерген түрде, мұсылман адам осыдан алдыңғы жағдайларға қарағанда көбірек сақтық танытуы керек, сондықтан да жоғарыдағы екі негізгі талаптарға қоса ол бірқатар қосымша талаптарды да орындауға тиіс:

Біріншісі: білімгер пайданы зияннан ажырата алатындай және оқиғаларды алдын ала жорамалдай алатындай үлкен ақыл кемелдігімен ерекшеленуі тиіс. Ал оқуға жасы жетпеген және ақыл-парасаты қажетті деңгейде кемелденбеген жасөспірімдердің кетуіне қатысты айтар болсақ, бұл олардың діні мен адамгершілігіне ғана емес, олардың халықтарына да өте үлкен қауіптілік болып табылады, өйткені олар (еліне) оралғандарында өз айналасына кәпірлерден өз бойларына міндетті түрде сіңіріп алған уды тарата бастайды. Бұл бұрын да қаншама рет фактілермен расталған болатын және келешекте де расталады.

Мысалы, сол жаққа пісіп-жетілмей жатып жіберілгендердің көбі бұрын өздерінде онсыз да

көп емес болған нәрселерін жоғалтып және діні мен адамгершілік негіздерінен ауытқып оралды, ал бұл олардың өздеріне де, олардың қоғамдарына да тек айқын зиян тигізді. Сөйтіп, кәпірлерлерге пісіп-жетілмеген адамдарды оқуға жіберу қойды жыртқыштарға жем етіп бергенмен тең.

Екіншісі: кәпірлерден білім алатын адам ақиқатты жалғаннан ажырата алатындай және ақиқат арқылы жалғанмен күресе алатындай деңгейде шарифаттан хабардар болуы керек. Бұл кәпірлер ұстанатын жалған нәрселердің алдауына түспес үшін және оны шындық деп қабылдамау үшін, немесе осыда шатаспау үшін, немесе адам соның салдарынан абдыраушылыққа түсіп қалатындай немесе өзі жалғанға ілесіп кететіндей осыған қарсы келе алмайтындай әлсіз болып қалмауы үшін қажет.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа мынандай дұғамен жалбарынады: *«Я Аллаһ, ақиқатты маған ақиқат етіп көрсет, әрі оған*

ілесуім үшін маған күш бер. Және жалғанды маған жалған етіп көрсет те, одан аулақ болуым үшін маған күш бер. Әрі адасушылыққа түспеуім үшін, осыны маған түсініксіз етпе!»

Үшіншісі: кәпірлердің (елдерінде) оқитын адам өз дінін ол оны күпірлік пен ауытқушылықтардан қорғап сақтайтындай деңгейде мығым ұстануы қажет, өйткені өз дінінің заң-ережелерін жеткілікті деңгейде мығым ұстанбайтын адам кәпірлердің арасында өмір сүріп, мұның барлығынан құтыла алмайды, тек бұл Аллаһтың қалауымен орын алмаса ғана, өйткені бұл жағдайда шабуыл жасаушы күшті, ал тойтарыс жасаушы әлсіз болады. Кәпірлердің елдерінде адамдарды табанды түрде күпірлікке итермелейтін нәрселер өте көп екендігі белгілі, сондықтан да егер қарсылық көрсету әлсіз болса, бұл жағдаяттардың барлығы бірден өз ықпалын тигізе бастайды.

Төртіншісі: мұсылман адам білім алу үшін кәпірлердің елінде тұратын сол білімнің қажетті болуы, оның үйреніп жатқан нәрсесінің

мұсылмандар үшін пайдалы болуы әрі осындай білімді ислам елдерінде алу мүмкіндігінің болмауы. Ал егер осындай білім қажетсіз болса және мұсылмандарға ешқандай пайда әкелмесе әрі осындай білімге қандай да бір мұсылман елінде де үйренуге болатын болса, онда мұсылман адамға білім алу үшін кәпір елінде тұру рұқсат етілмейді, өйткені бұл оның діні мен адамгершілігіне қауіпті болады, әрі ол жерде тұру көп мөлшердегі материалдық шығындардың қажетсіз жұмсалуына алып келеді.

АЛТЫНШЫ ЖАҒДАЙ: мұсылман адамның кәпір еліне тұрақты өмір сүру үшін көшуі. Бұл жоғарыда аталғандардың барлығынан да қауіптірек болады әрі кәпірлермен әрдайым сөйлесуге және адамды басқалар нені жақсы көрсе, соны жақсы көруге міндетті болған сол (өзі тұратын) елдің азаматы ретінде сезінуіне, әрі соған ұмтылуына алып келеді. Бұдан тыс, кәпірлердің арасында оның отбасы мүшелері де келіп қосылады, әрі олар кәпірлердің әдет-ғұрыптарын үйрене бастайды, тіпті олардың сенім-көзқарастары мен ғибадат рәсімдерін де

қабылдауы ықтимал. Міне, сондықтан да, хадистердің бірінде хабарланатынындай, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Кім көпқұдайшылмен қосылса және онымен бірге тұрса, сол соған ұқсайды»*, - деп айтқан болатын.

Қайс бин Абу Хазимнің сөздерінен Жәрир бин Абдуллаһтан (оған Аллаһ оған разы болсын) жеткізілетін, онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде: *«Мен көпқұдайшылдардың арасында өмір сүретін мұсылмандардың ешқайсысына қатысым жоқ»*, - деп айтқаны туралы тағы бір хадис бар. Одан: *«Не үшін, уа, Аллаһтың елшісі?»*, - деп сұрағанда, ол: *«Олардың ешқайсысы басқасының отын (жарығын) көрмеуге тиіс»*, - деп жауап берді. Ал, ендеше, кәпірлердің рәсімдері ашық түрде жасалатын және шешім Аллаһқа және Оның Елшісіне тән болмаған кәпірлердің елінде өмір сүретін мұсылман, егер ол осыларды көрсе, естісе және осымен келісе, бұдан қалса осы елдің иелігінде болса және осының барлығы дін үшін үлкен қауіптілік болып табылатынына қарамастан

онда өзінің отбасымен және балаларымен өмір сүретін болса, ол қалайша игілікке қол жеткізбек?!

Мұсылман адамның кәпірлердің елінде өмір сүруі туралы біз, міне, осыны айта аламыз, әрі біз Аллаһтан сөздеріміздің ақиқатқа сай болуын әрі сау ақылға да қайшы келмеуін сұраймыз.

Автордың сөзі:

فَلَمَّا اسْتَقَرَّ فِي الْمَدِينَةِ أُمِرَ بِبَقِيَّةِ شَرَائِعِ الْإِسْلَامِ، مِثْلَ: الزَّكَاةِ، وَالصَّوْمِ، وَالْحَجِّ،
وَالْأَدَانِ، وَالْجِهَادِ، وَالْأَمْرِ بِالْمَعْرُوفِ وَالنَّهْيِ عَنِ الْمُنْكَرِ، وَعَبَّرَ ذَلِكَ مِنْ شَرَائِعِ الْإِسْلَامِ،

«Ал ол Мәдина қаласына келіп орналасқан соң, оған Исламның басқа да құлшылықтары бұйырылды. Мысалы: ораза, зекет, қажылық, азан, жиһад, жақсылыққа бұйыру мен жамандықтан қайтару және басқалары».

Шарх:

(«Ал ол Мәдина қаласына келіп орналасқан соң»). Автор (Аллаһ Тағала оны рахым етсін): «Ал ол Мәдина қаласына келіп орналасқан соң, оған Исламның басқа да құлшылықтары бұйырылды», - деп айтты.

Бұл жерде ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеде он жылдай уақыт бойы адамдарды бірқұдайшылыққа (таухидке) шақырғаны, кейін ол жерде оған бес уақыт намаз парыз етілгені, ал содан соң ол зекет төлеудің, ораза ұстаудың, қажылық жасаудың және Исламның өзге де заң-үкімдерін орындау міндеттілігі туралы бұйрықты алмай тұрып, Мәдинаға көшкені туралы сөз болуда. Автор (Аллаһ оны рахым етсін) жалпы зекет төлеу және оның жеке үкімдері Мәдинада парыз етілгендігі туралы айтып жатқаны айқын-ақ, алайда кейбір білім иелері алғашында зекет Меккеде парыз етілген, бірақ оның мөлшері мен басқа егжей-тегжейліктері анықталмаған еді, ал бұл Мәдинада жасалды деп те айтқан. Бұл кісілер меккелік сүрелердің зекеттің міндетті екендігі туралы айтылатын аяттарына, мысалы, Аллаһ Тағаланың:

وَأْتُوا حَقَّهُ يَوْمَ حَصَادِهِ

«Оны жиып алған күнде тиістісін беріңдер» («әл-Әнғам» сүресі, 141-аят), - сондай-ақ Оның:

وَفِي أَمْوَالِهِمْ حَقٌّ لِّلسَّائِلِ وَالْمَحْرُومِ (١٩)

«Олардың малдарында сұрағанға да, сұрамағанға да тиесі бар» («әз-Зәрият» сүресі, 19-аят) деген сөздеріне сүйенген.

Сонымен, қалай болғанда да, зекет (толығымен) Мәдинада бекітілді, әрі сол жерде оны кім беретіні және ол кімге берілетіні де анықталды. Тура осыны азан мен жұма намазы туралы айтуға да болады. Сондай-ақ жамағат намазы да Мәдинада парыз етіп жарияланғаны түсінікті, өйткені баршаны намазға шақыру азаны мұсылмандарға зекет пен ораза сияқты һижраның 2 жылы міндетті етілді. Ал қажылыққа келер болсақ, білім иелерінің пікірі бойынша, ол һижраның 9 жылы, яғни мұсылмандар тарапынан алынған Мекке мұсылман қаласы болғаннан кейін ғана парыз етілген болуы әбден ықтимал.

Осы нәрсе жақсылыққа бұйырып, жамандықтан қайтару міндетіне, сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылман мемлекеті құрылған Мәдинада

орналасқан соң міндетті етілген шарифаттың өзге заң-ережелеріне де қатысты.

Автордың сөзі:

أَخَذَ عَلَيَّ هَذَا عَشْرَ سِنِينَ، وَتُوِّجِي. صَلَوَاتُ اللَّهِ وَسَلَامُهُ عَلَيْهِ.

«Осыларды орындап, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) он жыл өмір сүрді, кейін қайтыс болды».

Шарх:

(«Осыларды орындап»). Ол, яғни Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), өзінің Мәдинаға қоныс аударуынан кейін он жыл бойы осылармен айналысты, ал Аллаһ Пайғамбар арқылы осы дінді толық-кемел еткеннен және онымен Өзінің мүминдерге деген нығметін аяқтағаннан соң, Ол оны Өзіне алып кетті де, оны шыншыл пайғамбарларға, шәһидтерге және ізгілерге қосты.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денсаулығы сапар айының соңы мен раби әл-әууал айының басында нашарлай

түсті де, күндердің бір күнінде ол адамдардың алдына басын таңғышпен орап алған күйінде шығып, мінберге көтерілді. Осыдан соң ол ең алдымен Аллаһқа Ухуд шайқасында шәһид болғандар үшін кешірім сұрап дұға жасады да, одан кейін: *«Ақиқатында, Аллаһ Өзінің бір құлына осы дүние мен Өзіндегі нәрселердің арасында таңдау жасауды ұсынды, әрі құл Ондағыны таңдады»*, - деді. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) осы сөздердің мағынасын түсініп, жылап жіберді де: *«Біздің әкелеріміз, аналарымыз, ұлдарымыз, біздің өзіміз әрі мал-мүлкіміз сіз үшін өтеу болсын»*, - деді. Ал, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Жылама, уа, Абу Бакр!»*, - деді де, сосын осы сөздеріне: *«Ақиқатында, адамдар ішінен мен үшін ең көп (жақсылықты) Абу Бакр істеді, ол менімен дос болды, мен үшін ақишасын аямады, әрі егер маған Раббымнан басқа жақын дос (халил) таңдауға тағы тура келгенде, мен Абу Бакрді таңдар едім, бірақ Исламдағы достық пен махаббат бұдан да жақсырақ!»* - деп қосты. Әрі ол Абу Бакрге адамдармен намаздарды орындауды (оларға

имамдық етуді) бұйырды, ал раби әл-әууал айының он екінші, не он үшінші күні дүйсенбіде Аллаһ оны Өзіне алып кетті.

Әрі өлімінен таяу уақыт бұрын ол алдында тұрған су құйылған ыдысқа қолдарын малып, олармен бетін сүртіп: *«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, өлім таяу қалды»*, - деп айта бастады да, ал содан соң көздерін аспанға қаратып: *«Саған жақын болғандардың арасында!»*, - деді.

Әрі сол күні ол қайтыс болды, ал адамдар, бұның осылай болуы күтілгендей, толқуға түсті, әрі бұл олардың алдына Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) шықпайынша жалғасты. Ол мінберге көтеріліп, Аллаһқа мақтау-мадақтар айтып Оған шүкіршіліктерін білдірді де, содан соң: *«Ал содан соң: расында, кім Мухаммадқа гибадат еткен болса, білсін – Мухаммад қайтыс болды. Ал кім Аллаһқа құлшылық еткен болса, Аллаһ Тірі және ешқашан өлмейтінін есте сақтасын»*, - деді. Ал осыдан соң ол

وَمَا مُحَمَّدٌ إِلَّا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهِ الرُّسُلُ أَفَإِنْ مَاتَ أَوْ قُتِلَ انْقَلَبْتُمْ
عَلَىٰ أَعْقَابِكُمْ

«Мухаммад бір елші ғана. Одан бұрын да елшілер өткен. Ал сонда ол өлсе, не өлтірілсе, сендер сонда кері қайтасындар ма (қайта кәпір боласындар ма)?» деген аятты оқыды («Әли Имран» сүресі, 144-аят). Ол сондай-ақ

إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُمْ مَيِّتُونَ (۳۰)

«Сен де өлесің, олар да өледі» деген басқа аятты да оқыды («әз-Зумәр» сүресі, 30-аят).

Әрі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанын түсінген адамдар өксіп жылай бастады, ал содан соң ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған деген құрметпен киімі шешілмеген күйінде шомылдырылды да, үш аппақ киімге оралды, әрі олардың ішінде көйлек те, сәлде де жоқ еді, содан соң оған имамсыз, әркім қалай оқи алса – солай жаназа намазы оқылды. Ал сәрсенбі күніне қараған түні оның халифасы ант сөздерін айтқан соң ол жерленді.

Рабымыз оны ең жақсы игіліктерге бөлеп,
оған ең жақсы сәлемін сыйласын!

Автордың сөзі:

وَدِينُهُ بَاقٍ. وَهَذَا دِينُهُ، لَا خَيْرَ إِلَّا دَلَّ الْأُمَّةَ عَلَيْهِ، وَلَا شَرَّ إِلَّا حَدَّهَا مِنْهُ، وَالْحَيْرُ
الَّذِي دَهَمًا عَلَيْهِ التَّوْحِيدُ، وَجَمِيعُ مَا يُحِبُّهُ اللَّهُ وَيَرْضَاهُ، وَالشَّرُّ الَّذِي حَدَّهَا مِنْهُ الشُّرْكُ،
وَجَمِيعُ مَا يَكْرَهُ اللَّهُ وَيَأْبَاهُ. بَعَثَهُ اللَّهُ إِلَى النَّاسِ كَافَّةً، وَافْتَرَضَ طَاعَتَهُ عَلَى جَمِيعِ الثَّقَلَيْنِ
الْجِنِّ وَالْإِنْسِ؛ وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ
جَمِيعًا﴾ [الأعراف: 158]

“Ал оның діні қалды! Міне, осы – оның діні!

Ол ешбір игілікті қалдырмастан үмметіне толық жеткізді. Ешбір жамандықты қалдырмастан үмметін одан тыйды. Ол жеткізген игілік – бұл таухид және Аллаһ жақсы көріп, разы болатын барлық нәрсе. Ол қайтарған жамандық – бұл ширк және Аллаһ жек көретін барлық нәрсе. Аллаһ оны бүкіл адамзатқа елші етіп жіберді, оған бағынуды жындар мен адамдардың барлығына парыз етті. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ
وَالْأَرْضِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ فَأَمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ
وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ (۱۵۸)

«(Әй, Мухаммад:) «Уа, адамдар!
Ақиқатында, мен барлықтарыңа Аллаһтың
елшісімін!», - деп айт» («әл-Әғраф» сүресі, 158-
аят)».

Шарх:

(«Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері»). Бұл аятта Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барша адамзатқа елші екеніне дәлел бар, ал әрі қарай ода оны (елші етіп) жіберген (Аллаһқа) көктер мен жердің билігі тән екендігі, Ол тірілте және өлтіре алатындығы, және Ол Жалғыз Құдай әрі Раббы екендігі туралы айтылады, әрі осы аяттың соңында Аллаһ Тағала бізге осы хат танымаған, яғни оқи және жаза білмейтін пайғамбарға иман келтіруді және оған ілесуді бұйырады. Әрі осы сөздер білуге және амал етуге тиіс болған тура жол мен жетістікке

жетелейтін басшылыққа негіз болып табылады, өйткені ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың бүкіл адамдар мен жандарға жіберілген елшісі еді.

Автордың сөзі:

وَكَمَّلَ اللَّهُ بِهِ الدِّينَ؛ وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتَمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيْتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا﴾ [المائدة: 3].

«Аллаһ ол арқылы Өзінің дінін толықтырды (кәміл етті). Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына аяттары:

﴿الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتَمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيْتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا﴾

«Бүгін діндеріңді толықтырдым, Өз нығметімді тәмамдадым және сендерге Ислам дінімен разы болдым» («әл-Мәида» сүресі, 3-аят)».

Шарх:

(«Аллаһ Тағаланың мына аяттары»). Бұл сөздер Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) діні Қиямет Күніне дейін сақталатынына және ол өзінің үмметіне олардың істеріндегі бүкіл қажетті болған нәрселердің барлығын түгел түсіндіріп үлгергеніне нұсқау болады. Әрі дәл сондықтан да Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіпті аспандағы қанат қаққан құстарды назарсыз қалдырмады, өйткені ол бізге олар туралы да хабарлады»,* - деп айтқан болатын.

Бірде көпқұдайшы-мүшриктердің бірі Сәлман әл-Фәрсиге (Аллаһ оған разы болсын): *«Сендердің Пайғамбарларың сендерге тіпті үлкен дәретті қалай сындыруды да үйрететін бе»,* - дегенде, Сәлман оған: *«Иә, әрі ол үлкен не кіші дәрет сындыратын адамға сол уақытта артын, не алдын Қыблаға қаратуды, немесе үш тастан аз таспен (нәжестен) тазалануды, немесе (нәжестен) оң қолмен тазалануды, немесе құрғақ тезекпен немесе сүйекпен (нәжестен) тазалануды тыйым салатын»,* - деп жауап бергені хабарланады.

Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерімен, немесе амалдарымен, немесе растауларымен, немесе адамдардың сұрақтарына берген жауаптарымен адамдарға осы дінге қатысты бүкіл нәрсені түгел түсіндіріп берді деп айтуға болады. Бірақ ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға түсіндіріп берген нәрселерінің ең ұлысы – оның таухидке қатысты берген түсіндірмелері еді.

Әрі ол істедуді бұйырған нәрселердің барлығы оның үмметі мүшелерінің осы және келесі өмірі үшін игілік болып табылатын, ал ол оларға тыйым салған нәрселердің барлығы олар үшін екі дүниеде де жамандық болатын. Ал кейбір адамдар білместікпен осы бұйрықтар мен тыйымдарға байланысты ыңғайсыздықтар бар деп айтатын жәйттарға келер болсақ, бұның себебі – олардың дүниетанымының тарлығы, имандарының жетіспеушілігі және әлсіздігі, өйткені Аллаһ Тағала біз үшін бұл дінде ешқандай қиыншылықтар жасаған жоқ, әрі ол түгелімен адамдар үшін оңай. Аллаһ Тағала былай деді:

يُرِيدُ اللَّهُ بِكُمْ الْيُسْرَ وَلَا يُرِيدُ بِكُمُ الْعُسْرَ

«Аллаһ сендерге жеңілдік қалайды, әрі сендерге ауырлық қаламайды...» («әл-Бақара» сүресі, 185-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

مَا يُرِيدُ اللَّهُ لِيَجْعَلَ عَلَيْكُمْ مِنْ حَرَجٍ

«Аллаһ сендер үшін ауыртпалықтар жасауды қаламайды...» («әл-Мәйда» сүресі, 6-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деді:

وَمَا جَعَلَ عَلَيْكُمْ فِي الدِّينِ مِنْ حَرَجٍ

«Әрі Ол сендер үшін діндерінде ешқандай қиындық жасамады...» («әл-Хажж» сүресі, 78-аят).

Ендеше, Аллаһқа, Оның нығметінің толық болғандығы үшін әрі Ол осы дінді кемел еткендігі үшін, мадақтар болсын!

Автордың сөзі:

وَالدَّلِيلُ عَلَى مَوْتِهِ . صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ . قَوْلُهُ تَعَالَى : ﴿ إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُمْ مَيِّتُونَ * ثُمَّ إِنَّكُمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ عِنْدَ رَبِّكُمْ تَخْتَصِمُونَ ﴾ [الزمر: 30، 31].

«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниеден өткеніне дәлел – Аллаһтың мына сөздері:

﴿ إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُمْ مَيِّتُونَ * ثُمَّ إِنَّكُمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ عِنْدَ رَبِّكُمْ تَخْتَصِمُونَ ﴾

«(Уа, Мухаммад!) Расында, сен өлесің, олар да өледі. Сосын Қиямет Күні сендер Раббыларыңның алдында тартысасыңдар» («әз-Зумәр» сүресі, 30-31аяттар)».

Шарх:

(Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниеден өткеніне дәлел). Бұл аятта Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), ол кімге жіберілген болса солар да өлетіндігіне және олар Қиямет Күні Аллаһтың алдында өз тартыстарын жалғастыратынына, ал Ол болса олардың арасында ақиқатпен үкім шығаратынына және ешқашан кәпірлерге

мүминдердің үстінен үстем болуына жол бермейтініне нұсқау бар.

Автордың сөзі:

وَالنَّاسُ إِذَا مَاثُوا يُبْعَثُونَ؛ وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿مِنْهَا خَلَقْنَاكُمْ وَفِيهَا نُعِيدُكُمْ وَمِنْهَا نُخْرِجُكُمْ تَارَةً أُخْرَى﴾ [طه: 55]. وَقَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَاللَّهُ أَنْبَتَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ نَبَاتًا * ثُمَّ يُعِيدُكُمْ فِيهَا وَيُخْرِجُكُمْ إِخْرَاجًا﴾ [نوح: 17، 18]

«Адамдар өлген соң қайта тіріледі. Бұған дәлел – Аллаһтың келесі сөздері:

﴿مِنْهَا خَلَقْنَاكُمْ وَفِيهَا نُعِيدُكُمْ وَمِنْهَا نُخْرِجُكُمْ تَارَةً أُخْرَى﴾

«Одан сендерді жараттық. Оған сендерді қайтарамыз, әрі екінші рет одан шығарамыз» («Та-һа» сүресі, 55-аят).

Сондай-ақ оның келесі сөздері:

﴿وَاللَّهُ أَنْبَتَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ نَبَاتًا * ثُمَّ يُعِيدُكُمْ فِيهَا وَيُخْرِجُكُمْ إِخْرَاجًا﴾

«Аллаһ сендерді жерден өсіріп өндірді. Сосын сендер оған қайтарыласыңдар да, кейін қайта шығарыласыңдар» («Нух» сүресі, 17-18 аяттар)».

Шарх:

(«Қайта тіріледі»). Автор (Аллаһ Тағала оны рахым етсін) адамдар өлгеннен кейін қайта тірілетінін әрі өлгеннен кейін оларды Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ жаза-сауабтарын беру үшін қайта тірілетінін түсіндіреді, өйткені Аллаһ адамдарға, олар осы күнге, яғни Қайта тірілу Күніне, Пәк Аллаһ Тағала оның оқиғалары мен қорқыныштары туралы адамның жүрегін Құдіретті де Ұлы Аллаһқа жалбарынуға және осы күннен қорқуға мәжбүрлейтін күнге дайындалып, белгілі бір нәрселерді істеулері үшін, елшілер жіберген еді. Аллаһ Тағала былай деп айтты:

فَكَيْفَ تَتَّقُونَ إِن كَفَرْتُمْ يَوْمًا يَجْعَلُ الْوِلْدَانَ شِيبًا (۱۷) السَّمَاءُ
مُنْفُطِرًا بِهَ كَانَ وَعَدُهُ مَفْعُولًا (۱۸)

«Егер қарсы келсеңдер, балалардың да шашын ағартатын сол күннен қалайша сақтанасыңдар. Ол күннің зардабынан көк жарылады, Аллаһтың уәдесі орындалады» («әл-Музаммил» сүресі, 17-18 аяттар).

Бұл жерде қайта тірілуге иман келтірудің қажеттілігіне нұсқалады, әрі шейх мұны осы екі аятты келтіру арқылы дәлелдейді.

«Одан сендерді жараттық»). Яғни: Біз сендерді, Адам (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) топырақтан жаратылған кезде, топырақтан жараттық.

«Оған сендерді қайтарамыз»). (Яғни:) сендер қайтыс болғандарыңнан кейін жерленгендеріңде.

«Әрі екінші рет одан шығарамыз»). Яғни: Қиямет Күні сендерді қайта тірілту арқылы.

«Сондай-ақ оның келесі сөздері: «Аллаһ сендерді жерден өсіріп өндірді»). Бұл аят Аллаһ Тағаланың:

مِنْهَا خَلَقْنَاكُمْ وَفِيهَا نُعِيدُكُمْ وَمِنْهَا نُخْرِجُكُمْ تَارَةً أُخْرَى (٥٥)

«Одан сендерді жараттық. Оған сендерді қайтарамыз, әрі екінші рет одан шығарамыз» («Та-һа» сүресі, 55-аят), - деген сөздеріне толығымен сәйкес келіп тұр. Өзіне тура осы мағынаны қамтитын аяттар өте көп,

әрі Аллаһ қайта тірілу туралы қайта-қайта айта беретінін себебі – адамдар оған иман келтіруі үшін, имандарын арттыруы және осы күнге дайындық амалдарын жасаулары үшін. Ал біз Аллаһтан Ол бізді осындай адамдардың қатарына қосуын және сол күні бақытты етуін сұраймыз.

Автордың сөзі:

وَبَعْدَ الْبُعْثِ مُحَاسِبُونَ وَيَجْزِيُونَ بِأَعْمَالِهِمْ، وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَلِلَّهِ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ لِيَجْزِيَ الَّذِينَ أَسَاءُوا بِمَا عَمِلُوا وَيَجْزِيَ الَّذِينَ أَحْسَنُوا بِالْحُسْنَى﴾ [النجم: 31].

«Адамдар тірілгеннен кейін, істеген амалдары үшін есепке алынады. Бұған Аллаһ Тағаланың мына Сөздері дәлел:

﴿وَلِلَّهِ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ لِيَجْزِيَ الَّذِينَ أَسَاءُوا بِمَا عَمِلُوا وَيَجْزِيَ الَّذِينَ أَحْسَنُوا بِالْحُسْنَى﴾

«Көктердегі және жердегі барлық нәрсе Аллаһтікі. (Бұл) – жамандық істегендерді істегендерімен жазалау үшін, ал жақсылық

жасағандарға одан да артығымен қайтару үшін» («ән-Нәжм» сүресі, 31-аят)».

Шарх:

(«Аллаһ Тағаланың мына сөздері»). Бұл сөздер адамдар өлі күйінен қайта тірілген соң есепке тартылатынын, әрі оларға амалдарына сәйкес сауап-жазалары берілетінін білдіреді. Сонда жақсыларға жақсылықпен қайырылады, ал жамандарға жамандықпен қайырылады, өйткені Пәк Аллаһ Тағала былай деді:

فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ (٧) وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ (٨)

«Кім тозаңдай жақсылық істеген болса, соны көреді, әрі кім тозаңдай жамандық істеген болса, соны көреді» («әз-Зилзәла» сүресі, 7-8 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَنَضَعُ الْمَوَازِينَ الْقِسْطَ لِيَوْمِ الْقِيَامَةِ فَلَا تُظْلَمُ نَفْسٌ شَيْئًا وَإِنْ كَانَ مِثْقَالَ حَبَّةٍ مِنْ حَرْدَلٍ آتَيْنَا بِهَا وَكَفَى بِنَا حَاسِبِينَ (٤٧)

«Қиямет Күні туралық таразысын орнатамыз. Сонда ешкім әділетсіздікке

ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да, оны әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз» («әл-Әнбия» сүресі, 47-аят). Аса Құдіретті әрі Ұлы (Аллаһ) сондай-ақ былай деді:

مَنْ جَاءَ بِالْحَسَنَةِ فَلَهُ عَشْرُ أَمْثَالِهَا وَمَنْ جَاءَ بِالسَّيِّئَةِ فَلَا يُجْزَى
إِلَّا مِثْلَهَا وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ (۱۶۰)

«Кім бір жақсылық келтірсе, оған сондай он есе бар. Және біреу бір жамандық істесе, оған сондай-ақ қана жаза беріледі де, олар зұлымдыққа ұшыратылмайды» («әл-Әнғам» сүресі, 160-аят).

Әрі әрбір жақсы ісі үшін адам он еседен бастап жеті жүз есеге дейінгі әрі Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың Мейірімімен, Одан сый ретінде бұдан да көбірек сауабын алады, өйткені Ол – Аса Құдіретті және Жоғары, әрі Ол басқаның барлығынан игі істерде де, сый-сауап беруде де асып түседі. Ал жаман істерге келер болсақ, онда бұндағы жаза амалдарға тура сәйкес келеді, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

مَنْ جَاءَ بِالْحَسَنَةِ فَلَهُ عَشْرُ أَمْثَالِهَا وَمَنْ جَاءَ بِالسَّيِّئَةِ فَلَا يُجْزَى
إِلَّا مِثْلَهَا وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ (۱۶۰)

«Және біреу бір жамандық істесе, оған сондай-ақ қана жаза беріледі де, олар зұлымдыққа ұшыратылмайды» («Әл-Әнғам» сүресі, 160-аят). Бұл Аллаһтың мейірімінің және игі істерінің кемелдігі туралы куәлік береді.

Автордың сөзі:

وَمَنْ كَذَّبَ بِالْبُعْثِ كَفَرَ، وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿رَعِمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُبْعَثُوا قُلْ
بَلَىٰ وَرَبِّي لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبَّؤُنَّ بِمَا عَمِلْتُمْ وَذَلِكِ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ﴾ [التغابن: 7].

«Кім қайта тірілуді жоққа шығарса, кәпір болады. Бұған дәлел Аллаһтың мына сөздері:

﴿رَعِمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُبْعَثُوا قُلْ بَلَىٰ وَرَبِّي لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبَّؤُنَّ بِمَا عَمِلْتُمْ
وَذَلِكِ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ﴾

«Кәпірлер: «Қайта тірілмейміз», - деп ойлайды. (Оларға) айт: «Рабыммен ант етемін! Сендер өлгеннен кейін әлбетте тірілесіңдер, кейін істегендерің жайлы

хабар аласыңдар. Бұл Аллаһқа оңай!» («Әт-Тағабун» сүресі, 7-аят)».

Шарх:

(«Кім қайта тірілуді жоққа шығарса, кәпір болады»). Сөйтіп, қайта тірілуге иман келтірмейтін адам кәпір болады, өйткені Аллаһ Тағала былай деп айтты:

وَقَالُوا إِنَّمَا هِيَ إِلا حَيَاتُنَا الدُّنْيَا وَمَا نَحْنُ بِمَبْعُوثِينَ (۲۹) وَلَوْ تَرَى
إِذْ يُقْفَوْنَ عَلَى رَبِّهِمْ قَالَ أَلَيْسَ هَذَا بِالْحَقِّ قَالُوا بلى وَرَبَّنَا قَالَ فذُوقُوا
الْعَذَابَ بِمَا كُنْتُمْ تَكْفُرُونَ (۳۰)

«Олар: «Дүние тіршілігімізден басқа ешбір өмір жоқ. Тағы бір қайта тірілуші емеспіз», - деді. (Мухаммад,) оларды Раббыларының құзырында қалай тұрғызып қоятындарын көрсең еді! Ол (Аллаһ): «Бұл ақиқат емес пе?», - дейді. Олар: «Шын екен! Раббымызбен ант етеміз», - дейді. Ол (Аллаһ) оларға: «Ендеше, иман келтірмегендеріңнің азабын татыңдар!» - дейді» («Әл-Әнғам» сүресі, 29-30 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَيَوْمَئِذٍ لِّلْمُكَذِّبِينَ (١٠) الَّذِينَ يُكذِّبُونَ بِيَوْمِ الدِّينِ (١١) وَمَا يُكذِّبُ
 بِهِ إِلَّا كُلُّ مُعْتَدٍ أَثِيمٍ (١٢) إِذَا تُتْلَىٰ عَلَيْهِ آيَاتُنَا قَالَ أَسَاطِيرُ الْأَوَّلِينَ (١٣) كَلَّا
 بَلْ رَانَ عَلَىٰ قُلُوبِهِمْ مَا كَانُوا يَكْسِبُونَ (١٤) كَلَّا إِنَّهُمْ عَنْ رَبِّهِمْ يَوْمَئِذٍ
 لَّمَّحْجُوبُونَ (١٥) ثُمَّ إِنَّهُمْ لَصَالُو الْجَحِيمِ (١٦) ثُمَّ يُقَالُ هَذَا الَّذِي كُنْتُمْ بِهِ
 تُكَذِّبُونَ (١٧)

«Ол күні жасынға шығарушыларға
 нендей өкініш! Олар – сондай Қиямет Күнін
 өтіріксіңгендер. Оны әрбір шектен шыққан
 күнәхар ғана өтіріксінеді. Қашан оған
 аяттарымыз оқылса, ол: «Бұрынғылардың
 ертегісі», - деді. Жоқ, олардың жүректерін
 істеген қылықтарының таты басты. Жоқ,
 олай емес. Негізінде, олар Ол Күні
 Раббыларының Дидарыннан мақұрым
 қалады. Сосын олар, әлбетте, Тозаққа кіреді.
 Сосын: «Міне, сендердің өтірік дегендерің
 осы!», - делінеді» («әл-Мутаффифин» сүресі,
 10-17 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деп айтты:

بَلْ كَذَّبُوا بِالسَّاعَةِ وَأَعْتَدْنَا لِمَنْ كَذَّبَ بِالسَّاعَةِ سَعِيرًا (١١)

«Бірақ олар Қияметті жасынға
 шығарады. Қияметті жасынға шығарғандар

үшін Отты әзірледік» («әл-Фурқан» сүресі, 11-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَالَّذِينَ كَفَرُوا بِآيَاتِ اللَّهِ وَلِقَائِهِ أُولَئِكَ يَكْفُرُونَ مِنْ رَحْمَتِي وَأُولَئِكَ لَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ (۲۳)

«Сондай Аллаһтың аяттарына әрі Онымен кездесуге иман келтірмегендер, міне, солар, рахметімнен күдер үзді, әрі олар үшін күйзелтуші азап бар» («әл-Анкабут» сүресі, 23-аят).

Ал шейхке (Аллаһ Тағала оны рахым етсін) келер болсақ, ол өзінің айтқандарын растау үшін Аллаһ Тағаланың:

رَعِمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُبْعَثُوا

«Кәпірлер: «Қайта тірілмейміз», - деп ойлайды», - деген сөздерін қолданды.

Ал қайта тірілу туралы сөздерді теріске шығаратындарды келесідей тәсілмен сендіруге болады:

Біріншіден, пайғамбарлар мен елшілер арқылы түсірілген Кітаптар мен шарифаттарда

үнемі қайта тірілу туралы айтылатынына және осы пайғамбарлар мен елшілер жіберілген халықтар осымен келісетіне, ал, ендеше, неліктен сендер осы ойды теріске шығарасыздар да, сонымен бірге сендерге әлдебір пәлсапашыдан немесе ойшылдан жеткен нәрселерге, мұндай нәрселер қайта тірілу туралы хабарларға қарағанда жеткізу жолы тұрғысынан да, мұның шынайы болмыс фактілерімен расталатыны тұрғысынан да сенімділігі төмендеу болуына қарамастан, келісесіздер деп нұсқаудың көмегімен.

Екіншіден, қайта тірілудің мүмкін екеніне ақыл куә болады, әрі бұған келесі дәлелдерді келтіруге болады:

1 – Ешкім өзінің жоқтан бар етіп жаратылғанын және бұрын болмаған күйінен пайда болғанын теріске шығармайды, бірақ бұл оны Жаратқанның және жоқтан бар Еткеннің осыны қайтадан істей алатынын білдіреді. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтты:

وَهُوَ الَّذِي يَبْدَأُ الْخَلْقَ ثُمَّ يُعِيدُهُ وَهُوَ أَهْوَنُ عَلَيْهِ وَلَهُ الْمَثَلُ الْأَعْلَى
فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ (٢٧)

«Ол – сондай, жоқтан бар етіп, сосын қайта жаратады. Бұл Оған оңай» («әр-Рум» сүресі, 27-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

يَوْمَ نَطْوِي السَّمَاءَ كَطَيِّ السِّجْلِ لِلْكِتَابِ كَمَا بَدَأْنَا أَوَّلَ خَلْقٍ نُعِيدُهُ
وَعَدَا عَلَيْنَا إِنَّا كُنَّا فَاعِلِينَ (١٠٤)

«...Әуел бастағыдай қайта жаратамыз. Бұл Біздің уәдеміз. Шынында, Біз орындаймыз» («әл-Әнбия» сүресі, 104-аят).

2 – Ешкім көктер мен жерді жарату ұлы іс болғанын жоққа шығармайды, өйткені бұл жарату көлемі бойынша өте үлкен әрі өзінің таң қалдырарлықтай реттілігімен ерекшеленеді. Бірақ көктер мен жерді Жаратушы адамдарды жаратуға ғана емес, оларды қайта тірітуге де қабілетті. Аллаһ Тағала былай деді:

لَخَلْقُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ أَكْبَرُ مِنْ خَلْقِ النَّاسِ وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا
يَعْلَمُونَ (٥٧)

«Әлбетте, көктер мен жерді жарату адамдарды жаратудан зор. Бірақ

адамдардың көбі түсінбейді» («әл-Ғафир» сүресі, 57-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деп айтты:

أَوَلَمْ يَرَوْا أَنَّ اللَّهَ الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلَمْ يَعْزِبْ عَنْهُنَّ بِقَادِرٍ
عَلَىٰ أَنْ يُحْيِيَ الْمَوْتَىٰ بَلَىٰ إِنَّهُ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ (۳۳)

«Олар көрмейді ме? Шәксіз, Ол сондай Аллаһ көктер мен жерді жаратты. Сондай-ақ оларды жаратқанда әлсізденбеген Аллаһтың өлілерді тірілтуге шамасы келеді. Әрине, Оның әр нәрсеге күші толық жетуші» («әл-Әхқаф» сүресі, 33-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деді:

أَوَلَيْسَ الَّذِي خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ بِقَادِرٍ عَلَىٰ أَنْ يَخْلُقَ مِثْلَهُمْ
بَلَىٰ وَهُوَ الْخَلَّاقُ الْعَلِيمُ (۸۱) إِنَّمَا أَمْرُهُ إِذَا أَرَادَ شَيْئًا أَنْ يَقُولَ لَهُ كُنْ فَيَكُونُ
(۸۲)

«Сондай көктер мен жерді жаратқан Аллаһ олар сияқтыны жаратуға күші жетпейді ме? Әлбетте, күші жетеді. Ол – әр нәрсені Жаратушы, Толық Білуші. Шын мәнінде, Ол бір істің болуын қаласа, Оның бұйырығы оған: «Бол!», - деу, сонда ол бола қалады» («Я Син» сүресі, 81-82 аяттар).

3 – Көру қабілетіне ие әрбір адам жердің өлі және өсімдіктерден мақұрым халде болатынын, бірақ жерге жаңбыр жауғаннан кейін ол құнарлы болатынын әрі оның өсімдіктері өлгеннен кейін қайта тірілетінін көреді, бірақ жерді ол өлгеннен кейін қайта тірілтуге қабілетті (Аллаһ) өлілерді де қайта тірілте алады. Аллаһ Тағала былай деп айтты:

وَمِنْ آيَاتِهِ أَنْكَ تَرَى الْأَرْضَ خَاشِعَةً فَإِذَا أَنْزَلْنَا عَلَيْهَا الْمَاءَ اهْتَزَّتْ وَرَبَتْ
إِنَّ الَّذِي أَحْيَاهَا لَمُحْيِي الْمَوْتِ إِنَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ (۳۹)

«Расында, жердің құрғап қалғанын көресің. Сонда Біз оған жаңбыр жаудырған мезгілде, оның құлпырып көпсуі – Аллаһтың аят-белгілерінен. Күдіксіз, оны тірілткен Аллаһ өлілерді де тірілтеді. Өйткені, Ол – әр нәрсеге Толық Күші Жетуші» («әл-Фуссыләт» сүресі, 39-аят).

Үшіншіден, қайта тірілудің мүмкін екеніне түйсік те, шынайы фактілер де куәлік етеді, өйткені Аллаһ Тағала өлілерді қайта тірілту орын алған жағдайлар туралы баяндап, олардың бесеуін

«әл-Бақара» сүресінде атап айтады. Мысалы, Аллаһ Тағала былай дейді:

أَوْ كَالَّذِي مَرَّ عَلَى قَرْيَةٍ وَهِيَ خَاوِيَةٌ عَلَى عُرُوشِهَا قَالَ أَنَّى يُحْيِي هَذِهِ اللَّهُ بَعْدَ مَوْتِهَا فَأَمَاتَهُ اللَّهُ مِائَةَ عَامٍ ثُمَّ بَعَثَهُ قَالَ كَمْ لَبِثْتَ قَالَ لَبِثْتُ يَوْمًا أَوْ بَعْضَ يَوْمٍ قَالَ بَلْ لَبِثْتَ مِائَةَ عَامٍ فَانظُرْ إِلَى طَعَامِكَ وَشَرَابِكَ لَمْ يَتَسَنَّهْ وَانظُرْ إِلَى حِمَارِكَ وَلِنَجْعَلَ آيَةً لِلنَّاسِ وَانظُرْ إِلَى الْعِظَامِ كَيْفَ نُنشِزُهَا ثُمَّ نَكْسُوهَا لَحْمًا فَلَمَّا تَبَيَّنَ لَهُ قَالَ أَعْلَمُ أَنَّ اللَّهَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ (٢٥٩)

«Немесе сондай қабырғалары төбесіне құлаған бір кенттен өткенді көрмедің бе? Ол: «Аллаһ бұны өлгеннен кейін қалай тірілтеді?», - деді. Аллаһ оны жүз жыл өлтіріп, соңсоң тірілтіп: «Қанша жаттың?», - деді. Ол: «Бір күн немесе күннің бір бөлігін жаттым», - деді. (Аллаһ): «Олай емес, жүз жыл өліп жаттың, енді тамағыңа және сусыңа бір қара! Өзгермеген. Ал енді есегіңе қара! Сені адамдарға үлгі үшін өстідік. Ал енді сүйектерге қара! Оны қайта құрастырып, сонан соң оған ет киіндіреміз», - деді. Бұл жағдайлар оған айқын болғанда: «Сөзсіз, Аллаһтың әр нәрсеге күші жететінін білдім», - деді» («әл-Бақара» сүресі, 259-аят).

Төртіншіден, ақиқатында, өлімнен кейін қайта тірілу Аллаһтың ойластырғанымен үйлеседі, өйткені әрбір жан иесіне істегенінің сауап-жазасын алу жазылған, өйтпеген жағдайда адамдарды жарату бос ермек болған болар еді әрі мұның ешқандай құндылығы да, ешбір мәні де болмас еді, әрі адамдар мен жануарлар арасында бұл өмірде ешқандай айырмашылық жоқ болар еді. Аллаһ Тағала былай деді:

أَفَحَسِبْتُمْ أَنَّمَا خَلَقْنَاكُمْ عَبَثًا وَأَنَّكُمْ إِلَيْنَا لَا تُرْجَعُونَ (۱۱۵) فَتَعَالَى اللَّهُ الْمَلِكُ الْحَقُّ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ رَبُّ الْعَرْشِ الْكَرِيمِ (۱۱۶)

«Шындығында да Біз сендерді босқа жараттық әрі тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма? Шынайы Патша Аллаһ – Өте Жоғары. Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Олардақты Аршының Раббысы» («әл-Муминун» сүресі, 115-116 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

إِنَّ السَّاعَةَ آتِيَةٌ أَكَادُ أُخْفِيهَا لِتُجْزَىٰ كُلُّ نَفْسٍ بِمَا تَسْعَىٰ (۱۵)

«Өркім істегенінің бодауын алу үшін,
Мен мезгілін құпиялаған Қиямет анық
келеді» («Та ха» сүресі, 15-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деді:

وَأَسْمُوا بِاللَّهِ جَهْدَ أَيْمَانِهِمْ لَا يَبْعَثُ اللَّهُ مَنْ يَمُوتُ بَلَىٰ وَعَدَا عَلَيْهِ حَقًّا
وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ (38) لِيُبَيِّنَ لَهُمُ الَّذِي يُخْتَلَفُونَ فِيهِ وَلِيَعْلَمَ الَّذِينَ
كَفَرُوا أَنَّهُمْ كَانُوا كَاذِبِينَ (39) إِنَّمَا قَوْلُنَا لِشَيْءٍ إِذَا أَرَدْنَاهُ أَنْ نَقُولَ لَهُ كُنْ فَيَكُونُ
(40)

“Және де олар: «Аллаһ өлген біреуді тірілтпейді», - деп, Аллаһтың атымен қатты ант ішті. Олай емес. (Өліні тірілту) Аллаһтың шын уәдесі. Бірақ адамдардың көбі білмейді. Аллаһ оларға келіспеушілікке түскен нәрселерін анықтау үшін әрі кәпірлердің өтірікші екенін білдіру үшін (өлілерді тірілтеді). Бір нәрсенің болуын қалағанда, сөзіміз тек қана оған: «Бол!», - деу, сонда ол бола қалады” («ән-Нәхл» сүресі, 38-40 аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

رَعَمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُبْعَثُوا قُلْ بَلَىٰ وَرَبِّي لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبَّؤُنَّ بِمَا
عَمِلْتُمْ وَذَلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ (7)

«Кәпірлер: «Қайта тірілмейміз», - деп ойлайды. (Оларға) айт: «Раббыммен ант етемін! Сендер өлгеннен кейін әлбетте тірілесіңдер, кейін істегендерің жайлы хабар аласыңдар. Бұл Аллаһқа оңай!» («Әт-Тағабун» сүресі, 7-аят).

Әрі егер осы дәлелдердің барлығы қайта тірілудің мүмкін екенін жоққа шығаратын адамдарға ұсынылса, және олар осыдан кейін де өздерінің айтқандарында қасарысып тұрып алса, онда бұл олардың қайтпас менмен екенін білдіреді, бірақ «залымдар бұның өздері үшін неге айналатынын әлі біледі» («әш-Шуғара» сүресі, 227-аят).

Автордың сөзі:

وَأَرْسَلَ اللَّهُ جَمِيعَ الرُّسُلِ مُبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ؛ وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿رُسُلًا مُبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ لِيَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ بَعْدَ الرُّسُلِ﴾ [النساء: 165].

“Аллаһ барлық елшілерді (Жәннатпен) қуандырушы, (Тозақтан) ескертуші етіп жіберді. Бұған Аллаһтың келесі сөздері дәлел:

﴿رُسُلًا مُّبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ لِئَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ بَعْدَ الرُّسُلِ﴾

«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа ешқандай сылтауы болмас үшін, Аллаһ елшілерді қуантушы және ескертуші етіп жіберді» («Ән-Ниса» сүресі, 165-аят)».

Шарх:

(«Бұған Аллаһтың келесі сөздері дәлел»). Автор (Аллаһ Тағала оны рахым етсін) Аллаһ барлық елшілерді игіліктің жаршысы және ескертуші етіп жібергенін түсіндіреді. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтады: «...Елшілерді қуантушы және ескертуші етіп жіберді...» Олар өзіне бағынғандарға Жәннат туралы игі хабар алып келетін, әрі өздеріне қарсы келгендерге Тозақ оты туралы ескертетін.

Елшілер адамдарға Аллаһтың көптеген ойластырған істерін іске асыру үшін жіберілетін, бірақ олардың ең ұлысы – Аллаһтың адамдарға қарсы дәлел-айғағы болып, ал олар болса елшілер (жіберілгеннен) кейін Аллаһқа қарсы дәлелге ие болмауында. Бұл туралы Аллаһ Тағала:

لَيْلًا يَكُونُ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ بَعْدَ الرُّسُلِ

«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа ешқандай сылтауы болмас үшін», - деп айтты («Ән-Ниса» сүресі, 165-аят).

Бұдан тыс, адамдарға елшілердің жіберілуі Аллаһтың Өз құлдарына қатысты нығметтерінің кемелдігіне айғақ болады, өйткені адамның ақылы қандай болса да, ол Аллаһ Тағала үшін не істеуі қажет екендігінің барлық егжей-тегжейліктеріне өздігінше жете алмайды, әрі ол Аллаһ Тағаланың кемел сипаттары туралы өздігінше біле алмайды, әрі Аллаһтың көркем есімдері туралы біле алмайды, және дәл сондықтан да Аллаһ адамдарға оларды (Жәннатпен) сүйіншілейтін және (Тозақтан) ескертетін елшілерді жіберді, әрі адамдар өзара келіспеушілікке түскен нәрселерде олардың арасында үкім шығару үшін, олармен бірге ақиқатпен Кітаптар түсірді.

Ал елшілердің ең алғашқысы – Нухтан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бастап олардың ең соңғысы – Мухаммадқа дейін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық

елшілер шақырған нәрселердің ең ұлысы – бірқұдайшылық (таухид) еді. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنْ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ

«Расында, Біз әр үмметке: «Аллаһқа құлшылық етіңдер әрі тағуттан аулақ болыңдар», - дейтін елші жібердік» («Ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ сондай-ақ былай деді:

وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رَسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدُونِ
(۲۵)

«Сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: «Күдіксіз Менен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ендеше, Маған ғана құлшылық етіңдер!», - деп қана уахи етіп, жібердік» («Әнбия» сүресі, 25-аят).

Автордың сөзі:

وَأَوْلَهُمْ نُوحٌ عَلَيْهِ السَّلَامُ، وَآخِرُهُمْ مُحَمَّدٌ. صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ. وَهُوَ خَاتَمُ النَّبِيِّينَ؛
وَالدَّلِيلُ عَلَى أَنَّ أَوْلَهُمْ نُوحٌ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿إِنَّا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ كَمَا أَوْحَيْنَا إِلَى نُوحٍ وَالنَّبِيِّينَ مِنْ
بَعْدِهِ﴾ [النساء: 165].

“Олардың алғашқысы – Нух (оған Аллаһтың сәлемі болсын), ал ең соңғысы әрі пайғамбарлардың мөрі – Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) еді. Олардың ең алғашқысы Нух болғанына дәлел - Аллаһтың мына сөздері:

﴿إِنَّا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ كَمَا أَوْحَيْنَا إِلَى نُوحٍ وَالنَّبِيِّينَ مِنْ بَعْدِهِ﴾

«Біз Нухқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік» («ән-Ниса» сүресі, 163-аят)”.

Шарх:

(«Олардың ең алғашқысы Нух болғанына»).
Шейх-ул-Ислам Мухаммад бин Абд әл-Уаһһаб (Аллаһ оны рахым етсін) елшілердің ең алғашқысы Нух (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болғанына нұсқап, Аллаһ Тағаланың:

﴿ إِنَّا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ كَمَا أَوْحَيْنَا إِلَى نُوحٍ وَالنَّبِيِّينَ مِنْ بَعْدِهِ ﴾

«Біз Нухқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік», – деген сөздерін дәлел ретінде келтірді. Бұдан тыс Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ақиқатында, адамдар Нухқа келіп: «Сен Аллаһтың жердің тұрғындарына жіберген елшілерінің алғашқысысың», - деп айтады»,* - дегені туралы сахих хадис те бар. Сөйтіп, Нухқа дейін жер бетінде елшілер болмаған, әрі бұл Идрис (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Нухқа дейін өмір сүрген деген тарихшылардың мәлімдемелерінің қате екеніне нұсқайды, өйткені Идрис Исраил пайғамбарларының бірі болғаны айқын-ақ.

Соңғы пайғамбар әрі олардың мөрі – Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болды. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

مَا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِنْ رِجَالِكُمْ وَلَكِنْ رَسُولَ اللَّهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ
وَكَانَ اللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمًا (٤٠)

«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені Толық Білуші» («әл-Әхзаб» сүресі, 40-аят).

Автордың сөзі:

بَعَثَ اللَّهُ إِلَيْهَا رَسُولًا مِنْ نُوحٍ إِلَى مُحَمَّدٍ . صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ . يَأْمُرُهُمْ بِعِبَادَةِ اللَّهِ وَحَدَهُ، وَيَنْهَاهُمْ عَنْ عِبَادَةِ الطَّاغُوتِ؛ وَالذَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنْ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ﴾ [النحل: 36].

“Аллаһ Нухтан бастап, Мухаммадқа дейін (оларға Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) елшілерді әрбір үмметке Өзіне ғана құлшылық етіп, тағутқа табынудан қайтару үшін жіберген еді. Бұған дәлел Аллаһтың келесі Сөздері:

﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنْ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ﴾

«Расында, әр үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, тағуттардан аулақ болыңдар», - дейтін елші жібердік» («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят)”.

Шарх:

(«Аллаһ ... елшілерді әрбір үмметке ... жіберген еді»). Яғни: Аллаһ әрбір халыққа адамдарды олар тек Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақыратын және оларға көпқұдайшылықты тыйым салатын елші жіберді. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

وَإِنْ مِنْ أُمَّةٍ إِلَّا خَلَا فِيهَا نَذِيرٌ (۲۴)

«Негізінде, бір ескертушісі болмаған бір үммет жоқ» («әл-Фатыр» сүресі, 24-аят).

Сондай-ақ Оның мына сөздері де:

(وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنْ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ)

«Расында, әр үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, тағуттардан аулақ болыңдар», - дейтін елші жібердік» («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят)».

(«Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, тағуттардан аулақ болыңдар»). Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ деген куәліктің мағынасы, міне, осы.

Автордың сөзі:

وَأَفْتَرَضَ اللَّهُ عَلَىٰ جَمِيعِ الْعِبَادِ الْكُفْرَ بِالطَّاعُوتِ وَالْإِيمَانَ بِاللَّهِ.

قَالَ ابْنُ الْقَيِّمِ . رَحِمَهُ اللَّهُ تَعَالَى : مَعْنَى الطَّاعُوتِ مَا بَجَّأَوَزَ بِهِ الْعَبْدُ حَدَّهُ مِنْ مَعْبُودٍ

أَوْ مَتَّبِعٍ أَوْ مُطَاعٍ . وَالطَّوَاعِيَةُ كَثِيرُونَ وَرُؤُوسُهُمْ خَمْسَةٌ :

“Аллаһ барлық құлдарына тағутқа күпірлік етіп, Өзіне ғана иман келтіруді парыз етті. Шейх Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: *«Тағут сөзінің мағынасы пенде сол арқылы рұқсат етілгеннің шегін бұзып құлшылық ететін, ізінен ілесетін немесе бағынатын кез-келген нәрсені қамтиды»*”.

Шарх:

(«Аллаһ ... парыз етті»). Шейхул-Ислам (Аллаһ оны рахым етсін) осыны айтқан кезінде, таухид тек серігі жоқ жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етіп, тағуттан бас тарту арқылы ғана толыққанды болатынына нұсқағысы келді.

Сөйтіп, Аллаһ мұны Өзінің құлдарына міндет етіп жүктеді. Ал «тағут» сөзіне келер

болсақ, ол «шектен шығу» дегенді білдіретін «туғйан» сөзінен шыққан. Әрі Аллаһ Тағала:

إِنَّا لَمَّا طَغَى الْمَاءُ حَمَلْنَاكُمْ فِي الْجَارِيَةِ (۱۱)

«Расында, су тасыған кезінде, Біз сендерді кемеге отырғыздық» («әл-Хаққа» сүресі, 11-аят), - деп айтқанда, осы сөздермен тамырлас етістікті қолданды.

Ибн әл-Қайимнің (Аллаһ оны рахым етсін): *«Тағут сөзінің мағынасы пенде сол арқылы рұқсат етілгеннің шегін бұзып құлшылық ететін, ізінен ілесетін немесе бағынатын кез-келген нәрсені қамтиды»*, - деген сөздері бұл сөздің ең жақсы анықтамасы болып табылады. *«(Пенде) құлшылық ететін, ізінен ілесетін және бағынатын кез-келген нәрсе»* дегенде ол ізгі еместерді меңзеді, ал ізгілерге келер болсақ, олар тағут болмайды, тіпті оларға (өзгелер) ілесе де және бағынса да. Мысалы, адамдарға Аллаһқа серік қосып құлшылық ететін пұттар тағуттар болып табылады, әрі білімді жамандық үшін қолданатын, адасушылыққа немесе күпірлікке, немесе діндегі бидғаттарға, немесе

Аллаһ харам еткен нәрселерді хәлал етуге, немесе Ол хәлал еткен нәрселерді харам етуге шақыратын адамдар да тағуттар болып табылады, әрі билік иелерін шарифаттан бас тартып, оны сырттан келген және ислам дінінің заң-ережелеріне қайшы келетін заңдармен ауыстыруға итермелейтіндер де тағуттар болып табылады, өйткені олардың барлығы өздері үшін орнатылған шекараларды бұзады.

Білетін адам үшін шек – бұл Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немен келген болса сол, өйткені, ақиқатында, білушілер пайғамбарлардың үмметтеріндегі білімге, амалдарға, ақиқатқа шақыруға және адамдарды оқытуға қатысты олардың мирасқорлары болып табылады. Ал егер білушілер осы шектерді аттайтын болса және билеушілерді шарифаттан бас тартуға итермелесе, онда олар тағуттарға айналады, өйткені өздері ілесуге тиісті болған діни заңдардың шегінен шыққан болады.

Ал оның (Аллаһ оны рахым етсін) «немесе бағынатын» деген сөздеріне келсек, олар адамдар

соларға не шариғаттың заң-ережелеріне сәйкес, не тағдырдың күшімен бағынатын билеушілерді меңзейді. Шариғаттың заң-ережелері бойынша билеушілерге олар Аллаһтың және Оның Елшісінің бұйрықтарына қайшы келмейтін жағдайда бағыну тиіс болады. Мұндай жағдайларда оларды тағут деп айту дұрыс болмайды, әрі қоластыңдағылары оларға бағынуға міндетті, өйткені олардың билеушілерге бағынуы Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһқа бағынғандықты білдіреді. Әрі сондықтан да біз билеушілердің бағынуымызға тиісті әмірлерін орындап жатқанымызда осыны істеу арқылы Аллаһ Тағалаға құлшылық жасап жатқанымызды әрі Оған жақындап жатқанымызды есте сақтауымыз керек, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ

«Әй, иман келтіргендер! Аллаһқа мойынсұныңдар әрі Елшіге мойынсұныңдар, және араларыңдағы билік иелеріне де» («ән-Ниса» сүресі, 59-аят).

Ал билеушілерге тағдырдың күшімен бағынуға келер болсақ, бұл жерде адамдар оларға имандарының ықпалымен емес, олардың биліктерінің күштілігінен бағынуы меңзеледі. Сөйтіп, билеушілерге иманның ықпалымен бағынуға болатыны айқын болды, әрі сонда бұл бағыну адамдарға да, билеушілерге де пайдалы болады. Бірақ билеушіге, адамдар одан ол өзіне қарсы келетіннің кез-келгенін жазалауы мүмкін болғандықтан қорқатын кезде, олардың билігінің күштілігі себебінен де бағынуға болады.

Осы орайда біз адамдар мен олардың билеушілерінің арасындағы қарым-қатынас (келесідей) әртүрлі болуы мүмкін деп айтамыз:

1 – Иманның түрткі болатын ықпалы да, биліктің тежеушілік негіздері де күшті болатын жағдай, әрі бұл – (қарым-қатынастың) ең кемелі;

2 – Иманның түрткі болатын ықпалы да, биліктің тежеушілік негіздері де әлсіз болатын жағдай, әрі бұл бүкіл қоғам үшін, яғни билеушілер үшін де, олардың қоластындағылары үшін де ең жаманы және ең қауіптісі, өйткені бұл

идеялар мен мінез-құлықтар саласында анархияға (бетімен кетушілікке) алып келеді;

3 – Иманның түрткі болатын ықпалы әлсіз, ал биліктің тежеушілік негіздері күшті болатын кез. Мұндай жағдайды орташа деп атауға болады, өйткені егер сөз өмірдің сыртқы көріністері туралы болса, онда күшті билік көбірек пайда әкеледі, ал билік өз күшінен арыла бастаса, онда адамдардың жағдайы мен олардың істері нашарлай түседі;

4 – Иманның түрткі болатын ықпалы күшті, ал биліктің тежеушілік негіздері әлсіз болған кез. Сырттай бұл үшінші жағдайдағыдан жаманырақ болып көрінуі мүмкін, бірақ егер сөз адамның Раббысымен қарым-қатынасы туралы болса, онда бұл жақсырақ.

Автордың сөзі:

. وَالطَّوَّاعِثُ كَثِيرُونَ وَرُؤُوسُهُمْ خَمْسَةٌ: إِبْلِيسُ لَعَنَهُ اللهُ، وَمَنْ عُبِدَ وَهُوَ رَاضٍ، وَمَنْ

دَعَا النَّاسَ إِلَى عِبَادَةِ نَفْسِهِ،

«Тағуттар көп, бірақ олардың бастылары бесеу: Ібіліс (Аллаһ оны лағынет етсін); өзіне құлшылық етілуіне разы болушы; адамдарды өзіне құлшылық етуге шақырушы...».

Шарх:

(«Бастылары»). Яғни: олардың жетекшілерінің және оларға ұқсап еліктеушілердің бес түрі бар.

(«Ібіліс»). Ібіліс – бұл оған Аллаһ:

وَإِنَّ عَلَيْكَ لَعْنَتِي إِلَى يَوْمِ الدِّينِ (٧٨)

«Шынында, Қиямет Күніне дейін саған лағынетім болсын» («Сад» сүресі, 78-аят), - деп айтқан, лағынеттелген және таспен ұрылатын шайтан. Ібіліс ешқашан періштелердің бірі болмаған, (алайда) олар істейтін нәрселерді істеген, бірақ оған Адамға сәжде жасау бұйырылған кезде, оның кесірлігі, менмендігі мен тәккаппарлығы әшкере болды да, ол мұны істеуден бас тартып кәпірге айналды әрі Аса

Құдіретті және Ұлы Аллаһтың мархаметінен мақұрым болды. Аллаһ Тағала былай деді:

وَإِذْ قُلْنَا لِلْمَلَائِكَةِ اسْجُدُوا لِآدَمَ فَسَجَدُوا إِلَّا إِبْلِيسَ أَبَىٰ وَاسْتَكْبَرَ
وَكَانَ مِنَ الْكَافِرِينَ (۳۴)

«Сол уақытта періштелерге: «Адамға сәжде жасаңдар!», - дедік. Сонда олар дереу сәжде етті. Бірақ Ібіліс бас тартып, даңдайсып кәпірлерден болды» («әл-Бақара» сүресі, 34-аят).

(«Өзіне құлшылық етілуіне разы болушы»). Яғни (өзгелер) оған Аллаһтың орнына құлшылық етуіне келісуші. Мұндайлар басты тағуттарға жатады, Аллаһ бізді мұндайдан сақтасын! Әрі осы орайда бұл адамға оның көзі тірісінде құлшылық етіледі ме, немесе ол осыны тәрк етпей өлгеннен кейін бе – мұның айырмашылығы жоқ.

(«Адамдарды өзіне құлшылық етуге шақырушы»). Яғни адамдар оған бұрын құлшылық етпеген болса, оларды өзіне құлшылық етуге шақырушы. Мұндай адамдар, олардың шақыруына басқалар жауап беретініне

немесе бермейтініне қарамастан, басты тағуттар болып табылады.

Автордың сөзі:

وَمَنْ ادَّعَى شَيْئًا مِنْ عِلْمِ الْغَيْبِ،

«Ғайыпты (көместі) білетіні туралы жариялаушы»;

Шарх:

(«Ғайыпты (көместі)»). Адамға белгісіз болған барлық нәрселер – ғайып болып табылады, әрі ғайып екі түрлі болады: осы кезге қатысты ғайып және болашаққа қатысты ғайып.

Осы кезге қатысты ғайып салыстырмалы болып табылады, өйткені ол белгілі бір адамдарға белгілі, ал басқаларға беймәлім болады. Ал болашаққа қатысты ғайыпқа келер болсақ, ол шынайы ғайып болып табылады, өйткені ол жалғыз Аллаһқа немесе Аллаһ оны Өз елшілерінен кімге ашқан болса, соларға ғана мәлім болады. Сөйтіп, ғайыптың осындай түрін білуге талаптанатынның кез-келгені кәпір болып

табылады, өйткені ол сонысымен Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың сөздері мен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерін өтірікке шығарған болады, өйткені Аллаһ Тағала былай деді:

قُلْ لَا يَعْلَمُ مَنْ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ الْغَيْبَ إِلَّا اللَّهُ وَمَا يَشْعُرُونَ أَيَّانَ يُبْعَثُونَ

(٦٥)

«(Мухаммад:) «Көктер мен жердегі көместі Аллаһтан басқа ешкім білмейді, әрі олар қашан тірілтілетіндерін де білмейді», - де» («ән-Нәмл» сүресі, 65-аят).

Әрі егер Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Өзінің елшісі Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақсүйектерге Аллаһтан басқа көктер мен жерді мекендеушілердің ешқайсысы ғайыпты білмейтінін хабарлауды бұйырған болса, онда осындай білімге ие болуға талаптанатынның кез-келгені Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың сөздерін, сондай-ақ осы хабарды жеткізген Оның Елшісінің сөздерін өтірік деп жариялаған болады.

Мұндай адамдардан біз: «Ғайып туралы білімге Пайғамбардың өзі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ие болмаған болса, сендер қалайша оны білмексіңдер?!», - деп сұрай аламыз. «Сендер ардақтырақсыңдар ма, әлде Елші ме (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)?» Егер олар: «Біз Елшіден (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ардақтырақпыз», - деп жауап берсе, онда өздерін кәпір деп жариялаған болады, ал егер олар: «Ол ардақтырақ», - деп айтса, онда біз: «Не үшін онда ғайып одан жасырын еді де, ал сендерге ол мәлім болыпты?!», - дейміз.

Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ Өзі туралы, міне, не деді:

عَالِمُ الْغَيْبِ فَلَا يُظْهِرُ عَلَىٰ غَيْبِهِ أَحَدًا (۲۶) إِلَّا مَن ارْتَضَىٰ مِنْ رَسُولٍ فَإِنَّهُ يَسْأَلُكَ مِنْ بَيْنِ يَدَيْهِ وَمِنْ خَلْفِهِ رَصَدًا (۲۷)

«...Көместі білуші Аллаһ оның сырын ешкімге ашпайды. Бірақ Өзі ұнатқан елшісіне білдіреді. Сөйтіп Аллаһ елшісінің алды-артынан күзетші жүргізеді» («әл-Жинн» сүресі, 26-27 аяттар). Бұл ғайып туралы білімге ие болуға талаптанушының күпірлігіне нұсқайтын

екенші аят. Бұдан тыс Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақсүйектерге Оның келесі сөздерін жеткізуді бұйырды:

قُلْ لَا أَقُولُ لَكُمْ عِنْدِي خَزَائِنُ اللَّهِ وَلَا أَعْلَمُ الْغَيْبَ وَلَا أَقُولُ لَكُمْ إِنِّي مَلَكٌ إِنْ أَتَيْتُ إِلَّا مَا يُوْحَىٰ إِلَيَّ قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الْأَعْمَىٰ وَالْبَصِيرُ أَفَلَا تَتَفَكَّرُونَ (٥٠)

“(Әй, Мухаммад, оларға) айт: «Жанымда Аллаһтың қазынасы бар демеймін, көместі де білмеймін. Және сендерге періштемін де демеймін. Мен өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін...»” («Әл-Әнғам» сүресі, 50-аят).

Автордың сөзі:

وَمَنْ حَكَمَ بَعْدَ مَا أَنْزَلَ اللَّهُ؛

«Аллаһ түсірген (шариғаттан) басқамен үкім етуші».

Шарх:

(«Үкім етуші»). Аллаһ Тағаланың түсіргенімен үкім ету таухидке айғақ болады, ал

оның негізінде Аллаһты жалғыз Жаратушы және жолға салушы деп мойындау жатады. Бұл сондай-ақ Аллаһтың әмірін орындау болып табылады, әрі Аллаһқа кемел билікке ие және бүкіл болмысты басқаратын жалғыз Жаратушы ретінде қарым-қатынас жасаумен сай болады. Дәл сондықтан да Аллаһ Тағала адамдар Аллаһ Тағала түсірмеген нәрселерде солардың ізінен ілесетіндерді ілесетіндер үшін «раббылар» деп атады. Аллаһ Тағала былай деді:

اتَّخَذُوا أَحْبَابَهُمْ وَرُهْبَانَهُمْ أَرْبَابًا مِنْ دُونِ اللَّهِ وَالْمَسِيحَ ابْنَ مَرْيَمَ وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا إِلَهًا وَاحِدًا لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ سُبْحَانَ عَمَّا يُشْرِكُونَ (۳۱)

«Олар (яһуди, христиандар) ғалымдары мен машайыхтарын және Мәриям ұлы Исаны Аллаһтан өзге раббылар етіп алды. Негізінде, олар жалғыз Құдайға ғана құлшылық етуге бұйырылған болатын. Өйткені Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол олардың қосқан серіктерінен пәк» («әт-Тәуба» сүресі, 31-аят).

Осылайша, Аллаһ Тағала адамдар соларға ілесетіндерді раббылар деп атағандығының

себебі - олар соларды Аллаһ Тағаламен бірге заң шығарушылар деп есептегендіктерінен еді. Ал оларға ілесетіндерді Аллаһ құл деп атайды, өйткені олар соларға Аллаһ Тағаланың шешіміне қайшы келетін нәрселерде бағынды.

Ади бин Хатим Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Олар оларға құлшылық етпейді ғой!», - деп айтқанда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«Бірақ, ақиқатында, олар оларға халал нәрселерді харам ететін және харам нәрселерді халал ететін, әрі адамдар оларға ілесетін. Олардың соларға құлшылық етуі, міне, осыда!»*, - деп келіспегені туралы хабарланады.

Егер саған бұл нәрсе түсінікті болса, онда Аллаһтың түсіргенімен үкім етпейтіндердің және үкім шығару үшін Аллаһ пен Оның Елшісінен өзгеге жүгінуге ұмтылатындардың иманы жоқтығына, күпірлігіне, зұлымдығына және бұзықтығына нұсқайтын көптеген аяттар бар екенін біл.

(Бұлардың) біріншілеріне қатысты айтар болсақ, онда Аллаһ Тағаланың (мына) сөздерін келтіруге болады:

لَمْ تَرَ إِلَى الَّذِينَ يَزْعُمُونَ أَنَّهُمْ آمَنُوا بِمَا أُنزِلَ إِلَيْكَ وَمَا أُنزِلَ مِنْ قَبْلِكَ يُرِيدُونَ أَنْ يَتَحَاكَمُوا إِلَى الطَّاغُوتِ وَقَدْ أُمِرُوا أَنْ يَكْفُرُوا بِهِ وَيُرِيدُ الشَّيْطَانُ أَنْ يُضِلَّهُمْ ضَلَالًا بَعِيدًا (٦٠) وَإِذَا قِيلَ لَهُمْ تَعَالَوْا إِلَى مَا أَنْزَلَ اللَّهُ وَإِلَى الرَّسُولِ رَأَيْتِ الْمُنَافِقِينَ يَصُدُّونَ عَنْكَ صُدُودًا (٦١) فَكَيْفَ إِذَا أَصَابَتْهُمُ مُصِيبَةٌ بِمَا قَدَّمَتْ أَيْدِيهِمْ ثُمَّ جَاءُوكَ يَحْلِفُونَ بِاللَّهِ إِنْ أَرَدْنَا إِلَّا إِحْسَانًا وَتَوْفِيقًا (٦٢) أُولَئِكَ الَّذِينَ يَعْلَمُ اللَّهُ مَا فِي قُلُوبِهِمْ فَأَعْرِضْ عَنْهُمْ وَعِظْهُمْ وَقُلْ لَهُمْ فِي أَنْفُسِهِمْ قَوْلًا بَلِيغًا (٦٣) وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ رَسُولٍ إِلَّا لِيُطَاعَ بِإِذْنِ اللَّهِ وَلَوْ أَنَّهُمْ إِذْ ظَلَمُوا أَنْفُسَهُمْ جَاءُوكَ فَاسْتَغْفَرُوا اللَّهَ وَاسْتَغْفَرَ لَهُمُ الرَّسُولُ لَوَجَدُوا اللَّهَ تَوَّابًا رَحِيمًا (٦٤) فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّى يُحَكِّمُوكَ فِي مَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا يَجِدُوا فِي أَنْفُسِهِمْ حَرَجًا مِمَّا قَضَيْتَ وَيُسَلِّمُوا تَسْلِيمًا (٦٥)

«(Мухаммад,) саған түсірілгенге және сенен бұрын түсірілгенге иман келтірдік деп, құр өршеленгендерді көрмейсің бе? Олар тағутқа жүгінісуді қалайды. Негізінде оларға, оған иман келтірмеу әмір етілген болатын, өйткені шайтан оларды мүлде ұзаққа адастыруды қалайды. Ал қашан оларға: «Аллаһ түсіргенге және Елшіге келіңдер», - делінсе, екіжүзділердің сенен бет бұратынын көресің. Сондай-ақ олар

істегендерінің салдарынан бастарына бір күйзеліс келгенде, саған келіп: «Біз тек жақсылықты, үйлесуді қалап едік», - деп, Аллаһтың атымен ант етеді. Аллаһ олардың жүректеріндегісін біледі. Енді олардан бет бұр. Оларды уағызда, әрі оларға әсерлі сөз сөйле. Біз әрбір елшіні (өзгелер) оған Аллаһтың нұсқауымен бой ұсынуы үшін ғана жібердік. Ал егер олар өздеріне бір кесір істеген заман, саған келіп, Аллаһтан кешірім тілегенде, әрі Елші де олар үшін жарылқау тілегенде, әрине, олар Аллаһтың Тәубені Қабылдаушы, ерекше Рахымды екенін көрер еді. Жоқ! Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонсоң берген үкіміңе көңілдерінде ақау таппай толық бой ұсынғанға дейін мүмин бола алмайды» («ән-Ниса» сүресі, 60-65 аяттар).

Сөйтіп, біз Аллаһ Тағала иман келтірдік деп айтып, бірақ шын мәнісінде екіжүзділерден болғандарды келесідей етіп сипаттағанын көріп тұрмыз:

1 – Ол мұндай адамдардың тағутқа, яғни Аллаһ пен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шешіміне қайшы келетін бүкіл нәрсеге үкім шығару үшін жүгінуді қалайтынына нұсқады, өйткені мұндай қарама-қайшылық орнатылған шектерден шығуды және үкімнің (шынайы) иесі болған және барлық нәрсе оған қайтатын Аллаһқа дұшпандық танытылғанына айғақ болады, өйткені Аллаһ Тағала:

الْأَلَهُ الْخَلْقِ وَالْأَمْرِ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ (٥٤)

«Жарату мен әмір ету Оған тән емес пе?!
Әлемдердің Раббысы – Аллаһ Игі-Берекелі!» -
деп айтты («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят);

2 – Ол егер осындай адамдарды Аллаһ түсірген нәрсеге және Елші айтатын нәрсеге шақырсаң, олар кері бұрылып, бұдан бас тарта бастайтынына нұсқады;

3 – Ол мұндай адамдардың бастарына істеген істері үшін әлдебір қасірет келіп түссе, олар тек жақсылыққа және көмектесуге ұмтылғандығын айтып ант ететініне нұсқайды, әрі бұл бүгінгі күні

Исламның заң-ережелерін тәрк етіп, осы заң-ережелерге қайшы келетін заңдарға жүгінетін, әрі өздері осы орайда игілік және заманауи жағдайларға сай нәрселер істеп жатқанын алға тартатындардың жағдайына сәйкес келеді.

Ал осыдан соң Пәк Аллаһ өздерін мүминдер деп атайтындарды, бірақ жоғарыда аталған сипаттармен ерекшеленетіндерді Оған олардың жүректерінде не жасырынғанын және олар өздерінің сөздеріне қайшы келетін қандай амалдарын жасыратынын білетіндігін айтып, ескертеді. Әрі Ол Өзінің Пайғамбарына адамдарға уағыз-насихат жасауды және оларға олардың өздері туралы әлдебір сендіретін сөздер айтуды бұйырады. Кейін Ол адамдарға елші жіберілуінің мәні адамдар өзге әлдебіреулерге емес, дәл соған бағынуы керектігінде екенін түсіндіреді, олардың идеялары қаншалықты тартымды көрінсе де және олардың танымдары қаншалықты кең болса да.

Ал содан соң Аллаһ Өзінің дара раббылық болып табылатын және Елішінің (оған Аллаһтың

игілігі мен сәлемі болсын) миссиясының ақиқат екендігіне нұқсайтын раббылығымен ант етіп, адамның иманы тек төменде келтірілетін үш шартты орындағаныңда ғана шынайы болатынын айтады:

1 – Кез-келген даулы мәселелерде үкім шығару үшін тек Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүтіну;

2 – Адамдардың жүректері оның шешіміне қуануы, ал көңілдері осыған байланысты ешқандай тарылмауы қажет;

3 – Оның шешімімен келісуде көрінетін мойынсұну толық болуы керек, ал ол үкім шығарған нәрсені кешіктірмей және ауытқымай орындау керек.

Ал басқаларға қатысты айтар болсақ, онда олар туралы Аллаһ Тағала:

وَمَنْ لَّمْ يَحْكَمْ بِمَا أَنزَلَ اللَّهُ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْكَافِرُونَ (٤٤)

«Ал кім Аллаһтың түсіргенімен үкім етпесе, солар кәпірлер», - деп айтты («әл-Мәида» сүресі, 44-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَمَنْ لَّمْ يَحْكَمْ بِمَا أَنْزَلَ اللَّهُ فَأُولَئِكَ هُمُ الظَّالِمُونَ (٤٥)

«Ал кім Аллаһтың түсіргенімен үкім етпесе, солар залымдар!» («әл-Мәида» сүресі, 45-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деді:

وَمَنْ لَّمْ يَحْكَمْ بِمَا أَنْزَلَ اللَّهُ فَأُولَئِكَ هُمُ الفَاسِقُونَ (٤٧)

«Ал кім Аллаһтың түсіргенімен үкім етпесе, солар бұзақылар!» («әл-Мәида» сүресі, 47-аят).

Осы сипаттардың барлығы бір адамда бірігуі мүмкін бе, яғни Аллаһтың түсіргенімен үкім етпеуші кәпір, залым, бұзық (пасық) болып табылады деп айтуға болады ма? Иә, өйткені Аллаһ Тағала кәпірлерге залымдық пен пасықтық тән деп айтқан. Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَالْكَافِرُونَ هُمُ الظَّالِمُونَ (٢٥٤)

«Ал кәпірлер, олар – залымдар» («әл-Бақара» сүресі, 254-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

إِنَّهُمْ كَفَرُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ وَمَاتُوا وَهُمْ فَاسِقُونَ (٨٤)

«Ақиқатында, олар Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірмей, бұзақы (пасық) күйінде өлді» («әт-Тәуба» сүресі, 84-аят).

Сөйтіп, кез-келген кәпір залым әрі пасық болып табылады.

Біз Аллаһтың түсіргенімен, мұны мардымсыз бір нәрсе деп санағандығының себебінен, немесе Аллаһтың сөздерін жек көргендігінен, немесе ол өзге әлдебір нәрсені адамдар үшін пайдалырақ деп санағандығы себепті, немесе кез-келген басқа себеппен осылай істеуші кісі кәпір болып табылады және мұндай күпірлік оны осы діннен тыс шығарады деп айтамыз. Мұндай адамдардың қатарына исламның заңдарына қайшы келетін заңдарды орнататын және өзгелерді оларды орындауға мәжбүрлейтіндер жатады, өйткені олар жаңа заңдарды адамдар үшін қолайлырақ және пайдалырақ деп санағандығынан қабылдайды. Адам әлдебір жаңа нәрсені лайықты, ал ескіні зиянды деп санаған кезінде, ақылы мен табиғи болмысы оны бір жолдан бас тартып, өзге

бағытқа бастайтын басқа бір жолға өтуге мәжбүрлейтіні мәлім ғой.

Егер адам Аллаһтың түсіргенімен үкім етпесе, бірақ осы орайда Оның түсіргенін мардымсыз бір нәрсе деп санамаса, осыған жек көрушілікпен қарамаса және әлдебір өзге нәрсені пайдалы (әрі) қолайлырақ деп ойламаса, демек, ол - залым, бірақ кәпір емес, ал оның залымдығының дәрежелеріне келер болсақ, онда олар үкім не нәрсеге қатысты шығарылғанына және үкім шығару құралы қандай болғанына байланысты анықталады.

Ал егер адам Аллаһтың түсіргенімен үкім етпесе, бірақ осы орайда Оның түсіргенін мардымсыз бір нәрсе деп санамаса, осыған жек көрушілікпен қарамаса және әлдебір өзге нәрсені пайдалы (әрі) қолайлырақ деп ойламаса, алайда мұны үкім шығарылатын тараптың жағын алуды қалап, немесе пара алғандығының себебімен, немесе дүние игіліктеріне қатысты басқа да бір себептермен істесе, онда мұндай адам бұзақы (пасық) болып табылады, бірақ кәпір емес, ал

оның бұзақылығының дәрежесі үкім шығарылатын нәрсеге және үкім шығару құралы қандай болғанына байланысты анықталады.

Шейх-ул-Ислам Ибн Таймийя (Аллаһ оны рахым етсін) өздеріне Аллаһтың орнына раббы етіп өздерінің кітап танитын (ғалымдары) мен машайыхтарын таңдап алған адамдардың екі түрі болатынын айтқан:

БІРІНШІСІ: бұл түрге жататын адамдар Аллаһтың дінін (өзге бір нәрсемен) алмастырғандарын біледі, бірақ солай болса да өздерінің жетекшілеріне еліктеуінің себебімен харамды хәлал етуге және хәлалді харам етуге болады деп есептейді, десе де оларға өздерінің елшілер дініне қайшы келіп жатқандары мәлім. Мұндай нәрсе күпірлік болып табылады, ал Аллаһ пен Оның Елшісі мұндай іс-әрекеттерді көпқұдайшылық (ширк) деп атаған.

ЕКІНШІСІ: харамды хәлал етуге әрі хәлалді харам етуге болады деп есептемейтін, бірақ сонда да Аллаһтың алдында күнә болып табылатын нәрселерде басқаларға бағынатын адамдар,

мұндайды, мысалы, әлдебір күнәларды өздерінің күнә жасап жатқандықтарын біліп істейтін мұсылмандар да істейді. Мұндай адамдарға күнәхарлар ретінде қарау қажет.

Осы орайда баршаға міндетті заң-ережелер саласына қатысты мәселелер мен сот (үкім шығарушы) Аллаһтың түсіргенінен өзге нәрсеге негізделіп шешім шығаратын жеке мәселелердің арасында айырмашылық жасау қажет, өйткені егер сөз барша адамға ортақ заң-ережелер туралы болса, онда бұл бірінші түрдегі адамдар туралы сөз болып жатқанын меңзейді, өйткені, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, мұндай жағдайда әлдебір жаңа және исламға қайшы келетін заңды қабылдайтын заң шығарушы оны адамдар үшін Исламның заңдарына қарағанда қолайлырақ және пайдалырақ деп санағандығы себепті қабылдайды.²⁶

²⁶Бұл – шейх Ибн Усайминнің (Аллаһ оны рахым етсін) бұрынғы (ертөректегі) пәтуасы болатын. Ал төменде шейхтың кейінгі пәтуасы жарияланады; ол 1420 һ.ж. 22 раби әл-әууалда, оның қайтыс болуынан бір жылға жуық уақыт бұрын жазып алынған болатын.

**ИБН УСАЙМИННИҢ, АЛЛАҢ ОНЫ РАХЫМ
ЕТСІН, АЛЛАҢТЫҢ ТҮСІРГЕНІНЕ СӘЙКЕС ЕМЕС
БАСҚАРУ (БИЛІК ҚҰРУ) ЖӘНЕ ШЕШІМ ШЫҒАРУ
МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША БЕРГЕН «ӘТ-ТАХРИР ФИ
МӘСӘЛӘТ ӘТ-ТАКФИР» ДЕП АТАЛҒАН ПӘТУАСЫ**

Сұрақ: «Аллаһқа мадақ, Аллаһтың Елшісіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын! Мен ешбір серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін. Мен бұл сұрақты шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усайминге, Аллаһ оған есендік берсін, телефон арқылы қойып отырмын, Аллаһ оны және ол сияқты тұлғаларды ұлы ғалым Ибн Баздың орнын басатын ізгілерден етсін.

Бұл сұрақ ислам білімдерін ізденушілердің арасында көптеген келіспеушіліктер туғызған тақырып бойынша болмақ. Дәлел ретінде олар жиі жағдайда шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усайминнің, Аллаһ оған есендік берсін, сөздерін келтіреді. Ең алдымен шейхпен сәлемдесуден бастаймын. Әссәләму аләйкум уә

рахматуЛлаһи уә баракатуһ! Аллаһ сіздің біліміңізді арттырсын және екі дүниеде де дәрежеңізді жоғарылатсын!

Құрметті шейх, Аллаһ сізге есендік берсін!

Ислам білімдерін ізденушілердің арасында Аллаһ Тағаланың шарифатына қайшы келетін заңдармен басқаратын (билік құратын) әмір (билеуші) тақырыбында көп пікірталастар жүреді. Мұндай билеуші, ешбір күмәнсіз, адамдарға бұл заңдарды орындауды әмір етеді және оларды осыған міндеттейді және осы заңдарды орындаудан бас тартушыларды жазаға тартып, оларды орындаушыларды марапаттауы мүмкін. Ал егер біз Аллаһтың Кітабына және Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне қарасақ, бұл ойдан шығарылған заңдар Құран мен Сүннет мәтіндеріне қайшы келетінін көреміз. **Мұндай адам адамдарды шарифатқа қайшы келетін заңдарды орындауға міндеттейді және сонымен бірге шарифат ақиқат, ал қалған нәрсенің барлығы өтірік екенін және Құран мен Сүннеттегі нәрселер ақиқат**

екенін мойындайды, алайда сонда да қандай да бір пікірлердің немесе өз әуесқалауларының ықпалымен адамдарды шарифатқа қайшы заңдарды орындауға мәжбүрлейді... Мұның мысалдарының аз емес екендігін Умәйилердің және Аббасилердің дәуірін зерттегенде де көруге болады. Адамдарды өздерінен бұрын өмір сүргендерден «мирас» етіп алынған Аллаһқа ұнамсыз нәрселерге мәжбүрлейтін әмірлер мен билік иелері аз емес еді. Мұның барлығы туралы сізге, әрине, мәлім. Олар билік үшін таласты, өздеріне жаман адамдарды жақындатып, игі және салиқалы адамдарды қастарынан алыстатты... Олар адамдарды мәжбүрлеген өтірік нәрселерімен келіскендерді өздеріне жақындататын. Ал кім оларды ақиқатты ұстануға шақырып, жалғаннан тосса және ақиқат жолына үндеуге талпынса, солармен күресетін...

Егер біздің заманымызда билеуші соларға ұқсас заңдарды енгізіп, осылайша істесе, егер адамдарды осы заңдарды орындауға

міндеттесе, ол кәпір болып саналады ма әлде жоқ па? Егер ол сонымен бірге өзінің Құран мен Сүннетке қайшы келіп жатқанын және ақиқат Құран мен Сүннетте екенін мойындаса, тек өзінің іс-әрекетінің себебімен кәпірге айналады ма? Әлде біз оның бұл мәселедегі сенімдеріне қарауымыз қажет пе? Мысалы, адамдарды өсімқорлыққа мәжбүрлейтін, өз елінде өсімқорлықпен айналысатын банктер ашатын, мемлекеттік банктен пайыздық, яғни өсімқорлық несиесі алатын және осындай нәрселерді экономикаға енгізетін адам. Егер сіз одан осы туралы сұрасаңыз, ол сізге өсімқорлықпен айналысу – харам және ол рұқсат етілмеген деп айтады, алайда ол бұған еліндегі экономикалық дағдарыстың т.с.с. себебінен жүгініп жатқанын алға тартады да, орынсыз және орынды ақталуларын келтіреді. Мұндай адам кәпір болып табылады ма, әлде жоқ па?

Көп жастар сіз: «Мұны істеуші адамдар кәпір болып табылады», - деп айтқансыз дейді. Және сонымен бірге дүниенің барлық

елдерінде мұндай көріністердің әртүрлі формалары бар: бір жерлерде олар аздау, ал бір жерлерде – көбірек, бір жерлерде олар жасырын, ал бір жерлерде – ашық. Аллаһ бізді барлық жаман нәрселерден сақтасын... Сіздің жауабыңыз ислам білімдерін іздеушілерге және Исламды уағыздаушыларға пайда келтіреді деген ниетпен осы сұраққа жауап беруіңізді сұраймыз, өйткені осындай келіспеушіліктер оларға қалайша әсер ететінін сіз білесіз.

Бұл сұрақты сізге қоюшы мен – Абу әл-Хасан Мустафа ибн Исмаил әс-Суләймани - Марибтенмін (Йемен), 22 раби әл-әууал, һижраның 1420 жылы.

Сізге Аллаһтың сәлемі, рахметі және берекесі болсын!»

Шейх әл-Усайминнің жауабы:

Әлемдердің Раббысы– Аллаһқа мадақ!
Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына, сондай-ақ оның ізінен

Қиямет Күніне дейін ауытқымай ергендерге
сәлем және салауаттар болсын!

Сейсенбі күні 22 раби' әл-әууалда
Һижраның 1420 жылы мен марибтік
бауырымыз Абу әл-Хасанның қалдырған
таспасын тыңдап шықтым. Ол өзінің жолдауын
сәлем беру сөздерімен бастады, және мен оған:
«Саған да Аллаһтың сәлемі, рахметі және
берекесі болсын!», - деймін.

Күпірлікте айыптау – өте маңызды мәселе,
әрі оны терминдерді игерген және айтылғанды
дұрыс түсінуге қабілетті, сондай-ақ адамды
күпірлікте айыптаудың, немесе, керісінше, «ол
кәпір емес» деп айтудың салдары қандай болуы
мүмкін екендігін түсінетін ислам білімін
ізденушілерден басқа ешкіммен талқыламау
керек. Ал егер қарапайым адамдар туралы
айтар болсақ, оларға (біреу туралы) жай: « (Ол)
кәпір», - немесе, - «Кәпір емес», - деп айтуға
болмайды, өйткені бұл бұзықтықтар мен
бүліктерге әкеліп соқтырады.

Мен жастар «Әмір кәпір болып табылады ма, әлде жоқ па?» немесе «Оған қарсы шығуға рұқсат етіледі ме, әлде жоқ па?» деген сұрақтармен шұғылданбай, назарды Аллаһ оларға міндетті етіп бұйырған немесе Ол орындауға үндейтін ғибадатқа бөлуі және Аллаһ Тағала ұнамсыз және харам деп атаған нәрселерді тастауы және сонымен бірге келісім мен бірлікке жетуге тырысуы керек деп есептеймін. Олар дін мәселесіндегі келіспеушіліктер сахабалардың кезінде де болғанын, алайда бұл келіспеушіліктер оларды бөлінуге дейін алып бармағанын білуі керек. Ақиқатында, жүректер біртұтас, және жол да біреу...

Ал егер Аллаһтың түсіргеніне сәйкес емес басқару (билік құру) және шешім шығару туралы айтар болсақ, олар себептеріне байланысты, бұл туралы Құранда айтылғандай, үш түрлі болады: күпірлік (*куфр*), зұлымдық (*зулм*) және бұзақылық (*фисқ*).

Егер адам өзінің әуес-қалауларына еріп, Аллаһтың түсіргеніне сәйкес емес шешім

шығарып жатса және сонымен бірге ақиқат Аллаһ Тағаланың үкімдерінде екенін біліп-мойындаса, онда ол кәпір болып табылмайды да, зұлымдық пен бұзақылықтың арасында болады.

Ал егер ол жалпыға ортақ заңдарды енгізсе және осыда игілік көрсе, - өйткені ол шатасты, - ол тағы да кәпір болып табылмайды, өйткені көп әмірлерге (билеушілерге) нағандық тән және оларда шариғи білімдер өте аз. Әмір-билеушілер шариғаттың үкімдерін білмейтін адамдармен араласып жатады және оларды ғалым деп санайды. Міне, сондықтан да олардың шариғатқа қайшы келетіні шығады.

Егер билеуші шариғатты білсе, алайда оған қайшы келетін заңдарды енгізсе және оларды адамдар оған сәйкес өмір сүретін конституцияға айналдырса, сөйте тұра өзінің зұлымдық жасап жатқанына және ақиқат Құран мен Сүннет бізге алып келген нәрседе екеніне сенсе, онда біз мұндай адамды кәпір деп айта алмаймыз.

Біз **кәпір деп** «Аллаһтың заңдарына сәйкес емес өмір сүру адамдар үшін **абзалырақ**» деп санайтын немесе адамдар ойлап тапқан заңдарды Аллаһтың заңдарына **теңестіретін** адамды ғана айта аламыз. Мұндай адам – кәпір, өйткені ол Аллаһ Тағаланың: **«Аллаһ үкім етушілердің ең жоғарғысы емес пе?»** («әз-Зәйтун» сүресі, 8-аят),- және Аллаһ Тағаланың: **«Олар жәһилиет дәуірінің үкімін іздейді ме? Анық сенген ел үшін Аллаһтан жақсы үкім беруші кім?»**(«әл-Мәида» сүресі, 50-аят), - деген сөздерін жоққа шығарады.

Әрі қарай. Егер біз біреуді кәпір деп атасақ та, бұл оған қарсы шығу керек дегенді мүлде білдірмейді. Өйткені әмірге қарсы шығу үнсіздікке қарағанда көбірек жамандық алып келеді. Оның мысалдары арабтардың да, басқа халықтардың арасында өте көп және бұл мысалдардың барлығын тізбектеп шығуға бізге уақыт жетпейді.

Әрі қарай. Егер тіпті біз осы әмірге қарсы шығуға рұқсат етіледі дегенге көзіміз жетсе де, бізде жеткілікті күш және тиісті дайындық

Жалпы алғанда бұл мәселе, яғни Аллаһтың түсіргенінен басқамен шығарылған үкімдердің мәселесі өте маңызды мәселелердің қатарына жатады, әрі ол қазіргі заманның билеушілеріне салмақты сынаққа айналды, сондықтан адам осы мәселемен байланысты ақиқат ол үшін айқын болмайынша билеушілер туралы үкім шығаруға асықпауы қажет, өйткені бұл өте салмақты мәселе, әрі біз Аллаһтан Ол мұсылмандардың

болуы қажет. Яғни біз осы әмірдің күшімен бірдей немесе тіпті одан да көбірек күшке ие болуымыз қажет.

Ал егер гранаталар, танктер тағы да сол сияқты құралдарға ие әмірге қанжарлармен және найзалармен қарсы шығу туралы айтар болсақ, бұл, ешбір күмәнсіз, ақымақтық және жөнсіздік болады, және бұл шарифатқа қайшы келеді.

билеушілері мен оларға жақын болғандарды хақ жолға салуын сұраймыз.

Автордың сөзі:

وَالدَّلِيلُ قَوْلُهُ تَعَالَى: ﴿لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ قَدْ تَبَيَّنَ الرُّشْدُ مِنَ الْغَيِّ فَمَنْ يَكْفُرْ بِالطَّاغُوتِ وَيُؤْمِن بِاللَّهِ فَقَدِ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَىٰ لَا انفِصَامَ لَهَا وَاللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ﴾ [البقرة: 256].

“Бұған дәлел – Аллаһтың мына сөздері:

﴿لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ قَدْ تَبَيَّنَ الرُّشْدُ مِنَ الْغَيِّ فَمَنْ يَكْفُرْ بِالطَّاغُوتِ وَيُؤْمِن بِاللَّهِ فَقَدِ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَىٰ لَا انفِصَامَ لَهَا وَاللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ﴾

«Дінде зорлық жоқ. Расында, тура жол адасудан ажыратылды. Сонда кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе, ол үзілмейтін берік тұтқадан ұстап алды. Аллаһ – Естуші, Білуші» («әл-Бақара» сүресі, 256-аят)”.

Шарх:

(«Бұған дәлел»). Яғни: Аллаһтың түсіргенімен үкім етудің және тағутқа иман келтірмеудің міндеттілігіне дәлел.

(«Дінде зорлық жоқ»). Бұл осы діннің дәлелдері айқын болғандығынан және ислам дінінің өзі де түсінікті болғандығынан оған ешкімді мәжбүрлеуге болмайтынын білдіреді. Аллаһ Тағала: **«Расында, тура жол адасудан ажыратылды»**, - деді. Бұл «егер тура жолдың адасушылықтардан айырмашылығы айқын болып табылса, онда әрбір сау жүрек өзі тура жолды түрлі адасушылықтардан абзал көріп таңдап алады» дегенді білдіреді.

(«Кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе»). Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ тағутқа күпірлік ету туралы атап кетіп, содан кейін Аллаһқа иман келтіру туралы айтады, өйткені әлдебір нәрсенің кемелдігінің сипаты – бұл әлдебір даусыз нәрсенің пайда болуынан бұрын оған кедергі болатын нәрселерді алып тастау болып табылады. Тура осы себептен де: **«Сәнденуден бұрын тазалану керек»**, - деп айтылып жатады.

(«Үзілмейтін берік тұтқадан ұстап алды»). «Берік тұтқа» дегенде Ислам меңзеледі.

Автордың сөзі:

وَهَذَا هُوَ مَعْنَى لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَبِی الْحَدِيثِ: (رَأْسُ الْأَمْرِ الْإِسْلَامُ، وَعَمُودُهُ
الصَّلَاةُ، وَذُرْوَةُ سَنَامِهِ الْجِهَادُ فِي سَبِيلِ اللَّهِ).

وَاللَّهُ أَعْلَمُ. وَصَلَّى اللَّهُ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَصَحْبِهِ وَسَلَّمَ.

“Міне, осы «Аллаһтан басқа құлшылыққа
лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасы.

Хадисте айтылғанындай: «Бұл істің
(діннің) негізі – Ислам, тірегі – намаз, ал шыңы
– Аллаһтың жолындағы жиһад» (әт-Табарани
«әл-Кәбир»). Ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ
біледі! Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның
отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі
мен сәлемі болсын!”

Шарх:

(«Бұл істің (діннің) негізі – Ислам»). Автор
(Аллаһ Тағала оны рахым етсін) дәлел ретінде осы
хадисті келтіріп, әрбір істе басты бір нәрсе
болатынын, ал Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі

мен сәлемі болсын) алып келгеннің ең бастысы Ислам екеніне нұсқағысы келді.

(«*Tiregi – намаз*»). Намаз Исламның негізі болып табылады, өйткені намазсыз Ислам болмайды. Міне, сондықтан да «намазды тастаған адам кәпір болады және исламын жоғалтады» деп айтылады.

(«*Ал шыңы – Аллаһтың жолындағы жиһад*»). Бұл дегеніміз – Аллаһтың жолыдағы күрес Исламның ең жоғары және ең кемел көрінісі дегенді білдіреді, өйткені егер адам өзін түзете алса, ол басқаларды да Аллаһтың жолындағы күрес арқылы, Ислам салтанат құруы және Аллаһтың сөзі бүкіл нәрседен үстем болуы үшін түзетуге талпына бастайды. Осылайша, кім Аллаһтың сөзі бүкіл нәрседен үстем болуы үшін шайқасса, сол Аллаһтың жолында болады және шыңға жетеді, өйткені осының арқасында Ислам бүкіл басқа нәрседен жоғары болады.

(«*Ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі*»). Шейх-ул-Ислам Мухаммад бин Абд әл-Уәһһаб (Аллаһ Тағала оны рахым етсін) өзінің жолдауын

бүкіл нәрсе туралы кемел білімге жалғыз Аллаһ қана ие екендігіне нұсқаумен және Оның Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) игілік пен сәлем тілеумен аяқтады.

Міне, осылайша, оның «Үш негіз» деген жолдауы аяқталады, әрі онымен қоса осы негіздердің түсіндірмелері де аяғына жетті, әрі біз Аллаһ Тағаладан оны ең жақсы сый-сауаппен марапаттауын, әрі осы сый-сауаптың бір бөлігін бізге де бөліп беруін, және бізге онымен Оның жомарттығының мекенінде кездесуімізді нәсіп етуін сұраймыз, өйткені Ол – аса Жомарт!

Әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мадақ,
пайғамбарымыз Мухаммадқа Аллаһтың игілігі
мен сәлемі болсын!

